

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ  
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-  
ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ**

**ШӘКІР ИБРАЕВ**

**ЭПОС ӘЛЕМІ**

*Қазақ эпосының типологиясы мен поэтикасы*

1-том

Түркістан – 2025

**ӘОЖ 398.2**

**КБЖ 82.3**

**И 15**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат қаулысымен (№11 хаттама 2025 ж. 25 маусым) баспаға ұсынылған.

**Пікір жазғандар:** Әбдіғазилұлы Б. - *Филология ғылымдарының докторы, профессор.* Алпысбаев Қ. - *Филология ғылымдарының докторы, профессор*

**Эпос әлемі.** *Қазақ эпосының типологиясы мен поэтикасы.* Т.1 – Түркістан: «Тұран» баспасы, 2025. – 283 бет.

**ISBN 978-601-7485-31-3**

Көптомдықтың бірінші томында қазақтың батырлық жырларының тарихи поэтикасы әлемдік эпостану тәжірибесі тұрғысынан салыстырмалы аспектіде талданады. Эпостағы уақыт пен кеңістік, дәуір мен дәстүр, тарихи оқиға мен оның көркемдік тұрғыдан игерілуі, сюжет пен мотивтің түрленуі өзара байланыстағы жүйелі құбылыс ретінде қарастырылады.

Кітапта халықтың өз тарихына көзқарасы және оның эпикалық дәстүрмен бейнеленген сипаты тарихи поэтика контекстінде зерделенеді.

**ISBN 978-601-7485-31-3**

© Ибраев Ш., 2025

©Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті, 2025

## ЭПОС ӘЛЕМІ

Қазақтың қаһармандық эпосы өзінің көл-көсір молдығымен де, көркемдік-эстетикалық қуат-тегеурінімен де, тарихи деректілігімен де халқымыздың рухани болмысында айрықша орын алады.

Еуразияның Ұлы даласында /Л.Н.Гумилев/ үш мың жылдай дәурен сүрген көшпелілер әлемінің барша ғұмыр-тіршілігінің айғағындай, рухани болмысының айнасындай болып кеткен осынау мол мұраның сыр-сипатын зерделеу ғылыми ой-танымымыздың өсіп-өркендеуімен үздіксіз сабақтаса беретіні даусыз.

Бүгінгі таңда осындай ізденістердің әрленіп-нәрлене түсуі ғылымда қолбайлау болып келген түрлі ресми де, бейресми де қаулы-қарарлардың тоң мұзы еріп, зерттеудің ғылыми-танымдық кемелдігі сыршыл да шыншыл сөзге қарай мықтап бет бұруымен өзгешеленіп отыр.

Қазақтың батырлық /батырлық емес/ жыры – киелі де аруақты өнер. Ол сөз айдынында ақылдың кені, даналықтың көзі, қаһармандықтың теңдессіз үлгісі ретінде, саз әлемінде дауылдай екпінімен, табиғаттың өзіндей сыршыл үнімен үлкенді де, кішіні де өзіне тәнті етті.

Мұның сыры неде? Жауабы тоқсан тарау, сыры тұңғық...

Даусыз нәрсе сол – батырлық жыр жаратылысы оны тудырған орта үшін көбіне тәңірлік құпиямен, бітім аруақтар киесімен төркіндес. Телегей-теңіз жыр тасқынын ағыту қашан да кереметпен ағайындас ұғым. Ілуде біреуге тиесілі мұндай қасиеттің ғайыптан даритыны – өнер құдіретін түсіндірудің ең байырғы тарихынан бастау алады.<sup>1</sup>

Ал осындай күміс көмей құйма құдірет батырлар аруағын кие тұтумен ұштасқанда алдына бас иіп, қасиетіне тағзым ететін айрықша өнерге айналғаны да хақ. Батырлық жырлар дамуының тағы да бір халықтық жол-жоралғысы осындай...

Бұл жерде гәп жыр киелілігіне біздің иланатынымызда емес. Шынтуайтқа келгенде, жырдың тумысындағы наным-сенімге негізделген түпкі себебі қазір ұмытылған. Алайда осы бір түсініктің күні кешеге дейін жыр табиғатымен, өнер құдіретімен біте қайнасып келгенін жоққа шығара аламыз ба?

Бір дұға оқыңыздар аруағына,

Қамбардың болып жатсын көңілі шат /«Қамбар»/.

---

<sup>1</sup> Исмаилов Е.Ақындар. Алматы, 1956. 71-76-б.

Болса егер расы,  
Біздегі болғай дуасы.  
Бекер болса зарада  
Жазғанға болар жазасы /«Алпамыс»/—

деп, ақын-жыраудың жазаға басын байлайтындай не жөні бар?

Жоқ. Батырлардың болғанына да, аруағына да сену бар мұнда.

«Халық тән есебінде, батыр жан есебінде болған»  
/А.Байтұрсынов/ осындай заманның тегеуренді сенім-қуаты ғана жойқын жыр нөсерін тудырған-ау дейсің. Өзге жанрларды төмендетпейік, бірақ кейіпкер аруағына осылай сиыну басқадан табыла қояр ма екен?!

Халықтың рухани тірегіне, имандай сеніміне ие болған батырлар туралы жырлар шын мәнінде дәстүрлі өнеріміздің ең биік тұғырына көтерілген. Ұлы өнердің төлтума бітімі үшін жалаң көркемдік шарт жеткіліксіз.

Мұнда көркемдік пен кие-қасиет егіз. Біз үшін осы өнердің тәңірлік табиғатына, аруақтық бітіміне сену қажет емес, бірақ білу міндет. Себебі қаһармандық эпостың көркемдік кестесі, шеберлік өрнегі халық ұғымында құдіреттілікке ие болған. Құдіреттілік өнерді аспанға көтерсе, өнер құдіреттілікке өміршең сипат берген.

Міне, қазақ эпосының өнерлік сыры құдіреттіліктің осындай астарлы да, тура да мән-маңызына ие. Сондықтан да қаһармандық эпосты халықтың ауызша сөз өнерінің шырқау шыңы десек асыра айтқандық емес.

Бұл орайда алуан сырлы эпостық мұрамыздың бітімін тез арада саралап аламыз десек қателікке ұрынар едік. Небір тарихи кезеңдердің рухын жинақтаған, киесіне оранған, сөйтіп, түрлі дәуір бейнесін ұлттық-көркемдік үрдісімізге лайық қорытқан, талғам-танымымыздың мыңдаған жылдық сүзгісінен өткізген, сөйтіп, халықтың өз тарихын өзі бейнелеген әрі көркем, әрі тарихи шежіресін бажайлап шығу қызбалықты, науқаншылдықты көтермейді. Неге десеңіз бұған ғылыми зерденің, методологиялық әдіс-тәсілдердің көз майын тауысар машығы керек. Ал ондай зерттеу машығының өзі де қатып қалған нәрсе емес, ой-сананың өсуімен бірге өзгеріп отыратын құбылыс.

Зерттеудің түпкі мәні тарихи мұрамызды белгілі бір ғылыми қалыпқа телуде емес, керісінше сол мұраның алуан-алуан сырымен үндес болуында, нысана мен оны тану тәсілінің өзара өрелестігінде. Шынайы ғылыми танымының айнымас бір ақиқаты бар, ол – ғылыми таным-тұжырымның зерттеліп отырған объектіге аналог болу

мәселесі. Ғылыми таным-тұжырым өз бетімен кеткенде жыр тұңғыығы тұтас дүние ретінде түпкі құпиясын аспаған қалпы қала береді. Бұл айтуға ғана жеңіл. Ал олардың табиғи сабақтастығын табу қиынның қиыны.

Осы орайда мән беріп кетуге тұрарлық бір жағдай жаңа бір әдіс-тәсілдің табылғандығын және оның осы еңбекте оп-оңай қолданыла қоятынын ескерту емес. Тірнектеп жиналатын ондай күрделі таным-тәжірибе туралы асылық сөз айтудан аулақпыз. Осыдан бұрынырақ танылған, анықталған эпостың эпос болу заңдылықтарын қаперге алу әрбір зерттеудің парызы. Өткен ізденістерге ден қойып, тізе қосу – ең алдымен, біздің бүгінгі алға қойған мақсатымыздың атын атап, түсін түстеп алуымызға мүмкіндік береді.

Ал рухани мұра мен оны зерттеудің үйлесімділігі туралы сөз қозғау себебіміз қазақ эпосының табиғи бітімін белгілі бір ғылыми тәсілге ауыздықтап бағындырғандықтан емес, сол эпостың қай мәселесі толығырақ танылмай кенжелеп келеді деген сауалдан сөзімізді сабақтап алу. Бұл орайда сөз төркіні эпостан нені танып білігіміз келеді, ал оған қандай зерттеу ұғымдары мен әдіс-тәсілдері қызмет ете алады дегенге келіп саяды.

Енді, осы тұста кітаптың атын қоюда ниет еткен тағы бір жайға тоқталайық. Ол – поэтика/гректің «поэзиялық өнер» деген мағынадағы сөзінен алынған/ ұғымы туралы /кітаптың атын құрайтын өзге сөздерді түсіндіріп жату қажет болмас/. Поэтика әдиебеттану мен фольклортану ғылымдарында көркемдік дүниетанымнан жанрлық пішінге дейін, сюжеттен тілдік, стильдік кестеге дейін, шындықты бейнелеу тәсілінен өлең құрылысына дейін қолданылып келе жатқан көпқырлы ұғым.

Біз үшін поэтика ғылымының зерттеу әдіс-тәсілі емес, ол ең алдымен шығарманың көркемдік болмыс-бітімінің жиынтығы. Ал шығарма бітімі сан алуан ұғымдардан, қыруар бөлшектерден тұрғандықтан, олардың қызметі мен мән-маңызын саралау белгілі бір тәжірибе-танымының тәсіліне сүйенетіні де анық. Осындай тәсілдер шығарма поэтикасын құрайтын ұғымдарға ат қоюдан /мәселен, жанр, сюжет, мотив, көркемдік бейнелеу тәсілдері, стильдік кестесі, т.б./ бастап, осыларды жанрдың халық болмысына бағындырылған қызметіне дейінгі аралықта таратып, жіліктеп, жіктеп қарастыруға септігін тигізеді. Міне, бұл жерде біз поэтика ұғымы мен оның сыр-сипатының ғылыми зердеге ұласатын тұсына ойысамыз.

Рас, поэтика ұғымдарының түрлі деңгейде ғылыми тұғырға көшіп, қалыптасқан қағидаға айналған тұстары аз емес. Ғылым бір

межеге келіп, ары қарай біраз уақыт жаңарып жасармаса қалыпты ережеге айнала бастайтыны даусыз. Мұндайда небір сәтті табылған ізденіс нәтижесі көз тұндырып, бас айналғандай «атақ» алып, өзімен өзі бола бастайды. Жасыратын не бар, поэтика аталып жүрген қайбір зерттеулерде поэтика поэтика үшін қарастырылатынын аңғармауға болмайды.

Поэтика ұғымының осындай бір сән-салтанат құра бастаған құрметіне тағзым еткендіктен емес, эпикалық мұрамыздың танылмай қалған белгілерін хал-қадарымызша зерделеп алу мақсатында осы бір сөзге тағы да иек артуға мәжбүр болғандаймыз. Оның үстіне қазақ эпостану ғылымында бұл ұғымның салтанат құруынан гөрі, салғырт тартуы жасырын емес.

Ал енді зерттеуімізге қолқанат болған поэтиканың толып жатқан ұғымдары мен ой-пайымдаулары, аясы мен деңгейлері бастан-аяқ жинақталар болса ол арнайы теориялық еңбектің арқалар жүгі. Алайда осылай екен деп ғылымдағы сабақтастықты тағы да жиып қоя алмаймыз. Олай етсек көп нәрсені нәресте сияқты қайта бастауға мәжбүр болар едік. Сондықтан да бұрынғы ізденістің озығымен өрелесуге әрекеттену қажет-ақ. Ал ондай өрелесу сол тақырыптың, сол мәселенің тиісті тұстарында жүзеге асса деген ниет бар бізде. Өнердің ғана емес, ғылымның сабақтастығы дегенді мойындасақ, оның мұндағы сан-қилы көрінісін, күрделі ұғымдардың арғы-бергі шекарасын сызып алып, пәлен еңбектен біздің айырмамыз осы бір өлшем-пішіміміз деуде болмаса керек. Көркем шығармаға таңылған көркем емес шекара бүгін болмаса, ертең өзгереді. Бұл, әсіресе, нақтылы жанр туралы сөз сабақтағалы отырған бізге абырой әпере қоймас. Шығарманың ішкі үйлесімділігі не дейді, поэтика тарапындағы бүгінгі ізденістер онымен қалай өрелеседі, міне, біз үшін гәп осында.

Сонымен, біздің мақсатымызға қызмет ететін поэтика ұғымының ғылыми түсінікке айналған сыр-сипаты қандай? Бұл сауалға жауап бермей тұрып, алдымен мақсатымызды айтып алайық.

Қазақ эпостану ғылымының тарихында қанаттандырар ой-толғам, шынайы ғылыми тағылым аз емес. Олар өз кезегінде ескеріледі де. Алайда бірер зерттеулермен түйіні шешіле қоймайтын іргелі мәселелердің біразының әлі басы ашық, бірер жауабы алда. Тарихилық пен эпикалық дәстүр арақатысы, эпостың шындықты игерудегі мезгілдік және мекендік өлшемдері, шындықтың халық тұғырына бағынған эпостағы концепциясы, жанрдың мән-маңызын айғақтайтын сюжет пен мотивтің әлеуметтік, тұрмыстық тыныс

тіршілікке лайық өрілуі, көркемдік бейнелеу құралдарының жанр аясындағы /нақтырақ айтқанда сюжет пен мотив деңгейіндегі/ өрнектелуі сияқты сауалдар тізбегі сап түзей бастайды.

Бұларға жауап беріп болдық десек өткенді әсірелеу, алда тұрған міндетті енді шешіп береміз десек мүмкіндігімізді шамаламай асыра сілтеу болып шығатыны анық. Алайда эпостың түп діңгегі саналатын осы бір сауалдарды ысырып қойып, кемелденген ғылым туралы ой жарыстыруға әлі ертерек.

Қойылған сауалдардың шешімі поэтикада. Болғанда да көркем шығарманың бөлшектерін динамикалық бүтін жүйе/система/ ретінде қарайтын тарихи поэтикада. Себебі басында философиялық ұғым ретінде, кейінірек поэтика төрінен мықтап орныққан уақыт пен кеңістіктің көркемдік дәстүрге бағынған сыр-сипатынсыз тарихи уақыт пен кеңістік және эпикалық уақыт пен кеңістік арақатысын тарату мүмкін емес.

Дәл осындай жағдай сюжетке де қатысты. Сюжетті эпостық жырдың сүйегі десек, әлеуметтік мән-мазмұнның, яғни ет пен сүйектің «жанды денеге» айналуын, сөйтіп бүтін шығарма құрауын әзірге анығырақ айғақтайтын әдіс-тәсіл тағы да осы поэтикамен байланысты. Бірақ эпос сан ғасырлар бойы өзгеріс үстінде болған тарихи категория. Дәстүр мұнда бір шығармадан екінші шығармаға ғана /жазба әдебиетіндегідей/ жүріп отырмаған, бір эпостың пайда болған мерзімінен бастап жазылып алынғанына дейін сол жеке шығарманың өз ішінде де жүріп отырған. Бұл, сөз жоқ, ескі жауды жаңа жаумен/ мифтік кейіпкерлерді қалмақпен, қызылбаспен, т.б./ алмастырумен ғана шектелмеген. Шығарма өн бойының мезгіл таразысымен өлшеніп отыруы бүкіл халықтық талап-тілекпен емеуріндес. Демек, бұл өзгешелік, бейнелей айтсақ, эпостың бүкіл қан-тамырына тарап кеткен. Міне, эпостың осы қасиеті қалай дегенде де поэтиканың тарихи аспектісіне қарай бет бұрары анық. Поэтика туралы ұғымымыздың жалпылама ұзын-ырғасы осындай сипатта.

Енді, осы тұста бір мәселе бар. Ол – поэтиканың типологиялық бағыт-бағдары. Әдетте, типология ұғымы бірнеше халықтардың тектес, үндес мұрасын салыстырып зерттеумен қарайлас. Әрине, жан-жақты салыстыруларға не жетсін. Ол бір, шын мәнінде, болашақтың үлесіндегі міндет. Алайда салыстырудың бәрі типология емес. Себебі салыстыратыныңыздың өзін ажыратып, анықтамай тұрып, ұлттық мәдениеттегі, қала берді, шығармадағы орнын белгілемей тұрып, оны анда-мұнда апарып тықпалай беру типологиядан аулақ. Типология – типтік белгілерді іздейді. Ал типтік белгілерді алдымен эпосымыздан

пайымдап алғанымыз жөн.

Біздің мақсатымыз үшін типология осындай дәрежеде. Типтік белгілерді біз хал-қадарымызша мүмкіндігіне қарай ұлттық эпосымыздан жинақтасақ дейміз /талдауға жетпістен астам батырлық жыр үлгілері алынып отыр/. Бұл типологияны бағаламағандық емес, саналы түрде шамамызға қарап көсілгендігіміз. Себебі өз ізденістерімізді жоғарыда қойған сауалдардың төңірегіне жинақтар болсақ, алдымен қазақ эпосының ұзын-ырғасы алдымызда көлденең тұрады.

Нәтижесі қалай болды? Оның таразшысы – көпшілік. Бірақ біз үшін анығы – сауалдан жауапқа дейінгі арадағы сәйкессіздік. Яғни, жауаптың толық еместігі. Олай болатыны жауап беру мақсатпен емес, нәтижемен өлшенеді. Қалай десек те нәтижеге қарай ұмтылу әркімнің-ақ өз қолын жеткізе алмайтын биігімен өлшенетіні де бар емес пе?!

Ары айтып, бері айтқанда қазақтың батырлық жырының көркемдік болмыс-бітімін анықтауға атсалысуды айырықша міндетіміз деп білеміз.

# БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРДЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

## ҚАЗАҚ ЭПОСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Революцияға дейінгі және кейінгі дәуірдегі фольклортану ғылымының тарихында қазақ эпосының жанрлары мен жанрлық түрлері кеңінен қарастырылып келеді. Эпостың шығу тарихы, даму жолдары, халықтығы, көркемдік компоненттерінің қалыптасуы, варианттардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары туралы біраз тұжырымдар тұрақтанды: сюжеті жағынан өзге ұлттық версиялармен салыстырылды. Бұған қоса жырдың текстерін жариялау, ғылыми басылымын даярлау, өзге тілдерге /әсіресе, орыс тіліне/ аударудың тәжірибесі бір ізге түсе бастады.

Сөз жоқ, қазақ эпосының түрлі мәселелерін қарастыру және қай тұрғыдан анықтау фольклортану ғылымының арғы-бергі тарихындағы зерттеу мектептерімен, теориялық-методологиялық және іс жүзіндегі проблемаларымен тығыз байланысты. Қазіргі кезде қазақ эпостану тарихының өзі арнайы сөз етуге лайықты дәрежеде.

Қазақ эпосының зерттелу жолдарын қарастырудың, біздіңше, екі түрлі айрықша маңызы бар: біріншіден, ғылымның осы саладағы ізденістерін жинақтау эпостану мәселесін жаңа сатыға көтеруге, жетістіктерін білумен қатар, әлсіз жақтарын анықтауға көмектесе, екіншіден, эпостың теориялық-методологиялық проблемаларымен кеңірек танысуға, сөйтіп, қазіргі көптеген зерттеу әдістерінің ішінен жол табуға септігін тигізеді. Олай дейтін себебіміз, ғылымда еш нәрсе де бас-аяғы бүтін өз-өзінен пайда болмайды. Барлық құбылыстың да алғышарттары бар. Бұған айқын мысал ретінде қазіргі кезде жиі айтылып жүрген тарихи поэтика, типологиялық және жүйелі талдау мәселелерін атап өтсек те жеткілікті.

Бұлардың қай-қайсысы да бір ғасырдан астам уақыттан бері /рас, терминологиялық жағынан әр түрлі аталуы мүмкін/ түрлі дәрежеде сөз болып келе жатыр. Мұнан фольклор туралы ғылымның өткенін білмей тұрып, қазіргі зерттеу әдістерін айтарлықтай деңгейде игеру мүмкін емес деген қорытынды шығады. □

XIX ғасырда қазақ эпосын жинау, жариялау және ол туралы пікір айтумен арнайы дайындығы бар ғалымдар мен саяхатшылар да, сондай-ақ басқа мамандықтың өкілдері де/ әскери адамдар,

---

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том, 1 кітап. Алматы, 1960. 284–500-б.; Қазақ фольклористикасы. Алматы, 1972; Қазақ фольклористикасының тарихы. Алматы, 1988.

тілмаштар т.б./ айналысты. Осыған байланысты фольклор туралы еңбектердің мақсаты мен мазмұны да біркелкі болған жоқ.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында ауыз әдебиеті, оның ішінде эпосқа қатысты ой-пікірлер көбінесе тарихи-этнографиялық негізде жүргізілді. Саяхатшылар мен ғалымдар фольклорды елдің әлеуметтік өмірінен, тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпынан бөліп-жармай, керісінше солармен тұтас бірлікте алып зерттеді. Нәтижесінде фольклордың жанрлық құрамы, көркемдік кестесі, поэтикалық құрылымы аз-кем ғана сөз болса, оның есесіне өлең-жырлардың қай жерде қандай себеппен айтылатындығы, ақын-жыраулардың орындаушылық, жырлаушылық өнері көбірек қарастырылды. Зерттеушілер негізінен өз көзімен көрген құбылыстар, өздері куә болған жиын-тойлардағы, ас беру кезіндегі айтылған әңгіме-жырлар жайында молырақ жазды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ эпосын жинау, орыс тіліне аудару және азды-көпті пікір айтумен айналысқан адамдар А.Левшин, И.Белиницин, Г.И.Спасский, Н.Ф.Костылецкий, С.б.Броневский, В.Феодоров, П.Золотов, Н.М.Карамзин, Г.С.Саблуков, И.П.Шангин, т.б. болды. Бұлардың көбі қазақ тілін білмегендіктен жырдың текстерін А.Даньшин, С.Куртуков, А.Фролов, Н.Б.Шебалин, А.И.Бардашев сияқты тілмаштар мен жергілікті жердегі сауатты қазақтарға жазғызып алып отырған. Эпостық жырлардың қолжазбаларын жинауға, қағаз бетіне түсіруге қазақтардың ішінен атсалысқандар Шыңғыс Уәлиханов /Шоқанның әкесі/, Ахмет Жантөрин, Әбдуәлі Дербісәліұлы, Бейбіт Дауылбайұлы, Халиулла Өскенбайұлы /Абайдың інісі/, Мұстафа Бүркітбайұлы, Садуақас Анайұлы, т.б. болды. Қолда бар деректерге қарағанда осылардың көмегі арқылы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосының бірнеше нұсқалары, «Тоқтамыс», «Едіге», «Ер Көкше» жырлары жазылып алынған.

Қазақстандағы фольклортанудың ғылым ретінде жан-жақты өркен жая бастаған дәуірі – XIX ғасырдың екінші жартысы. Бұл кезеңде Қазақстанның Россияға қосылу процесі аяқталды. Өлкенің әкімшілік-билеу жүйесіне өзгерістер енгізілді, мәдени өмірде, шаруашылықта көп нәрсе сырттан таңылды, сауданың ролі артты. Халқымыздың ауыз әдебиеті мұраларын сала-салаға бөліп, олардың әрқайсысы туралы жүйелі пікірлердің айтыла бастауы да өткен ғасырдың екінші жартысына тиеселі. Бұл тұста қазақ фольклорын арнайы зерттеген көптеген ғалымдар болды. Олардың ішінде қазақ эпосын жинап, жарыққа шығаруға атсалысқандар, пікір айтқандар –

Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, И.Н.Березин, Ә.Диваев, Т.Беляев, И.Мелиоранский, Г.Саблуков, Н.Н.Ильминский, т.б.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ эпосы туралы айтылған бақылау-тұжырымдардың денін сол тұстағы Россияның қоғамдық, ғылыми ой-пікірлерінен жеке-дара бөліп алу мүмкін емес. Себебі, бұл кезде қазақ фольклорын зерттеген ғалымдардың қай-қайсысы да орыстың фольклортану ғылымының дәстүріне сүйенді. Рас, олардың ішінде озық демократтық көзқарастың жақтаушылары да, сондай-ақ қазақ халқын рухани жағынан байлап-матаудың жолын іздегендері де болды. Оның үстіне зерттеушілердің арқаланған әдіс-тәсілдері де біркелкі болған жоқ. Олар түрлі теориялар мен көзқарасты ұстанды/мифологиялық мектеп, тарихи мектеп, көшпелі сюжет теориясы т.б./.

Дегенімен мына мәселені де ескерген абзал. Орыстың фольклортану тарихында болған түрлі теориялық ағымдар қазақ топырағында сол қалпында қайталанған жоқ. Мәселен, Россиядағы мифологиялық мектептің өкілдері /Р.И.Буслаев, А.Н.Афанасьев, О.Миллер/ өз зерттеулерін негізінен ежелгі мифтердің қалдықтарын, фольклордың көптеген түрлерінің/ ертегілердің, эпостың, аңыздардың, мақал-мәтелдердің т.б./ мифпен байланысты шыққандығын анықтауға бағыттады. Бұл жолда көптеген тыңғылықты істер де атқарды. Түрлі жанрлардың пайда болу жолдарын белгілеуде орасан зор материалдар жинап, фольклордың көне замандағы жағдайын білуге тырысты.

Алайда олар өз тұсындағы фольклордың маңызын жете бағаламады, ауыз әдебиеті мұраларының үнемі өсіп, өзгеріп отыратындығын, сөйтіп, қай кезде де қарапайым халықтың рухани қажеттілігіне жауап беретіндігін түсінбеді. Өз кезіндегі фольклорды олар «бүлінген», ескі замандағы мифтің қалдықтары деп қарады.

Қазақ эпосын зерттеген ғалымдар мифтің аңыз, жырларда елеулі роль атқаратындығын ескергенімен, тек ескіні мадақтап, ауыз әдебиетінде мифтің ғана ролін жоғары бағалаудан аулақ болды. Ең бастысы олар өз кезіндегі халық мұрасының барына бардай қарады. Мұны біз әсіресе, Ш.Ш.Уәлихановтың, В.В.Радловтың, Ә.Диваевтың еңбектерінен анық көреміз.

Фольклорист-ғалымдар кеңес дәуірінің алғашқы кезеңдерінен бастап-ақ революциядан бұрынғы зерттеушілердің еңбектерінде айтылмаған мәселелерді қамтуға әрекет етті. Сондай-ақ эпостанудың кейбір шешімін таппаған, не ағат кеткен болжамдарын жаңаша түсіндіре бастады. Ол мәселелердің ішінде эпосты тарихи оқиғаның нақтылы көшірмесі ретінде қарастыруға болмайтындығы, жалпы

эпосқа тарихи ескерткіш деп қана қарамай, оны халықтың көркемсөз өнерінің озық үлгісі деп бағалау басты орынға қойыла бастады. Рас, бұл мәселе бірден өзінің дұрыс шешімін тауып кеткен жоқ. Әсіресе, эпостық шығармалардың әлеуметтік-қоғамдық сипатын анықтауда кемшіліктер болды. Таптық, партиялық, халықтық дейтін ұғымдар эпосты сүзгіден өткізудің тұрпайы елегіне, дәстүрлі мұраларымыз ресми идеологияның ойыншығына айнала бастады.

Рас, кеңес дәуірінің алғашқы кезеңдеріндегі зерттеулерде революциядан бұрынғы ғалымдардың эпосты, қала берді бүтін фольклорды саясаттандырмаған дәстүрі басымырақ еді. Сол кездегі қазақ зиялылары эпосты идеологияның көлеңкесіне тықпалаудан әлі аулақ болатын. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов еңбектеріндегі қазақ эпосының сөз болу жайы осыны көрсетеді.

Ә.Бөкейханов өзі жазып алған «Ер Тарғын» жырының Марабай нұсқасы мен қарасөз түріндегі вариантын жинап бастырумен бірге, «Батыр Бекет», «Қобыланды», «Едіге» жырлары туралы арнайы пікір айтқан.<sup>1</sup>

Осы жырлардағы тарихи оқиғалардың іздері, көркемдік бітімі ғылыми талданады.

Әсіресе, А.Байтұрсыновтың «Ер Сайын» эпосын жарыққа шығарып, батырлар жырының жанрлық белгілері, халықтың жыр тудырудағы рухы туралы даралап айтуы ғылыми ізденістің өз кезіндегі үлкен жаңалығы болды. Қазақтың эпосын ол ертегі жыр және тарихи жыр деп екі топқа бөлді.<sup>2</sup> Ертегі жыр деп отырғаны батырлар жыры екені анық.

А.Байтұрсыновтың да, сол кездегі фольклорды жете меңгерген Х.Досмұхамедовтың да еңбектерінің маңыздылығы қазақ фольклорының толып жатқан жанрлары мен жанрлық түрлерінің көркемдігіне, мазмұнына, құрылысына, атқаратын қызметіне, орындалатын мезгілі мен мекеніне және қарасөз бен өлең түрінде айтылуына қарай жіктелуі еді. Бұл эпостың да ауыз әдебиетіндегі орнын, құрамын, түрлерін, жүйелену тәртібін ғылыми жолға қоюға тірек болған игі бастама болды.

Х.Досмұхамедовтың ауыз әдебиетін жіктеген кестесінде /47 жанр/ эпостық шығармалар батырлық-жырлар, тарихи жырлар және тұрмыстық жырлар болып жіктеледі. Соңғысына лиро-эпикалық

---

<sup>1</sup> Қыр баласы. Батыр Бекет // Темірқазық. М., 1923. №1-3; *Соныкі*. Қарақышпақ Қобыланды // Қазақ. Орынбор, 1915, № 126-129; *Соныкі*. Мырза Едіге // Темірқазық. М., 1923. №1

<sup>2</sup> Ер Сайын. Жырлаушылар аузынан алып, өңдеп өткеруші — Байтұрсынұлы Ахмет. М., 1923; Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Қызылорда-Ташкент, 1926.

шығармалар /»Қыз Жібек», «Айман-Шолпан», «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу», т.б. жатқызылды<sup>3</sup>.

Эпостық мұрамызды жинау, жанрларға жіктеу және жариялау жұмыстарымен бірге зерттеу ісі де қатар жүріп жатты. 20-шы жылдардың соңы мен 30-шы жылдардың ішінде эпосты зерттеуде С.Сейфуллиннің, М.Әуезовтың еңбектері зор болса, кейінірек олардың ізденулері С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Х.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Н.С.Смирнованың ой-пікірлеріне, арнайы зерттеулеріне ұласты.

Қазақ эпосының тарихпен байланысы, шығу мерзімі, идеялық-көркемдік ерекшеліктері, халықтық сипаты, тіл кестесі – міне, бұл мәселелердің бәрі де осы ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қаралды. Жекелеген эпостар жинақталып зерттелді / мәселен, «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», т.б./

40-50-ші жылдарда эпостық жырлардың варианттарына көңіл бөлу, қандай жағдайда айтылатынын ескеру, жырау, ақын, жыршы өнеріне назар аудару ерекше жанданды. Осы кезеңнен бастап эпостың кең таралған жері мен айтылу өзгешеліктері /мектептері/ жинақталды, сөйтіп эпикалық аудандар дейтін ұғым қалыптасты. Атақты Мұрын Сеңгірбаев, Айса Байтабынов, Рахмет Мәзхожаев, Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин т.б. тамаша саңлақтардың репертуарындағы эпостық жырлардың қағаз бетіне түсуі де осы кез.

Бұған қоса қазақ эпосының таңдаулы үлгілерін жалпы көпшілікке арнап та, жеке ғылыми қос тілді /қазақша, орысша/ басылымын даярлау жұмысы да осы кезде қолға алына бастаған. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» /1959/, «Қамбар батыр» /1959/, «Алпамыс батыр» /1961/, «Қыз Жібек» /1963/ сияқты жырлардың жан-жақты ойластырылған академиялық текстерінің жарыққа шығуы қазақ эпостану ғылымының айтарлықтай биік деңгейін көрсететін оқиға еді.

Алайда ғылымдағы осындай істердің нәтижесі үнемі бақылауда болып, ресми идеология дүркін-дүркін тізгінді тарта ұстаумен болды. Сондықтан да эпос табиғатын терең тануға бағытталған ізденістер үнемі саясатқа жалтақтап, идеологиялық қателіктерге ұрынбас үшін әліптін артын бағуға, рұқсат берілген жырларды өлшеп-пішіп қойған шеңбердің аясында ғана сөз етуге мәжбүр еді. Қырғызстанда «Манас», Татарстанда «Едіге», Түркменстанда «Қорқыт ата кітабы», Өзбекстанда «Алпамыс» сияқты эпостардың тағдыры сынға түсіп, қым-қиғаш айтыс-тартыстар жүріп жатқанда, Қазақстанда эпостық жырлардың төңірегіндегі ұрдажық пікірлер, үкім-қарарлар өзге

---

<sup>3</sup> Досмухамедов Х. Казахская народная литература. Краткий очерк. Ташкент, 1928.

республикалардан асып түспесе кенде қалған жоқ.

Соның нәтижесінде «Едіге», «Қорқыт» жырларына аталған республикаларда қаулымен тыйым салынса, қазақтың толып жатқан жырларына «халыққа қарсы», «хандық, феодалдық», «үстем тап өкілдерінің қолтаңбасы», «реакциялық эпос» дейтін айыптар тағылып, нәтижесі қаулы-қарарлармен тұжырымдалып жатты.

50-ші жылдардың басында Кенесары-Наурызбай туралы тарихи жырларға тыйым салудың аяғы күшейе келе жалпы эпостық жырларға да ауыз салды. 1953 жылы Алматыда сол кездегі Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумының ұйымдастыруымен өткізген қазақ эпосы туралы дискуссиясының қорытындысы онсыз да буулы белді онан сайын буа түскенін көрсетеді.

Сондағы эпосты зерттеудің орын алып келе жатқан баттиған кемшіліктері ретінде жинақтай айтсақ мыналар ескертіледі:

- эпосты саяси және таптық тұрғыдан бағалаудың жеткіліксіздігі. Осының нәтижесінде халыққа жат /антинародный/ жырлардың да халықтық болып кеткендігі;

- эпосты бұлай бағалауда түрлі варианттар мен версиялар ескерілмей, біржақты іріктеп алған мәліметтерге сүйену;

- кейіпкерлердің бейнесі мен іс-әрекетіндегі ескі мен жаңаның күресін жіті аңғармау, көркемдігіне, мазмұн мен пішіннің бірлігіне жете мән бермеу.

Рас, бұлардың сыртында мамандардың жетіспеушілігі, эпостардың дұрыс жиналмауы сияқты ескертпелер де бар. Бірақ эпосқа тағылған айыпқа қарағанда, бұл мәселелер жай сылап-сипап өту ғана еді.

Сонымен осы жиынның нәтижесінде қазақтың «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазы», «Шора батыр», «Ер Есім», «Ер Сайын» атты жырлары осы көрсетілген кемшіліктердің заттанған көрінісі болып шықты. Оларды бұдан былай айтуға да, зерттеуге де тыйым салынды □.

Иә, біз бұл жерде таптық, партиялық, халықтық деген ұғымдардың тоталитарлық билеу жүйесіне еткен қызметін одан ары жарыссөзге айналдырмай-ақ қояйық. Бірақ осының нәтижесін жинақтасақ мынау екен:

1. Жырды таптық, халықтық тұрғыдан қарастыру кейіпкерлерді бай-кедейге жіктеу, кез-келген текстен осы екеуінің арасындағы

---

□ Қазақ эпосы жайындағы дискуссияның қорытындысы //Әдебиет және искусство. 1953. №8.109-114б.; Итоги дискуссии по казахскому эпосу// Вест.А.Н.Каз.ССР. 1953. №8.С. 95-98; Об итогах дискуссии по вопросам казахского эпоса. Постановление Президиума АН КазССР и Президиума Союза писателей Казахстана // Советский Казахстан. 1953, кн.8 С.113-115.

қайшылықты іздеу болып табылады. Батырдың әке-шешесінің бай болуы үстем таптың қоспасы болып шығады. Ескі мен жаңаның тартысы дегеніміз іс жүзінде тап тартысы екені анық.

2. Батырдың түрлі себептермен жауға өзі аттануы, бөтен елді барып шабуы интернационализм принципіне жат. Ол жауды тек өз жерінде ғана қарсы алуы керек.

3. Варианттарды, версияларды іріктеу, көркемдігіне баса назар аудару дегеніміз өз-өзінен бөлек тұрған ұғымдар емес, таптық, саяси сүзгіге бағындырылған қосымшалар ғана.

Осы сүзгіні жолма-жол ұстанатын болсаңыз қазақ эпосынан дым да қалмайды. Бір кездерде оқулықта тек қана «Қамбар батыр» жырының сақталуы осыны аңғартады. Дегенмен, жүздеген жырлардан жалғыз эпос қалуы «халықтық», «таптық» тәртіптің тым қаталдығын көрсетсе керек, сондықтан да қаулыда «үстем тап қоспасынан тазарту», «іріктеп пайдалану», «буржуазиялық-ұлтшылдық қалдықтардан арылту» сияқты жеңілдіктер қоса көрсетілді. Мұны тіршілікте біраз эпостарды принциптен «аздап» шегіну арқылы, бас аяғын күзеу арқылы пайдалануға болады деген «шексіз қамқорлықтың» бір түрі деп түсінген жөн.

Тұтастай алғанда біраз тазарту арқылы «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Айман-Шолпан», т.б. жырларды халықтық деп тануға болатындай саңылау қалдырып, ғалымдарға «кеңшілік» жасалды.

Әділін айту керек, мұндай «жеңілдіктерді» қазақ ғалымдарының көбі басын бәйгеге тіге отырып, артығымен пайдалануға бар күш-жігерін жұмсағанын байқамауға болмайды. Қырық жыл қырғын болса да эпостану ғылымының азды-көпті алға жылжып отыруының себебі де осында. Арнайы тыйым салынбаған кез-келген мәселені шын мәнінде халық пайдасына, ұлт мәдениетінің үлесіне жатқызуға әрекеттенді олар.

Әрине, ұрда-жық пікірлерді қару ғып онды-солды сілтеген әсіреқызыл ғалымсымақтар да болмай қалған жоқ. Асылында олар ғалым боп та жетістірмей, байбалам салумен ұзаққа бармай тез онды. Саясат пен ғылымның екі ортасында шапқылап жүрген жолбикелер тарихының бізге қажеті де шамалы.

Қолда барды ұқсату, ресми мүмкіндікті сарқа пайдалану соңғы 30-40 жыл аралығындағы қазақ фольклоры мен әдебиеті туралы ғылымның өмір сүру шарты болды. Осы аралықта, осы жағдайда да ақырын жүріп, анық басқан қадамдар аз болған жоқ.

Аталған дәуірде эпостану ғылымы арғы-бергі кезеңдердегі

батырлық жырларды, лиро-эпостарды және тарихи жырларды алуан қырынан қарастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге эпикалық дәстүрді қалыптастырушылар мен жалғастырушылар – ақын, жырау, жыршы туралы да тың зерттеулерді дүниеге әкелді. Рас, бұл мәселе революциядан бұрын да там-тұмдап сөз болды. Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Г.Потанин, Ә.Диваев еңбектерінде, А.Янушкевичтің күнделіктерінде олар туралы құнды мәліметтер жетерлік. Алайда қазақ фольклорын, әсіресе, эпостық жырларды шығарушылар, айтып таратушылар туралы арнайы ғылыми дәйектемелерге кеңінен сүйенген теориялық зерттеулер бұрын жазылмаған еді. Ақын, жырау, жыршы тобының айтушылық, орындаушылық құпиясы, ішкі себебі, репертуарының, құрамы, бір-бірінен айырмашылықтары мен ұқсастықтары айтқыштық өнері туралы М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов, Ә.Марғұлан, Н.Смирнова, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев толымды пікірлер айтты, жеке зерттеулер жазды.

Бұл мәселе әлі зерттелу үстінде. Осының айғағы ретінде Р.Бердібаевтың, Т.Сыдықовтың, Қ.Сыдықовтың еңбектерін, С.Садырбаевтың, М.Сеңгірбаев творчествосы туралы байқауларын, Е.Тұрсыновтың осы тақырыпқа арналған көлемді зерттеуін атап өту орынды.

Қазақстандағы эпостанудың даму жолдары кешегі бүкіл Кеңес Одағындағы фольклор, оның ішінде эпос туралы айтылған ой-тұжырымдармен, жалпы одақтық ғылыммен тығыз байланысты болды. Әсіресе, С.А.Орловтың, Л.И.Климовичтің, А.К.Боровковтың, В.М.Жирмунскийдің еңбектері қазақ эпосының өзге түркі халықтарының мұраларымен сабақтастығын жан-жақты түсінуге, бұл мәселені үлкен теориялық негізде қарастыруға меңзейді. Сөйтіп қазақ эпосының шығу тегін /генезисін/, даму жолдарын кең көлемде анықтауға көмектеседі.

Қазақ фольклортану ғылымының тарихында эпостың ауыз әдебиетінің өзге түрлерімен бірлікте пайда болғандығын айтқан құнды пікірлер де ұшырасады. Кезінде М.Әуезов қазақ эпосының тұрмыс-салт жырларымен /жоқтау, естірту, қоштасу, т.б./ байланысты екендігін, жалпы қазақ эпосының қалыптасуына осы жырлардың негіз болуы мүмкін екендігін айтқан. Өкінішке орай ғалымның бұл дәлелді де ғажап пікірі кейінгі зерттеу еңбектерінде терең жалғасын тапқан жоқ. Одақтық фольклоршылардың еңбектерінде эпостың қалыптасуындағы мифтің, ертегінің, аңыз-әңгімелердің ролін айтқан, зерттеу жазған ғалымдар бар /В.М.Жирмунский, Е.М.Мелетинский т.б./. Алайда бұл зерттеулер дүние жүзі халықтарының эпикалық

мұрасының қалыптасуына универсал модель бола алмайды. Бұл тұрғыдан келгенде М.Әуезовтың жоғарыдағы болжамының қазақ эпосы үшін айрықша маңызы бар.

Қазақ эпосының өзге фольклорлық жанрлармен байланысы, эпос пен ертегінің жанрлық ара-қатысы туралы С.Қасқабасовтың ой-пікірлері де арнайы көңіл бөлуге тұрарлық. Қазақ эпосының жеке үлгілері түрлі варианттарымен қоса текстологиялық түзілуден өткізіліп, олардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары көркем тексттің түрлі деңгейінде О.Нұрмағамбетованың, М.Ғұмарованың зерттеулерінде қарастырылды. Эпостың халықтың эстетикалық талғамдарымен, көркемдік дүниетанымымен байланысын С.Садырбаев арнайы сөз етті.

Сөйтіп біз қазақ эпосының жиналу, зерттелу тарихына жалпылама сипаттама беріп, қысқаша ғана шолу жасадық. Эпостану мәселесін белгілі бір теориялық нысанасына, зерттеу проблемасына қарай топтастырып, ол ой-пікірлердің тарихына, өзгеру жолдарына үңілсек, сөз жоқ, ол арнайы еңбектің үлесіне тиер еді.

Дегенмен осы жұмыстың мақсатына қарай поэтикаға қатысы бар екі түрлі мәселеге тоқталып өтуді жөн көрдік:

- а/ қазақ эпосын жанрлық түрлерге жіктеу мәселелері;
- ә/ типология және поэтика туралы ой-пікірлердің қазақ эпостану ғылымындағы хал-жайы.

## ҚАЗАҚ ЭПОСЫН ЖАНРЛЫҚ ТҮРЛЕРГЕ ЖІКТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ

Эпостық жырларды ішкі жанрлық түрлерге қарай жүйелеудің біз үшін маңызы айрықша. Атап айтқанда тарихи поэтиканың қалыптасу, даму жолы эпостың жанрлық белгілерінің жіктелуімен тығыз байланысты. Кез-келген көркемдік формалар мен өлшемдер де эпос мазмұны мен бағыт-бағдарының өзгеріп отыруына лайық икемделетін, қозғалыста болатын ұғымдар. Эпикалық жырлардың түрлі жанрлық өзгешеліктерінің қалыптасуы тарихи поэтиканың зерттейтін нысанасына жатса, бұл сөз жоқ, байырғы жырлардың тұтас жүрген синкреттік сипатына барып тірелетіні анық.

Ендеше, батырлық жырлардың байырғы бітімі мифпен, батырлық ертегімен, эпостың көне түрлерімен қарайлас. Алайда эпостағы мифтің, ертегінің көріністерін сөз ету бір бөлек те, олардың ежелгі замандардағы тұтас табиғатын тану тағы бір бөлек.

Тарихи поэтиканың нысанасына жататын алуан-алуан көркемдік өлшемдер /уақыт пен кеңестік/, мазмұн мен пішіннің тұтастығы, сюжет пен композицияның өрілуі, бейнелеу құралдарының жүйесі, т.б. толып жатқан ірілі-ұсақты элементтердің түрлі жолмен тарихи қажеттілікке қарай түзілуі ғана жанрдың жіктелуіне әкеліп соғады. Демек, қаһармандық эпостан бұрынғы тектес жанрлардың фольклортану ғылымында қалай жіктеліп, қандай анықтама берілгені біз үшін аса қажет. Түптеп келгенде, қаһармандық эпостың поэтикасын диахрондық және синхрондық аспектіде ажырату онымен ежелгі замандарда бір болған тектес түрлермен бірлікте қарастырғанда ғана іске асады. Жанрлардың ажырауына әкелген құбылыстар нақтылы тарихи поэтиканың да нәтижесі.

Асылында мифологиялық эпос, ертегілік эпос, батырлық ертегі, қаһармандық миф, архаикалық эпос, көне эпос, мемлекетке дейінгі эпос дегендеріңіздің тек қана эпостың жанрлық түрлеріне ғана қатысы бар деп ұқпау керек, эпостың байырғы үлгілерінің поэтикалық жүйесін де сипаттайтын, соның қалыптасу тарихын да куәландыратын түсініктер деп қарауымыз қажет. Әсіресе, өзге емес, дәл осы атаулар эпос поэтикасының даму барысындағы көркемдік ұғымдарды жинақтайтын, олардың түйінделген тарихи кезеңдеріне ен тағатын белгі-меже.

Қазақ эпосының жанрлық түрлерінің көпқабатты сипаты мол.

Қазіргі кезде Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорында және М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба орталығында барлық варианттармен қосқанда 600-ге тарта жырлар бар екен. Бұлардың ішінде, әсіресе, молырақ жарияланып, зерттеуге көбірек арқау болғандары – батырлық жырлар. Бұлай болатыны заңды да. Себебі батырлық жырлар қазақ эпосының ең салмақты бөлігін құрайды.

Сонымен қазақ эпосының жанрлық түрлерге жіктелу тарихына келейік.

Қазақ эпосын ауыз әдебиетінің жеке саласы ретінде бөліп қарау революциядан бұрынғы зерттеушілер мен ғалымдардың еңбегінен басталады. Алайда ол туралы азды-көпті пікірлер айтылғанымен олардың жанрлық белгілері, түрлері бір-бірімен ұқсастықтары және айырмашылықтары жинақталып сөз болған емес. Эпикалық шығармаларды іштей жіктеп, олардың жанрлық түрлерін бөлу аса күрделі құбылыс. Кезінде А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Б.Кенжебаев, кейінірек Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан зерттеулерінде батырлық жырлар, лиро-эпос және тарихи жырлардың өзіндік белгілері айтылды. Ғылымның даму дәрежесіне лайықты эпостық жырларды іштей саралап, жанрлық белгісіне, шығу дәуіріне қарай топтастырып отыру ғылымның жеткен деңгейін көрсететіні түсінікті жағдай. Әрі мұндай жинақтаушылық сипаты бар ой-пікірлер бұрын-соңды жүргізілген ізденістердің нәтижесіне сүйенеді. Қазақ эпосын пайда болған дәуіріне қарай топтастырудың үлгісін 40-шы жылдардың ішінде Ә.Марғұлан ұсынған болатын. □

Бұл классификация, сөз жоқ, революцияға дейінгі Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, В.Радлов ой-пікірлерінің, кейінірек Ә.Диваев, А.Байтұрсынов зерттеулерінің тәжірибесіне негізделгені анық. Ол былай бөледі:

1. Ең көне замандағы эпостық жырлар. Бұған «Ер Төстік», «Ақ Көбек», «Құламерген», «Шолпан мерген» сияқты жыр-аңыздар жатады;

2. Оғыз-қыпшақ заманында пайда болған эпостар /XI-XII ғ.ғ./ «Қорқыт», «Алпамыс», «Қазанбек», «Домбауыл», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», т.б. жырлардың сюжеттері;

3. Тарихи дәуірлердегі эпос /XIII-XIV ғ.ғ./ Бұл кезеңнің өзі іштей екі салаға бөлінген; қазақ даласында Жошы ұлысының

---

□ Марғұлан А. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Известия казахского филиала АН СССР. Серия историческая, 1946, №2. С. 75-80.

құрылуы, оның ішкі қақтығыстарын / «Қобыланды», «Ер Тарғын»/ және осы ұлыстың ыдырау кезін бейнелейтін эпостар /«Қамбар», «Қазтуған» т.б./. Кейде бұлар Ноғайлы дәуірінің жырлары деп те аталады;

4. Жоңғар феодалдарының қазақ даласына шапқыншылығын және оған қарсы күресті сипаттайтын жырлар /«Қабанбай», «Бөгенбай», «Олжабай», т.б./;

5. Феодалдық қайшылықтарға қарсы күреске байланысты туған эпос<sup>2</sup>.

Қазақ эпосын бұлай классификациялауда эпостардың шығу кезеңі басты нысанаға алынған. Басқаша айтқанда тарихилық принципі алдымен ескерілген. Рас, кейбір жырлардың сюжеті қай заманда қалыптасты дегенге белгілі бір дәрежеде келіспеуге де болады. Мәселен, «Алпамыс» жырының сюжеті /күйеуі өз әйелінің тойында болуы/ біздің заманымыздан бұрынғы грек эпосында ұшырасатындығы мәлім.

Оның үстіне эпостың ішкі жанрлық түрлері, нақтырақ айтқанда батырлық жырлар мен тарихи жырлардың, сондай-ақ лиро-эпостың араларында үлкен айырмашылықтардың бары ескерілмеген. Дегенімен, эпосты былай бөлу кейінгі ой-пікірдің дамуына, жаңаша топтастыруға себепші болды. Соңғы кездегі жанрлық-стадиялық классификацияның принциптері де байқап қарасақ, Ә.Марғұланның пікірлерімен сабақтасып жатады. Олай болатыны эпосты қандай принцип бойынша топтастырғанда да тарихилық мәселесі сақталып отыруы тиіс.

Бұл өзгешелікті Ә.Қоңыратбаев та қазақ эпосын тегі мен жанры жағынан бөлуде ескерген. Ол эпосты он салаға бөледі:

1. Ертегілік эпос /«Ер Төстік», «Құла Мерген», «Таласбай мерген», «Дотан», «Мұңлық-Зарлық»/.

2. Түрік қағанаты дәуірінде туған жылнамалық эпос /«Орхон жазулары», «Күл-Тегін» жайындағы жырлар/.

3. Оғыз эпосы /Кітаби дадам Қорқыт» жырлары/.

4. Тайпалық эпос /«Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар»/.

5. Ноғайлы эпосы /«Ер Тарғын», Мұрын Сеңгірбаев жырлайтын «Қырымның қырық батыры», т.б./.

6. Тарихи эпос /«Бекет», «Досан батыр», 1916 жыл поэзиясы/.

7. Лиро эпос /«Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз-Жібек», «Айман-Шолпан»/.

8. Шығыс дастандары /«Рүстем-Дастан», қиссалар/.

---

<sup>2</sup> Сонда, 80-б.

9. Авторлық эпос /«Еспембет», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Нарқыз»/.

10. Совет эпосы /Амангелді, Мәлік, Төлеген, жайындағы жырлар/.<sup>1</sup>

Мыңдаған жылдық тарихы бар қазақ эпосының шығу дәуірін, жанрлық түрлерін ішкі көптеген ерекшеліктеріне қарай топтастыру оңай іс емес. Себебі, халқымыздың эпикалық жырлары саны жағынан ғана емес, жанрлық түрлері, тақырып аясы, сюжеттік құрамы бойынша да ұлан-ғайыр. Қазақ эпосының осы өзгешеліктерін ғалым жоғарыдағы жіктеуде мейлінше толық қамтуды көздегені байқалады. Расында да, қазір өзге халықтардың эпос түрлеріне жатқызып жүргендерінің қай-қайсысы болса да қазақ эпосының ішінде кездеседі. Өзге халықтарда бұлардың бірі болса, бірі болмауы мүмкін.

Дегенімен жоғарыдағы жүйелеу принципі кемшіліктерден де құр алақан емес. Атап айтқанда, қазақ эпосын хронологиясы мен жанрлық түрлері бойынша топтастыруда біркелкі жүйе сақталмаған. Мәселен, оғыз эпосы, тайпалық эпос, ноғайлы эпосы дегендерің бәрі де жанры жағынан батырлық жырлар. Ал түрік қағанаты дәуіріндегі жылнамалық эпосқа Орхон, Енесей ескерткіштерін жатқыза қою қиын. Бұлардың құрамында эпикалық жырлардың кейбір көріністері кездескенімен, сюжеттік құрылымында, поэтикасында недәуір өзгешеліктер бар. Оның үстіне бұл ескерткіштер қазір түркі жазба әдебиетінің бастау кезі ретінде қарастырылып жүр. Егер қазіргі зерттеулердің нәтижесіне жүгінсек бұл дәуірде ауызша жырланған эпостың үлгілері болған және олардың сюжеттік құрылымы біздің дәуірімізге дейін келіп жеткен эпостық жырлардан өте алшақ кетпеген. Мұны біз қазіргі түркі халықтарының эпикалық мұраларын типологиялық жағынан салыстыру арқылы да аңғара аламыз.

Сондай-ақ авторы бар поэмаларды эпикалық дәстүрдің өзіндік бір жалғасы ретінде сөз ете алғанымызбен, коллективтік творчествоның аясында, яғни фольклордың саласы ретінде қарастыруға негіз жоқ. Себебі, ХІХ ғасырға дейінгі әдеби дәстүріміздің де ауызша өмір сүріп келгендігі мәлім. Ал фольклор мен әдебиеттің арасындағы байланыс нақтылы жанрға келгенде кейде жақын, кейде алшақ болуы мүмкін. Қалай болған күнде де авторы бар ауызша поэмаларды фольклордың аясында

---

<sup>1</sup> Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. Алматы, 1975. 18-б.

қарастыратын болсақ, онда біздің ауыз әдебиетінің негізгі белгілерінен бас тартуымызға тура келеді.

Бұл сияқты нақтылауды, әлі де тереңдей зерттеуді қажет ететін тұстарына қарамастан Ә.Қоңыратбаевтың эпосты топтау жүйесі жаңаша ізденістерге, тың ой-пікір түйіндеуге жетелейді.

Кешегі Одақ көлемінде жүргізіліп жатқан эпостану ғылымының тәжірибесіне жүгінетін болсақ, эпикалық шығармаларды іштей саралап бөлудің жолдары біраздан бері арнайы қарастырылып келе жатқан мәселе. Әсіресе, орыс былиналарын дәуір-дәуірге саралап бөліп, оларды жан-жақты зерттеген еңбектердің бар екендігі мәлім. Бұл ретте В.Я.Проптың, Н.И.Кравцовтың, А.М.Астахованың, Б.Н.Путиловтың, В.П.Аникиннің еңбектеріндегі ізденістердің эпостық жанрларды жүйелеуге көп қолғабыс тигізетіндігі анық.

Қазіргі кезде көптеген халықтардың эпосын үлкен төрт топқа бөліп қарастыру іс жүзінде кең қолдау тауып отыр. Эпосты осындай түрлерге жіктеудің тәжірибесіне тоқтала келіп, белгілі ғалым В.М.Гацак эпосты көне қаһармандық /архаико-героический/, қаһармандық /героический/, романдық /романический/, тарихи /собственно исторический/ деп жинақтай қарастыруды ұсынады. Славян фольклорында романдық эпостың орнында балладалық жырлардың таралғандығы мәлім. Бұлай бөлу, біріншіден, эпостардың ішкі жанрлық белгілерін айқын саралап бөлуге негізделсе, екіншіден, олардың шығу тегін, жанрлық түр ретінде пайда болу сатысын, стадиялық қатарын белгілеуге де бағытталған. □

Әрі айрықша көңіл қоярлық мәселе, бұлай жүйелеу томағатұйық тұрған, бір-бірімен байланысы жоқ құбылыс емес, керісінше, олардың пайда болу жолдарында бір-біріне негіз болғандығын, даму барысында бір-біріне әсер етіп отыратындығын көреміз. Сондықтан да жоғарыдағы эпостың төрт тобының жанрлық белгілерінің аралас-құралас жүретін кездері де аз емес. Демек, олардың қай-қайсысына да *көпсатылық* /полистадийность/ өзгешеліктер тән. Әрі олар зерттеу жұмысында ескерілуі тиіс.

Эпосты осындай жанрлық-стадиялық қатарға қарай жүйелеу іс жүзінде оларды жан-жақты қарастыруға жол ашса, әрі осы жанрлық түрлердің әрқайсысын іштей шығу дәуіріне, өзіндік белгілеріне қарай топтастыруға болады /мәселен, оғыз-қыпшақ

---

□ Гацак В.М. Предисловие к книге: Типология народного эпоса. М., 1975. С. 4

дәуірінің немесе ноғайлы заманның батырлық жырлары т.б./

Рас, эпостық шығармаларды жоғарыдағыдай стадиялық ретпен қарастырғанымызда, кейбір жекелеген құбылыстар осы топтау жүйесіне сәйкес келе бермеуі ықтимал, Мысалы, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосы стадиялық шығу дәуірі бойынша қаһармандық эпостан кейін тұрған лиро-эпосқа жатқызылғанымен, оның сюжеті батырлық жырдың оқиғаларынан көне болмаса, кенже болмауы мүмкін. Бұл мәселені нақтылы зерттеулер шешеді. Алайда өзге халықтардың фольклорындағы типологиялық зерттеудің нәтижесіне сүйенетін болсақ, оның үстіне романдық эпосқа қарасты жырлардың сипатын бажайласақ, лиро-эпостардың кенжерек екенін байқаймыз. Мұны біз түркі-моңғол халықтарының эпостарының сюжеттік құрамынан да көруімізге болады. Мәселен, шығыс әдебиетінің әсерімен тараған қисса-дастандардың сюжеттерін қоспағанда, романдық эпосқа қарағанда батырлық жырдың сюжеті молырақ тараған әрі олардың генетикалық байланыстарының басым екені анығырақ көрінеді.

Қазақ эпосын жарлық-стадиялық белгілеріне қарай көне, қаһармандық, ғашықтық эпостар және тарихи жырлар деп төрт топқа жіктеуді, әрі осы салада арнайы зерттеуді Р.Бердібаевтың еңбегінен көреміз.<sup>1</sup>

Эпосты классификациялаудың қазіргі тәжірибесіне сүйене отырып, қазақ эпосының табиғатына лайықты жүргізілген ізденістерінде автор, әсіресе, көне эпостың болмыс-бітімін, жанрлық-стадиялық өзгешеліктерін алғаш жинақтап көрсетуі орынды. Ендігі жерде эпостың осы салаларын жеке-жеке саралап, жан-жақты салыстырмалы-типологиялық және жүйелі анализ жасау арқылы тереңдете түскен абзал. Бұл ретте, қазақтың көне эпостарының нақтылы үлгілері қайсы, олардағы өзге эпос түрлерінің кейін қосылған белгілері қандай, сюжеттік, тақырыптық құрамы бойынша ертегілерге, батырлық жырларға, лиро-эпостарға негіз болғандары қайсылары /батырлық ертегі, архаикалық эпос, мифологиялық эпос/ дейтін мәселелерді анықтау қажет. Сол сияқты батырлық жырдың оғыз-қыпшақ, ноғайлы т.б. дәуірлердегі сипатын, құрамын, ішкі өзгешеліктерін осы күнге дейінгі жинақталған ғылыми ой-пікірлердің негізінде жаңаша сапада, қазіргі зерттеу методикасының аясында жинақтау парыз.

В.М.Гацак жүйелеген эпостардың алғашқы тобының көне қаһармандық эпос деп бөлінуі кездейсоқ емес. Себебі, батырлық

---

<sup>1</sup> Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Алматы, 1982.

жырға негіз болған көне эпос бар да, басқа да эпос түрлеріне арқау болған, немесе өзінің дамуын тоқтатқан көне жырлар бар.

Бұл айтылғандар қазақтың байырғы эпостық жырларына да тікелей қатысты.

Көне эпостың үлгілерін арнайы зерттеу орыс фольклористерінің де енді қолға ала бастаған маңызды ісінің бірі. Әсіресе, В.М.Жирмунскийден басталған толымды пікірлер қазір Е.М.Мелетинскийдің, Б.Н.Путиловтың, Сібір халықтарының материалында Ж.К.Лебедеваның, алтай эпосының негізінде С.С.Суразаковтың, қырғыз эпосы «Манастың» деректеріне сүйенген Р.З.Қыдырбаеваның жеке зерттеулеріне ұласты. Сөз жоқ, бұлардың еңбектері қазақтың көне эпосының да поэтикасы мен жанрлық белгілерін саралап айқындауға көмектеседі. Оның алғашқы нәтижелері де жоқ емес. Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев еңбектерінде байырғы эпостардың толып жатқан өзгешеліктері біршама жинақталды деуге болады.<sup>1</sup>

Көне эпосты зерттеудің қиындығы сонда, ежелгі адамдардың тұрмыс-тіршілігін, рухани болмысын, мифтік түсініктерін тарихи-этнографиялық және фольклорлық аспектіде жан-жақты игеруді қажет етеді. Оның үстіне көне эпостың ішкі сипаты да әр халықтың тарихында біркелкі болмау керек. Кейбір көне эпостардың оқиғалары жануарлар мен адамдардың арасындағы қарым-қатынасқа негізделсе /мысалы, қырғыздың «Қожашаш» эпосы/, келесі бір көне эпоста мифтік, болмаса ойдан шығарылған құбыжықтар мен адамдардың арасындағы қақтығыстар баяндалады. Кейіпкерлері, оқиғалары түрліше келеді. Осыған байланысты болу керек, қазіргі кезде көне эпосты атау үшін түрлі ұғымдар мен терминдер қолданылып жүр. Мәселен: батырлық ертегі /В.М.Жирмунский/, мифологиялық эпос /Е.М.Мелетинский/, мемлекетке дейінгі эпос /В.Я.Пропп/,

---

<sup>1</sup> Жирмунский В.М. Сказание об Алпамыше и богатырская сказка. М., 1960; Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса. Ранние формы и архаические памятники. М., 1963; *Его же.* «Эдда» и ранние формы эпоса. М., 1968; *Его же.* Палеоазиатский мифологический эпос. М., 1979; Путилов Б.Н. Русский и южнославянский героический эпос. М., 1971; Лебедева Ж.К. Архаический эпос звенов. Новосибирск, 1981; *Ее же.* Эпические памятники народов Крайнего Севера. Новосибирск, 1982; Суразаков С.С. Алтайский героический эпос. М., 1985; Кыдырбаева Р.З. Генезис эпоса «Манас» Фрунзе, 1980 т.б. Марғұлан Ә. Эпос-жыр туғызудағы тарихи мұралар // Халық мұғалімі, 1940. № 4. 64-74 б; *Соныкі.* Геройлық жыр тудырудың бірінші дәуірі // Әдебиет және искусство. 1941. № 1. 90-98 б. *Соныкі.* Эпические сказания казахского народа. Автореф. на соискание уч. ст. д. ф. н. А., 1946; *Соныкі.* О характере и исторической обусловленности казахского героического эпоса // Изв. Каз ФАН СССР, Сер. Истор. № 2. 1946. С. 75-80; Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. А., 1972. 32-33-б.; Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. А. 1991. 122-125 б.б. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. А., 1982. 51-91-б.

ертегілік-мифтік эпос /Б.Н.Путимов/, архаикалық эпос, т.б.

Мәселе бұл жерде терминдерде болмаса керек. Расында да көне эпостарда мифтік, ертегілік, аңыз-әңгімелік көріністердің басым жүретіні мәлім. Оның үстіне әдет-ғұрып, салт, ритуал, дейтіндеріңіз де эпос сюжетімен астасып жатады. Сюжет демекші оқиғасы жағынан қиял-ғажайып ертегіге, болмаса мифке жақындайтын көне эпостар бар да, оған ұқсамайтын, хайуанаттар туралы ертегіні еске түсіретіндері де бар. Бұл жерде мына мәселені қиын да болса анықтау керек: ол ең көне заманда, адамдардың мифтік санасы басым кезде пайда болған эпос па, әлде бергі замандарда ертегінің әсерінен, жанрлардың тоғысуынан пайда болған жыр ма? Мәселен, «Ер Төстік» ертегісі қырғыз халқында эпос ретінде жырланады. Сюжетінің көнелігінде дау жоқ. Бірақ эпос, не ертегі ретінде айтылуы қай дәуірге жатады? Міне бұл сұрақтарға жауап іздеу, түптеп келгенде, жанрлардың теориясы мен поэтикасының қалыптасу тарихын қарастырумен барабар.

Көне эпос пен батырлық жырдың бір-бірімен астасып, поэтикалық дәстүрінің тамырлас жатқанындай өзгешелік лиро-эпостың да ішкі жанрлық белгілеріне тиеселі. Лиро-эпостың құрамына келетін болсақ мұнда да тақырыбы, сюжеті жағынан бірыңғайлық, біркелкілік жоқ. Алдымен түркі-қазақ топырағында туған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты жырлардың тобы бар да, сюжеті бойынша араб, парсы халықтарының ауызша, жазбаша әдеби-фольклорлық үлгілерімен сабақтас, солардың әсерінен туған эпостық жырлар бар. Олар «дастандар», «қиссалар» деген атпен қазақ арасында кеңінен тараған.

Лиро-эпостардың сюжеттік құрамының біркелкі еместігін, олардың өзін іштей жекелеген түрлерге бөлуге болатынын кезінде Ы.Дүйсенбаев айтқан: «Қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі бай саланың бірі – лиро-эпос. Бұған жататын нұсқаларды негізгі үш топқа бөлуге болады. Біріншісі – ел арасында көп тараған, ерте кезде қағаз бетіне түсіп, азды-көпті баспа жүзін көрген шығармалар, екіншісі – халықтың арасына біраз тараса да, баспа жүзін көре алмаған нұсқалар, үшіншісі – шығыс әдебиетінен келген қиссалар»<sup>□</sup>, - дейді ғалым.

Кезінде лиро-эпостарды Н.С.Смирнова «әлеуметтік-тұрмыстық эпостар» /социально-бытовой эпос/ деп атауды да

---

<sup>□</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том. 1 кітап, Алматы, 1960. 501-б.

ұсынған<sup>2</sup>. Мұнда элеуметтік жағдайларды, тұрмыс-тіршіліктің қыр-сырын, адамдардың жеке басының тағдырын орта, жағдай тудырған қайшылықтармен бірлікте жырлау басты орын алатыны рас. Дегенімен қазақ фольклортану ғылымының дәстүрінде «лиро-эпос» деген атау көбірек орын алып, орныққан терминге айналған.

Қазіргі кезде ғашықтық жырларды р о м а н д ы қ э п о с /романический эпос/ деп атау кең қолданылып келе жатыр. Оның үстіне зерттеу еңбектерде де бұл термин тұрақтана бастады. Біздіңше, «лиро-эпос» дегенмен қатар «романдық эпос» деген атауды бірге қолданудың ешқандай сөкеттігі жоқ. Бұны терминология жағынан өзге халықтармен біркелкі болуға ұмтылыс деп түсінген жөн. Романдық эпостың шығыс халықтарының поэтикалық дәстүріне тән толып жатқан тақырыптық, сюжеттік тобы қалыптасқан. Оларды да ертегілік, новеллалық, діни, ғашықтық т.б. деп жіктеу орын алған.<sup>1</sup>

Осыған қоса батырлық жырлармен аралас келетін романдық эпостың түрін қ а һ а р м а н д ы қ – р о м а н д ы қ /героико-романический/ эпос деп атау да нақтылы жырдың табиғатынан келіп шыққан.<sup>2</sup>

Қазақтың ғашықтық жырларын іс жүзінде ірі екі салаға бөліп қарау ғылымда орнықты. Олар – лиро-эпостар және дастандар. Зерттелуі жағынан молырақ сөз болғаны лиро-эпостар: тұтас та, жекелеген де үлгілері арнайы сөз болды.

Ал романдық дастандарға келетін болсақ, оларға кейінірек көңіл бөлініп, жеке зерттеулер нысанасына айналды. Кезінде эпостың осы түрінің кейбір ерекшеліктеріне С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Н.С.Смирнова, Ы.Дүйсенбаев, М.Бөжеев, З.Ахметов тоқталған болса, кейінірек Р.Бердібаев, Б.Әзібаева, А.Қыраубаева еңбектерінде романдық эпостың жанрлық, көркемдік бітімі арнайы зерттелді. Бұл ретте ойланарлық мәселелер де аз емес. Әсіресе, дастандардың шығыс халықтарының әдеби-мәдени үрдісінде ауызша да, жазбаша да таралғанын білеміз. Осыған лайықты қазіргі араб, иран, түркі тілдес халықтардың тарихында дастандарды кейде жазба әдебиеттің үлгісі ретінде, кейде ауызша эпостың жеке түрі ретінде қарастыру орын алып келеді. Қазір көбінесе, нақтылы жағдайға

---

<sup>2</sup> Смирнова Н.С. Казахская народная поэзия, Алма-Ата, 1967. С.69.

<sup>1</sup> Бұл туралы кеңірек қараңыз. Азибаева Б. Казахские народные романтические дастаны. Алма-Ата, 1990. С.22-29

<sup>2</sup> Мәселен, «СССР халықтарының эпосы» деген тізбеден /серия/ шыққан өзбектің «Рустамхан» эпосы осылай аталады. /Москва, 1972/.

қарай, ауызша жырланған болса фольклордың аясында, жазбаша, авторы бар текстер болса жазба әдебиетінің шеңберінде зерттеу қалыптаса бастады.

Қазақ эпосының теңдессіз байлығын көрсететін саланың бірі – тарихи жырлар. Батырлық жырдың шындықты бейнелеу тәсілдеріне арқа сүйей отырып, тарихи дамудың кезекті сатысында қалыптасқан тарихи жырлар дәстүрлі поэтикалық ұғымдарды тағы бір жанрдың өлшем-заңдылықтарына қарайлас жинақтаған келесі бір сатысы болды. Бұл жанр да томаға-тұйық пайда болған жоқ, ол өзіне дейінгі эпикалық дәстүрдің сан-алуан белгілерінің заңды мұрагері, төл бітіміне қайшы келмейтін өзге эпос түрлерінің тарихи тәжірибесін жаңаша түлеткен жанр.

Эпикалық жырларға тән көпқабаттылық /многолойность/ пен көпсатылық бұған да жат емес. Жанрлық белгілерінің жан-жақтылығы, синкреттілігі осыны айғақтайды. Әсіресе, тарихи шындықты игеру дәстүрі біртектес емес. Осыдан болар, тарихи өлең, аңыз-әңгіме жанрларымен қарайластық бар мұнда. Ол аз болса тарихи оқиғаны жақын, нақтылы бейнелейтін, кейде батырлық жыр сияқты, жалпы, жаңғыртып қайталайтын тарихи жырлар да жетерлік. Тегінде тарихи жырлардың ішінен *р е а л д ы - т а р и х и* эпос /реально-исторический/ дегенді бөліп алу осыдан шыққан. □

Өкінішке орай, тарихи жырлардың поэтикасын танып-білуде бізде әлі шабандық бар. Рас жалпы зерттеу саласында алғашқы тәжірибелер қалыптасты деуге болады. М.Әуезовтың, Ә.Марғұланнның, Н.С.Смирнованың, М.Мағауиннің зерттеулерінде осы жанрға қатысты ой-пікірлер мол. Әсіресе, Әдебиет және өнер институты шығарған «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» /1979/ дейтін коллективтік монография осы жанрды түбегейлі қарастырудың негізін салды. Алайда осындай ізденістердің ізін суытпай тарихи жырлардың поэтикасы мен типологиясын жан-жақты зерттеу – уақыты жеткен мәселе.

Сонымен, біз қазақ эпосының жанрлық жіктелу тарихын желе жортып, көктей сабақтап өттік. Ондағы мақсат мынау: батырлық жырдың поэтикасы мен типологиясына тиісті көркемдік формалар, ұғымдар, тәсілдер, бейнелеу құралдары т.б. толып жатқан жанрды құрайтын бөлшектер өзімен тектес жанрлармен тұтастанып жатқандықтан кез-келген поэтикалық категорияның

---

□ Қараңыз: *Путилов Б.Н.* Русский и южнославянский героический эпос. М., 1971. С. 281;  
*Сейтжанов З.* Казахский реально-исторический эпос. Автореф. на соиск. Уч.степ. к.ф.н. Алма-Ата, 1986

динамикасын, тарихи эволюциясын олардан тыс түсіндіру біржақты болып шығар еді.

Мәселе жанрлық белгілердің шекарасын белгілеп алуда да емес, алдымен тарихи поэтиканың эпостағы жүйесін, бас-аяғын жинақтап алуда болып тұр. Кез-келген эпостың жанры мен жанрлық түрлері, жіктей түссек, тақырыптық, сюжеттік құрамы тарихи дамудың қажеттілігіне қарай дәстүрлі поэтикалық ұғымдардың соған сәйкес құрылымдық жүйеге түсуі болып табылады.

Түптеп келгенде, әрбір эпостың жанрлық түрі тарихи поэтиканың осы бағыттағы дамуының бір түйіні, зерттеу үшін табан тірерлік поэтикалық категориялар байланысының эпостағы нақтылы бір нәтижесі. Сол үшін де жанрлық түрлерге жіктеу тәжірибесі бізге қажет. Кез-келген жіктеудің кемшілігіне қарамастан пайдалы жағы бар, ол әйтеуір бір жанрдың басты белгілерін / тақырыбы, сюжеті, шыққан мезгілі, образдар жүйесі, тарихи шындыққа қатысты т.б./ сүйенеді.

Мәселені былай да қоюға болады. Көпқабатты, көпсатылы эпостың ішіндегі поэтикалық ұғымдардың арақатысы, өзара жүйеге түсуінің заңдылығы қоғамдық процестерге байланысты тың сапаға ауысып, өзгерген тұсы да жаңа жанрлық түрге қадам басумен ағайындас. Мифологиялық эпос, ертегілік эпос, батырлық ертегі, батырлық жыр, лиро-эпос /новеллалық, ертегілік, діни, тұрмыстық, т.б./, тарихи эпос, реалды-тарихи эпос т.б. дейтіндерден байқап отырсақ мифтік поэтикадан тарихи поэтикаға, мифтік ұғымдардан қазіргі көркемдік үрдіске қарай жүріп отырған дәстүрлі эпос поэтикасының сабақтастығын көреміз.

Асылында эпостың жанрлық түрлерін жалпы эпос поэтикасының ғасырлар бойғы жүріп отырған жолында белгі-меже боп қалған ұрымтал тұсы деп тұжырымдауымызға болғандай. Түптің түбінде қазақ эпосының /батырлық жырлар ғана емес/ поэтикасын шығу себептерінен бастап бүгінгі күнге дейінгі динамикасын диахрондық аспектіде қарастырар болсақ, сүйенер тірегіміздің бірі осы болмақ.

Ал қазір батырлық жырды өзіне дейінгі тегі бір жанрлармен сабақтастықта қарастыруға ойысатынымыз осыдан туындап отыр. Оның ішінде де көбірек жүгінетініміз қаһармандық эпостан бұрын пайда болған кез-келген жанрлар емес, әсіресе, батырлық ертегі, көне эпос дейтін ертегі мен эпостың ортасындағы аралық жанрлар.

Біріншіден, бұлар ғалымдар тарапынан бас-аяғы біршама жинақталған, белгілері анықталған ұғымдар, екіншіден, өзгеден бұрын дәл батырлық жырлардың негізін қалаған фольклордың байырғы түрлері болып табылады.

# ҚАЗАҚ ЭПОСЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ МЕН ТИПОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## ТАРИХИ ПОЭТИКАНЫҢ ТИПОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақ фольклорының түрлі жанрларын өзара да, өзге халықтардың ауыз әдебиетімен де салыстыру, сөйтіп ұқсас құбылыстарға баға беру өткен ғасырдан жандана бастады. Рас, салыстыра зерттеу түрлі сипатта және түрлі мақсатта жүргізілді. Ол әдіс сан-алуан теорияларға, көзқарастарға, ой-тұжырымдарға, біртектес ұғымдардан бастап арасында мезгілдік, мекендік айырмашылықтары бар құбылыстарға дейін қолданылды.

Мәселен, А.Левшин өткен ғасырда қазақ фольклорының қоғамдық қызметін, өмір сүру заңдылықтарын байырғы тайпалардың поэзиясымен салыстырып, экономикасы жағынан артта қалған елдердің фольклорын идеализациялауға қарсы болды. Ол өзі көріп отырған жағдайды кейде дұрыс, кейде жорта менсінбей бағалаған. Ол қазақтың фольклорын салыстыруға болмайтын Еуропаның жазба әдебиетімен шендестіріп, ауызша айтылатын өлең-жырдың жаппай тараған өнер екенін мойындағанымен, олардың, мағынасы мәнсіздеу деген ұшқары тұжырым жасайды.

XVIII ғасырдағы Еуропа гуманистерінің кейбіреуі өз дәуіріндегі әділетсіздік пен теңсіздіктің, адамдардың бойындағы қулық-сұмдықтың күшеюін қоғамның алға қарай дамуынан, өркениеттің /цивилизация/, техниканың салдарынан деп түсінген. Сөйтіп, олар өздерінің шығармаларында таптық қоғамға жетпеген, тарихтың балаң шағында қалып қойған тайпалардың өмірін әділетті, кіршіксіз таза қоғам ретінде бейнелеген. Кейде ондай тайпаларды ойдан шығарып, оқиғаны алыстағы аралда, адам аяғы баспайтын қиянда өткендей ғып суреттейді /Р.Крузо, Дж.Свифт т.б./.

Еуропа ғылымы мен әдебиетінің тарихынан бұл сияқты көзқарастардың орын алуы, біріншіден, орта ғасырлық Еуропа жұртшылығының алыстағы басқа халықтардың өмірін аз білгендігімен байланысты болса, екіншіден, басқа қоғамды идеализациялау, көрікті етіп суреттеу өз дәуіріне, өмір сүріп отырған ортасына деген наразылықтың өзінше бір түрі болған.

А.Левшин қазақ өмірін зерттей отырып осындай идеализациялауға теріс жауап береді, яғни көшпелі тіршіліктен

«кемшілікті» көбірек көреді. Әділдігін айтайық, зерттеушінің қазақ фольклорына қатысты нақтылы бақылау-тұжырымдары аз емес, әрі олары шындықтан алшақ кетпеген. Алайда салыстыруға келгенде, фольклордың ішкі табиғатын тануға ұмтылудан гөрі әлгіндей қалыптасқан жалпы тенденцияларға қазақ өмірінен жауап іздейді. Мұндағы гәп феодалдық қоғамға жетпеген тайпалардың /Африкадағы, Австралиядағы т.б./ фольклорын қазақтың ауыз әдебиетімен салыстыруында емес. Бұлар, сөз жоқ, дәлме-дәл аналогия жасайтын құбылыстарға жатпайды. Мұндай салыстыруда қазақ фольклорының арғы тарихи хал-ахуалын қалпына келтіру /реконструкция/ жайында ғана әңгіме болуы мүмкін. Ал қоғамдық-экономикалық даму формациясы бойынша мүлде басқа деңгейде тұрған қазақ өмірінің XVIII-XIX ғасырдағы тіршілігін феодалдық қоғамға жетпеген тайпалармен салыстыру сыпайылап айтқанда методологиялық жаңсақтық.

Сөз орайы келгенде айта кетейік, жалпы алғанда отырықшы мәдениетпен көзін ашып, басқа халықтың тілін, психологиясын, тіршілік тынысын жете игермей тұрып, өзіне жат көшпелі мәдениет туралы пікір айту талай Еуропалық ғалымдарды сүріндіргені анық.

Көшпелілер қоғамы көшпелілердің өзі үшін идеал болған. Себебі көпшілік жаппай жақтырмайтын қоғам мыңдаған жылдар бойы өмір сүре алмайды, әйтеуір бір тарихи бұрылыста елдің бәрі одан үркіп шығатыны анық /әрине, күні кешегі жаппай қырғынмен зорлап отырықшы ету басқа мәселе/. Ал осындай қоғамға отырықшылардың түсінбестікпен қарауы да заңды. Себебі олардың шаруашылық типі, жерді пайдалану тәртібі, қала салу мен еркін көшіп-қону салты бір-біріне кереғар түсініктер. Отырықшылар көшпелілерге қалай қараса, көшпелілер де отырықшыларға солай қараған. Бұл – тарихи шындық.

Өкінішке орай осы тенденция қарапайым халықты былай қойғанда ғалымдарға да ауысқан. Өткен ғасырларды қойып, осы күнгі ғалымдардың да әлгідей көзқараспен қаруланып жүргендері аз емес. Көшпелілер жасаған мәдени, рухани мұрағаттардың күні бүгінге дейін мәдениет деп танылмай келуінің бір кілтипаны осында. Фольклор мен эпостану ғылымы отырықшы өркениетті халықтардың арасында қалыптасқандықтан көшпелілер эпосының қайта-қайта қағажу көре беретіні де осыдан. Олардың көбіне қатысты әлгідей ғалымдардың шапқыншылық, тонаушылық туралы эпос еді деген емеуріні айтпай танылады.

Иә, сонымен А.Левшиннің салыстыруына қайта оралайық. Ол өзінің даму сатысы жағынан қазақ фольклорының ертедегі рулық, тайпалық /яғни алғашқы қауымдық/ фольклорға қарағанда әлдеқайда ілгері кеткенін, ішкі табиғаты, өмір сүру формасы, атқаратын қызметі жағынан сапалық айырмашылығы барын аңғармаған. Оның байқауынша қазақ өлеңінің сөздері бір адамнан екінші адамға ауысқанда үнемі өзгеріп отырады, әрбір қазақ импровизаторлық өнердің иесі, ол өз ойын, сезімін, болып жатқан құбылыстарды өзінше жырлайды. Бірақ ондай өлеңдердің көбі ұсқынсыз, мәні жоқ. □

Рас, қазақ арасында ойын-тойда өз жадынан екі-үш ауыз өлең шығарып айтпайтындары кемде-кем болған. Қазақтардың бұл өнерін зерттеуші жақсы түсінген. Бірақ фольклорлық текстердің үнемі өзгеру, қимыл-қозғалыс үстінде болатынын және оның ауызша шығарма үшін заңдылық екенін дұрыс аңғармаған. Оның үстіне көшпелі қоғамдағы жаппай тараған өнердің әлеуметтік мәнін дұрыс бағалай алмаған. Бұл бір. Екіншіден, халқымыз өлең шығарып айтқанның бәрін ақын, жырау деп санамаған ғой. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» демекші, ел арасында даңқы жайылып, ерен өнерімен көпшілікті тәнті қылғандары ғана осындай атақты иелене алған.

Осында бір түсінбестік бар: не зерттеуші тілді білмегендіктен дұрыс аударманы қолға түсіре алмаған, я болмаса өлең-жыр жаппай айтылып жатқандықтан олардың табиғаты жайындағы қорытындыны сырттай топшылай салған. Әйтпесе қай кезде қазақ мәні жоқ, сылдыр сөздерге сөз деп қарап еді. Қоғамдағы бар мәселесін шешу үшін әділ де бейнелі сөзге жүгінген шешен қазақ мәні жоқ сөзге алданып па?!

Салыстырмалы зерттеудің кейбір жаңа өзгешеліктерін біз Ш.Уәлихановтың зерттеулерінен көреміз. Алдымен мұндағы ғалымның салыстыру аясы, материалдардың жағрафиялық ауқымы өзіне дейінгі зерттеу жұмыстарына қарағанда орасан зор кеңейгендігі байқалады.

Ежелгі римдіктер, гректер, скифтер, қытайлар, қидандар сияқты халықтардың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, фольклоры туралы мәліметтер түркі-моңғол халықтарының этнографиясымен, ауыз әдебиетінің үлгілерімен ұтымды салыстырылып отырады. Оның үстіне славян, роман-герман, угро-фин халықтарының да

---

□ А.Левшин. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. № СПб., 1832. В трех частях. Ч.III. С.136.

әдеби, фольклорлық мәліметтері тиісті жерлерде келтіріледі.

Ғалымның осындай кең ауқымда ой толғауы кездейсоқ емес. Орасан зор білімі баз зерттеуші алдымен қазақ фольклорының оқшау тұрмағандығын, оның дүниежүзі халықтарының әдеби-мәдени мұрасымен сабақтастағын, адамзат жасаған мәдениетінің бір тармағы екендігін толық сезінген.

Еуропа жұртшылығының назарын аудару үшін ғалым қазақ пен қырғыздардың аңыз-әңгімелерін, эпостарын сюжеті, көлемі жөнінен атақты гректің «Илиада», «Одиссея» жырларымен салыстырады. Олардың арасында ұқсастықтардың барын анықтайды. Сөз жоқ, бұл қазақ, қырғыз фольклорымен жаңа таныса бастаған Еуропа ориенталистері үшін ерекше назар аударарлық құбылыс болатын.

Ш.Уәлихановтың салыстыру арқылы түйіндеген ой-пікірлерінің өзіндік ерекшелігі сонда, ол өз тұсында өркен жая бастаған ауысып алу теориясының ауқымында қалып қоймайды. Керісінше, әрбір халықтың ауыз әдебиеті мұралары сол халықтың ұзақ жылдық тарихи, көркемдік дамуының нәтижесі деген ойда болады. Мұны біз, әсіресе, қырғыздың «Манасын» көне гректердің эпосымен салыстыра қарауынан байқаймыз. Ғалымның пікірінше, «Манас» – бүкіл бір халықтың тарихын, ертегілерін, аңыздарын, жағрафиялық, діни түсініктерін, көркемдік ойларын жинақтаған энциклопедиялық шығарма. Демек, эпостық жыр – бір халықтан екінші халыққа ауысып жүретін ұқсас сюжеттердің жиынтығы емес, ол белгілі бір өмірмен, тұрмыс-тіршілікпен біте қайнасып, бірге өсетін, тарихи қажеттіліктен туған көркемдік ойдың жемісі.

Ш.Уәлихановтың бұл көзқарасы қазақ, қырғыз фольклорының өзіндік ішкі сипатын білуге, халық өмірімен тығыз байланыста қарауға сол дәуірдің өзінде-ақ үлкен себепкер болғандығы анық. Шоқан еңбектеріндегі салыстыру тәсілі түрлі халықтардың фольклорындағы ұқсастықтардың болу себептерін анықтауға, соған жауап беруге бағытталмаған. Ол үшін маңыздысы – қазақ, қырғыз эпостарының өзге елдердің ауызша сөз өнерімен ара қатысы, алатын орны, даму дәрежесі, ғылым алдындағы мәні дейтін мәселелер болса керек.

Түркі-моңғол халықтарының ауыз әдебиетіндегі ұқсастықтардың басқа да халықтарда /мәселен, грек, угро-фин, т.б. аңыз, жырларындағы Жалғыз көзді дәудің қазақ фольклорында да болуы/ кездесетіндігін алғаш аңғарған және оларды нақтылы салыстырған адамның бірі Ш.Уәлиханов болды десек артық

айтқандық емес. Ал, не себепті ондай ұқсастықтар бар, әрбір нақтылы жағдайда олардың сипаты қандай /қарым-қатынастық, генетикалық және жалпы типологиялық ұқсастықтар/ дейтін мәселеге келетін болсақ, оны фольклор туралы ғылым қазір де көптеген мәліметтердің негізінде анықтауда. Бұл алдағы уақытта да үздіксіз жүргізіле беретін іс.

Қазақ фольклорының өзге халықтардың ауыз әдебиетімен байланысына назар аударған ғалымдардың бірі – В.В.Радлов. Ол әсіресе, түркі халықтарының мұрасын салыстырып зерттеуге елеулі үлес қосты. Радловтың еңбегі арқылы қазақтың халық поэзиясы қырғыз, тараншы, Қырым мен Осман түріктері және Алтай мен Сібір халықтарының поэзиясымен байланысты екендігі анықталды. Сонымен қатар Радлов қазақ халық поэзиясының көне бастауын іздеуге де жол салды. □

Эпостың шығу дәуіріне тоқтала отырып, Радлов та Шоқан сияқты қырғыздың «Манасын», гректің «Илиадасын» финнің «Калеваласымен» салыстырады. Сөйтіп ол, эпос әрбір халықтың қоғамдық даму сатысына лайықты қалыптасқан, белгілі бір дәуірдің жемісі деген қорытындыға келеді. Грек эпосының өзінен бұрынғы мифтерді /әсіресе, Троян соғысына байланысты/ өз бойына сіңіргені сияқты, «Манас» та қырғыздың ежелгі өлең-жырларын, аңыздарын өзіне жинақтаған.

Кезінде Радлов қазақ эпосының мол өркендеген аудандарына, кеңірек таралған жерлеріне кездеспеген сияқты. Себебі ол қырғыз бен қазақ фольклорын салыстыра келіп, қырғыздарда эпикалық жырлардың, ал қазақтарда лирикалық поэзияның молырақ өркен жайғанын айтады. Қазақтарда оның есесіне жазбаша өлең-жырдың, қисса-дастандардың кең тарала бастағанын ескертеді. Тұтастай алғанда бұл қазақ поэзиясының жанрлық құрамын, жалпы болмыс-бітімін анықтауға негізделген тұжырымдар. Бұл жердегі салыстыру да осыған бағытталған. Ал оның қазақтардағы ауызша эпикалық дәстүрдің кең өркендегенін аңғара алмауы, оның жинаған материалдарының құрамына байланысты болған еді.

Салыстыра зерттеуді арнайы бір ғылыми мақсатқа бағыттаған, ұқсастықтардың болу себептеріне жауап беруге әрекет өткен және ұқсас құбылыстарды жүйелі түрде жинақтаған ғалымдардың ішінде ерекше орын алатыны – Г.Н.Потанин. Сөз жоқ, зерттеуші өзінің «Орта ғасырлық Еуропа эпосындағы шығыс мотивтері» деген көлемді еңбегінде салыстыра зерттеуді арнайы әдіс ретінде

---

□ Қазақ әдебиетінің тарихы, 1 том, 1 кітап, Алматы, 1960. 37-б.

қолданғанын көреміз.

Потаниннің еңбегінде ең алдымен көңіл қоярлық мәселе – ауыз әдебиеті материалдарының молдығы, жағрафиялық ауқымы жағынан жан-жақты болуы. Ол түркі-монғол халықтарының фольклор үлгілерінен көбінесе өзі жинап, Қазақстан, Сібір, Алтай, Монғолия жерлерін өзі аралап, осы елдердің мұраларымен жақын таныс болса, Еуропа, орыс, басқа да славян халықтарының фольклорын жақсы білген. Нәтижесінде осынша қыруар мұраның кейбір өзара ұқсастықтарын зерттеушінің аңғармауы мүмкін емес еді. Оның үстіне көп халықтардың фольклорындағы сәйкес құбылыстарды енді жай ғана атап өту, болмаса тізбелеп шығудың жеткіліксіз екенін ғалым жақсы түсінді. Сөйтіп, ұқсастықтардың болу себептеріне жауап іздеді.

Бұл мәселеде Потаниннің Еуропа, орыс фольклортану ғылымының осы кезеңде белең алып тұрған көшпелі сюжет теориясына арқа сүйеуі түсінікті де. Себебі ғылымның бұл дәуірдегі ең бір ұтымды зерттеу әдісі – мәліметтерді мейлінше мол келтіру және оларды салыстыру арқылы сюжет пен тақырыптың бір халықтан екінші халыққа ауысып отыру жолдарын анықтау болатын.

Әділін айту керек, ауысып алу теориясының жіберген кемшіліктерімен қатар, оның көптеген пайдалы жақтары да болды. Атап айтқанда, бұрын белгілі-белгісіз халықтар мен тайпалардың ауыз әдебиетін жинап, зерттеуге бұл теория ерекше қозғау салды; ұқсастықтардың болу себептеріне біржақты жауап іздегенімен, жалпы сол ұқсастықтардың дүниежүзі фольклорына тән құбылыс екенін ғылыми концепция ретінде бір ізге түсірді; түптің түбінде түрлі ұқсастықтарды нақтылы тарихи процестермен байланыста қарастыру қажеттілігін тудырды; әсіресе, фольклорлық мұраларды жинау, жарыққа шығаруда үлкен роль атқарды; салыстыра зерттеуді әдіс ретінде қалыптастыра бастады; дүниежүзі халықтарының фольклорын іштей байланыста болатын тұтас процесс ретінде түсінудің алғышартын жасады.

Ең бастысы – түрлі халықтардың көрші отырып, мәдени, экономикалық қарым-қатынасы нәтижесінде ауыз әдебиетінің бір-біріне әсер ететіндігі, сөйтіп қарым-қатынастық байланыстардың болатындығы фольклортану ғылымында ұқсастықтарды түсіндірудің негізгі себептерінің бірі болып қалды. Бұған арқау болған ауысып алу теориясы десек қателеспейміз. Бұл теорияның өзге өкілдер сияқты Потанин де сюжет, тақырып ауысуының

себебін сауда қатынасынан, елшілер алмасудан, соғыстардың нәтижесінен немесе ру, тайпа, халықтардың араласуынан деп есептеген.

Бұған қоса мына мәселені де ескерген абзал. Ғылыми теория қаншалықты беделді болғанымен жеке ғалымның көзқарасына, мақсатына, жалпы табиғатына сәйкес келмесе оны зерттеушінің көзсіз қабылдай қоюы қиын. Бұл тұрғыдан келгенде Потанин ауысып алу теориясына саналы түрде барған. Басқаша сөзбен айтқанда бұл теория оның жалпы көзқарасына мейлінше жақын болған. «Іздегенге сұраған» дегендей ұқсастықтарды анықтау зерттеушінің ғылыми концепциясымен ғана емес, оның азаматтық болмыс-бітімімен, жалпы саяси-әлеуметтік ой-пікірімен сабақтас. □

Жас кезінен қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен жақын таныс болған ғалымның өмір жолы осыны айғақтайды. Ол өзге халықтардың әдеби-фольклорлық мұрасын жинап, зерттеп қана қойған жоқ, сол халықтардың тарихи тағдырына да терең үңілді. Жақсы дәстүрін, рухани байлығын беріле дәріптеді, ал қиыншылығына, оқу-ағартуда кенже қалудан туындап жататын кемшіліктеріне шын күйзелді. Ол түркі, оның ішінде қазақ орыс халқымен жақындастыруды армандады. Оған белгілі бір дәрежеде жан досы Шоқан да себепші болды. Сондықтан да ғалымның ауысып алу теориясына аса қатты ден қоюы, орыс пен қазақ фольклорының арасынан көптеген ұқсастықтар табуы, кейде тіпті мәліметтерді осыған зорлықпен иіп әкелуінің бір себебі осында жатса керек.

Потанин өзінің «Орта ғасырлық Еуропа эпосындағы шығыс мотивтері» деген еңбегінің басты мақсаты туралы былай деп жазды: «Господствующая идея книги – идея об единстве средневекового, западного и восточно-ордынского эпоса, распространяемая и на эпос Западной Европы... Эпоху, когда происходил обмен эпическими материалами, можно предположить очень ранней можно не приурочивать ее к позднейшим переселениям среднеазиатских орд: этот обмен совершался в то отдаленное время, когда не было той разницы в культуре между центральной Европой и степями Средней Азии, какая появляется позднее... Заимствование могло происходить не в одну сторону, а взаимно, с востока на запад и с запада на восток». <sup>1</sup>

---

□ Потанин Г.Н. Греческий эпос и ордынский фольклор // Этнографическое обозрение. 1904. №2. С.65.

<sup>1</sup> Потанин Г.Н. Восточные мотивы в средневековом эпосе. М., 1899. С.1.

Зерттеушінің ойынша ауысып алу процесі ерте замандарда болған және фольклордағы ұқсастықты тудыратын бірден бір себеп осы. Мұндай жағдайда мәдениеттің де даму сатысы бір-біріне қарайлас болуы шарт екен. Сөз жоқ, бұл ауысып алу теориясының біржақтылық сипаты.

Белгілі бір халықтың тарихи-әлеуметтік ерекшеліктерін, әрбір нақтылы ішкі даму жолын ескермеген жағдайда ауысып алу теориясының берер нәтижесі аз. Іс жүзінде солай болды да. Қыруар фактіні қаншалықты мол жинап, жүйелегенімен тарихи негізі болмағандықтан да көшпелі сюжеттердің теориясына негізделіп жазылған еңбектердің біз үшін маңыздысы ғылыми концепциясы емес, олардың мәліметтерді, ұқсастықтарды есепке алуы.

Ал оның себептерін ашу қазіргі ғылымның үлесіне тимек.

Рас, салыстыру тәсілінің өзіне келетін болсақ, ол әйтеуір ұқсастықтарды сырттай тізе беру деген сөз емес. Ондай жағдайда сәйкес келмейтін құбылыстарды сырт қалдырудың қаупі туады. Салыстыру белгілі бір тұтас, жүйелі сипаты бар типтік белгілер мен ерекшеліктерге сүйенуі қажет.

Жеке халықтардың фольклорының пайда болып, даму жолдарын анықтауда Потанин ауысып алу теориясының ықпалынан ары аса алмады. Алайда оның еңбегі ғылымда қазақ фольклорын өзге халықтардың ауыз әдебиеті мұрасының құрамында, өзара байланысты қарастыруда, салыстыра зерттеуді нақтылы ғылыми мақсатқа бағыттауда үлкен роль атқарады.

Өткен ғасырдың соңына таман қазақ фольклорын түркі халықтарының мұрасымен салыстырып зерттеуге А.Диваев та елеулі еңбек сіңірді. Ол Қазақстан мен Орта Азия елдерінің ауыз әдебиеті үлгілерін жинай жүріп, олардың нақтылы әдет-ғұрыппен, тұрмыс-тіршіліктің өзгешеліктерімен байланысты екенін жақсы түсінді. Сондықтан да зерттеуші көшпелі сюжеттер теориясына бой ұрған жоқ. Халықтың тұрмыс-тіршілігін жете білгендіктен, фольклордың да ұлттық дербес сипатын аңғарды. Сөйтіп қазақ, өзбек, қырғыз халықтарының фольклорындағы ұқсастықтарды белгілеумен қатар, олардың тұрмыс-тіршіліктен туындайтын өзгешеліктерін ажыратуға күш салды.

XX ғасырдың басында салыстырмалы зерттеу әдісін қолданған зерттеушілердің бірі И.А.Чеканинский болатын. Алайда ол көркем текстің бүкіл болмыс-бітімін анықтаудан гөрі шығарманың жекелеген бөлшектерін жеке-дара бөліп алып, оларды өзара

салыстыруға әрекеттенген. Сөйтіп эпостарды жекелеген мотивтерге жіктеп, олардың арасынан ұқсастықтар табуға тырысқан. Ал мотивтерді бүтіннің құрамында алып қарастырмағандықтан салыстырмалы зерттеу әдісі көбіне жасанды түрді болған. Мәселен, «Алпамыс» пен «Қозы Көрпеш- Баян сұлу» жырларының мотивтерін салыстыруы, оларды эпостың идеялық мазмұны мен көркемдік ерекшеліктерінен бөліп тастауы осыны айғақтайды. □

Қазақ эпосы мен ауыз әдебиетінің басқа түрлерін салыстыра зерттеу, олардың шығу жолдарын, даму эволюциясын нақтылы тарихи жағдайлармен бірлікте қарау, сөйтіп фольклордың жалпылық белгілерімен бірге, оның ұлттық сипатын анықтау кеңес дәуірінде қолға алынды. Рас, үстіміздегі ғасырдың 50-60-шы жылдарына дейінгі зерттеу еңбектерінде қазақ фольклорын жеке-дара алып қарастыру басымырақ болып келді.

Оның себебі, алдымен фольклордың идеялық-көркемдік ерекшеліктерін, жанрлық құрамын, қоғамдағы алатын орнын, образдар жүйесін, ұлттық ерекшеліктерін анықтау қажет еді. Шындығына келгенде бұл жан-жақты типологиялық зерттеуге барар жолдағы даярлық болатын.

Дегенімен қазақ эпосын өзге халықтардың жырларымен салыстыра зерттеу ғылымның даму дәрежесіне байланысты азды-көпті қатар жүргізіліп келе жатыр. Мәселен, Ә.Марғұланның, Н.С.Смирнованың, А.С.Орловтың, Ә.Қоңыратбаевтың еңбектерінде орыс, түркі тілдес халықтардың мұрасымен байланыстыра зерттеудің нәтижесінде қазақ эпосының генезисі, ежелгі дәстүрдің өзгешелігі, өзара үндестіктері біршама сөз болды. Бұған кезінде «Алпамыс», «Манас» жырлары туралы Ташкент, Фрунзе қалаларында болған аймақтық кеңестер мен конференциялар да елеулі септігін тигізді. Бұл ретте, әсіресе, В.М.Жирмунскийдің салыстырмалы-типологиялық зерттеуді жаңа сатыға көтеріп, оны арнайы ғылыми әдіс ретінде қалыптастыруы фольклортануда елеулі оқиға болды.

Қазақ эпосын салыстырмалы-типологиялық зерттеу ісі соңғы кездерде де жүргізіліп келеді. Атап айтқанда Т.Сыдықовтың<sup>2</sup> еңбегінде «Алпамыс» жырының бірнеше ұлттық версиялары, С.Садырбаевтың<sup>3</sup> зерттеулерінде қазақ пен қырғыз эпостарының

---

□ Қараңыз: Қазақ әдебиетінің тарихы, 1 том, 1 кітап, Алматы, 1960. 59-б.

<sup>2</sup> Сыдықов Т. Глубокие корни. Алматы, 1975.

<sup>3</sup> Садырбаев С. Фольклор және эстетика. Алматы, 1976.

ортақ белгілері, Р.Бердібаевтың<sup>1</sup> кітабында қырғыз, башқұрт, алтай, бурят эпостары мен қазақ жырларының үндестігі қарастырылды.

Кешегі Одақ көлемінде жүргізіліп жатқан зерттеулерге назар салатын болсақ, салыстырмалы-типологиялық зерттеулердің ғылыми тереңдігі, оны арнайы әдіс ретінде қолдануы жаңару, жан-жақты толығу үстінде екенін көреміз. Сөз жоқ, қазақ эпосын кең құлашта салыстырмалы-типологиялық зерттеу арнасына салуда, белгілерін жүйелі толық қамтуда әлі де көп болып ойласатын, сарыла анықтайтын мәселелер аз емес.

Осы тұрғыдан келгенде, типологиялық зерттеу әдісінің теориялық проблемаларына арнайы көңіл бөлу қазақ фольклортану ғылымы үшін пісіп жетілген мәселе. Төменде оның қазақ эпосына қатысты кейбір аспектілерін қарастыруды жөн көрдік.

Қазіргі кезде ғылымда фольклорлық шығармадағы ұқсастықтардың себептерін генетикалық бірлік /генетическая общность/, қарым-қатынастық байланыстар және жалпы типологиялық ұқсастықтар деп ажыратып қарау кеңінен мәлім болып отыр.<sup>2</sup>

Бірақ салыстырмалы-типологиялық зерттеудің нақтылы өз тәжірибесіне келетін болсақ, бұл арада белгілі бір жүйелі әдістің жоқ екенін байқаймыз. Ең алдымен көзге түсетіні – эпикалық шығармаларды салыстыру сюжет пен мотивтерді /сондай-ақ идеялық-тақырыптық, жекелеген сөз тіркестерін, кейіпкерлердің ұқсастығын т.б./ сыртқы мағыналық жақындықтарына қарай топтастыру, сөйтіп үлкен қорытындыларға бару етек алып келеді. Ал оларды ішкі формалық жағынан, жанрлық құрамы, айтылу типі, үлкенді-кішілі айырмашылығы, оның себептері, текстің ішіндегі орны, нақтылы атқарып тұрған қызметі, т.б. толып жатқан түр ерекшеліктерін саралап анықтау жете ескерілмеді, тіптен көп жағдайда назардан тыс қалып отырды.

Бұған қоса эпикалық шығарманың құрамында композициясы жағынан алғанда сюжет пен мотивтен басқа «ұқсас жерлер» («общие места»), әр түрлі композициялық тәсілдер, эпикалық формулалар, клишелер, көркемдік бейнелеу құралдары сияқты толып жатқан поэтикалық бөлшектердің болатындығы мәлім. Сөз

---

<sup>1</sup> Бердібаев Р. Түркі-моңғол халықтары эпосындағы ортақ желілер // Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы, 1981. 7-47-б.

<sup>2</sup> Гацак В.М. Предисловие // Типология народного эпоса. М., 1975. С.5.

жоқ, бұлардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары да қоғамның, тілдің, тарихи жағдайдың және эпикалық дәстүрдің даму ерекшеліктеріне қарай әр түрлі дәрежеде, әр түрлі сипатта болатыны сөзсіз. Сондықтан да осы көрсетілген поэтикалық бөлшектердің типологиясын жүйелі түрде тұтас зерттегенде ғана біз эпостағы күрделі байланыстардың себептерін, олардың кейінгі даму барысындағы өзгешеліктерін дұрыс, әрі толығымен белгілей аламыз. Анығырақ айтқанда, эпостың басқа фольклорлық шығармалармен ұқсайтын, не ұқсамайтын жақтарын текстің әр түрлі көркемдік деңгейіне /жанрлық, сюжеттік, мотивтік, поэтикалық-тілдік, т.б. деңгейлерде/ жүйелі, тұтас қарастырмайынша дiттеген мақсатқа жете алмаймыз. Онсыз белгілі бір эпостан анықтағымыз келген құбылысты өзге шығармалардағы үндес құбылыспен мағыналық жағынан салыстырып, сырт ұқсастықтарын қуаласақ, сөйтіп оны жанрдан, нақтылы текстегі қызметінен, текстің басқа компоненттерінен тыс, жеке-дара байланыссыз алып қарастыратын болсақ, ол ойдан-қырдан жинап, шебер құрастырған, зерттеушінің өз ой-қиялынан туған, бірақ өмірде негізі жоқ үлгі-модель болып шығады.

Фольклордағы белгілі бір ұқсас құбылыстарды салыстыра қарастыру ғылымда көптен белгілі. Кезінде мифологиялық, тарихи, антропологиялық /этнографиялық/ мектептер, ауысып алу теориясы, сондай-ақ қазіргі структурализм сияқты әр түрлі фольклортанудың тарихындағы бұрынғы-соңғы зерттеу ағымдары мен әдістерінің де негізгі сүйенетіні салыстыра зерттеу тәсілі. Демек, бұл тәсіл теориялық мәселеге, нақтылы проблемаға, методологиялық әдіске лайықты қолданылып, әр түрлі сипатта болады екен. Осыған байланысты В.М.Жирмунский ғылыми салыстыру әдісін мынадай салаға бөліп қарастырды: салыстыру, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық және бір-бірінен ауысып алуды анықтайтын әдістер. <sup>□</sup>

Бұлардың дені /алғашқысынан басқалары/ методологиялық жағынан жинақталған, алдына айқын мақсат қойған зерттеудің арнайы әдісі екенін аңғару қиын емес. Олар фольклордағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырату үшін ғана емес, оның шығу тегіне, ұқсас болу себептеріне нақтылы жауап беруге бағытталған. Ал, салыстыру әдісі дегеннің өзін жеке бөліп қарауға Б.Н.Путилов қарсы. Себебі, оның айтуынша, бұған барлық

---

<sup>□</sup> Жирмунский В.М. Народный героический эпос. Сравнительно-исторические очерки. М.-Л., 1962.С.75-76

ұқсастықтарды тізе беруге болады/ варианттарды, жергілікті фольклордың өзара ұқсастықтарын, т.б./. Сондықтан салыстырудың өзін методикалық тәсіл ретінде айтуға болғанымен, арнайы жүйеленген методологиялық зерттеу әдісі түрінде қарастыруға негіз жоқ. Салыстыра зерттеу тәсілі түрлі теориялық ағымдарға, ғылыми мектептерге әр кезде-ақ қызмет етіп келеді. Сондықтан да барлық дәуірлерге, барлық теориялық ағымдар мен мектептерге ортақ тарихи-салыстырмалы әдіс туралы сөз қозғау мүмкін емес.<sup>2</sup>

Бұл жағдай, сөз жоқ, қазіргі фольклортану ғылымында кеңінен қолданылып жүрген типологиялық әдістің өзіндік дара сипаттарының, фольклорды зерттеудің қазіргі поэтика проблемаларымен астасып жатқандығын айғақтайды. Типологиялық ізденістердің ауқымы өте кең, әрі күрделі. Басқа ғылымның салаларын айтпағанда /мәселен, тіл білімі, этнография, археология, әдебиеттану т.б./ фольклордың өз табиғатына лайықты типологиялық зерттеудің аспектілері, деңгейі, ауқымы бірдей қалыпқа сыймайды. Осыған байланысты Б.Н.Путиловтың мына пікірі орынды айтылған: «Типология как определенная закономерность, можно сказать, буквально пронизывает фольклор на всех его уровнях; система закономерно возникающих и внутренне обусловленных историко-типологических отношений характеризует фольклор в целом /как специфический тип творчества и как совокупность реальных результатов этого творчества/ и в его отдельных элементах. Мы вправе говорить, например, о типологии образов, мотивов, сюжетов, художественных средств, о типологии жанров и жанровых разновидностей, о типологии фольклорных процессов и типологии принципов отношения фольклора к действительности /например, о типологии фольклорного историзма/, шире – о типологии фольклорного сознания.<sup>1</sup>

Типологиялық зерттеудің фольклор табиғатына тиеселі сипатын түсінуде оған қатысты толып жатқан терминологиялық ұғымдардың бар екендігі мәлім /ұқсастық, байланыс, бірлік, туыстық, қарым-қатынас, сәйкестік, изоморфизм, жақындық, т.с.с./. Олардың мағынасы мен қызметін анықтауда, жалпы типологияның нақтылы бір зерттеу объектісіне байланысты мақсаты мен өзгешеліктерін түсінуде біркелкілік жоқ. Бұлай

---

<sup>2</sup> Путилов Б.Н. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. Л., 1976. С. 5-8

<sup>1</sup> Сонда. 9-б.

болуы әзірге мүмкін де емес.

Себебі соншалықты ауқымы кең зерттеу әдісінің барлық критерийлерінің тұрақтануы күні бұрын келісілген қағидаларға бағына бермейді, зерттеудің нақтылы нәтижелеріне сүйенеді. Ал ондай түбегейлі нәтижелердің көбі қазіргі фольклортану ғылымында қалыптасып болған жоқ.

Өзге ғылым салаларына қарағанда типологияның фольклорға лайықты қолданылуының басты бір ерекшелігі кез-келген құбылысты, фольклорлық процестің үлкенді-кішілі барлық деңгейлері мен сатысын динамикалық қимыл-қозғалыста, үнемі өзгеріс үстінде қарастыру. Олай болатыны фольклор сан ғасырлар бойы әр дәуірдің көркемдік талап-тілектеріне жауап беріп, ұзақ эволюциялық процесті бастап өткеріп келе жатқан өнер. Белгілі бір ұқсастықтың болуы себептеріне жауап беруге әрекеттенсек, сөз жоқ, тарихи дәуірлерге бойлап барамыз, әрі сол ұқсастықтың кейінгі тағдырына үңілеміз. Демек, типологияның басты өзгешелігінің бірі – оның тарихилығында. *Тарихи типология* – біз үшін қозғалыстағы, үнемі өзгерістегі процесс. Ол фольклорды ғасырлар айнасының ұзына бойына жайып тастап, диахрондық тұрғыдан зерттейді.

Дегенімен диахрондық, тарихи типологиялық зерттеуді толық та тиімді жүргізу үшін синхрондық талдаудың көмегі қажет. Себебі белгілі бір фольклорлық құбылыстың арғы-бергі тарихи типологиясын қарастыру үшін сол құбылыстың, зерттегелі отырған текстің /түрлі көркемдік деңгейлердің/ сипаттамасын, өзгешеліктерін жақсы білуіміз керек. Жинақталған деректерді жүйелеу, ішкі-сыртқы ерекшеліктеріне қарай топтастыру, жанрлық, сюжеттік-композициялық құрылымы, көркемдік тәсілдердің қызметі, т.с.с. жете білу үшін оларды қозғалыс үстінде, мезгіл жағынан созып қарауымыз шарт емес. Оның үстіне фольклор жеке-жеке тұрған құбылыстардың, түрлі бөлшектердің топтамасы емес, тұтас тұрған күрделі құрылымдық жүйе/структурное образование/. Ендеше біз сол құрылымның қозғалыссыз тұрған қалпын, ішкі заңдылықтарын да білуіміз қажет. Бұл тұста құрылымдық типологияның маңызды қызмет атқаратыны анық.

Нақтылы зерттеу барысында диахрондық пен синхрондық, тарихи типология мен құрылымдық типология бірін бірі толықтырып, тығыз байланыста болады.

Типологиялық зерттеудің осы айтылған теориялық мәселелері

фольклорға арналған ғылыми еңбектерде алдымен поэтикаға қатысты қарастырылып, іс жүзінде біртіндеп шешімін табуда.

Қазір поэтика мен типологияны жүйелі талдаусыз /системный анализ/ елестету қиын. Бұл екеуі іс жүзінде медальдің екі жағы сияқты. Себебі типологиялық зерттеу фольклордағы ұқсастықтарды жай ғана салыстыра қарастыруды мақсат етпейді, ол тарихи-поэтикалық процестің нәтижесінде өмірге келген заңдылықтар мен құбылыстардың пайда болу, даму, қайталану себептерін анықтауға қол созады.

Б.Н.Путилов тарихи поэтика мен тарихи типологияның бір-бірімен өрелесетін, өзара тірек болатын бес белгісін атап көрсетеді:

Біріншіден, олар фольклорды халық мәдениетінің төлтума саласы, өнердің айрықша түрі деп тануға көмектеседі.

Екіншіден, тарихи поэтиканың жаңа аспектілері мен тың міндеттерін пайымдауға жетелейді.

Үшіншіден, тарихи поэтикаға тарихи типология идеясы жалпыға ортақ қайталанудың заңдылықтарын, типологиялық кезеңдердің ауысуын, типологиялық жалғастық пен байланыстардың сыр-сипатын анықтауды жүктейді.

Төртіншіден, поэтиканың тарихи типологиямен тамырлас болуы тарихи типологиялық және бірыңғай құрылымдық талдаудың қажеттігін айғақтайды.

Бесіншіден, фольклордың поэтикасын жалаң форма ретінде ғана, немесе мазмұнды берудің құралы ретінде ғана қарастыруға тарихи типология жол бермейді. □

Осыған қарағанда поэтика мен типология типтік құбылыстарды анықтап қана қоймайды, солардың болу себептерін, өмір сүру заңдылықтарын да қадағалайды екен. Ал бұны айтуға жеңіл болғанымен, нақтылы зерттеу үшін бағыт-бағдар етіп ұстану қиынның қиыны. Дегенімен, осының бір іске асу жолын фольклорды тұтас жүйе ретінде танумен сабақтастырғымыз келеді.

Бұл фольклорлық процестің түрлі деңгейлеріндегі бөлшектердің, элементтердің, құрылымдардың, категориялардың, формалардың әлеуметтік ортаға лайық /мазмұн мен идеяға да/ өзара қарым-қатынасқа түсу, байланысу, ықпал ету арқылы бүтіндікті құрайтын заңдылықтар жиынтығы дегенге саяды. Бұлар

---

□ Путилов Б.Н. Современные проблемы исторической поэтики фольклора в свете историко-типологической теории // Фольклор: Поэтическая система. М., 1977.С.21

тарихи поэтика мен типологияның үнемі назарда ұстайтын бағыт-бағдары болмақ.

Қазақ фольклорын, әсіресе, эпостық жырларды зерттеуді осындай жүйелі талдау әдісімен ұштастыру қазіргі күн тәртібінде айрықша мәселе.

## **ТАРИХИ ПОЭТИКА – КӨРКЕМДІК ЖҮЙЕ**

Эпостың типтік белгілерін анықтау – бір ғана типологияның нысанасы емес. Ол тарихи поэтиканың да басты мақсаты. Эпостың дара бітімін, көркемдік заңдылықтарын жинақтай алмаған зерттеудің іс жүзінде типология аталуына хұқы жоқ, ол жай ғана салыстырудың топтамасы болып шықпақ. Ал типологиялық зерттеудің осы өзгешелігін тарихи поэтикасыз ұғыну тіптен де мүмкін емес. Онсыз типологиялық әдіс сыңаржақ күйде қала бермек.

Эпикалық текстің хас белгілерін ажырату үшін қолданылатын типологиялық зерттеу шығарманың түрлі деңгейінде жүргізілетіні, бір халықтың да, бірнеше халықтың да эпикалық мұраларының деректеріне арқа сүйетіні даусыз.

Алайда салыстыратын мәліметтер, типтік белгілер бір ұлттың өз ішінде анықталмай тұрып, оны өзге халықтардың мұрасымен сабақтастыру діттеген мақсатқа жеткізе бермеуі мүмкін. Осы күнге дейін түркі халықтарының эпосына қатысты жан-жақты типологиялық және поэтикалық жинақтаушылық мәні бар еңбектердің жарық көрмей жатуы да сондықтан.

Қазақ эпосының құрылымдық жүйесін /морфологиясын/ анықтап алмай тұрып, оның ұлтаралық типологиясын сөз ету арысы – асығыстық, берісі – типологияның мәнін бір жақты түсіну болып шығады. Мәселе, қазақ эпосының поэтикасы мен типологиясына тиеселі сюжеттер мен мотивтердің, композиция мен көркемдік тәсілдердің, образдар жүйесі мен бейнелеу құралдарының, т.б. бұрын сөз болған-болмағанына да емес. Олар ғылымның дамуына лайық ертелі-кеш қарастырылып келе жатқан тақырыптар. Ендігі мақсат осыларды поэтика туралы ғылымның қазіргі талап-тілегіне сай жүйеге түсіріп жинақтауда. Әрі осы бір күрделі ізденіс бағытының бірер зерттеудің көлемімен шешімін тауып кете қоюы да мүмкін емес екенін ескерткен орынды. Поэтика мәселесінің сонау Аристотель заманынан басталған зерттеу дәстүрінің көркем шығармамен бірге жасап келе жатқан

өміршең қағидалары бұдан былай да жаңғырып жалғаса беретіні даусыз.

Типологияның зерттеу мақсатына қарай тарихи-диахрондық және құрылымдық-синхрондық болып бөлінетіні мәлім. Ал енді дәл осылай жіктеу поэтикаға да қатысты, нақтырақ айтқанда осы екі бағыт та поэтиканы зерттеудің басты аспектілері.

Алдымен поэтиканың өзі түптеп келгенде фольклор мен әдебиеттің құрылымдық жүйесі, шығарманың текке, жанрға, жанрлық түрге лайық күрделі байланысқа түскен көрінісі. Оны зерттейтін ғылым да шығарманың көркемдік формалары мен құрылымы туралы болып шығады. Алайда көркемдік формалар ешқашан да дәуір тудырған мазмұннан, дәстүр табиғатынан бөлек өмір сүре алмайды. Оның үстіне әлеуметтік мән-мазмұн тарихи өзгеріс үстіндегі құбылыс. Сондықтан да поэтиканың осындай синхрондық аспектісі айналып келгенде диахрондық зерттеумен толысады.

Әсіресе, фольклор поэтикасын тарихи тұрғыдан түсіну аса қажет. Фольклор – алдымен тарих екіншісіндегі рухани мұра. Міне, осыдан келіп типологияның екі бағыты да поэтиканың тарихи және құрылымдық бітіміне арқа сүйейді. Себебі фольклор жанрларының «генезисі» ең алдымен осы формалар мен тәсілдерден көрінеді<sup>□</sup>

Тарихи поэтика –шынтуайтқа келгенде «генетикалық» поэтика.<sup>2</sup>

Бұл тұрғыдан келгенде поэтиканы эпостағы көркемдік формалар мен ұғымдардың шежіресі десек шындықтан алшақ кетпейміз.

«Тарихи поэтика» термині өткен ғасырдағы көрнекті ғалым А.Н.Веселовскийдің есімімен байланысты. Оның мақсаты – әдебиет пен фольклордағы көркемдік формалардың объективті түрде пайда болу, қалыптасу және даму жолдарын қарастыру болатын. Бұл ретте тарихи поэтика дәйектемелерінің бірден-бір тірегі салыстырмалы деректер екенін ғалым жақсы түсінді. Осының негізінде А.Н.Веселовский поэзияның алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі синкретизмнен бөлініп шығуы, тегі мен жанрларының жіктелуі, поэзия тілі мен стилінің қалыптасуы, сюжеттің пайда болуы мен эволюциясы, поэзияның қоғамдық қызметі сияқты тарихи поэтиканың күре тамырларына дендеп

---

<sup>□</sup> *Кравцов Н.И.* Историческая поэтика фольклора // Фольклор: Поэтическая система. М., 1977.С.11.

<sup>2</sup> *Кравцов Н.И.* Историческая поэтика фольклора // Фольклор: Поэтическая система. М., 1977.С.11.

барды.

Эпос, лирика, драма дегендеріміздің әлі іргесі бір-бірінен ашылмай, поэзияның көркемдік қызметтен гөрі әдет-ғұрыптық /обряд/ мәні, даралық сыпатына қарағанда көпшілік белгісі /хормен айту/ басым тұрған кезеңі ғалымның пікірінше синкреттік дәуірдің нышандары.<sup>1</sup>

Ал кез-келген көркемсөз өнерінің арғы тегін анықтағымыз келсе мұны айналып өте алмаймыз.

Әрине, байырғы синкретизмнің қанадй болғандығы осы айтылғандармен шектелмейді. Ғылымның дамуы, әр елдің деректерінің жыл сайын тыңнан қосылып жатуы бұл ұғымды үнемі түзетіп, толықтыру үстінде.<sup>2</sup>

Қалай болған күнде де, фольклор мен әдебиеттің толып жатқан жанрлары мен түрлерінің, көркемдік пішіндері мен құралдарының, сюжеті мен поэтикалық формулаларының бастау көзі байырғы синкретизмге барып тірелетіндігі дау тудырмайды. Тарихи поэтиканың өміршеңдігі сонда – осыларды нақтылы жанрларға қатысты тарату. Онсыз дәстүрлі көркемдік формалардың өмір сүру заңдылықтарын, жанр, жарнлық түр, қала берді жалпы фольклорлық процесс аясында түсінуіміз мүмкін емес.

Поэтиканы сөз ету барысында батырлық жырға дейінгі миф, ертегі, аңыз, көне эпос деректеріне қарайлай беру себебіміз де содан.

Поэтиканы тарихи бағытта қарастырудың тәжірибесі жетерлік. Бұл жолда В.М.Жирмунский, О.М.Фрейденберг, В.Я.Пропп, Е.М.Мелетинский, М.И.Стеблин-Каменский, А.Я.Гуревич, Д.С.Лихачев, М.М.Бахтин, Н.И.Конрад, С.С.Аверинцев т.б. еңбектері іс жүзінде поэтиканың «генетикалық» аспектілерін түрлі ұлттық фольклор мен әдебиет деректерінің негізінде іздестірудің тәжірибесін қалыптастырады.

Бұған қоса тарихи поэтиканың қол жеткізген теориялық жетістіктерін арнайы жинақтаған еңбектер де жарық көрді.<sup>3</sup>

---

<sup>1</sup> Веселовский А.Н. Историческая поэтика. М., 1989. С.155-299.

<sup>2</sup> Қараңыз: Жирмунский В.М. Задачи поэтики //Теория литературы. Поэтика. Стилистика. Л., 1977. С.15; Сенькі. А.Н.Веселовский и сравнительное литературоведение Л., 1979. С.128; Горский И.К. Об исторической поэтике А.Веселовского // А.Н. Веселовский. Историческая поэтика. М., 1989. С.23.

<sup>3</sup> Историческая поэтика. Итоги и перспективы изучения. М., 1986; Фольклор: Поэтика и традиция. М., 1982; Хранченко Б.М. Историческая поэтика: основные направления// Контекст-1983. М., 1984. С.5-19; Мелетинский Е.М. Введение в историческую поэтику эпоса и романа. М., 1986; Михайлов А.В. К проблеме исторической поэтики // Проблемы исторической поэтики в истории немецкой культуры. М.,1989. С.6-64.

Ал фольклордың құрылымдық жүйесін мезгіл мен мекеннен тыс, шығарманың өз ішіндегі бүтіндік құрайтын категорияларын жинақтаумен, текстiң iшкi ұйымдастыру логикасын ажыратумен құрылымдық-симиотикалық /структурно-симиотический/ зерттеу әдісінің айналысатыны белгілі.

Тарихи поэтика мен құрылымдық әдісті бір-біріне қарсы қоюдың қажеті шамалы /көп жағдайда солай болып келе жатыр/. Себебі екеуінің шешетін мәселелері екі түрлі.<sup>1</sup>

Құрылымдық талдау шығу тегі бір болмаса да қызметі /функциясы/ үндес құбылыстарды жинақтауға таптырмайтын әдіс. Ол көркем шығарманы бүтін құбылыс ретіне қарай отырып, бөлшектерін қызметіне қарай блоктарға /функциональные блоки/ жіктеп, рет-ретімен орналастырып жинақтайды.

Мұның қажеттілігі, әсіресе мынада: не нәрсенің қайдан қалай пайда болғанын, яғни оның тарихи кілтін іздеу үшін алдымен сол нәрсенің өзі не және неден тұрады деген сауалдарға жауап іздеуден басталуы керек.

Осындай ізденістің айқын бір классикалық үлгісін жасаған В.Я.Пропп болды. Оның екі еңбегі – алдымен жазылған «Ертегі морфологиясы» /М., 1928/ және соған жалғасқан «Қиял-ғажайып ертегінің тарихи негіздері» /М., 1946/ деген зерттеулері шын мәнінде құрылымдық және тарихи ізденістердің бір-біріне іштей заңды жалғасқан іс жүзіндегі көрінісі еді.

Сөйтсек шығу тегі әртүрлі мотивтер мен кейіпкерлердің текстегі функционалдық қызметі ұқсас бола береді екен. Демек, белгілі бір құбылыстың пайда болу себебін анықтаумен іс бітпейді, енді сол құбылыстың түрлі жанр табиғатына икемделу барысындағы нақтылы қызметін, өзге көркемдік компоненттермен ара қатысын да ажырату қажеттілігі туындайды. Бұл түптеп келгенде жанрдың өзін тану болып шығады. Құбылыстар мен көркем формалар шыққан тегіне қарай емес, нақтылы жанрдағы қызметіне қарай да топтастырылатыны осыдан келіп шығады.

Өкінішке орай, талай тарихи тақырыптарға барып жүргенімізбен фольклор жанрларының құрылымдық жүйесін, В.Я.Пропп қолдаған мағынасындағы морфологиясын ажырату қазақ фольклорында ертегіден басқа жанрларға қатысты әлі қолға алынған жоқ. Бұл да бір қазіргі фольклортану ғылымының алдында тұрған кәделі міндет.

---

<sup>1</sup> *Е.М.Мелетинский*. К вопросу о применении структурно-семиотического метода в фольклористике// Семиотика и художественное творчество. М., 1977. С.152.

Қазіргі кезде «поэтика» деген терминнің өзі нақтылы зерттеулерге келгенде екі түрлі мағынада қолданылып келе жатыр. Бірін поэтиканы сөз өнеріндегі түрлі көркем формалардың өзара байланысқа түскен жиынтығы /сюжет, мотив, композиция, стиль, өлең құрылысы, көркемдік бейнелеу құралдары мен тәсілдері, т.б./ деп түсінеміз де екіншісі осы аталған компоненттермен қоса шығарманың тегі, жанры, шындықты бейнелеу жолдары, көркемдік жадының /память/ ролі, т.б. деп ұғамыз. □

Поэтика деген мұндай түсініктің туу тарихын іздеп отыру біздің міндетімізге жатпайды. Ондай зерттеу осы ұғымның теориялық та, іс жүзіндегі де қолданылу аясын арнайы қарастыруды мақсат еткен еңбектің үлесіне тиесілі. Оның үстіне, өзге халықтардың зерттеулерін былай қойғанда, қазақ ғалымдарының да бұл салада өзіндік ізденістері жоқ емес.

Қ.Жұмалиевтің, З.Ахметовтың, З.Қабдоловтың, Р.Нұрғалиевтің, М.Атымұмовтың, Т.Әбдрахманованың фольклордың жекелеген жанрларына қатысты, С.Қасқабасовтың, О.Нұрмағанбетованың, Б.Әзібаеваның т.б. әдебиет пен фольклордың поэтикасын шығарманың тіл кестесі, өлең құрылысы, құрылымы, образдар жүйесі, сюжеті деңгейінде қарастырған зерттеулері жарық көрді.<sup>2</sup>

Түркі халықтарының батырлық жырларын зерттеген еңбектерге де дәл осындай жағдай тән. Поэтиканы эпос тілі мен стилінің деңгейінде де, сюжеттік-композициялық құрылымының ерекшелігімен де жинақтаған зерттеулер жазылды.<sup>3</sup>

Міне, көркем шығарма болмысының күретамыры сияқты поэтика бағытындағы ғылыми ізденістеріміздің бәрі бүгінгі

---

□ Бұл туралы қараңыз: Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. М., 1979. С. 3; Аверинцев С.С. Поэтика ранневизантийской литературы. М., 1977. С. 3; Селиванов Ф.М. Поэтика былин. М., 1977. С. 3; Лазутин С.Г. Поэтика русского фольклора. М., 1989. С.5; Михайлов А.В. Проблемы исторической поэтики в истории немецкой культуры. М., 1989. С.18-23.

<sup>2</sup> Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1960; Ахметов З. Казахское стихосложение. Алма-Ата, 1964; Соныкі. О языке казахской поэзии. Алма-Ата, 1970; Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы, 1970; Нұрғалиев Р. Поэтика драмы. Алма-Ата, 1979; Соныкі. Айдын. Алматы, 1985; Атымұмов М. Қазақ романдарының поэтикасы. Алматы, 1975; Әбдрахманова Т. Қасым Аманжоловтың поэтикасы. Алматы. 1975; Қасқабасов С. Поэтика мәселелері // Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984. 237-258-б; Нұрмағанбетова О.А. Поэтика эпоса «Кобланды-батыра» // Казахский героический эпос «Кобланды-батыр» Алма-Ата, 1988. С.104-166; Азибаева Б.У. Казахские народные романтические дастаны. Алма-Ата, 1990. С.30-115.

<sup>3</sup> Мақсетов Қ. Қарақалпақ қаһармандық дастандарының поэтикасы. Ташкент, 1965; Короглы Х.Г. Поэтика дастанного эпоса // Проблема фольклора. М., 1975. С.131-143; Бегалиев С. Поэтика эпоса «Манас». Фрунзе, 1980; Қырбашиев К. «Манас» эпосунун стили. Фрунзе, 1983; Байсклан С.М. Поэтика тувинского героического эпоса. Кызыл. 1987; Каррыева А. Поэтическая система эпоса «Героглы». Ашхабад, 1990; Велиев К. Дастан поэтикасы. Бақы, 1984; Ализаде М.И. Поэтика эпоса «Китаби-Деде Коркут». Баку, 1991, т.б.

әрекетіміздің көрінісі ғана емес, бұдан былайғы атқарар ісіміздің де тірек-негізі. Төл эпикалық мұрамыздың көркемдік кестесіне қатысты келелі проблемаларын соза түсуге болар. Оның ұшы-қиыры жоқ. Әрі бүгін дұрыс болып, көкейімізге қонған ой-пікірлердің ертең басқа арнаға түсіп, бірі орнығып жатса, екіншісінің ұмыт болып жатуы да табиғи жағдай. Алайда қандай ой-пікір, ізденіс болса да о баста өшу үшін емес, өмір сүремін деген үмітпен дүниеге келмек. Оның өміршеңдігін өлшейтін тек уақыт таразысы. Ал ненің болса да сыр-сипатын ғылыми зерделеу – я бұрынғы ізденістің тереңдетілген жалғасы ретінде, я оны теріске шығарып орнын иемдену арқылы болатыны да даусыз. Қалай болған күнде де даму үшін екеуінің де маңызы зор.

Бұл жерде поэтиканың онысы дұрыс, мұнысы бұрыс деген мәселелерге түсіп алғаннан гөрі, батырлық жырдан нені анықтағымыз және қалай анықтағымыз келеді, осыған ойыссақ. Поэтиканың үлгі-өлшемдерін күні бұрын кесіп-пішіп алу емес, мақсатымызға қарай поэтика үрдісінің несі бізге қызмет ете алады деген пәтуаға ден қойсақ. Онсыз поэтиканың ұзын-ырғасына шығу қиын.

Бұл ретте қазақ эпостану ғылымының бірден-бір шешімін табуы тиіс-ау деген негізгі мәселелерінің қатарына мыналарды жатқызар едік:

1. Тарихи дәуірлер /қыпшақ, оғыз-қыпшақ, ноғайлы. т.б./ мен эпос бейнелеген дәуірдің арақатысы қалай сипатталды; бұлардың арасындағы айырма неде, оны жырлаудағы поэтикалық дәстүрдің типтік белгілері қандай, тарихи мезгіл мен мекеннің эпос әлеміне көшірілу, олар туралы ұғымдардың сақталу жолы қалай; жырды айтушының жыр оқиғасына, ондағы тарихи мерзім мен жер-су атауларына мәмілесі қандай, солардың бәрін нақтылы білгендіктен жырға қоса ма, әлде толық білмесе де эпикалық дәстүрге сүйене ме; халықтың тарихи жады мен жанр формасының арақатысы қандай, мезгіл мен мекен ұғымдарының типтендіріліп, жинақталып, қысқарып, ұзарып, жылдамдап, баяулап, жақындап, алыстап отыруы реалды уақыт және кеңістік өлшемдерімен барабар ма, әлде шартты, жанр бітіміне бағыныдырылған ба; дәуір туралы ұғымның тұтастануға /циклизация/ қатысы қандай, міне, әлі де толық тізбеленіп бітпеген осы сауалдардың күн тәртібіне қойылатын мезгілі жетті.

Бұлардың шешімі, сөз жоқ, поэтика категорияларынсыз жүзеге асуы мүмкін емес. Нақтылай түссек, мұның кілті шығарманың

шындықты бейнелеу, көркем тұрғыдан игеру жолын айқын куәландыратын уақыт пен кеңістік ұғымының жанр аясындағы поэтикалық бітімінде жатыр.

Демек, бұл жерде біз поэтиканы көркемдік формалардың /сюжет, мотив, бейнелеу құралдары, композиция т.б./ ғана жекелеген деңгейлері, не болмаса солардың ғана жиынтығы деп ұға алмаймыз. Онан гөрі шындықты бейнелеудің эпостағы көркемдік әдісі мен тәсілі, жанрды жанр ететін өзегі /канон емес/ деп түсінеміз. Мұны жанрдың қағидасына айналған ереже каноны демеуіміздің себебі жанр категориясы тек орныққан ережелерден ғана тұрмайды, ол тұрақты мен тұрақсыз, жойылатын мен пайда болатын ұғымдардың, бөлшектердің диалектикалық қарым-қатынасының бірлігі. □

Жанрдың өзгермейтін мінездемесін ғана емес, өзгермелі, өтпелі белгілерінен де бірлікте қарастыру – тарихи поэтиканың міндеті.

Осы орайда поэтика ұғымының ауқымына қатысты М.Б.Храпченконың пікіріне ден қоялық: «Тарихи поэтиканың мақсаты – шындықты көркем тұрғыдан игерудің әдісі мен тәсілдерін, олардың әлеуметтік-эстетикалық қызметін, көркемдік жаңалықтардың тағдырын кең ауқымда қарастыруында деп сипаттауымызға болады.<sup>2</sup>

Алайда осындағы табан тірейтін ұғым, тегеуренді тәсіл қайсы болмақ? Белгілі бір құбылыстың тегін тектеуге болатындай, негізгі формасын көңілге ұялататындай уақыт пен кеңістік бейнесі, тарихи мерзім мен жанр сипаты сияқты поэтиканың «ірі өлшемдері» бәрібір шығарманың нақтылы формаларына жүгінеді.

Міне, сондықтан да, көркемдік формалардың жиынтығын қандай деңгейде, қандай мәселемен байланысты қарастырамыз деген мәселе поэтика ұғымының түрлі ауқымда, тар, я кең мағынада қолданылуының көрсеткіші болып шығады. Біз үшін нақтылы көркемдік формалар – поэтикалық зерттеудің негізгі арқа сүйейтін тірегі, анализ бен синтез жасаудың тәсілі мен дәйектеме материалы. Бірақ олардың өзара тіркесуінің нәтижелерін тілдік-стильдік деңгейден бастап мотив, сюжет, жанр, жанрлар жүйесі, ұлттық фольклордың бітіміне дейінгі сатыларға шығарып қарастыру алға қойған мақсатымызға байланысты.

---

□ Поляков М. Историческая поэтика и теория жанров // Вопросы поэтики и художественной семантики. М., 1978. С.229.

<sup>2</sup> Храпченко М.Б. Историческая поэтика..., С.13

2. Енді эпостың сюжеттік деңгейіне төмендеп көрейік. Сюжеттің жанр бітіміне қатысы қалай; сюжет пен шындықтың арақатысы немен сипатталады; ұқсас /тектес/ сюжеттер мен мотивтердің тарихи кезеңдердің оқиғасына, түрлі жанрға ортақ болуының себебі неде; сюжеттің ішкі құрылымындағы, жүйесіндегі тұрақты және тұрақсыз бөліктері қайсы; мотив пен көркемдік бейнелеу тәсілдері сюжет аясында қалай қызмет етеді деген тәрізді сюжет деңгейіне қатысты сұрақтардың қойылу тәртібі поэтиканы «көркемдік формалардың жиынтығы» деген мағынасына жақындатады.

Бірақ осы сұрақтардың қойылысына қарап «жиынтық» деген ұғымға анықтама енгізуге мәжбүрміз. Себебі көркемдік формаларды /сюжет, мотив, бейнелеу тәсілдері т.б./ жай ғана жинақтаудан олардың жауабы шыға қоюы қиын. Мәселе бұл жерде осылардың сюжет деңгейінде өзара қарым-қатынасқа түскен функционалдық қызметін, аралық байланысын ажыратуда. Демек, көркемдік формалардың жиынтығы ғана емес, олардың ішкі-сыртқы факторларға лайық жанр шеңберіндегі көркемдік жүйе құрау өзгешелігін бажайлау күрделі сауалдардың шешіміне бастайтын жол болмақ. Поэтикаға артатын жүгіміздің тағы бір салмағы осындай.

Біздіңше, маңыздысы поэтиканы қай мағынада қолданатынымыз емес, қандай мақсатқа жұмсайтынымыз. Осы орайда «жүйе», «функция», «деңгей» деген ұғымдарға да нақтылы тоқтала кету артық емес.

Ж ү й е /система/ – өзара байланысты компоненттердің тұтастығы. Оны бүтін ретінде өзге жүйелермен шендестіретін болсақ тұрақты, дербес белгілерін байқай аламыз. Жүйенің ішкі бүтіндігі оны құрайтын компоненттердің органикалық байланысынан келіп шығады. Осының нәтижесінде компоненттердің жеке-дара тұрған кезіне тән емес қасиеті пайда болады.

Жүйе тұйықталған құбылыс емес, оның дербестігі салыстырмалы түрде ғана. Жекелеген компоненттердің де, тұтас жүйенің де қоршаған ортамен тікелей де, жанамалы түрде де байланысатын «көздері» бар. Кез-келген жүйе өзінен жоғары тұрған жүйенің құрамына ене алады, сөйтіп оның компонентіне /подсистема/ айналады. Өз кезегінде жеке компонентті жүйе

ретінде қарауға болады. □

Поэтиканы зерттеуде ғалымдардың қазіргі кезде аса қатты ден қойып отырған мәселелерінің бірі – әдебиеттану мен фольклортану ғылымдарында жиі аталып жүрген жүйелі талдау /системный анализ/ проблемасы. Жүйеліліктің өзі шығарманы талдауға ғалымдар ойлап тапқан өлшем, я болмаса арнайы үлгі емес. Ол іс жүзінде өмір сүріп келе жатқан реалды құбылыс. Анығырақ айтқанда әдеби, не фольклорлық процестің өзі тұтастай алғанда түрлі ауқымдағы бөлшектердің, құбылыстардың күрделі, табиғи байланыстарынан тұратын жүйе. Демек, фольклорды тұтас эстетикалық жүйе ретінде қарастырудың өмірлік негізі бар.<sup>2</sup>

Жүйелілік фольклорлық, болмаса әдеби процестердің барлық деңгейлеріне қатысты. Мәселен, жанрдың немесе бірнеше жанрлардың жүйесі, шығарманың поэтикалық жүйесі, көркемдік бейнелеу тәсілдерінің жүйесі т.б. туралы сөз қозғауға әбден болады. Ендеше жүйе дейтіндеріміздің өзі фольклорлық шығарманың түрлі деңгейлеріне байланысты әр түрлі ауқымда өмір сүретін құбылыстар екен. Сондықтан біз бір-біріне бағынышты иерархиялық тәртіппен орналасқан, тығыз байланысты, өзара бірін-бірі толықтырып отыратын бірнеше жүйелер туралы айта аламыз. Алайда жоғары деңгейдегі жүйелерге /мәселен, жанрлар жүйесіне/ төменгі деңгейдегі жүйелер /көркемдік бейнелеу құралдары/ бағынышты болады, яғни соның бір тармағы ретінде /подсистема/ өмір сүреді.

Көркем шығарманы жүйе түрінде қарастыру оның түрлі құрамдас бөліктерін бір-бірінен байланыссыз алып, сол арқылы бүкіл шығармаға қатысты біржақты қорытындылар жасаудан сақтандырады. Мұнан шығарманың жекелеген бөлшектерін қарастыруымыз керек екен деген ұғым тумауы тиіс. Керісінше, жан-жақты, тұтас, мейлінше толық қарастыруымыз қажет. Жүйелі талдаудың мақсаты да осында. Алайда зерттеп отырған объектіміздің текстегі иерархиялық орнын, өзгелермен ара қатысын, өзінен жоғары деңгейлерге бағынышты екендігін естен шығаруға болмайды. Анығырақ айтқанда бүтіннің нақтылы бір бөлшегі ретінде анықтауымыз керек. Өкінішке орай, эпикалық шығармалардың шығу дәуіріне байланысты айтылған ой-пікірлердің көбі жер-су, кісі аттарының ұқсас аталуына, кейбір

---

□ Қараңыз: *Нигматуллина Ю.Г.* Методология комплексного изучения художественного произведения. Казань, 1976. С.12

<sup>2</sup> Қараңыз: *Храпченко М.Б.* Художественное творчество, действительность, человек, М., 1978. С.330

түсініктердің, эпос оқиғасының тарихи оқиғалармен шамалас болуына қарай негізделіп келе жатыр. Бірақ бұл жеткіліксіз.

Жеткіліксіз болатыны – шығарманың өзі тұтас тұрған құрылымдық жүйе екендігі және оның өзгеру үстінде болатыны назардан тыс қалған. Зерттеуші өзіне қажетті, өз көзқарасына ғана сәйкес келетін жекелеген бөлшекті алады да, оны бүтіннен бөліп тастайды. Мұндай жағдайда нені дәлелдегіміз келеді, қалай дәлелдегіміз келеді – бәрі де біздің субъективті ой-пікірімізге қызмет етеді. Мәселен, көне түсініктер, этнонимдік, топонимдік атаулар мен ұғымдар, мифтік, аңыздық желілер іс жүзінде дара өмір сүріп келіп, бергі замандарда да эпосқа арқау бола беруі мүмкін ғой. Тіптен XVIII-XIX ғасырлардағы тарихи жырлардан да мұндай өзгешеліктерді ұшыратуға болады.

Демек, фольклордың шығу, қалыптасу кезеңдерін тұтас бақылау барысында, бөлшекті бүтінмен диалектикалық қарым-қатынаста қарастыру арқылы ғана жеке формалардың қызметін толығырақ анықтай аламыз. Шығармаға жүйелі құбылыс ретінде келу – оның жекелеген бөліктерінің қызметін аса жоғары көтермелеуге де, не ескерусіз қалдыруға да жол бермеуге тиіс.

Рас, бұл тұрғыдан келгенде жүйелі зерттеудің ішкі методикалық тәсілдері түрлі сипатта болмақ. Мәселен, фольклорлық текстің төменгі деңгейлерін /көркемдік бейнелеу құралдары, поэтикалық тәсілдері т.б./ зерттеу үшін қазіргі кезде жүйелі – аналитикалық /системно-аналитическое/ тәсіл қолданылып келе жатыр. □

Мұнда жекелеген поэтикалық тәсілдер мен бейнелеу құралдарының /мәселен эпиттердің, теңеулердің, т.б./ текстегі қызметін анықтау үшін белгілі бір мақсатқа бағытталған сандық көрсеткіштердің нәтижелеріне сүйену бар. Сол арқылы көркемдік бейнелеу құралдарының нақтылы бір шығармадағы атқаратын қызметін тұтастай, жүйелі түрде сипаттауға мүмкіндік туады. Бұл ретте сандық көрсеткіштер еш уақытта да жеке дара алынып, тек соның өзінен ғана маңызды қорытындылар жасалмайды. Олай болған жағдайда аналитикалық зерттеудің пайдасы аз. Тіптен ол

---

□ Бұл туралы қараңыз: *Алиева А.И., Астафьева Л.А., Гацак В.М.* /руководитель работы/ и др. Опыт системно-аналитического исследования исторической поэтики народных песен // *Фольклор: Поэтическая система.* М., 1977. С. 42-105; *Шталь И.В.* Принципы распределения эпитета в гомеровском эпосе /к типологии художественного мышления// Там же, С. 172-192; *Гацак В.М.* Поэтика эпического историзма во времени// *Типология и взаимосвязи фольклора народов СССР. Поэтика и стилистика.* М., 1980. С.8-47; *Сонькі.* Устная эпическая традиция во времени. М., 1989; *Ибраев Ш.* Художественно-определяющая система героического и романического эпоса тюркоязычных народов // *Типология и взаимосвязи фольклора.* С. 208-227. и др.

жалаң цифрлардың көрсеткішіне айналған жалған қорытындыға апарып соқтырар еді. Әңгіме бұл жерде сандық көрсеткіштердің ең алдымен типологиялық заңдылықтарды анықтауға көмекші, қосымша тәсіл ретінде қолданылатындығы туралы болса, екіншіден, олар шығарманың төменгі деңгейлерін зерттеуде ғана тиімді болатындығы жайлы. Мәселен, эпитеттердің, болмаса теңеулердің тұтастай алғандағы белгілерін нақтылы бір шығармаға, тақырып пен идеяға, мазмұнға тиісті қызметін анықтамақ болсақ, әр эпитетке жеке-жеке тоқталып отыру мүмкін емес. Тоқталған күннің өзінде белгілі бір жүйеленген нәтиже бермеуі мүмкін. Мысалы, «ақ сауыт» деген тіркес ғашықтық эпостарда да, батырлық жырда да кездесе береді. Жеке тұрған осы эпитетті эпостың қай жанрлық түріне, соның ерекшелігіне жатқызар едік? Әрине, мазмұнына қарап батырлық жырдың жанрлық өзгешелігіне теліміз. Ал сан жағынан қайсысында басым екендігін анықтасақ, ол дәлеліміз әрі сенімді, әрі нақтырақ болар еді. Оның үстіне әрбір жеке эпостық шығарманың ішкі жанрлық сипаттары мен ерекшеліктері де біркелкі емес қой. Осы күнге дейін біз сыртқы белгілеріне қарап, мынау батырлық жыр, мынау лиро-эпос деп жүргендеріміздің ішінде осы екеуінің де аралас жүрген қасиеттері бар емес пе?! Жалпы біз осылардың арасын бөліп тастағанымызбен, олар іс жүзінде томаға тұйық тұрған жүйе емес. Демек, жанры жағынан әр түрлі шығармаларда бірдей ұшырасатын көркемдік бейнелеу құралдарының қызметі әрбір жеке шығармада дәл сол қалпында сәйкес келе бермейді. Онсыз эпостар мазмұны, идеясы, жанры, құрылысы, т.б. бойынша әр түрлі болмас еді.

Сондықтан да фольклорлық текстердің төменгі деңгейлері болып саналатын көркемдік бейнелеу құралдарының сырттай байқала бермейтін түрлі қызметтерін типологиялық жолмен анықтауда жүйелі-аналитикалық талдау нақтылы нәтижелерге жеткізбек және ол поэтиканы зерттеуге көмеші міндет атқарады.

Біз өз ізденістерімізді хал-қадерімізше әлгіде тізбелеген сауалдардың төңірегіне жинақтайтын болғандықтан поэтикалық жүйені жанр және сюжет деңгейінде қарастыруға ойысамыз. Ал шығарманың мұнан төменгі деңгейлері біз үшін бағынышты компоненттер /подсистема/ ретінде көрініс табады. Біздіңше, эпос морфологиясының ұрымтал тұсы кейіпкер әрекеті мен оқиғалар тізбегінде басымырақ шоғырланған.

Қалай болған күнде де эпостағы уақыт пен кеңістік, сюжет пен

мотив мәселелерін зерделей отырып, бұлармен салыстырғанда ауқымы мен деңгейінің тәуелді қызметі басым тұрған поэтикалық тіл жүйесін бұлармен қатар қою, іс жүзінде арқалар жүгі, көтерер салмағы, атқарар қызметі тең емес бөлшектерді теңестіру болып шығар еді.

Поэтикалық жүйенің маңызы сонда – әр компонентті әуелетпей де, төмендетпей де өз орнында анықтау, бірінің көтерген жүгін екіншісіне апарып қосақтамау болса керек. Оның үстіне қазақтың халық поэзиясының тілдік кестесі өз деңгейі мен мақсатына қарай жеке поэтикалық жүйе ретінде қарастырылып келеді.<sup>□</sup>

Ф у н к ц и я – жүйенің тұрақтылығы мен қарым-қатынасын белгілейтін, оның ішкі және сыртқы байланыстарының мінездемесі. Функцияның осы философиялық анықтамасын поэтика ұғымына лайықтап алар болсақ, уақыт пен кеңістік категорияларының жанрлық дәстүрге бағынған қызметі, мотивтердің сюжет құраудағы қызметі, бейнелеу құралдарының қызметі т.б. болып шығады.<sup>2</sup> Әрі осындай категориялардың мән-маңызын өзара да, жалпы сыртқы дүниеге де /әлеуметтік, саяси, қоғамдық, дәуірлік т.б./ қатысты жинақтауға мүмкіндік бар. Бұлар белгілі бір деңгейде тұрақты қасиеттерге ие.<sup>3</sup>

Бұл жерде В.Я. Пропптың ертегі кейіпкерлерін жүріс-тұрысына қарай функционалдық тәртіппен топтастыруы осы жанрдың бүкіл сюжеттік құрылымының тұрақты белгілерін анықтап алуға жол ашқанын айтсақ та жеткілікті. Демек, функцияны шығарманың жүйе құрайтын құрылымдық байланыстарының типін, мінездемесін сипаттайтын, болмыс-бітімін көрсететін көрнекті айғақ десек болғандай.

Д е н г е й /уровень/ – жүйені /бүтінді/ құрайтын компоненттердің /бөлшектердің/ бағыну тәртібіне, атқаратын қызметіне және мән-маңызына қарай жіктелуі. Деңгей көркем шығармадағы сөзден бастап көркемдік әдіске дейінгі, нақтылы формадан бастап дерексіз абстракциялық ұғымдарға дейінгі аралықты мән-маңызына қарай бірнеше сатыға жинақтап қарастырады.

---

<sup>□</sup> Ахметов З. О языке казахской поэзии. Алма-Ата, 1970. С. 6-63; *Сонькі*. Өлең сөздің теориясы. Алматы, 1973; *Негимов С.* Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. Алматы, 1992.

<sup>2</sup> *Трошин Д.М.* Методологические проблемы современной науки. М., 1966. С. 71. Тағы да қараңыз: *Нигматуллин Г.* Көрсетілген еңбек, 13-б; *Путилов Б.Н.* Современные проблемы исторической поэтики фольклора в свете историко-типологической теории // *Фольклор: Поэтическая система*. М., 1977. С. 17.

<sup>3</sup> *Нигматуллина Г.* Көрсетілген еңбек, 13-б.

Тегінде көркем шығармаға қарасты деңгейлердің ауқымы өте кең. Мәселен, Г.Нигматуллина мындай үш деңгейді бөліп көрсетеді: 1. Поэтика. 2. Көркем образ. 3. Көркем шығармашылықтың типологиясы.<sup>1</sup> Бұлар көркем сөзден басталып әдебиеттің әдіс, ағым, шығармашылықтың типі деген жерден барып тоқтайды. Алайда осы жіктеуде поэтика ұғымы тілдік деңгейде ғана қалып қойған /ассоциация, құбылту, көркем сөз/. Сюжет пен композиция, жанр мен жанрлық түр оның ауқымына енбеген.

Поэтиканың аз дегенде жанр деңгейіне дейін қатысы бар. Бұл жерде М.Бахтиннің «әдебиеттің даму процесінде жанр шығармашылықтың өкілі ретінде «тарихи поэтиканың» бел ортасында тұрады» дейтін пікіріне ден қоюға болады.<sup>2</sup> Жанр жүйесінде тарихи поэтиканың үлесі үлкен. «Кез-келген фольклорлық шығарманың толық мәнін жанрсыз ажырату мүмкін емес. Сондықтан да жанр категориясының поэтика үшін айрықша маңызы бар», - дейді Б.Н.Путилов.<sup>3</sup>

Біздіңше, фольклор шығармасын тарихи поэтиканың мәніне қарай екі деңгейге бөлуге болады:

#### **I. Поэтикалық тіл.**

1. Көркем сөз /ажарлау, құбылту, айшықтау, машықтар, т.б./
2. Өлең өрнегі /ырғақ, ұйқас, өлшемдер, т.б./
3. Стиль

#### **II. Жанр поэтикасы**

1. Көркем уақыт пен кеңістік
2. Сюжет пен мотив
3. Композиция
4. Көркем образ /жинақтау, даралау, тартыс, т.б./

Асылында, поэтиканың осылай жіктелуі оның екі түрлі мағынада қолданылып келе жатқандығын, екі деңгейін аңғартса керек. Біздіңше, бұларды бір-біріне қарсы қоюдың қажеті жоқ. Әділін айтқанда, фольклордан тарихи поэтиканың қандай сыр-сипатын саралап ажыратқымыз келеді, поэтиканың бұл деңгейлері солардың шылауында жүргені абзал. Поэтика көркем шығарманың болмыс-бітімін айғақтайтын категориялардың жиынтығы ғана емес, сол объектінің белгілерін даралайтын өлшем-пішіндері, шындықты бейнелеудің дінгегі ғана емес, сол шындықтың көркем

<sup>1</sup> Нигматуллина Г. Көрсетілген еңбек. 18-б.

<sup>2</sup> Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. М 1972. С. 233.

<sup>3</sup> Путилов Б.Н. Современные проблемы исторической поэтики фольклора в свете историко-типологической теории, с.15

шығармадағы «заттанған» көрінісі.

Бұл ретте ұдайы өзгеріс үстінде болатын жанрдың «жанды организмін» жүйе ретінде қарап, оны деңгейлерге бөліп, функциясына қарай жіктеу іс жүзіне өмірде бар күрделі көркемдік-эстетикалық жүйенің табиғатына зерттеудің мейлінше жақындау әрекетін, тірек ететін әдіс-тәсілін мүмкіндігінше шығармаға ыңғайлаудан деп түсінеміз. Сондықтан да шығарманың табиғатынан туындайтын ұғымдар көркемдік дәстүрдің де, оны зерттейтін ғылымның да тіренер тірегі, тілге тиек айғағы болса керек.

# БАЙЫРҒЫ ЭПОС ПЕН БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАР

## ЭПОСТЫҢ ЕЖЕЛГІ АРНАСЫ

Кейінгі замандардағы эпостық дәстүрге, әсіресе, батырлық жырларға негіз болған, ең ежелгі замандарда қалыптасқан жырдың түрі – ал көне эпос. Оның өзгешеліктерін зерттеу, өзге жанрлармен байланысын анықтау – жалпы эпос жанрының пайда болу тарихымен тығыз байланысты.

Көне эпостардың типологиялық ерекшеліктерін анықтауға В.Я.Пропп, В.М.Жирмунский, Б.Н.Путилов, Е.М.Мелетинский, Ж.К.Лебедева сияқты ғалымдар атсалысып келеді. Сондай-ақ М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаевтың еңбектері де эпостың бұл түрінің белгілерін, батырлық жырға арқау болған желілерін ажыратуға үлкен септігін тигізеді. Осының негізінде Р.Бердібаев көне эпостарды жеке жанрлық түр ретінде арнайы қарастырды. Қазіргі кезде бұл эпостарды жүйелеудің тәжірибесі қалыптаса бастады деп айтуымызға әбден болады.

Ғылыми зерттеулердің нәтижесіне үңілетін болсақ, ең алдымен байқалатыны – көне эпостың синкреттік сипатының басым екендігі. Атап айтқанда мұнда фольклордың өзге жанрларының үлкен роль атқаратындығы, әсіресе, мифтің, ертегінің, аңыз-әңгімелердің, тұрмыс-салт жырларының тұтас көрінуі байқалады. Оның үстіне ежелгі замандардағы ру мен тайпалардың әдет-ғұрпы, салты, дүниетанымы да көне эпоста көркемдік ойлау тәжірибесімен астасып кеткен. Бұлар әлі жіктелмеген.

Фольклордың синкретизмін Е.М.Мелетинский идеологиялық және жанрлардың синкретизмі деп екі салаға бөліп қарайтындығы мәлім.<sup>□</sup>

Идеологиялық синкретизм ең ежелгі дәуірлерде өнердің наным-сенім, мифтік түсініктерден ажырамай салттық, ритуалдық көзқарастармен байланысты өмір сүруін сипаттайды. Дін пайда болғанға дейін оның ролін мифтің атқарып келуі кездейсоқ емес. Бұл ретте фольклор табиғат пен қоғам туралы түсініктерден бөлінбеген, олармен тұтас жүр. Түркілердің тәңірлік дінінде осының ізі айқын. Ал, жанрлардың синкретизмі поэзияның, жалпы өнердің тегі мен түрлерінің бір-бірінен ажырамай, тұтас жүрген

---

<sup>□</sup> Мелетинский Е.М. О генезисе и путях дифференциации эпических жанров// Русский фольклор, Т. 5, М.Л., 1960. С. 83

кезеңін қамтиды.

Бұл айтылған синкретизмнің екі түрі де толық болмағанымен, белгілі бір дәрежеде көне эпоста сақталған. Алайда көне эпостың пайда болуы **идологиялық** және жанрлар синкретизмнің басым болып тұрған кезіне сәйкес келмейді, керісінше олардың ыдырау, жіктелу процесінде қалыптаса бастайды. Онсыз көне эпос ауыз әдебиетінің жеке саласы ретінде өмірге келуі мүмкін емес. Сондықтан да ежелгі эпостардың синкретизмі туралы сөз қозғасақ жалпы емес, нақтылы жанрдың аясында ғана айта аламыз.

Көне эпосқа арқау болған ауыз әдебиетінің түрлері туралы әр түрлі пікірлер бар. Кезінде В.Я. Пропп орыс былиналарының ілкі дәуірін мемлекетке дейінгі эпос деп атап және онда мифтің үлкен орын алатынын атап көрсеткен.<sup>1</sup> Ғалымның бұл пікірі кейін Б.Н.Путиловтың, Е.М.Мелетинскийдің көлемді зерттеулерінде жан-жақты дамытылды.

Мұнымен қатар В.М.Жирмунский қаһармандық жырларға арқау болған батырлық ертегі /богатырская сказка/ деп қарады. Зерттеуші бұл ойын «Алпамыс» жырының түркі халықтарындағы версияларын ала отырып, типологиялық салыстырулар арқылы дәлелдеді.

Алтайдың «Алып-Манап» жырындағы ертегілік сарындарды ажырата қарап, оны батырлық ертегі деген қорытындыға келді. Осы пікірмен Ә.Қоңыратбаевтың ой-тұжырымы да сабақтас. Ол қазақ эпосының ежелгі дәуірін қарастыра келіп, эпос басында ертегі, аңыз, шежіре түрінде айтылған да, біртіндеп ертегілік сарыннан айығып, тарихи-реалды жырға айналған деген ойға келеді.<sup>2</sup>

Қазақтың батырлық жырының арғы тегінде тұрмыс-салт жырлары-қоштасу, естірту, жоқтау сияқты өлеңнің түрлері жатқандығын кезінде М.Әуезов айтқан болатын.<sup>3</sup>

Типология жағынан алып қарағанда Солтүстіктегі және Қиыр Шығыстағы ұсақ халықтардың да көне эпостарында тұрмыс-салт жырларының, оның ішінде арбау-байлау өлеңдерінің ерекше роль атқаратындығы анықталып отыр.

Демек, осы айтылған пікірлердің қай-қайсысының да жаны бар. Себебі бұл, біріншіден, көне эпостың регионалдық, этностық, жергілікті ерекшеліктерінен хабар берсе, екіншіден, оның

---

<sup>1</sup> Пропп В.Я. Русский героический эпос. 2-е изд., М.-Л., 1958.

<sup>2</sup> Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. Алматы, 1975. 12-б.

<sup>3</sup> Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962. 64-б.

синкреттік табиғатын да айғақтайды.

Оның үстіне мына мәселеге де айрықша назар аудару қажет. Көне эпостар ішкі тақырыптық, сюжеттік құрамы бойынша біркелкі емес. Әсіресе, анығырақ байқалатыны – бір тобында батырлық, қаһармандық /әрине, бұл ру, тайпа шеңберінде, болмаса әйел алу мотивімен байланысты/ желі басым болса, енді бір тобында аңшылық, мергендік тақырып көбірек жырланады /мәселен, қазақтың «Құламерген, Жоямерген», қырғыздың «Қожашаш» эпостары/. Алғашқысында ертегілік сарын басым болса, соңғысында миф пен шежіре аңыздың ролі айқынырақ. Сондықтан да көне эпостарды осы айтқан өзгешеліктеріне қарай жіктеуге болады. Ол міндеттің алдағы уақытта тарихи поэтика мен типологияның аясында іске асатыны да күмансыз.

Асылында фольклордың жанрлық құрамына қарай бірде «көне эпос», бірде «батырлық ертегі» аталып жүрген шығармалардың табиғатында оларды эпос ретінде де, ертегі ретінде де қарауға болатын екіжақтамалық сипат бар. Ол, сөз жоқ, осы жанрлардың бір-бірінен іргесін аулақ салмай, аралас-құралас жүрген кезеңін көрсетеді. Сондықтан да оларды тек қана ертегі, не эпос деп дәлелдеу барысында өтпелі аралық сипаты есте тұруы тиіс. Мәселе, тіпті олардың терминдік жағынан қалай аталуында да емес, гәп оған қандай мағына сыйдыратынымызда.

Ғалымдар «батырлық ертегі» терминін кем дегенде төрт түрлі мағынада қолданып келе жатыр. Бірде ол қаһармандық эпостың байырғы түрі, эпостық жырдың ең көне дәуірін сипаттайтын типі ретінде ұғындырылса /В.М.Жирмунский/, бірде классикалық батырлар жырының алдындағы /«преэпическая форма»/ баяндау фольклорының бір көрінісі /Е.М.Мелетинский/ деп дәлелденеді. Ал, Аарне-Томпсонның ертегі сюжеттерінің халықаралық көрсеткішінде ол қиял-ғажайып ертегіге жатқызылады /Көрсеткіштегі рет сандары 300-301 және 550-551/. Мұның үстіне эпос сюжетін бергі заманда ертегіге айналдыру сияқты жағдайдың орын алғандығы да ғалымдар тарапынан сөз болып жүр /А.М.Астахова/. □

---

□ Бұл туралы қараңыз: *Жирмунский В.М.* Сказание об Алпамыше и богатырская сказка. М., 1960; *Его же.* Происхождение героического эпоса. Ранние формы и архаические памятники. М., 1963; *Астахова А.М.* народные сказки о богатырях русского эпоса. М.-Л., 1962; *Қасқабасов С.А.* Ертегі пен эпостың сюжеттік типологиясы; *Соныкі.* Қазақтың халық прозасы, 206-218-б; *Неклюдова С.Ю.* Богатырская сказка. Тематический диапазон и сюжетная структура// *Костюхин Е.* Сказки// История казахской литературы. Алма-Ата, 1968. Т. 1. С. 216-219; *Қасқабасов С.* Казахская волшебная сказка. Алма-Ата, 1972. С. 56-59; *Соныкі.* Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984. 204-208-б. Проблемы фольклора. М., 1975. С.82-88.

Осының бәрі де ертегі мен эпостың шығу тегінің, типологиялық өзгешеліктерінің ортақтығын айғақтамаса, жоққа шығармайды. Архаикалық батырлық ертегілердің эпосқа да, қиял-ғажайып ертегіге де түп негіз болғандығын көреміз.

Қазақ фольклорының негізінде С.Қасқабасов «батырлық ертегі» деген атауды қолданып, әрі мұны ертегінің бір жанрлық түрі ретінде қарастырса, Р.Бердібаев «көне эпос» терминін пайдаланып, оны эпос жанрының ішінде анықтайды. Алайда осылай қарағаннан екі жанр да ұтылмаған. Ұтылмайтыны – шын мәнінде осы бір байырғы жанрдың табиғаты екеуіне де айрықша жақын болуында, мұны аттап өтуге болмайтынында, ертек пен эпостың арыдан барып түйісетінінде.

Бұл ретте зерттеушілердің осы жанрдың байырғы қабаттарымен бірге, кейінгі замандардағы қоспаларын да ажыратып қарауы орынды. А.М.Астахова орыс былиналарының негізінде батырлық ертегілер кейін пайда болған жанр деп санаса, Е.Костюхин, С.Қасқабасов оны екі топқа бөліп, «оның бірі- көне дәуір тумасы да, екіншісі-кейінгі ғасырлардың туындысы» деп көрсетеді.<sup>1</sup>

Қаһармандық эпос пен батырлық ертегінің тектестігін тағы да айқындайтын дәлел – кейін пайда болған батырлық ертегілер қаһармандық жырдың негізінде, соның сюжетінен туғандығы.<sup>2</sup>

Демек, қаһармандық эпос пен көне эпостың /батырлық ертегінің/ поэтикасы мен типологиясын тарихи аспектіде қарастыру түптеп келгенде бас-аяғы бүтін белгілі бір көркемдік ұғымдардың /уақыт пен кеңістік, сюжет пен мотив, композициялық тәсілдер мен көркемдік бейнелеу құралдары, образдар жүйесі, т.б./ эволюциясына көз жіберу болып шығады. Батырлық жыр поэтикасының тарихи болмыс-бітімін көне эпостан тыс елестету қиын.

Біз бұл еңбегімізде «көне эпос» деген терминге көбірек жүгінеміз. Бұл ұғымның белгілі бір дәрежеде шартты екенін мойындай отырып, батырлық ертегі деген ұғымнан ажырататын айырықша бір ең-таңбамыз болмағанымен, ескерілуге тиісті мынадай өзгешеліктерді басшылыққа аламыз.

Батырлық ертегілердің ішінде қарасөз түрінде де, не екеуі аралас келетін де шығармалар бар. Сюжеттік құрылымында типтік

---

<sup>1</sup> Костюхин Е. Сказки// История казахской литературы. Алма-Ата, 1968. Т. 1. С. 216-219; Қасқабасов С. Казахская волшебная сказка. Алма-Ата, 1972. С. 56-59; *Соныкі*. Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984. 204-208-б.

<sup>2</sup> Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы, 208-б.

белгілері тектес болғанымен, өлең түрінде айтылатындарының эпосқа бір табан жақын тұрғандығын байқамауға болмайды. «Құламерген, Жоямерген», «Дотан», Құбығұл» жырлары осыны аңғартады. Мәселе осыларда ертегілік элементтердің көп не аз болғандығында да емес, сол элементтердің эпос табиғатына бағындырылуында деп ойлаймыз.

Жырлау тәсілінің дерегіне жүгінсек жырмен айтылған көне эпоста тыңдаушының да, айтушының да оқиғаға сенуіне тосқауыл жоқ. Батырлық жырдағы сияқты мұнда да оқиға өмірде болған сыңайлы баяндалады:

Кешегі Ормамбет хан заманында,  
Өтіпті Құбақанбай жапан дүзде.

**Дотан – М. 145**

Көк Еділдің бойында  
Уәли деген бай болған.

**Құбығұл – Н. 360**

Ер екен Құламерген бұрын өткен,  
Ақырда мұратына ол да жеткен,  
Мұхиттың гəзар деген аралында  
Аң аулап мергендікпен кəсіп еткен.

**Құламерген, Жоямерген – Б. 318.**

Ал енді батырлық ертегінің оқиға болған мезгілдік және мекендік өлшемдеріне келейік:

Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде ...

**Керқұла атты Кендебай. 30.**

Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты...

**Ер Төстік. 5.**

Жыр үлгісіндегі эпоста мезгіл /Ормамбет хан заманы/ мен мекен /Көк Еділ, Гəзар аралы/ шартты болса да оқиғаға шындық сипат береді. Ал ертегілерде ол жоқ. Оның үстіне «Ер Төстік» пен «Керқұла атты Кендебай» өлең мен қарасөз араласқан, неғұрлым эпосқа жақын келетін ертегілер. Өзге батырлық ертегілер бұл жағынан тіптен де оқшаулана түседі.

Ертегілік сипаты басым болғанымен жыр түріндегі шығармалардың сюжеті батырлық жырмен қарайлас көмкеріледі. Стильдік, көркемдік бейнелеу тәсілдері эпос заңдылығына бағындырылған. Сондықтан да олардың типологиясы мен поэтикасын эпикалық жырдың аясында қарастыруға негіз бар.

Оқиғаға шындық сипат беру түптеп келгенде байырғы мифке де, кейінгі қаһармандық эпосқа да ортақ жай. Ал ертегінің мифтен ажырай бастаған тұсы миф оқиғасын саналы түрде қиял мен «өтірікке» шығара бастаған кезеңмен қарайлас.

Ертегі миф оқиғасын толық пайдаланды. Бірақ оны қиял дүниесіне көшіріп, байырғы адамдар сенген түсініктер мен дүниетанымды ғажайыптық, фантастикалық ұғымдарға ауыстырды. Бұл ең алдымен оқиғаның болған, болмағанын дәйектейтін мезгіл мен мекен өлшемдеріне қатысты болатын. «Бар екен, жоқ екен...» ерте-ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде ...» «баяғы өткен заманда...» деп басталатын сөздердің ә дегендегі шарттылығы көзге ұрады. Сөз болғалы отырған оқиғаға сенбеуге болатындығын ертегінің өзі баса көрсетеді.

Бір ғажабы осы тәсіл миф оқиғасының үлгісі /моделі/ мен қаңқасын сақтап қалуға көбірек себепші болғандай. Мифтің наным-сенімдік, нақтылы дүниетанымдық негізі, қиял мен фантастикаға /яғни, жалған оқиғаға/ ауысқаннан кейін оның шындыққа қатысын қадағалап өндемей-ақ, миф логикасына сүйеніп оқиғаны көп бұзбай баяндай беруге болады. Себебі жоққа шығарылған «шындық» оның бәрін де көтереді. Түптеп келгенде миф пен ертегі бір жанрдың екі түрлі тарихи дәуірдегі шындықты игеруінің екі сатысы. Біріншісі – ежелгі адамдардың көзқарас, түсінігіндегі шындық та, екіншісі – сол түсініктің жоққа шығарылған кезеңі. Бірақ екі кезеңнің да қолданған баяндау формасы жалпы алғанда біреу.

Көптеген ғалымдардың миф пен ертегіні сабақтастырып, поэтикасы мен типологиясы, құрылымдық жүйесі бойынша өрелестіріп отыратыны да осыдан. Дегенімен бұл екеуін теңестіріп жіберуден аулақпыз. Себебі мифтің ритуалмен, әдет-ғұрыппен, ескі шамандық дүниетаныммен байланысты болмыс-бітімі мен ертегінің қиял, фантастикаға бой ұрған дамуының арасында үлкен дербестік қалыптасқан. Ертегідегі адам сенгісіз оқиғаның бәрінің де мифтік негізі бола бермеуі әбден мүмкін. Осыдан болар ертегінің оқиғасы ежелгі наным-сеніммен тамырлас сиқырлық /волшебство/ және ойдан шығарылған фантастикалық деп жіктеліп жүр.<sup>1</sup>

Ал эпос мифтегі шындық деп қабылданған ұғымдарды ертегі сияқты жоққа шығарып, бірақ соның үлгісін пайдалану арқылы дамыған жоқ. Ол мифтің шындыққа сендіру дәстүрін қабылдады,

---

<sup>1</sup> Новиков Н.В. Образы восточнославянской волшебной сказки. Л., 1947. С. 7.

бірақ наным-сенімдік негізін жоғалта бастаған ұғымдарды біртіндеп жаңа дәуірдің шындығымен ауыстырды. Сенімсізді сенімді нәрсемен, мифтік дәуірді қаһармандық дәуірдің шындығымен алмастыру орын алды.

Шынтуайтқа келгенде, мифтің шындыққа қатысты дәстүріне эпостың адал болуы бұл екі жанрды ертегіден гөрі алшақтатып жіберген. Миф – алғашқы қауымдық құрылыстағы адамдардың дүниетанымы, айнала қоршаған ортаның себептеріне берген жауабының жиынтығы болса, эпос басқа тарихи дәуірдің, мүлдем басқа шындықтың көрінісі еді. Эпос өз табиғатыны қайшы келмеген жердің бәрінде де мифке қарайлады. Ғажайып туылу, жерік болу, тездетіп өсу, жалғыз жүріп, көптің жүгін арқалау, киелі күштерге, аруақтарға сиыну, аттың сөйлеуі, ұшуы, т.б. толып жатқан эпос үшін шындыққа сиысатын сарындар осыған меңзейді. Әсіресе, қаһармандық эпос пен мифтің арасындағы өтпелі кезең болып табылатын көне эпос пен батырлық ертегінің аралық сипаты айқын.

Көне эпоста мифтің, ертегінің, аңыз-әңгімелердің ролі біркелкі емес. Олар әртүрлі дәрежеде әр халықтың ежелгі жырларында көрініс беруі мүмкін. Алайда көне эпостардың ең ескі нұсқаларында мифтің үлгі-моделі сақталғандығын байқау қиын емес.

Мәселен, эвендердің көне эпосында дүние-әлем мифтегідей үш бөліктен тұрады: төменгі, ортаңғы және жоғарғы әлем /нижний, средний и верхний мир/.<sup>2</sup>

Бұлардың арасындағы қуыстар арқылы адамдар бір-біріне қатыса алады. Үш әлемде де тіршілік бар. Төменгі және жоғарғы әлемнің көрінісі әртүрлі наным-сенім, шамандық түсініктермен сабақтас. Мәселен, жоғарғы әлемде өзендерде сүт ағып, жағалауында алтын тастар шашылып жатады, үйлер алтын, күмістен салынады. Төменгі әлемде темір айрықша роль атқарады. Барлық үйлер темірден салынған, жолдар, тау-тас да темірден құралған. Төменгі әлем қараңғы. Ортаңғы әлем жер бетінің көріністеріне сәйкес келеді. Эпостың бас қаһарманының да мекені осы ортаңғы әлем. Ол судың жағасында, өзен аңғарында, айналасы таумен қоршалған жазық жерлерде тұрады.<sup>1</sup>

Сөз жоқ, бұл өзгешелік ежелгі замандағы адамдардың жаратылыс, айнала қоршаған табиғат туралы көзқарастарының

---

<sup>2</sup> Лебедева Ж.М. Архаический эпос Эвенков. Новосибирск, 1981. С. 21.

<sup>1</sup> Сонда, 22-б.

шектеулі екенін көрсетеді. Бүкіл дүние үш бөліктен тұрғанымен қаһарман санаулы уақыттың аралығында барлығын да аралап шыға алады. Үш әлем де мифтік қиялдың, мифтік сананың жемісі.

Мифтік дәуірдегі бұл түсінік түркі-моңғол халықтарының эпосы мен ертегілерінде түрлі дәрежеде сақталған. Ал, қазақ фольклорының ішінде батырлық ертегілердегі /»Ер Төстік», «Күн астындағы Күнікей қыз», т.б./ төменгі әлемнің көріністері сол ежелгі замандардағы мифтік сананың сілемдері.

Көне эпостағы мифтік сананың тағы бір көрінісі кейіпкерлердің түрлі хайуанаттарға, болмаса жан-жануардан адамға айналып отыруынан да байқалады.

Әрі бұл өзгешелік ежелгі тотемдік, антропоморфтық көзқарастармен тығыз байланысты. Ондай кейіпкерлер көбінесе рудың, жалпы адам атаулының алғашқы анасы, немесе атасы ретінде бейнеленеді. Эпостың бас қаһарманы адам мен жануарлардың /кейде құстардың/ ортасынан дүниеге келеді. Мәселен, солтүстіктегі тайпалардың эпосында аққумен некелесу үлкен орын алған. Мұның кейбір іздерін қазақтың «Ақ қасқыр» ертегісіндегі адам мен қасқырдың некелесуінен де көреміз.

Адам мен хайуанаттардың немесе түрлі мифтік кейіпкерлердің қосылуы ерікті түрде емес, көбінесе осылардың бірінің амалсыз қолға түсіп қалуынан. Мәселен, эвенкілердің эпосында кейіпкер қыз кейіпінде билеп жүрген аққудың көбінін жасырып қояды. «Ақ қасқыр» ертегісінде жылқыларды жеп қойып, қолға түскен соң барып қасқыр өзінің қызын қуғыншы жігітке бермекке уәде етеді. «Қорқыт ата кітабында» андаусызда адамның қолына түскен пері қыздан жалғыз көзді дәу Төбегөз туады.

Көне эпостың қаһарманы алғашында дүниеде жалғыз болады. Ол өзінің қайдан шыққанын білмейді. Е.М.Мелетинский бұл өзгешелікті рудың ірге тасын қалаған батырмен байланыстырады. Жалғыз қаһарман бейнесі, оның ойынша, ежелгі құдайлар мен шамандық түсініктерден де көне.

Көне эпостың кейіпкерлері өз мақсатына түрлі тәсілдер, айла-амалдар арқылы жетіп отырады. Алайда қиял-ғажайып ертегілердегі сиқыр күштерден бұлардың елеулі айырмашылығы бар. Алдымен мұнда сөздердің магиялық, дүниені өзгерткіш күшіне сену басым. Сондықтан да көне эпоста арбау-байлау /заговор-заклинание/ өлеңдері үлкен орын алады.

Екіншіден, ғажайып, сиқырлы заттарды қолға түсіріп, солардың көмегіне сүйену көне эпосқа тән емес. Қаһарман

негізінен өз күшіне сенеді.

Демек, көне эпоста қиял дүниесінен гөрі өмірде негізі бар мифтік, тотемдік көзқарастар басты орын алады екен. Оның үстіне қиял-ғажайып ертегілерде бас қаһарман қанадй қиыншылықтар болса да соңында жеңіске жетеді. Ал көне эпоста әрқашан да бұлай емес. Қаһарманның өліп тірілуі, түрлі күштерден жеңілуі, трагедиялық жағдайларға ұшырауы жиі кездеседі. Мәселен, қырғыздың «Қожашаш» жырында бас қаһарман киелі Сұр Ешкінің қарғысына ұшырап, ақыры адам жетпес шың құздың басында қаза болады. Оның артында қалған баласы ғана кейін Сұр Ешкімен келісімге келіп, оның қызына үйленеді.

Көне эпостарда алдымен көзге түсетіні – әйелдердің барлық мәселеде жетекші роль атқаратындығы. Солтүстік пен Қиыр Шығыстағы халықтардың жырларында қаһарманды ерлікке баулитын, садақ, жебе жасап беретін, бақсылықты үйрететін – оның апайы, не болмаса қарындасы. Кейде әйел қаһарман ағасының, не інісінің орнына өз соғысады, олардың кегін қайтарады. Көне эпоста да үйлену салтына байланысты жорықтар үлкен орын алады десек, әйелдердің өзіне жар таңдап, жолға шығатынын жиі кездестіреміз.

Ж.К.Лебедева Қиыр Солтүстіктегі эпостық жырларды салыстыра отырып, олардың сюжеттік құрамын типологиялық жағынан мынадай тақырыптарға бөліп қарайды:

1. Ерлерден бөлек тұратын әйелдер туралы;
2. Әйел шаман туралы;
3. Эпикалық әйел қаһарманның кәмелетке толу тақырыбы;
4. Әйел кейіпкердің өзіне жар іздеу тақырыбы;
5. Батыр әйелдің кек алу тақырыбы;
6. Жас қаһарманның өсуі;
7. Батырдың кек алуы туралы;
8. Батырдың әйел алуы туралы;
9. Ру мен тайпа арасындағы қақтығыстар мен соғыс тақырыбы. □

Көрсетілген тақырыптардан анық байқалатыны – әйелдерге байланысты сюжеттердің кең таралғандығы. Сөз жоқ бұл анаеркі /матриархат/ дәуірінің көрінісі. Алайда осы дәуірдің ішкі ерекшеліктерін қоғамдық-әлеуметтік негізде саралап бөліп, оның эпостағы бейнеленуін таратып қарастыру арнайы зерттеуді қажет етеді. Бұл жерде біз қазақ эпосының сюжеттік құрылысында

---

□ Лебедева Ж.К. Эпические памятники народов Крайнего Севера, Новосибирск, 1982. С. 16-70.

әйелдерге байланысты тақырыптардың Қиыр Солтүстіктегі халықтардың жырларындағыдай кең таралмағандығын айтумен ғана шектелеміз. Тегінде бұл өзгешелік қазақ эпосының ең ежелгі дәуірлерінде ғана орын алып, сапалық өзгерістерге ұшырағандығын көрсетеді. Анаеркі кезеңінің кейінгі замандарындағы эпостық дәстүрдің дамуына сәйкес келген белгілері ғана сақталған. Оның өзінде де эпос сюжетінен басты орын алмай, екінші кезекке ысырылған. Бұған батырлар жырындағы әйелдер бейнесі айқын дәлел бола алады. «Қобыланды» жырында Құртқа батырға ат таңдап береді, алдағы жорықтардың немен аяқталып, Қобыландының қашан және қандай жағдайда еліне оралатындығын болжайды.

Анаеркі дәуірі өтіп, оның орнына атаеркі /патриархат/ дәуірі келгенде әйелдерді қас күш, опасыз бейне ретінде көрсету қисыны орын алады. Зерттеушілердің пікірінше бұл өзгеріс мыстан кемпір образында жақсы сақталған.<sup>1</sup> Осы туралы Р.Бердібаев былай деп жазды: «Мыстандардың хандарға, әкімдерге «ақыл тауып» беруші, дұшпанның сырын танығыш, құпиясын көргіш болып есептеулі бір кездегі әйел қауымы үстемдігінің, қарт аналардың культке айналуының, олардың дүниеде білмейтін нәрсесі жоқ деп саналуының жаңғырығы екені табиғи. Сондықтан да бұл мыстан кемпірлер «даналығы» атаеркі /патриархат/ дәуіріне аяқ басарда жақсылыққа кедергі, мейлінше жексұрын күш болып мінезделеді».<sup>2</sup>

Болашақты болжау, батырға үнемі қамқор болу, болмаса түрлі айламен, сиқырмен оның өзіне қарсы күресу, сөйтіп дұшпандар жағында болу көне эпостарда кең суреттелетін бақсы әйелдер бейнесінің кейінгі трансформацияланған, жіктелген, ұзақ эволюциядан өткен түрі болуы ықтимал. Себебі, түркі-моңғол халықтарының ежелгі жырларында бақсы әйелдер – басты кейіпкерлердің бірі. Олар болашақ батырға өз өнерлерін үйретеді, алда не істеу қажеттігін айтушылар да осылар. Бір қызығы әйел бақсылар сиқырлық өнермен қатар ерекше күш иесі, өзінің іні-ағаларының жебеушісі, қамқоршысы болып көрінеді. Мәселен, эвенкілердің эпосындағы Чолбон /Шолпан/ бейнесінде осы қызметтің бәрі де жинақталған.

Әйел бақсылар да әр уақыт жағымды бейнеде көріне бермейді. Олардың ішінде бас қаһарманға қарсы күресетіндері де бар. Бірде

---

<sup>1</sup> Қасқабасов С. Казахская волшебная сказка. Алма-Ата., 1972. С. 72

<sup>2</sup> Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Алматы, 1982. 69-б.

батырлар жеңсе, бірде өзінің магиялық сиқырмен әйел бақылар жеңіске жетеді.

Бұған қарағанда классикалық қаһармандық эпостағы алдағаны болжап, қамқоршы ретінде көрінетін де, болмаса күні бұрын батырдың келетінін біліп, оған қарсы түрлі амал-айла ойластыратын сиқырлы мыстан кемпір бейнесінің де көне эпостағы прототипі осы әйел бақылар образына тіреледі.

Көне эпостың бас қаһармандары көбінесе өзі сияқты адамдармен емес, жоғарғы не болмаса төменгі әлемдегі түрлі жауыз күштермен –шайтан, жезтырнақ, аю, қырғи, сиқырлы әйел-бақылармен күрес жүргізеді. Сондықтан күрестің, соғыс көріністерінің сипаты да басқашалау. Олар жылдар бойы соғысып, «қыс болғанын бір-бірінің шашына қатқан қыраудан, жаз болғанын шаштағы қыраудың ерігенінен» біледі. Жалпы кез-келген уақиға, әсіресе, жекпе-жек мейлінше әсіреленіп, шегіне жеткізіле суреттеледі. Батырлар өз салмағының ауырлығынан қара жерді тізесінен кешіп жүреді. Атқан оқтары найзағайдай ұшады, жаудың от шашқан найзасы күннің көзін күңгірттейді, ұшқан оқтың екпінінен адамдар өліп жатады. Әйелдің асқан сұлулығын бейнелегенде «тұла бойынан жеген май, өн бойынан жеген ет көрініп тұрады» деп суреттеледі.

Көне эпостарға үлкен әлеуметтік мәселелер, таптық қайшылық, дін жолында күреске шығу сияқты мотивтер жат. Кейіпкерлердің іс-әрекеті, күресі отбасы үшін, болмаса өз руының мүддесі үшін, соның шеңберінде ғана суреттеледі. Бас қаһарман мал асырап, не егін егіп отырған іргелі елдің, тайпаның ортасынан шықпайды, жалғыз болады. Кейде қарт кемпір мен шалдан туған ағайындылар/ кейде қарындасы, апайы бар/ айдалада жеке тұрады. Айналысатын негізгі күнкөріс кәсібі – аңшылық. Егін егіп, мал асырауды әлі білмейді. Тұратын мекендері ортаңғы әлем, өзендердің аңғарлары, айнала таумен қоршалған жазық жерлер т.б.

Көне эпос сюжеттерінің ішіндегі ең кең таралғаны – батырдың үйлену мақсатындағы жорықтары және осыған байланысты түрлі сынақтан өтуі. Бұл сюжеттің іштей өрілу жолдары әр жырларда түрліше болып келе беруі мүмкін. Мәселен, батыр қыздың жақын туыстарымен, немесе түрлі жауыз күштермен, я болмаса қыздың өзімен жекпе-жекке шығады. Батырдың өзіне жар таңдап, әрі оны өз күшімен алуы –қалыптасқан типтік сюжет. Бұл кейін батырлық жырға да ауысқан. Алайда батырдың үйлену сюжетінің басқа да

түрі кездеседі. Тұңғыс тілдес халықтардың эпикалық дәстүрінде інісі ағасына әйел әпереді, ал ненецтердің жырларында ағалары кіші інісіне қалыңдық таңдайды, құда түсіп қызды алып қайтады. Қайтар жолда қаһарман жаумен соғысып, оны жаңа үйленген қалыңдығының көмегімен жеңіп шығады. □

Қаһарманның үйленуіне байланысты осы үш сюжеттің алғашқысы батырлық жырға арқау болған. Дегенімен қалыңдықты туыстары іздейтін сюжет те қаһармандық эпоста сақталған. «Қорқыт ата кітабында» қалыңдықты жігіттің әкесі іздейді /«Қан Тұралы туралы жыр»/.

Көне эпостарда үйлену сюжетінің этнографиялық сипаты басым. Ол тұрмыс-тіршіліктегі әдет-ғұрыптардан алшақ кетпеген. Үйленген соң қаһарманның ұзақ уақыт қыздың үйінде тұруы эпоста ғана емес, рулық-патриархалдық деңгейдегі халықтардың өмірінде де нақтылы негізі бар дәстүр.

Көне эпостың осындай белгілері негізінен қаһармандықты, ерлікті жырлайтын тобына қатысты.

Бұларды ғылымда қаһармандық көне эпос деп те атап жүр. Сөз жоқ, архаикалық эпостың бұл түрлері кейін батырлық жырдың негізін құрады.

Рас, көне эпостың әр түрлі типтері бір-бірінен өте алшақ тұрған жоқ. Олардың көптеген белгілері аралас жүруі мүмкін. Бұл бір. Екіншіден, көне эпос пен кейінгі қаһармандық, романдық эпостарды жанрлық-стадиялық жағынан бөліп қарастырғанымызбен, олардың орталығында аралық, өтпелі кезеңнің ерекшеліктерін сипаттайтын эпостар да аз емес. Сахалардың олонхосы, буряттардың улигерлері, алтайлықтардың эпостық жырлары Кавказ халықтарының «Нарттар», «Амирани», сияқты т.б. мұралары міне, бұлар көне қаһармандық эпос пен батырлық жырдың ерекшеліктерін бірдей қамтитын жырлар. Демек, көпқабаттылық пен көпсатылық эпос дәстүрі үшін заңдылық және әр жырда олардың көрінісі әр түрлі дәрежеде.

## **ЖАНРЛАР ЖАЛҒАСТЫҒЫ**

Қазақ халқының фольклорында көне эпостың үлгілері сақталған. Қазіргі ұлан-асыр эпикалық дәстүріміздің бастау көзінде, сөз жоқ, жан-жақты дамыған көне эпостар тұрды. Оны айғақтайтын жекелеген жырлар да, кейін қалыптасқан

---

□ *Лебедева Ж.К.* Эпические памятники..., С.61.

эпостардағы ежелгі қабаттар да жетерлік. Дегенімен, мына жағдайды айрықша ескеру қажет. Қазақ эпосы тұтастай алғанда өзінің стадиялық-жанрлық белгісі бойынша солтүстік, Қиыр Шығыс, Сібір, Алтай халықтарының эпикалық дәстүрімен салыстырғанда ілгері кеткен, даму деңгейі бойынша жаңа сатыға көтерілген. Рулық қауым ыдырап, оның орнына феодалдық-патриархалдық қоғамның келуіне байланысты, саяси әлеуметтік өзгерістерге лайық эпостық дәстүріміз түрлі эволюциялық өзгерістерді, тарихи жіктелуді бастан кешірді.

Ежелгі замандарда пайда болған эпостар сол қалпында жоқ. Олар әр кезеңнің әлеуметтік, көркемдік сүзгісінен өтті. Сондықтан, да қазір қазақтың ең ескі замандарда дүниеге келген эпостары туралы сөз қозғағанда олардың кейбір нақтылы жанрлық белгілері туралы топшылаулар жорамал түрінде, жалпы типологиялық салыстырулар арқылы анықталады.

Зерттеушілердің пікіріне қарағанда қазақтың көне эпостарына «Құламерген», «Жоямерген», «Таласбай мерген», «Дотан батыр», «Құбығұл», «Ақ Көбек», «Шолпан мерген», көптеген жанрлық белгілері бойынша ежелгі эпостарға жақындайтын «Мұңлық-Зарлық» т.б. жатқызылып жүр. □

Ә.Марғұлан мен Ә.Қоңыратбаев бұған қоса «Ер Төстік» шығармасын да ертегілік сарындағы эпос деп атайды.<sup>2</sup>

Кезінде М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықов «Құламерген», «Құбығұл» жырларын жеке жанрлық түр ретінде қарастырғанымен, оларда ежелгі қабаттардың, мифтік-фантастикалық белгілердің басым екенін атап көрсеткен болатын.<sup>3</sup>

Қазақтың көне эпосында қаһармандардың іс-әрекеті жер үстінде және жер астында өтеді. Жоғарғы әлем туралы түсініктер болғанымен бас кейіпкер онда бармайды. Рас, кейбір романдық эпостарда кейіпкердің аспан әлемін шарлайтыны бар. Дегенімен сахалардың олонхосындағыдай тұтас тұрған үш әлем қазақ эпосына тән емес.

«Құламерген, Жоямерген» жырының біраз оқиғасы жер астындағы жыландар патшалығына байланысты суреттеледі. Жоямерген жер астындағы Жыланбек патшаның қызын алу үшін түрлі қиын шарттарды орындайды.

---

□ Марғұлан А. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса..., С. 76; Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. Алматы, 1975. 18-б; Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Алматы, 1982. 67-88-

<sup>2</sup> Марғұлан Ә. Көрсетілген еңбек, 76-б. Қоңыратбаев Ә. Көрсетілген еңбек, 18-б.

<sup>3</sup> Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. Алматы, 1972. 33-б.

Мифтік ұғымдардан қазақтың көне эпостарында көптеген белгілер сақталған. Алдымен қақтығыс, эпикалық тартыс жекелеген адамдардың арасында болмайды, негізгі кейіпкер жеті басты жалмауыз кемпірмен, оның баласымен /«жас бала» кейпінде жолда жылап жатады/ соғысады, жыландар елінде болып, оның патшасының қызын алады /«Құламерген, Жоямерген»/. Жалпы көне эпостарда ерекше жинақталып, тұтас көрінетін жауыздық бейне – Мыстан кемпір. Ол бірде айлакер, барлық жағдайды күні бұрын болжап отыратын, сөйтіп батырдың жолына алдын ала тор құратын жауыз кемпірдің кейпінде суреттелсе, бірде жеті басты жалмауыз, нағыз дүлей күштің иесі ретінде бейнеленеді. Кейде «жеті басты жалмауыз кемпірдің» орнын «жеті басты айдаһар» алмастырады /Құбығұл/.

Тегінде айдаһар мен жалмауыз кемпір бейнесі ежелгі замандарда мифтік негізі бар ұғымдармен байланысты болуы әбден ықтимал. Алайда олар алғашқы мифтік түсініктерден ажырай келе таза ертегілік кейіпкерлерге айнала бастаған. Сондықтан да олар бірінің орнын бірі алмастыра алады.

Көне эпостардағы мифтік ұғым Е.М.Мелетинскийдің айтуынша, ілкі қаһарман, рудың алғашқы атасы туралы түсініктермен байланысты. Архаикалық көзқарас бойынша ол жер үстінде адамзат ұрпағынан жалғыз. Сондықтан да ол тылсым күштің ортасында жеке дара көрінеді. «Құламерген, Жоямерген» жырында негізгі қаһарман аңшылықпен күн көрген, айдаладағы аралды әйелі екеуі ғана мекендейтін болып жырланады. «Дотан батыр» эпосында Құбақанбайдың қырық ұлы әуелгіде өздерінен басқа жерде қандай тіршілік барын білмейді. Рас, арғы замандардағы мифтік түсініктерге қарағанда бұл жағдай тарихи сипат ала бастаған. Олар айнала қоршаған дүниеден хабарсыз болғанымен, ата-аналары бар кейіпкерлер.

Қазақтың көне жырларының негізгі желісі де батырдың үйлену сюжетіне құрылады. Бас қаһарман қалыңдық іздеп, алыс жолға шығады, түрлі жауыз күштермен соғысады. Бұл сюжеттің ізі батырлық жырда да сақталғаны мәлім. Алайда ескі жырларда батырдың үйленуі кең көлемде, сан-түрлі оқиғалардың басын құрайды. Әрі кейіпкердің үйлену мақсатындағы жорығы қиял-ғажайып, небір құпия сырға толы көріністермен өріледі. Дотан ағаларына қалыңдық іздеп, ұзақ жолға шыққанда оған «құралайды көзге ататын мерген», саққұлақ, желаяқ, көзбайлаушы жолдас болады. Ол көп қиыншылықтан осылардың көмегі арқылы өтеді.

Ә.Қоңыратбаевтың пікірінше «Дотан батыр» жыры «Құламерген, Жоямерген» сюжетінен де көнелеу. Егер соңғысында жұбайлы неке үшін күрес басты орын алса /әйелін азғырып, отбасын бұзғаны үшін Құламерген Мыстан кемпірмен соғысады/, «Дотан батыр» эпосында қаһарман 39 ағасына оғыз елінен 39 қыз алып береді. Бұл өзгешелік, ғалымның ойынша, топтасқан үйленудің қалдығы, ол эндогамиялық пен экзогамиялық некелесуден бұрын пайда болған. □

Тұтастай алып қарағанда қазақтың көне эпостарында мифтен гөрі ертегілік сарын басымдау көрінеді. Оның себебін ежелгі мифтердің этнографиялық негізі көмескі тартып, мифтік дәуірдің бұрынырақ артта қалуымен байланысты деп ойлаймыз.

Мифтер ежелгі адамдардың жәй қиялдан тудырған мұрасы емес, олардың дүниетанымын, айнала қоршаған ортаға көзқарасын бейнелейтін реалды шындықтың көрінісі. Анығырақ айтқанда миф оқиғасы – ерте замандағы түсінік бойынша өмірде болған шындық.

Ал, тұрмыс-тіршіліктен, әдет-ғұрып пен ритуалдан, жалпы шындық негізден ажыраған мифтер көбінесе ертегіге айнала бастайтындығы кеңінен мәлім.

Көне эпостарда бергі заманның шындығына, жалпы эпос сюжетіне қарама-қайшы келмейтін мифтердің ғана іздері сақталған.

Қаһармандық эпос өзіне дейінгі көне эпостың бай эпикалық тәжірибесін, жалпы ауыз әдебиетінің ең көркем тәсілдерін, жеткен биігін өз бойына сіңіру арқылы қалыптасты. Қоғамның дамуына байланысты ежелгі адамдардың дүниетанымында, көзқарасында үлкен өзгерістер болды. Мифтік сананың орнына өмірдегі құбылыстарды, табиғат дүниесін өз қалпына ұғыну, тарихи ойлау жүйесі қалыптасты.

Бұрынғы жекелеген рулар мен тайпалар халық болып құрала бастады. Күн көру кәсібі мал, немесе егін шаруашылығына негізделеді. Алайда бұл өзгерістердің барлығы да оп-оңай іске аса қойған жоқ, ұзақ тарихи даму кезеңдерін бастан өткерді. Қоғамдағы, адамдар өміріндегі өзгерістер эпостық шығармаларға да жаңа талаптар қоя бастады. Олар елдің еркіндігі, халықтың мүддесі мен бірлігі үшін жүргізілген күресті жаңа дәуірдің түсінігіне лайықты бейнелеуге тиіс болды.

Сөз жоқ, мұндай монументалды үлкен жырлар бұрынғы көне

---

□ Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары, Алматы, 1975, 18-б.

эпостың дәстүріне сүйену арқылы дүниеге келуі мүмкін еді. Оған біз жалпы жинақтау арқылы көз жіберіп көрейік:

- Көне эпостағы қаһарманның үйлену мақсатындағы түрлі жорықтары батырлық жырда да эпикалық сюжеттің үлкен бөлігін құрайды. Алайда батырлық үйлену мұнда архаикалық жырдағыдай бірінші орынға қойылмайды. Қаһармандық эпостың негізгі сюжеті отан қорғау, сыртқы жауларға қарсы күрес идеясын нығайтуға қызмет етеді. Отбасы, қалыңдық үшін күрес соның бір себебі ретінде ғана қосымша роль атқарады;

- Анаеркі дәуірінің ерекшеліктеріне лайықты қалыптасқан әйелдер бейнесінің көне эпоста негізгі қаһармандар ретінде суреттелетіндігі белгілі /батырдың апасы, қарындасы, әйел-бақсылар, т.б./. Мұның кейбір өзгешеліктері батырлық жырда да сақталған; қаһарманға ат таңдауда, болашақты болжауда батырдың жары, қарындасы ерекше көзге түседі. Сонымен қатар, батырдың жауы ретінде бейнеленетін Мыстан кемпір де архаикалық эпостан бері келе жатқан көне бейне. Рас, әйел кейіпкерлердің қай-қайсысы болса да атаеркі қоғамның дамуына лайықты өзгерген. Олар ағасы, не інісі үшін кек алуға алыстағы жауға жорыққа аттанбайды, өз елінен, үйінен алысқа кетпейді. Мыстан кемпірдің де айлакер қулығы болмаса, батырларды қорқытатындай /мысалы, «Құламерген, Жоямерген» эпосындағы жеті басты жалмауыз кемпір/ қауқары жоқ;

- Архаикалық жырлардағы қаһарманның жүріс-тұрысын, жаумен жекпе-жекке шығуын, аттың шабысын шамадан тыс ұлғайтып, мейлінше көтермелеп суреттеу белгілі бір дәрежеде қаһармандық эпоста дәстүрге айналған. Дегенімен көне эпостағыдай аспан мен жерді біріктіре салу, көлден өту үшін екпін алуға үш айлық жолға кейін шегіну, т.б. мұнда жоқ. Көптеген қимыл-қозғалысқа, динамикаға толы эпизодтар бәсеңдетіліп, реалистік ұғымға жақындаған;

- Негізгі қаһармандардың аттарының ерекше жүйрік болуы, қысылған жерде адамша сөйлеп, батырға ақыл-кеңес беруі, адам өтпес жерлерден ұшып өтуі архаикалық жырлар үшін кең таралған дәстүр болса, оның көптеген белгілері қаһармандық эпосқа да арқау болған;

- Негізгі кейіпкердің тууы, ғажайып өсуі, түс көру, қасиетті күштер желеп-жебеп жүру /Ғайып Ерен Қырық Шілтен, кәміл пірлер т.б./ сияқты эпизодтардың эпикалық сюжетте маңызды роль атқаруы көне эпосқа да, батырлық жырға да тән.

Осы келтірілген салыстырудан анық байқалатыны – атам замандарда пайда болған жырлар мен қаһармандық эпостың сюжетикасы мен поэтикалық кестесінің сабақтас екендігі. Кезінде В.М.Жирмунский шығу негізі бір сюжеттердің түркі халықтарының фольклорында әр түрлі жанрлық формада кездесетіндігіне назар аударғандығы мәлім. «Алпамыс» жыры Орта Азия мен Қазақстанда қаһармандық эпос болса, Алтайда батырлық ертегі түрінде жырланатындағы атап көрсетіледі. Бұл да эпикалық дәстүрдің екі кезеңін – архаикалық және қаһармандық дәуірлердің генетикалық бірлігін, бірінің негізінде екіншісінің пайда болғандығын дәлелдейтін құбылыс.

Дегенімен эпостың бұл екі түрінің дәуірлері басқа, сондықтан да олардың сюжеттік моделінде, кейбір мотивтер және көркемдік кестесінде айырмашылықтар бар.

Батырлық жыр айнала қоршаған дүниенің тылсым күштерін білуді, қалыңдық үшін күресуді дәріптемейді, ел қорғау, жерін жаулардан азат ету идеясын алға ұсынады. Батырлардың алысатындары архаикалық жырлардағыдай түрлі ғажайып қас күштер /мыстан кемпір, дию, жын-шайтан, жезтырнақ, аждаһа, т.б./ емес, реалды адамдар, тарихи этностар. Әсіресе, көркемдік жинақтаушылық сипаты бар «қалмақтар», «қызылбастар» дейтін ұғымдар маңызды роль атқарады.

Эпос оқиғасының өрілуі, түрлі эпизодтар мен мотивтердің көркемделуі, сөйтіп тұтас сюжет құрауы сол эпостың идеялық, тақырыптық мақсатына байланысты. Осыған лайық эпостың мотивтері, ішкі детальдары да өзгеріп отырады. Батырлық жырдың бас қаһарманы елдің бостандығы үшін күрес жүргізетіндіктен оның төрт түлік мал асырап, ұлан-асыр жерді мекендеп отырған іргелі елі-жұрты бар. Көне жырлардағыдай елсіз аралды жалғыз мекендеп, аңшылықпен ғана күн көру бұған тән емес. Оның кейбір мүлдем өзгерген сілемдері «Қамбар батыр» жырында ғана сақталған.

Батырлық жырдың негізгі қаһарманы – асқан күш иесі. Бір өзі мыңдаған жаумен алысуға даяр. Дегенімен оның да әлсірейтін, түрлі қиыншылықтарға ұшырап, торығатын кездері болады. Мұндай жағдайда архаикалық жырларда магия, сиқыр күштер, болмаса көмекке келетін Таусоғар, Көлтаусар, Желаяқ сияқты қиял-ғажайып кейіпкерлер, ал ең ежелгі эпостарда тотемдік алғашқы ата-бабалар маңызды роль атқарса, батырлық жырда Бабай Түкті Шашты Әзиз, Қыдыр, Ғайып Ерен Қырық Шілтен,

Жеті кәміл пірлер, Арыстанбаб, т.б. көмекке келеді. Олар көбінесе батырдың түсінде ақ киімді, ақ сәлделі, ақ таяқты /кейде ақ не көк атқа, есекке мінген/ шал бейнесінде аян береді. Сөз жоқ, жебеушілер, /покрывитель/ архаикалық дәуірлерден бері келе жатқан көне бейнелер. Алайда батырлық жырларда олар ислам дінінің әсеріне ұшырап, мұсылман әулиелерімен атқаратын қызметі бойынша жақындасқан.

Көне эпоста кейіпкерлердің басқа кейіпке түсуі /тазша бала, жылаған нәресте, жолаушы, т.б./ ұзақ уақытқа өліп тірілуі сияқты мотивтердің жиі кездесетіндігі мәлім. Қазақтың батырлық жырында мұндай оқиғалар ығыстырылып / «Алпамыс», «Қарабек» жырларындағы қаһарманның еліне келгендігі өзгерген кейпі болмаса/, ұмыт бола бастаған, ал жекелеген белгілері архаикалық элементтерге айналған. Мыстан кемпірдің Алпамысқа у беріп, батырды «отқа салса жанбау, суға салса батпау» мотиві осы өліп, артынан тірілу оқиғасымен сабақтас болса керек.

Қаһарманға ат қою ежелгі салт бойынша үлкен оқиғамен байланысты. Көне эпостарда кейіпкер өсе келе алғашқы ерлік жасағаннан кейін ғана оған рудың ақсақалдары, я болмаса желеп-жебеуші пірлері ат қойған. Бұл салт «Қорқыт ата кітабында» да толық сақталған /мәселен, майданда бұқаны өлтіргені үшін жас батырға Бұқаш деген ат қойған/.

Қазақ жырларында батырдың желеп-жебеушілері жиналған топқа келіп, немесе ата-анасының түсінде аян беріп, батырға ат қояды. Алайда бұл мотив болашақ батырдың алғашқы ерлігімен байланысты емес, оған туғанда-ақ ат қойылады.

Бұлардан байқалатыны – түркі халықтарының қаһармандық эпосында батырға көне эпостан мұра боп қалған белгілер түрлі дәрежеде және түрлі сипатта екендігі. Әр халықтың өзінің тұрмыс-тіршілігіндегі өзгешеліктер, тарихи оқиғалар, әлеуметтік көзқарасындағы, дүниетанымындағы кейінгі айырмашылықтар үнемі қайнаған эпикалық дәстүрдің дамуына әсер етіп отырды. Қазақ эпосы да осындай жалпы типологиялық белгілерімен қоса, жалқылық, даралық сипатымен көрінетін тарихи мұра екендігі даусыз.

## БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ УАҚЫТ

### ЭПОСТАҒЫ УАҚЫТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Қазақ фольклорындағы уақыт пен кеңістік мәселелері бірлі-жарым жекелеген мақалалар болмаса, арнайы зерттелмеген. Оның басты себебі қазақтың жалпы дәстүрлі түсінігіндегі уақыт пен кеңістік өлшемдері тарихи, философиялық ұғымдар ретінде қарастырылмауынан. Ал жыл қайыру, мүшел, маусым, күнтізбе, ай, жыл атаулары, жаратылыс, қоршаған орта, т.б. туралы жарық көріп жатқан мәліметтер осы ұғымдардың тек қана заттанған көрінісі. Олардың ұлттық дүниетаныммен, көшпелі өмір салтымен байланысы мүлдем сөз болмаған деуге болады.

Уақыт пен кеңістік ұғымдарының дәстүрлі ұлттық сипаты алдымен фольклорда сақталған. Ежелгі мифтерден бастап эпостық жырларға дейін, наным-сенім өлеңдерінен қазіргі әңгімеге дейін халықтың уақыт пен кеңістік туралы түсініктері сан-тарау кезеңдерді бастан кешірді. Көркемдік ойлаудың тарихын уақыт пен кеңістік туралы ұғымдардың қалыптасу тарихынан бөліп алуға болайды. Түптеп келгенде бұл мәселені арнайы қарастырудың маңыздылығы мынада:

- халықтың дәстүрлі түсінігін, дүниетанымын, оның даму жолдарын анықтауға септігін тигізеді;

- ұлттық ойлау жүйесінің қыр-сырын, типтік ерекшеліктерін ажыратуға көмектеседі;

- көркемдік ойлаудың даму сатылары, уақыт пен кеңістік ұғымдарының түрлі сипаты толып жатқан жанрлардың қалыптасу, өсу жолдарын да көрсете алады;

- әдебиет пен өнердегі ырғақ, цикл, бейнелеу тәсілдері де уақыт пен кеңістік туралы түсініктердің тарихымен сабақтас.

- ауызша сөз өнері мен жазба әдебиеттің ара қатысы да осы ұғымдар арқылы ажыратылады.

Бұл айтылғандарды тарату үшін алдымен сол уақыт пен кеңістік ұғымдарын жіктеу қажет. Әдебиет пен өнерге қатысты оларды үш салаға бөлу қалыптасқан: 1/ реалды /физикалық/ уақыт пен кеңістік; 2/ концептуалды уақыт пен кеңістік; 3/ перцептуалды уақыт пен кеңістік. □

Реалды уақыт пен кеңістік бізден тыс объективті түрде болып

---

□ Зобов Р.А. Мостапаненко А.М. О типологии пространственно-временных отношений в сфере искусства //Ритм, пространство и время в литературе и искусства. Л., 1974. С. П.

жатқан құбылыстарға, олардың алмасу, орын ауыстыру өзгешеліктеріне қатысты. Адамзаттың ұғымында олар туралы түсініктің болуы да, болмауы да мүмкін. Реалды уақыт пен кеңістік шексіз.

Ал концептуалды уақыт пен кеңістік – табиғат, аспан денелері, қоршаған орта туралы біздің санамызда жинақталған ұғымдар. Бұл іс жүзінде реалды уақыт пен кеңістіктің санамыздағы үлгісі /моделі/ болып табылады және ондай үлгілер әмбеге таныс, көпшілік қабылдаған болуы шарт. Бұған, мәселен, әр халықтың өз өзінше қолданатын ай, күн календарын, мүшел, жыл санау, жыл қайыру ерекшеліктерін атасақ та жеткілікті.

Перцептуалды уақыт пен кеңістікке келетін болсақ, бұл ұғым адамдардың сезім-түсініктерінің, психологиялық сәттерінің өзгеріп отыруымен төркіндес. Мәселен, көркем шығарманың өз ішінде ғана жүріп отыратын уақыт пен кеңістікке қатысты адамдардың көңіл-күйінің өзгеріп отыруы осының айғағы.

Енді осы айтылған уақыт пен кеңістіктің үш түрлі өлшемі тұрғысынан көркем шығарманы алып көрейік. Реалды уақыт пен кеңістікте ол қатардағы бір материалдық /қағаз, не дыбыс түріндегі/ объект, концептуалды уақыт пен кеңістікте – реалды немесе ойдан шығарылған іс-әрекеттердің жинақталған үлгісі, соңғы перцептуалды өлшемде көркем образдың жиынтығы. □

Бүкіл адамзат қоғамының уақыт пен кеңістік туралы ұғымдарын, оның тарихын соңғы екеуінен іздесек болғандай. Себебі нақтылы бір көркем шығарманың ішіндегі субъективті уақыт пен кеңістіктен бастап, ұлттық ойлау жүйесіне дейінгі сан-салалы түсініктердің көрінісі, міне, осыларда жатыр.

Концептуалды және перцептуалды уақыт пен кеңістік категорияларының субъективті сипаты даусыз. Себебі олардың өмірде негізі болғанымен санадағы ұғымдар. Осыған байланысты олардың нақтылы көріністері де сан алуан. Алайда уақыт пен кеңістіктің біздің санамызда бейнеленген қандай үлгісі болса да олардың өзгешеліктері, өлшем-пішіндері реалды уақыт пен кеңістікке қарап анықталады, барлығы да соңғысынан туындайды.

Уақыт пен кеңістіктің осы айтылған түрлері әдебиет пен фольклордың ішкі табиғатын танып-білуде тым жалпылама жіктелген. Әсіресе нақтылы жанрлардың болмыс-бітіміне қатысты құбылыстарды ажырату үшін көркем шығармаға байланысты қойылуы біркелкі емес.

---

□ Сонда -14-б.

Мәселен, С.Ю. Неклюдов эпостық жанрдағы уақыт пен кеңістік категориясына арнайы тоқтала келіп, оны екі түрлі бағытта қарастыруды ұсынды. Бірі – тарихи-генетикалық бағыттағы ізденулер. Бұл эпостың пайда болған мезгілі, мекені, эпосты тудырған орта, тарихи шындық пен көркем шығарманың арақатысы, тарихи оқиғалардың көрінісі, яғни эпостың пайда болу, даму барысындағы белгілі бір тарихи кезеңдердің, қоғамдық ортаның мән-маңызын анықтау болып табылады. Екіншісі – шығарманың өз ішінде өрілетін, қаһарманды, оқиғаны белгілі бір мекенде және мезгіл аралығында бейнеленетін, көркемдік-поэтикалық қызмет атқаратын эпикалық уақыт пен кеңістіктің өзгешеліктерін арнайы қарастыру.<sup>1</sup>

Қазақ фольклортану ғылымында батырлық жырдың пайда болған дәуірі, сюжеті мен кейіпкерлерінің тарихи негізі, көне түркі және ноғайлы дәуірлеріндегі оқиғалардың, жер-су, кісі аттарының тарихи көрінісі азды-көпті сөз болып келе жатыр. Қазақ эпосының тарихи-генетикалық даму жолдары туралы жалпы тұжырымдар қалыптасты. Осының негізінде батырлық жырдың шығу, даму жолдары түрлі тарихи кезеңдерге жіктелді. Бұл бағытта жаңа ізденістердің жалғаса беретіні даусыз.

Көркем шығарманың бітіміне лайық өзара байланысқа түсіп, көркемдік қызмет атқаратын уақыт пен кеңістіктің бірлігін М.Бахтин *хронотоп* деп атаған /термин жаратылыстану ғылымынан алынған/. Ғалым оған мынадай сипаттама береді: «Әдеби-көркем шығармадағы хронотоп дегеніміз – уақыт пен кеңістік белгілерінің нақтылы бір бүтіннің табиғатына лайық бірлікте көрінуі. Мұнда уақыт қоюланады, сығылысады, сөйтіп көркемдігімен көзге түсетіндей дәрежеге жетеді; ал кеңістік болса шоғырланады, тарихтың, сюжеттің, уақыттың қозғалысына бағындырылады. Уақыттың белгілері кеңістікте ашылса, кеңістік уақытпен өлшеніп, уақыт арқылы ұғылады».<sup>2</sup>

Хронотоп жанр табиғатымен тікелей ұштасып жатқан ұғым. Жанр мен жанрлық түрдің анықтамасы, нақтылы көрінісі осы ұғыммен қарайлас.<sup>3</sup> Идеялық-көркемдік мақсатқа тәуелді уақыт пен кеңістіктің хронотоп ретіндегі қызметі сюжеттің өрілу жүйесінен, оқиғалардың орналасу тәртібінен, іс-әрекеттің жылдам, я болмаса баяу суреттелуінен, кейіпкерлердің мекенін

---

<sup>1</sup> Неклюдова С.Ю. Время и пространство в блине //Славянский фольклор. М., 1972. С.13.

<sup>2</sup> Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. М., 1975. С.234.

<sup>3</sup> Сонда, 235-б.

ауыстыруынан тундап жатады. Демек, бұл ұғым жанрдың тарихи пайда болған мерзімінен, шығармадағы тарихи оқиғаның бейнелеуінен гөрі оның ішкі көркемдік болмыс-бітіміне жақын. С.Ю.Неклюдовтың айтып отырған алғашқы зерттеу бағыты хронотоптың нысанасы емес, ол негізінен тарихи еңбектердің мақсатына лайық. Мұнда жанрдың шығуына қашан, қандай тарихи оқиға, орта, жағдай себеп болды, кейіпкерлердің прототипі кімдер, шығарма бізге тарих туралы қандай мәліметтер береді деген сауалдардың төңірегінде өрбісе, хронотоп көркемдік қоспалардың /компоненттердің/ қалыптасу, қызмет ету заңдылығымен қарайлас.

Уақыт пен кеңістіктің хронотоп ретіндегі қасиеті – тарихи поэтиканың объектісі. Ол өз алдына арнайы зерттеудің нысанасы бола алады.

Эпикалық тексті тұтас алып, оның ішінде бірлікте бой көрсететін уақыт пен кеңістіктің ерекшеліктерін қарастыру эпостың жанрлық болмысын, көркемдік кестесін сөз ету болып шығады. Эпостың көркемдік заңдылықтарына икемделген уақыт пен кеңістік ұғымдары да типтендірілген. Олардың қолданылуы жанрлық дәстүрмен сабақтас.

Көркем шығарманың ішкі ерекшеліктерімен астасып жатқан уақыт ұғымының жіктелу жолдары жанрдың құрылымынан, атқаратын қызметінен, орындалу /ауызша, жазбаша/ өзгешеліктерінен, сюжеттік-композициялық кестесінен туындайды. Осыған лайықты зерттеушілер уақытты поэтикалық күрделі мәселелерімен бірлікте алып қарастырады.

Мәселен, Д.С.Лихачев көркем шығармадағы уақыттың түрлерін былай жіктейді: 1/ сюжеттік уақыт, 2/ автор уақыты (жазба әдебиет үшін), 3/ орындаушы уақыты (ауызша әдебиет үшін), 4/ оқушы немесе тыңдаушы уақыты.<sup>1</sup>

Бұл көрсетілген уақыттың қай-қайсысы да грамматикалық категориялардың /шақ формасы/ аясымен шектелмейді. Оқиғалардың мезгілдік, мекендік орналасу тәртібіне байланысты осы шақ түрінде баяндалған жағдай өткен заманда болуы, өткен шақ түрінде баяндалған оқиғаның осы шаққа қатысты болуы ықтимал. Демек, гәп шығарманың ішкі құрылымында. Оның үстіне кейбір уақыт категориясы тек ишарат, меңзеу түрінде ғана көрінуі, болмаса оқиғалардың орналасу тәртібінен логикалық түрде туындауы мүмкін. Осының айқын бір мысалы ретінде эпосты тудырған дәуірдің бейнесін алып көрейік. Бұл ұғым сөз

---

<sup>1</sup> Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. М., 1979. С. 212.

жоқ уақыт өлшемін көрсететін бірер сөздердің аясына сыймайды.

Эпосты тудырған дәуір бейнесі тұтастай шығарманың болмыс-бітімінен келіп шығады. Ол әлеуметтік, саяси, заман, дәуір, тұрмыс-тіршілік, қоршаған орта туралы жырда көрінетін ұғымдардың жиынтығы. Оның үстіне дәуір бейнесі кейбір жанрларда /мәселен, наным-сенім өлеңдерінде/ мүлдем байқалмауы мүмкін.

Ендеше уақыт ұғымын жанрдың табиғатымен бірлікте қарауымыз қажет. Іс жүзінде жанрға лайық уақыт та өзінше жіктеледі. Осы тұрғыдан келгенде біз үшін батырлық жырдың өз ерекшеліктерін ескере келіп, ондағы уақытты арнайы зерттеген Б.Н.Путиловтың пікірі айрықша. Ол батырлар жырындағы уақытты былай жіктейді:

1. Баяндау уақыты /повествовательное время/
2. Сюжеттік уақыт /сюжетное время/
3. Дәуірлік уақыт /эпохальное время/.<sup>2</sup>

Б.Н. Путиловтың баяндау уақыты деп отырғаны Д.С.Лихачевтың автор, орындаушы уақыты дегеніне жақын. Рас, баяндаушының бейнесі әрқашан автор, не орындаушымен бір болып шыға бермейді. Мәселен, орындаушы бұрыннан жырланып келе жатқан жырды айтушы ретінде көрінуі де, болмаса сол жырды тұңғыш өзі орындаушы /шығарушы/ болып сөйлеуі де мүмкін.

Айтушы жырау Рахмет  
Мәзқожа қарттың баласы  
Халықтың шайыр ақыны.

**Көрұғлы – Р. 120.**

Назым ғып бір сөз шығардым,  
Бұрынғы сөзді доғардым.  
Болмаған соң мазасы.

**Алпамыс – С. А. 7.**

Жүсіпбек қожа жазғаны  
Жазбаққа көңілім қорытты.

**Алпамыс – Б. 106**

Қабдырахмет менің атым,  
Әр жерге мағлұм болған жазған хатым.  
Қайыпхан білмесеңіз баласы едім,  
Өзіне түсінікті арғы затым.

**Құламерген – М. 179.**

---

<sup>2</sup> Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. Л., 1988. С. 33.

Сюжеттік уақыттың ішкі ерекшеліктерін, көркем шығарманың өн бойындағы көрінісін әркім өзінше түсінгенімен, нақтылы бір шығармаға тиесілі, сюжетпен байланысты болатынын көпшілік ғалымдар мойындайды. Сондықтан да сюжеттік уақыттың зерттеушілер еңбегінде терминдік жағынан елеулі айырмашылығы жоқ.

Ал дәуірлік уақыттың ауқымы мүлде кең. Өткен заман, батырлар дәуірі, мифтік және тарихи мезгіл, әлеуметтік және тұрмыстық ахуал, міне, осылардың бәрі топталып келіп ерекше бір дәуірдің бейнесін жасайды. Эпикалық дәуірдің /эпическая эпоха/ осы өзгешелігін ескере келіп Б.Н. Путилов оны *эпикалық социум* аясында қарастырады.

Батырлық жырдағы «бұрынғы өткен заман» халық санасына терең ұялаған, ел-жұрт тарихындағы айрықша бір дәуір. Ол – қасиетті бабалар уақыты, батырлардың реалды түрде тарихта болған мерзімі. Сондықтан да бұл айрықша дәуір. Оның қадір-қасиеті бүтін шығарманың өн бойына тараған.

## ЖЫРЛАУШЫ УАҚЫТЫ

Жырлаушы /орындаушы/ уақыты эпостың ішкі оқиғаларында, сюжеттік құрылымына тікелей қатысты емес. Осыдан болар жырлаушы бейнесін оқиға желісінен қашан да даралап алуға болады. Орыстың былиналарында жырлаушы уақыты байқала бермегендіктен Д.С.Лихачев фольклорда жырлаушы /автор/ уақыты жоқ деген қорытындыға келеді.<sup>□</sup>

Алайда жырлаушы уақыты пен эпос қаһармандарының іс-әрекет етіп жатқан уақытының үнемі сәйкес келе бермейтінің ескерткен ғалым Б.Н.Путилов болатын.<sup>2</sup> Мұндай сәйкессіздіктің тек сюжеттік уақыттың ауқымында ғана емес, одан тыс та байқалынатынын Ф.М.Селиванов анықтады.<sup>3</sup>

Қазақ эпосында сюжеттен тыс жырлаушы уақыты бар екенін ажырату қиын емес. Демек, орыс былиналарында бірден байқала бермейтін осы өзгешелік қазақ эпосының өзіндік бір бітімі деуімізге әбден болады.

---

<sup>□</sup> Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. М., 1979. С. 237.

<sup>2</sup> Путилов Б.Н. Эпическое сознание и эмпирическая достоверность // Прилози за книжевност, език, историу и фольклор. Београд. 1970, кн. XXXVI. св. 1-2. С. 14-18.

<sup>3</sup> Селиванов С.М. К вопросу об изображении времени в былинах // Русский фольклор. Т. XVI., Л., 1976. С.74.

Қазақ жырау, жыршыларының қырғыз, қарақалпақ халықтарындағы сияқты өзі орындағалы отырған жырға қатысын, ондағы баяндайтын оқиғаларға көзқарасын білдіруі ежелден келе жатқан дәстүр. Сюжетке тікелей байланысы жоқ «жыр желісі» аталып кеткен осындай сөздің /кіріспе толғау/ басты қызметі – айтушының өзі білетін жырлар туралы тыңдаушыға қысқаша мағлұмат беру, солардың ішінен бірін таңдауға мүмкіндік жасау, жырдың айтылуы қанша мерзімге созылатынан хабар беру. Сөйтіп, түрлі көңіл-күйде отырған тыңдаушылар тас-түйін болып жұмылып, айрықша бір өткен дәуірге қарай зейін қояды, орындаушы мен тыңдаушы арасында тығыз қарым-қатынас орнайды. Міне, осының нәтижесінде ғана жаңа жыр туатындай, болмаса дәстүрлі жырдың қайта түлейтініндей жағдай қалыптасады. Жыр желісінің батырлар жырындағы осы өзгешелігін зерттеушілердің көбі айтқан.<sup>4</sup>

Алайда жыр желісі уақыт пен кеңістік тұрғысынан сөз бола қойған жоқ. Біздіңше, эпосты жырлап отырған адамның уақыт туралы түсінігінің, «бұрынғы өткен заманға» тыңдаушылардың қалай қарайтынының біршама жинақталған жері осы.

Жыр желісі көбінше дара орындалып, негізгі жырмен екі арада қысқа үзіліс болуы мүмкін. Осы себепті оның көлемі де біркелкі емес.

Көлемді жыр желісінің үлгілерін кезінде Нұрым, Нұртуған, Марабай, Мергенбай, Жамбыл, Нұрпейіс, Рахмет, Жалғасбай, т.б. айтқандығы туралы мәліметтер сақталған. Оларда ақын, жыраулар өзі білетін жырларын тыңдаушыға қысқаша сипаттап, солардың ішінен бірін таңдауға мүмкіндік берген.

Ендеше жыр желісін айтқан ақын, жыраулардың қай-қайсысының да көп жыр білетіндігі даусыз. Ал бірде-екілі жыр білген орындаушылардың ұзақ жыр желісін айтпағандығы да анық. Алайда мұнда да жыр оқиғасына, оның дәуіріне өзінің қатынасын білдірмеген орындаушылар кемде-кем. Қара сөз бен өлең түріндегі бір-екі ауыз өң сөздер жалпы қазақ эпосының көбінде кездеседі.

Мұндай дәстүр эпикалық орта бар кезде кең тараған болса керек. Өкінішке қарай, жырлаушылардың өз басына тиеселі

---

<sup>4</sup> Қараңыз: Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. 488-б.; Исмайлов Е. Ақындар. Алматы, 1956. 245-б.; Тәжібаев Ә. Шығармалар жинағы. 5-т., Алматы, 1981. 289-291-б.; Нұрмағанбетова О. Халық жырауы Ғылым академиясында // Қазақ әдебиеті. 1958. №9; Соныкі. Казахский героический эпос «Қобыланды батыр». Алматы, 1988. С. 177-186; Абдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. Алматы, 1972. 20-б.

сөздерді жыр оқиғасына қатысы жоқ деп түсінгендіктен, эпосты жазып алушылар олардың көбін тастап кетіп отырған. Оның үстіне жыршы мен тыңдаушылардың арасындағы шығармашылық тығыз қарым-қатынасты жазып алушы көп жағдайда орната алмайды. Жырды нақышына келтіріп орындайтын табиғи жағдай тумаған кезде алдымен ол жыр желісіне кері әсер ететінін байқау қиын емес. Себебі жыр желісі өзге емес, дәл тыңдаушыларға қарата айтылатын, солардың көңіл-күйін дөп басу, жырды беріле тыңдауға даярлау мақсатында айтылған.

Жыршының өзіне қатысты мәліметтердің біразы батырлық жырдың экспозициясында да кездеседі. Жырдан оқшау тұрмағандықтан бұлардың көбі бізге келіп жеткен. Бір ескертетін жағдай жыр баспадан шыққан кезде де мұндай өлең жолдарының алынып тасталатыны байқалады.

Сонымен, қолда бар жыр желісінің үлгілерінде де, жырдың экспозициясында кездесетін орындаушыға қатысты өң сөздерде де алдымен байқалатыны – жырлаушының /кейде шығарушының/ заманы мен бұрынғы батырлар дәуірінің бір еместігі, арада мерзімдік айырманың бар екендігі.

Болса егер расы,  
Біздегі болғай дуасы.  
Бекер болса зарада,  
Жазғанға болар жазасы.  
Өркімдер сөз шығарған  
Келгенінше шамасы.  
Нанбағанға амал жоқ  
Табылмайды дауасы  
Нанғандарға осылай  
Бұрынғылардың жобасы.

**Алпамыс – С. А. 7.**

Батырлар қылған қайратын  
Қартаймай тұрып әріде  
Ертедегі ерлерден  
Нұсқа болып соңғыға...

**Қамбар – Д. 36.**

Солардан қалған сөзімді  
Баян қылып айтайын.

**Қамбар – Қ. 9.**

Бұрынғы елдің барында,

Өткен елдің заңында,  
Сол ерлердің тұсында

**Сайын – Р. 347.**

Менің айтқан бұл сөзім  
Өтірік емес, жігіттер,  
Шежіренің санасы.

**Қарасай-Қазы – Қ. 171.**

Ертедегі елдің шағында  
Бұрынғы ноғай тұсында  
Рас болса айтуы...

**Қарабек – Б. 163**

Батыр үшін арнадым  
Тыңдасын жұртым бір дастан

**Сағындық – Қ. 1.**

Бұрынғы өткен заманда  
Дін мұсылман аманда.

**Алпамыс – Ш. 531.**

Жырлаушы уақытының эпикалық дәуірден басты айырмашылығы –екеуінің екі мезгілде болғаны ғана емес, батырлар дәуірі мен жыршы /орындаушы/ дәуірінің арасында үлкен айырма болуынан. Жырлаушы үшін эпостағы оқиға болған шындық, ал тыңдаушы үшін ол дәуір жалған болуы да мүмкін: «нанбағанға амал жоқ», «нанғандарға осылай», құлақ салып тыңдаған, жамандық көрме тіріде», «рас болса айтуы» т.б.

Демек, бұрынғы өтіп кеткен эпикалық уақыт пен тыңдаушы уақытын бөліп тұрған да ол екеуін /шындық пен оған күмән келтірушінің арасын/ байланыстырып тұрған да осы жырлаушы. Ескерте кететін тағы бір жағдай – жырлаушы еш уақытта жыр оқиғасын өз көзімен көрген, соны баяндап отырған кісі бейнесінде көрінбейді, өтіп кеткен айрықша бір дәуірдің білгірі ретінде сөйлейді. Бұл тегінде эпикалық жанрдың бейнелеу ерекшелігімен астасып жатқан өзгешелік. Сюжеттік уақытқа қатысы болмағандықтан жырлаушы қашан да жалпы тарихи дәуірге деген өз түсінігін айта алады және ол жырдың басында болуы шарт емес. Өткен батырлар дәуіріне, олардың ісіне деген көзқарасын жырлаушы жыр соңында да кейде жырдың арасында да білдіріп отырады.

Тыңдаушылар мен бұрынғы тарихи дәуірдің арасындағы алшақтықты бірден-бір жақындататын осы жырлаушы уақыты

екенін тағы да мынадан көреміз. Жырау, жыршы ұғымында бұл дүние ешкімге опа бермейді, ол – өткінші, «бес күндік тұрақ қана» /**Көрұғлы С. 205**/. Бұрынғыларға да, кейінгілерге /тыңдаушыға/ де осы өткінші жалған дүние ортақ. Міне, осы қысқа дүниенің соңы уақыттан тыс тұр. Өлімге ешбір уақыт өлшемі жүрмейді. Ол – мәңгілік уақыт. Қай дәуірдің де теңесетін жері осы.

Опасыз сұм дүние-ай,  
Біздер кімнің еркесі  
Соларды да жалмаған?

**Көрұғлы – О. 354.**

Қызыл да жібек қырмызы  
Олар да қалар бір күні  
Ақ төстерін аңқайтып,  
Ақ құс қайтар бір күні.

**Қамбар – Қ. 9**

Солардан өткен сұм дүние,  
Түбіңе сенің кім жеткен?

**Көрұғлы – Ө. 351.**

Қалмаған өлмей бірі де,  
Ойлағанға осындай.  
Опасыз жалған дүние.

**Қамбар – Д. 36.**

Дүниеде ойлап тұрсам әуре-сарсаң,  
Жігіттер тәубе қылғын қайда барсаң.

**Дотан – М. 145.**

Өз уақыты мен жырға арқау болған бұрынғы уақыттың арасындағы айырманы жыршы, жыраулар көбінесе жырдың соңында жымдастырып, айырмасын білдірмей жіберуге әрекеттенеді:

Тамам болды бұл қисса осыменен,  
Дүниенің ісіміз жоқ қасыменен.  
Тірлікте көрген істің бәрі қызық  
Ажалдың кім дос болар тасыменен

**Күреңбай – К. 26.**

Дүниеге келіп кетті не асыл зат,  
Жаманнан дат, жақсыдан қалады хат,  
Бір дұға оқыңыздар әруағына  
Қамбардың болып жатсын көңілі шат.

### **Қамбар – Д. 78.**

Өзінен перзент болмапты,  
Тумапты пері қыздары.  
Жүз жиырма жыл жамап,  
Дүниеден өткен ақыры.

### **Көрұғлы – Р.120.**

Кім біліпті дұрысын,  
Білмесе анық бір құдай.  
Жыл артынан жыл өткен,  
Талай адам жоқ болып,  
Жастар өсіп ер жеткен.

### **Алаңқай – Қ.3.**

Жігіттер, жамандықты қылмаңыздар,  
Ханбибінің қылығынан ойлаңыздар.  
Жамандық өз басына келіп қалса,  
Байқамай ғапілдікте қалмаңыздар.

### **Қарабек – Н. 141**

Арманда аһ адариға-ай кетті-ау солар  
Тұщы өмір, тәтті дәуір болмай нәсіп.

### **Құл – Ш. 523.**

Жырлаушының бұрынғы мен кейінгі дәуірді теңестіріп отырудағы мақсаты батырлар ісіндегі небір ғажайып мифтік, ертегілік, аңыздық оқиғаларға иландыру; сондай ерлікті бастан кешірген ерлер де дәл қазіргідей пенде боп дүниеден өткен дейтін ғибрат айту. Бұл, сөз жоқ, тыңдаушыны бұрынғы батырлық дәуірге ортақтастыра түседі: арадағы уақыт алшақтығы толық жойылмаса да, біршама ұмыт болды.

Осының тағы бір айқын дәлелі – біраз жырларда сюжеттік оқиға аяқталып, батырлар өз мақсатына жеткеннен кейін де, олардың сүйегі қайда жатыр, басына қандай белгі тұрғызылды, ұрпақтары кім, олар қазір қайда дейтін сұрақтардың төңірегінде сөз қозғалады /қараңыз: **Қобыланды М. М.** 255-256; **Тарғын М.** 142; **Сайын Р.** 391; **Көрұғлы Р.** 120; **Аңшыбай М.** 45, т.б./.

Жырлаушы тарапынан баяндалатын осындай соң сөздің қызметі бір жағынан батырлардың өмірде шын болғандығына тыңдаушының көзін жеткізу болса екіншіден, айырықша сипаты бар эпикалық дәуірді тыңдаушыға мейлінше жақындата түсу. Сюжеттен тыс тұрған жырлаушы уақыты эпикалық дәуірге мұнан артық жақындай алмайды. Оны басты себебі мынада: жырлаушы

оқиғаны көрген, соның куәсі болған адам ретінде көрінсе, тыңдаушы оның сөзіне сенуден қалады. Аттың ұшуын, батырға тіл қатуын, батырдың күн санап өсуін, мыңдаған жаумен жалғыз алысуын, т.б. тыңдаушының замандасы болып отырған жырлаушының өз көзімен көруі мүмкін емес. Әңгіме тікелей өзіне тірелгенде жырлаушы тек бұрынғы жыршы, жыраулардың сөзін жеткізуші, болмаса сол ескі сөзді жаңадан жырға қосушы болып қана көріне алады.

Адайда ақын Қалнияз,  
Алаңқайды жыр еткен  
Қалниязға ұстазы,  
Өгізбай жырау үйреткен.  
Солардан қалған нұсқаны  
Үйреніп Сабыр сөз еткен.  
Сабыр айтқан ізбенен  
Өмірзақ мұны түзеткен,  
Осымен жұртым ырза бол,  
Тыңдаған жырды ізетпен.

**Алаңқай – Қ. 218.**

Бәрін де көрген көзім жоқ,  
Ескілікті сөз еді,  
Осылай болып келеді...

**Әуез – Б. 666.**

Оқығаным жоқ еді  
Бақтыбай ақын өлеңі.  
Құлағымда қалған-ды,  
Осымен жыр тәмам-ды.

**Едіге-Нұран – Б. 56.**

Екі түрлі бұл дастан  
Жүсіпбек қожа жазғанын  
Жазбаққа көңілім қорытты.

**Алпамыс – Б. 106.**

Ел аңыз ғып айтады,  
Қазтуған ердің өмірін.  
Естіген елден ертектей  
Жыр қылып ұзын-ырғасын  
Өрдім жырдың өрімін.

**Қарғабойлы, Қазтуған – М. 102.**

Эпикалық уақыт – батырлардың өмір сүрген дәуірі де, жырлаушы уақыты да – сол дәуірді жырға қосқан мезгіл. Ендеше эпикалық дәуір жырлаушы түсінігінде реалды уақыт та, оның өз дәуірі өткенді бейнелейтін, соны үлгі тұтатын уақыт. Сондықтан да, сөйлейтін сөз жәй сөз емес, батырлар ісіне лайық болуы керек. Мәселе жырдың көркемдігіне ғана емес, гәп іс-әрекет уақытына бейнелейтін уақыт сәйкес келуі қажет.

Сөз шумақтап оралып,  
Бір сөзден бір сөз таралып.  
Желді күнгі жалындай  
Сөзім бір кетсе қозданып.

**Көрұғлы – Ж. 272.**

Ал сөйлейін тіл мен жақ  
Тыңдасын халқым құлақ сап.

**Едіге-Нұран – Б. 1.**

Аяңдамай желейін,  
Көңілімді алты бөлейін.  
Қай сапардан келейін.

**Шора – Ө. 1.**

Қызыл тілім, сөз сөйле,  
Ойдан-қырдан бас қосып,  
Әлеумет келді құралып.  
Өзге өтірік болса да  
Жалғаны жоқ бұл анық.

**Көрұғлы – Р.45.**

Іс-әрекет уақыты мен жырлау уақыты бір-біріне жақын болған тұста эпос шындықты мейлінше дәл бейнелейді. Мұндай жағдай жырда диалог, монолог, батырлардың жекпе-жегі, оқ ату, т.б. түрінде кездеседі. Бұл жерде эпос сахна өнеріне жақындап, жырды айтудың ойындық /рольдік/ сипаты артады. Сөйлеу – іс-әрекетті баяндау емес, соның өзін бейнелеу болып шығады.

Осы тұста кездесетін жырлаушыға тиеселі сөздер де бар. Алайда жыр басы мен соңындағы жырлаушы уақытының бұл жердегі көрінісі мүлде бөлек. Атап айтқанда жырлаушы сөзі іс-әрекетке жақындағандықтан ол екеуінің арасындағы уақыт айырмашылығы мейлінше көмескі тартады, тіптен байқалмайды десе де болғандай. Сондықтан да бұл уақытты Д.С.Лихачев орындау уақыты /время исполнения/ деп атап, оны жырлаушы

уақытынан бөліп қарайды. □

Ал Б.Н.Путилов оқиғамен араласып кеткен жырлаушы сөзін әңгімеші кейіпкер /персонаж-рассказчик/ тұрғысынан бағалап, оны сюжеттік уақыттың түріне жатқызады.<sup>2</sup> Расында да кейбір тұста баяндаушының уақыты болып жатқан оқиғамен тұтасып кеткенін көреміз. Ф.М.Селиванов та осы пікірмен сабақтас эпостың жырлаушы /автор/ уақытында қатысты сәттерін баяндаушы және орындаушы уақыты деп екіге жіктейді.<sup>3</sup>

Қазақ эпосында осылардың екеуі де кездеседі. Оқиға мен оқиғаны, мотив пен мотивті бір-біріне жалғастырып отыратын, сюжеттің аясында қызмет атқаратын жырлаушы сөзінің уақытын өз кезегінде қарастырамыз. Ал қазір жырлаушы уақыты мен эпикалық уақыттың бір-бірімен жақын келетін тұсына тоқталайық.

Іс-әрекет пен оны бейнелеу уақыты бір-біріне жақын болған кезде жырлаушы уақытты батырлар әрекетімен астасып, арадағы айырмашылық байқалмай кетеді деуге болады.

Енді бұлар ер жетсін,  
Қояйын біраз доғарып.

**Алпамыс – С. А. 20.**

Келтіреміз кейінірек  
Алпамыстай баланы.

**Алпамыс – Б. 124.**

Тұра тұрсын төртеуі,  
Ойын-күлкі сауықпен.  
Ештеңе жоқ есінде  
Құлақ салып тыңдауға  
Ерінбесең жігіттер,  
Өзімнен келер жел сөздің  
Аянайын несіне?!

**Қобыланды – М.М. 129.**

Қиянатсыз алып келіп қосылды-ай,  
Шын асылзат осы болар, жігіттер.

**Көрұғлы – Р. 92.**

Бұлар тұрсын осылай,  
Азғана әңгіме Қамбардан  
Бастап енді құралық.

---

□ Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы, С. 212, 234-236.

<sup>2</sup> Путилов Б.Н. Эпические сознание и эмперическая достоверность, С. 14.

<sup>3</sup> Селиванов Ф.М. К вопросу об изображении времени в былинах, С. 74.

**Қамбар – М. 101.**

Жамағат оқығаның ғайып етпе,  
Сөз қылдым Дотан сынды кемеңгерді.

**Дотан – М. 202.**

Бұл сөзімнің ішінде,  
Өтірік жоқ өңдері.

**Көрұғлы – Е. 145.**

Жырлаушы сөзі кейде кекету, мысқылдау, әзіл-оспақ  
мағынасында да ұғылады:

Жұмыстың бәрі кеңіді  
Ұя та болсаң бар енді.

**Алпамыс – С. А. 37.**

«Батыр болсаң сондай бол»,  
Ананың басын жарады.

**Қарабек – Н. 293.**

Жамал қыз бұрын келіп күтіп тұрған,  
Жігіттер таласпаңдар ер бағына.

**Тарғын – Б. 159.**

Бұлардың да жырлаушы сөз екені дау тудырмайды. Алайда мұнда уақыт жағынан жіктелу жоқ. Жырлаушы оқиғаның ішіне енген, оқиға дәл қазір болып жатқандай, жырлаушы ішінде жүргендей әсер қалдырады. Сөз жоқ жыр басындағы және соңындағы белгілі бір уақыт ара қашықтығынан батырлар дәуіріне көз жіберіп отырған жырлаушы бұл емес. Себебі батырдың түс көруі, сөйлесуі, туған-туысымен қоштасуы, ашулануы сияқты нақтылы іс-әрекеті, көңіл-күй жағдайлары араға дерексіз алыс уақыт салып қойып бейнелеуге болмайтын құбылыстар.

Жыр басында және соңында жырлаушының эпикалық дәуірден алшақтап отыруының себебі эпостағы адам сенгісіз оқиғалардың өзгеше бір дәуірде болатынына сендіру мақсатымен тамырлас екенін жоғарыда айттық. Ал жыр оқиғасының қалың тізбегіне келгенде жырлаушы уақытында тыңдаушының шаруасы жоқ. Бұл кезде арадағы уақыт алшақтығы ұмытылады. Міне, осы тұста жырлаушы оқиғаның ішіне өзі де еніп, орындау уақыты мен іс-әрекет уақыты бір-бірімен қарайлас болған тұсында кейіпкерлердің роліне енгендей, солардың дауысымен сөйлеуге әрекеттеніп жырдың бейнелеу әсерлілігін арттырады.

Мұндай өзгешелік өзге жанрларға тән. Мәселен, ертегішінің уақыты эпос жырлаушысымен ұқсас. Бірақ ертегіші басында да,

соңында да өзі баяндаған ертегі оқиғасын жоққа шығарады, оған сендіруді тіпті мақсат етпейді.

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде...  
Бар екен де, жоқ екен, аш екен де тоқ екен...

Ал эпостың жөні бөлек. Мұның оқиғасы соны жырлаған адам үшін болған шындық. Ол ертегі емес.

Ханнан қорлық ел көрді  
Демесін біреу ертегі.  
Міне, осындай әңгіме  
Елестетер ертені.

**Көрұғлы – Ж. 276.**

Әрине батырлық жырда толық мағынасындағы авторлық уақыт жоқ. Болуы да мүмкін емес. Сондықтан ол фольклорлық мұра. Ал нақтылы эпостық жырды шығарған автордың аты-жөні белгілі болса да оның авторлығының осы жырлаушы уақытынан басқаша көрінетініне сене қою қиын. Себебі нағыз авторлық уақыт әдебиетте ғана болады. Оқиғаны баяндау үшін қандай ара қашықтықты, қандай межені таңдап алады – ол жазушының еркі. Сондықтан да жазба әдебиетіндегі авторлық уақыт категориясы сан түрлі. Әрбірден кейін ол жазушының стильдік, танымдық ерекшелігінен туындап отырады.

Ал батырлар жырындағы жырлаушы /баяндаушы, орындаушы/ уақыты фольклорлық жанрлардың сан ғасырлық дәстүріне лайықты жинақталып, белгілі бір тұрақты сипатқа ие болған.

Біреу сөз тұтастанған /циклизацияланған/ эпостардағы жырлаушы уақыты туралы.

Бізге келіп жеткен Мұрын жыраудың «Қырымның қырық батыры» топтамасында жырлаушы уақытының сипаты өзге эпостармен біртектес. Олардың бірсыпырасы жоғарыда сөз болды.

Таңғаларлық жағдай – Мұрын жыраудан жыр желісі жазылып алынбапты. Жалпы ол туралы мәліметті кездестіре алмадық. Ал мұншама көлемді жырлардың алдында жыраудың қарасөз түрінде болса да оларға жолашар сөз айтпауы мүмкін емес. Оның үстіне «Қырымның қырық батыры» бір-бірімен тығыз байланысты топтанған жырлар емес пе?! Осы сөзіміздің тағы бір айғағы жеке-жеке жырлардың алдында жыраудың кіріспе сөздері кездеспейді десе де болғандай. Олай болатыны заңды да. Тұтастанған

жырлардың әр қайсысының алдында жыраудың эпикалық дәуірге қатысын білдіріп отыруы шарт емес. Басында бір рет айтылса да жеткілікті.

Қайта, жырдың басына қарағанда соңында жырлаушы уақыты басынырақ көрінеді.

Қиссасы Аңшыбайдың тәмәм болды  
О кезде жаугершілік заман болды.  
«Ата көрген оқ жонар» дегендейін,  
Немересі бастады талай қолды.

**Аңшыбай – М. 45.**

Естігенді елге жаймасам,  
Алдына беріп қоймасам,  
Басылмайды көңілім.  
Тағы да талай жырлармын.  
Жыр кестесін сырлармын,  
Жетсе егер өмірім.

**Қарғабойлы Қазтуған – М. 1027.**

Деректерге қарағанда Мұрын жырау өз жадынан ағыл-тегіл жыр шығармаған. Алайда ол өлең-жыр шығара алмайды деген сөз емес. Мұрын жырау Нұрым, Қашаған, Мұрат сияқты ұстаздары арқылы эпикалық дәстүрді айырықша құрметтеген. Ұлы жыраулардан қалған мұраны ол өзінше «түзетуді» қол санамаған. Жыраудың: «Сол жиған-тергендерімді /жаттап алған жырларымды- Ш.И./ шашып-төгіп алмай сақтасам болды деп жүрген жанмын ғой»<sup>□</sup>, - деуі содан.

Мұрынның эпикалық жырларынан тыс бірлі-жарым өлеңі мен айтысында батырлардың ерлігін жырға қосуды мақсат етіп жүргендігі байқалады. Мұрынның Нұрымға «Қырымның байтақ ерінен, сұрап сөзді алуға» дегеніне қарағанда осыған ұқсас сарынды «Қырымның қырық батырын» жырлау алдында да айтуы әбден мүмкін.

Тағы бір ескертеріміз – Алматыға келіп жаздырғанға дейін жеке басына түскен қайғы-қасіретке байланысты Мұрын жырау қырық жыл бойы тыңдаушылармен сирек кездесіп, олардан қол үзе бастаған. Бұл сөз жоқ, тыңдаушылармен үндесіп отыратын жыр желісінің тағдырына тікелей қатысты мәселе.

---

<sup>□</sup> Хакімжанов М. Мұрын жырау туралы есімде қалғандардан қосымша // Батырлар жыры. Алматы. 1990. 6-т., 250-б.

## СЮЖЕТТІК УАҚЫТ

Батырлық жырдың поэтикалық өзгешелігін сипаттайтын мерзімдік ұғымдардың бірі – сюжеттік уақыт. Бұл да жырлаушы уақыты және эпикалық уақыт сияқты өзінің көптеген сыр-сипатымен көрінеді. Қаһарман іс-әрекетінің өрбуінен туындайды. Сюжеттік уақыт эпостағы өзге де мезгілдік-мерзімдік өлшемдерден тығыз байланысты.

Сюжеттік уақыт ең алдымен эпикалық уақыттың ішінде, соның аясында қызмет етеді. Оның басты ерекшелігі де бас-аяғы бүтін эпикалық дәуір ұғымдарымен төркіндес.

Эпос сюжетін құрайтын оқиғалардың болған уақыты, бір-бірімен мерзімдік ара қашықтықта орналасуы нақтылы тарихи реалды уақытқа қарап емес, жалпы эпикалық дәуірдің болмыс-бітіміне қарайлас келеді. Бұл жағынан қарағанда сюжеттік уақыттың шындыққа қатыстылығынан гөрі көркемдік сипаты басым. Сюжеттік уақыт – эпос поэтикасының, композициялық құрылымының табиғатымен астасып жатқан көркемдік уақыт.

Жырда бейнеленетін оқиғалардың орналасу тәртібінен, олардың мезгілдік өлшемдер бойынша байланысу жүйесінен туындайтын ұғымдардың жиынтығын сюжеттік уақыт деп атауымызға болады. Сюжеттен тыс іс-әрекет қаһармандық эпоста жоққа тән. Ал іс-әрекет бар жерде уақыт өлшемі міндетті түрде болады. Себебі, кез-келген іс-әрекет, оқиға тізбегі уақыт бағанасына орналасып, үнемі көкейде тұратын «неден кейін не болды» деген ретпен жүріп отырады. Ол үшін оқиға мен оқиғаның, эпизод пен эпизодтың арасында нақтылы мерзімді көрсету шарт емес. Бір оқиғадан екіншісінің туып жатуы, себептен салдар, әрекеттен нәтиже шығатыны уақыт ұғымымен тығыз байланысты. Эпоста бұлар уақыт жағынан, мезгіл жағынан қатар қоюға болмайтын, бірінен кейін бірі болатын жағдай.

Демек, сюжеттік уақыт өлшемі тек мезгілді меңзейтін өлшемдік мәні бар сөздермен ғана шектелмейді. Ол – бүкіл оқиғаның алмасу, орналасу, бірінен екіншісінің өрбу заңдылығымен бірлікте жүретін тұтас поэтикалық жүйе.

Ал қаһармандық эпостағы сюжеттік уақыттың эпикалық дәуірмен байланысты болу себебі мынада: барлық оқиғалардың әлеуметтік астары, қоғамдық нышаны мен өткен мезгілі – тұтас бір эпикалық дәуір аясы. Сюжеттің басы да, аяғы да сол дәуір.

Оқиғаның пайда болуы дәуірге тән қалыпты жағдайдың бұзылуынан. Қалыптасқан тыныштық пен саяси өмірдегі тепе-теңдік ауытқыған жерден тартыс бас көтереді. Сюжеттің басталуы /экспозиция/ осы жағдайға тікелей тәуелді де, аяқталуы /тартыстың шешілуі/ бұрынғы жағдайдың /демек, бұрынғы мерзімнің де/ қайта орнауы болып шығады/ оқиға басталған жерге қаһарманның қайта келуі, туған-туыс, ата-ана, сүйген жар т.б. азат ету, бұрынғы әділ қоғамның қайта орнауы, т.б.<sup>1</sup>

Тұтастай алғанда эпикалық дәуір өзгермелі емес, оның бас-аяғы тұйық /замкнутое время/. Ол тұрақты тыныш уақыттың белгі-символы іспеттес. Ал сюжеттік уақыт осы дәуір ішіндегі тыныштықтың, қалыпты жағдайдың уақытша «бүлінген» мезгілі.

Осындай жіктеуден аңғаратынымыз – эпикалық уақытты өз бетімен жеке дара алып қарағанда оның мезгілі қозғалыссыз, оған реалды уақыттың өлшемі жүрмейді. Эпикалық уақыттың ішінен мезгілдің ауысуын, маусымдық алмасулардың /көктем, жаз, күз, қыс/, соған лайық адамдардың тіршілігіндегі өзгерістерді байқау қиын.

Ал енді эпикалық уақыт оқиға басталатын сюжеттік уақытқа өткен жерден уақыттың әр түрлі өлшемдері іске қосыла бастайды. Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады: уақытты санау мен оқиға егіз. Оқиға бар жерде мезгілді де көрсету бар /әрине, ол көбіне шартты/.

Асылында эпикалық бір дәуірге жататын түрлі сюжеттердің циклдық мәні оның басы мен аяғының қозғалыссыз тұрақты бір мерзімге, яғни бір эпикалық уақытқа байлануынан деуімізге болады. Сондықтан да сюжеттік уақыт қалай болған күнде де жалпы эпикалық уақыттың аясында өтеді. Осы жағдайға байланысты Д.С.Лихачев: «Эпостық жырда сюжеттен тыс уақыт көрсетілмейді, сюжеттің көлемі батырдың іс-әрекетін бейнелейтін оқиғалардың көлемімен бірдей», -деп тұжырымдайды.<sup>2</sup>

Қазақ эпосының бұл тұжырымға толық сәйкес келмейтіндігін байқаймыз. Иә, қазақ батырлар жырының да ішкі уақыт өлшемі негізінен сюжетпен байланысты. Мұны жоққа шығаруға болмайды. Бірақ кейбір жырларда сюжеттен тыс та уақытты көрсететін оқиғалар бар. Атап айтқанда, батырдың батырлық ісі оңына келіп, ел-жұртымен табысып мұратына жеткеннен кейін жырлаушы тарапынан баяндалатын эпилог мәніндегі сөздер

---

<sup>1</sup> Неклюдова С.Ю. Время и пространство в былине, С. 21.

<sup>2</sup> Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы, С. 231.

ұшырасады. Онда батырдың ісінен ғибрат алу, батырдың және оның сүйікті жарының қартайып өлгені, сүйегінің қайда жатқаны, жер атының қойылу себебі, онан бері не заман өтті, ұрпақтары кімдер, қайда тұрып жатыр, олар қандай ерлік жасады дейтін мәселелер термелеп айтылады.

Ұлы Қобда бойында  
Қобыландының моласы,  
Ажалға кімнің шарасы  
Салынған белгі тамы бар.  
Бұрыннан қалған жоба бар.  
«Қалмақ қырған» деп атайды  
Неше бір биік оба бар.  
Халық аузынан есіттім,  
Бөкенбайдың зираты  
Сол маңайда және бар...

**Қобыланды – М.М. 256.**

Алпамысқа тілектес  
Қаракөзайым баяғы,  
Мұнан да күдер үзген жоқ  
Бір жылда екі барады.

**Алпамыс – С.А. 105.**

Жер жүзіне жайылған,  
Сегіз арыс Сейілхан,  
Түркімен елдің батыры.  
Өзінен перзент болмапты,  
Тумапты пері қыздары.  
Жүз жиырма жыл жасап,  
Дүниеден өткен ақыры.

**Көрұғлы – Р. 120.**

Тағы да қараңыз: **Тарғын М. 142; Сайын Р. 391; Аңшыбай М. 45; Алаңқай Қ.З.; Сайын Б. 47; Дотан М. 210.**

Сюжетке кірмейтін осы оқиғаларда да уақыт бар және ол батырдың негізгі әрекет еткен мерзімінен /сюжеттік уақыттан/ кейін болған жағдай. «Жыл артынан жыл өткен», сөйткен батырлар да дүниеден өткен, қанша ұзақ, шат-шадыман ғұмыр кешсе де өлген.

Мерзімі жағынан сюжеттік уақыт пен жырлаушы уақытының арасына орналасқан осы бір кезеңнің де эпоста атқаратын өз

қызметі бар. Бұл тыңдаушылар үшін алыс болып тұрған эпикалық уақыт пен тыңдаушы мезгілін жақындату, әрі осы бір аралық уақытқа кісі анық сенетіндей шындық сипат беру. Шынтуайтқа келгенде, бұл батырлар мен тыңдаушылар арасындағы бос қалған уақытты толтыру болып шығады.

Мұнан біз батырлар жырындағы эпикалық дәуірдің орыс былиналарындағыдай мүлдем тұйық, арғы-бергі тарихпен байланыспай, өзінше бір жеке «арал» сияқты болып тұрмайтындығын байқаймыз. Д.С.Лихачевтың айтуынша былинадағы уақыт екі жағынан да – эпикалық уақыт бойынша да, сюжеттік уақыт тарапынан да тұйық. Мұнан басқа өлшем былинада жоқ. □

Бұл өзгешелік негізінен ертегіге тән. Ондағы уақыттың шамадан тыс шарттылығы, мезгілдің теріске шығатындығы кейіпкердің кейінгі тағдырының не болғандығын қажет етпейді. Оқиғаларға тыңдаушыны сендіру шарт емес, керісінше ертегінің бас-аяғында олардың тарихи шындыққа қатысы жоқтығы баса көрсетіледі.

Ал эпостық жырларда баяндалатын оқиғаны да, кейіпкерлерді де өмірде болған шындық деп ұғыну бар да /бұл барлық халықтардың эпосына тән/, олардың болғандығын шегелей түсетін, арнайы көрсететін көркемдік баяндау тәсілдері және бар. Жыр соңында сюжеттен тыс, батырдың кейінгі өмір тарихын сөз ету осыны көрсетеді. Бұл жағынан қазақ эпосының тарихилық сипаты басым. Әрі осының сюжеттен тыс тұруы эпикалық уақытты мүлдем тұйықтап, байлап-матап тастамаған. Ол эпикалық дәуірден кейінгі уақытпен, яғни тыңдаушылар уақытымен де жалғасып жатыр.

Енді сюжеттік уақыттың өзіне келейік. Оның негізгі өлшемдері ең алдымен жырдағы іс-әрекетпен тығыз байланысты. Басталған іс-әрекет қашан аяқталғанша уақыт бойымен созылып отырады. Осы ретте эпостағы барлық іс-әрекет бас қаһарманның жүріс-тұрысымен байланысты екенін көреміз. Бас қаһарман бар жерде оқиға да, іс-әрекет те бар. Онан тыс баяндалатын оқиға некен-саяқ. Барлық іс-әрекеттің түп қазығы бас қаһарман тағдырында жатыр.

М.Ғабдуллин батырлық жыр құрылысына байланысты былай деген: «Қазақтың батырлар жырының құрылысын сөз еткенде, оның көпшілігіне тән ерекшеліктің бірі – жырдағы оқиғалар басты кейіпкерлер төңірегінде болатындығында. Кейбір жырлардың

---

□ Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы, С. 230.

оқиғалары көбінесе басты кейіпкерлерге байланысты алынады да, солар арқылы дамиды. Бұған мысал ретінде «Қобыланды батыр» мен «Ер Тарғын» жырын келтіруге болады. Жырдың мұндай құрылысы, яғни оқиғаны басты кейіпкер арқылы дамыту – оқиғаны тізбектеп жырлау әдісі деп аталады».<sup>1</sup>

Оқиғаны *тізбектеп жырлау* уақытпен тығыз байланысты. Бір оқиға мен екінші оқиға өзара жалғасып, бір-бірінен туындап жатуы мезгілдік ара қашықтықта болуға тиісті жағдай. Бірнеше оқиғаны бір мезгілге, әр түрлі мекенде тұрған адамдардың іс-әрекетін бір уақытқа қатар қойып жырлау эпосқа тән емес. Оқиға үнемі бір бағытта, бір сызықтың бойымен /однолинейно/, бірінен бірі өрбіп отырады.

Оқиғалардың осылай бір бағытта, бір сызық бойымен орналасуының түпкі себебі бас қаһарман әрекетінен туындап жатса, оның ішінде, әсіресе, сюжеттің *өмірбаяндық* тәртіппен құрылуы айрықша орын алады. Батырдың туғанынан бастап оның ерлік жолын баяндау үнемі алға қарай жүріп отыратын уақытпен сипатталады. Батырдың өз басынан бұрын өтіп кеткен, я болмаса болашақта болатын оқиғаның арасына апарып суреттеу кездеспейді. Сондықтан негізгі сюжеттік уақыт кейінге шегінуді де, болашаққа секіруді де білмейді. Бас қаһарманға қатысы жоқ оқиға эпоста болмайды. Барлық іс-әрекет қаһарман төңірегінен өрбиді. Батыр бар жерде іс-әрекет те болады.

Жалпы эпикалық жырлардың сюжетіне тән қалыптасқан типтік жағдай осы. Алайда бұл қатып қалған қағида емес. Сирек те болса сюжеттік уақыттың бас қаһарман мезгілінен артқа шегінетін сәттері кездеседі. Мәселен,

Қашаған жыраудың «Қарасай, Қази» жырында қос батырдың жауға аттанарға аты, тағынарға қаруы болмайды. Қазақ пен ноғайдың ханы Қондыкердің ерлікке шақырған хатында Қарасайдың да аты аталады. Бұған Қарасай мен Қази таң қалады. Оның себебін түсіндіру үшін жыр ағайынды қос батырдың әкесі Орақтың үйлену тарихын, қалың елге мәшһүр болған ерлігін баяндауға ойысады. Батырлардың ғажайып жолмен дүниеге келуі /шешесі айдаһардың, аюдың, жолбарыстың, пілдің етіне жерік болады/ анасының естелігі ретінде беріледі.

Жырдағы шегініс жасаудың тәсілі былай: «Қарасай жылап жата тұрсын. Ендігі сөзді Қарасайдың шешесінен естіңіз» /**Қарасай, Қази. – Қ.134**/ батырдың балалық шағын кері шегіну арқылы бейнелеу эпостағы сюжеттік уақыттың үнемі бір бағытта, тек қана алға қарай

---

<sup>1</sup> *Ғабдуллин М.* Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1974. 164-б.

жүретінін жоққа шығарады.

Батырлық жырлар – аса күрделі құбылыс. Қалыптасқан тұрақты белгілерді айтуға болғанымен, ондайларды үзілді-кесілді қағидаға айналдыруға мұнда жол жоқ. Қазақтың ұлан-ғайыр эпикалық мұрасының көркемдік дәстүрі эпостану ғылымы үшін кездейсоқ иірімдерге толы. Соның бірі осы көрсетілген жағдай.

«Алпамыс» жырында да батыр туғаннан кейін барып, осыдан бұрын болған оқиға – Сарыбай мен Байбөрінің ұл-қызы болмай тұрып құдаласқаны баяндалады /**Алпамыс – С.А.20**/. мұндай шегініс басқа жырларда кездесе қалса негізінен кейіпкердің еске түсіру /монолог, диалог/ түрінде болады.

Алайда сюжеттік шегінуде батырдың өзі ешқашан көрінбейді.

Батырдың өз өміріндегі бұрын өткен оқиғаға қандай жолмен болса да шегінуі эпос табиғатына жат. Автор тарапынан баяндалатын мына сияқты жолдар өте сирек: «Қамбар ноғайлы елінде болып жатқан уақиғаларды тегіс біліп отырған еді» /**Қамбар – М.102** /.

Жалпы алғанда тұтас эпикалық сюжеттің ішіндегі алуан-алуан оқиғалар мерзімі жағынан жазба әдебиетіндегідей еркін, жазушы қолтаңбасына лайық өрнегімен көрінетіндей дәрежеде емес. Олардың орналасуы болған мерзіміне тікелей тәуелді.

Олай болатыны өмірбаяндық ретпен тізіліп отыратын оқиғалардың орын тәртібін бұзу үшін сюжетке авторлық уақыт жиі-жиі килігуі керек. Ал тыңдаушыға /оқырманға емес/ бағытталған сюжетке автордың қайта-қайта килігуі жақсылыққа әкелмейді. Себебі оқиғаның ұзын-ырғасынан, сюжеттік желісінен, қалың оқиғалардың рет тәртібінен тыңдаушының адасып қалуы оңай. Ол жазба әдебиетіндегі әр оқиғаның мерзімдік орын тәртібіне ой жіберіп отыратын оқырман емес. Тыңдаушы қаласын, қаламасын жырлаушының айту ырғағына, соның жылдамдығына еріп отыруға мәжбүр. Түрлі-түрлі мезгілдік және мекендік оқиғалардың шығарма соңында тоғысып жатуы жазба әдебиетінің табиғатынан, бөлімді, тарауды, тақырыпшаларды көзбен көріп отыратын оқырман мүмкіндігінен туатынын ескерген абзал.

Ауызша айтылатын көлемді эпикалық жырлардың оқиғаларын біресе артқа, біресе алға секірте беру тыңдаушыны жаңылдыратын құбылыс. Батырлар жырында оқиғалардың мезгілі жағынан орын алмасуы /батыр уақытынан кері не ілгері орналасуы/ автор /жырлаушы, орындаушы/ уақытынсыз болуы мүмкін емес. Автор уақыты әрқашан жырды соңғы орындап отырған адамға қатысы бар сияқты ұғылады. Мұндай жағдайда, айтушының оқиғаға жиі араласуы

жалпы оның сөзінің шындығын әлсіретуі мүмкін.

Қызылбаста қалған бұлар жыласып,  
Тыңдасандар соны баян қылайын.

**Көрұғлы – Р.50.**

Көрұғлы осылайша тұра тұрсын  
Айтайын Ғәждембектен бір сөз және.

**Көрұғлы – Р.67.**

Бағана диуана боп кетіп еді,  
Айтайық диуананың әңгімесін.

**Көрұғлы – Р.83.**

Ал енді Райхан жақтан сөз айтайын,  
Көрұғлы кете берсін шаһар жаққа.

**Көрұғлы – Р.82.**

Ендігі сөз Баршайымнан айтылсын,  
Уағдаласып қойғандай ед манада.

**Көрұғлы – Р.85.**

Ал райхан кете берсін еліне,  
Оралайық көрұғлыдай еріңе.

**Көрұғлы – Р.92.**

Келтірілген үзінділер орындаушыға тікелей қатысы бардай әсер қалдырады: «баян қылайын», «сөз айтайын», «оралайық», «айтайық» деген сияқты бірінші жақтан баяндалған сөздер осыны көрсетеді. Баяндаудың осы тәсілі соңғы орындаушыға ғана қатысты емес, осы жырдың бұрыннан келе жатқан стильдік дәстүрі болуы әбден ықтимал.

Бірақ тыңдаушылардың онда шаруасы жоқ. Сондықтан да бұл жерде екі уақыт – сюжеттік және авторлық уақыт шендесіп отырады. Оның үстіне сюжеттік уақыттың өзі автордың араласуымен асты-үстіне шығып сапырылыса бастайды. Мәселен, «бағана диуана боп кетіп еді», «уағдаласып қойғандай ед манада» деген жолдар ең алдымен жаңа ғана баяндап отырған сюжеттің ішіндегі оқиғаларға да, әрі орындаушының мерзіміне де қатысты.

Бір жырдың ішінде сюжеттік уақыттың осылай жіктелуі сирек ұшырасады. Бұл жерде «Көрұғлы» эпосының Рахмет Мәзхожаев жырлаған нұсқаларына әдейі тоқталуымыздың мәні бар.

Біріншіден, осы жыраудан жазылып алынған текстер бір ғана Көрұғлының өз басына ғана қатысты емес, қаһарманның әкесі /Раушанбек/, өз аты /Ғират/, жаулары /Райхан, Шағдат/, т.б. туралы

жеке-жеке сюжеттер шоғырланып, тұтастанған эпосқа айналған. Сайып келгенде бұл да іштей циклды шоғырланған эпос.

Екіншіден, сюжеттің бас-аяғы өзге эпостардай бір ғана батырдың төңірегінде өрбімейді. Жырдың қалың оқиғасына қатысушы негізгі қаһармандар мұнда көп. Олардың тағдыры өз алдына жеке-жеке өріледі.

Міне, осылардың бәрінің басын біріктіру үшін жырау әртүрлі уақыттық ара қашықтыққа жүгінуге тиісті. Асылында «Көрұғлы» эпосының поэтикасында жазба дастандар дәстүрі белгілі дәрежеде орын алған. Отырықшы кәсіпті, шаһарлы жерді, патша сарайы мен оның толып жатқан қызметшілерін /күтушілері, аспазшылары, құлдары, кәнизактары/ шарапхана, зындан, шығыс базарын, т.б. былай қойғанда, жыр құрылымының өзі біртоға, дәстүрлі, батырлық жырдан алшақтау. Рахмет жыраудың «Көрұғлы сұлтанның Гауазханды алған сапары» деген жырды хатқа түсіруі, әрі осы текстің тілі 1885 жылы шыққан ескі түрік тіліндегі «Хикаят Көрұғлы» тексімен жақын болуы көп нәрсені аңғартқандай. □

Қазақтың байырғы көшпелі тіршілігімен сусындаған сюжеттердің батырлар жырындағы өрілуі мұнан басқа. Оқиғалардың түп қазығы болып көбінесе жеке батыр алынады да оқиғалар өмірбаяндық ретпен орналасады. Сондықтан да оған орындаушының /өзге мезгілдік ара қашықтықтың/ килігуі шарт емес. Тыңдаушылар бас қаһарманның өсу жолымен ілесіп отыратындықтан оқиға желісінен жаңылмайды. Барлық іс-әрекет ескертпей-ақ өз-өзінен заңды түрде жалғасып жатады. Ондай жыр сюжеті аяқталғанша қозғалыссыз жағдай іс-әрекетке, іс-әрекет қайтадан қалыпты жағдайға көшіп, екеуі кезек алмасып отырады.

Бұған қарап, әрине, оқиға мен оқиғаның арасында кездесетін сюжеттің қозғалыссыз, батырдың жүріс-тұрысынан тыс сәттерінде уақыт өлшемі жоқ деген ұғым тұрмауы тиіс. Мұндай «тыныштық» сәттердің сюжеттің басы мен аяғындағы эпикалық қозғалыссыз уақыттан үлкен айырмасы бар. Сюжет аяқталмаған, тартыс толық шешілмеген кездердегі «тыныштық» уақытша ғана. Сондықтан да оның мерзімі көрсетіліп отырады. Онсыз оқиғалардың, түрлі әрекеттердің бір-бірімен байланысы әлсірейді. Осындайда, бір қызығы, батырлық жырда жырлаушы уақыты іске қосылады. Олар көбіне «әлқисса», «сонда», «енді», «ол уақытта», «сол уақытта», «бір заманда», «тағы да бірсыпыра заман өтті», «ендігі сөзді /хабарды/

---

□ Қараңыз: *Ғұмарова М. Түсініктер // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 6-том. 396-б.*

пәленшеден естіңіз» деген сияқты сөздермен басталса, сол эпизодтың аяғы «бала онда жата берсін», «жылап жата тұрсын», «аң аулап жүре тұрсын», «қарсы айласын қыла тұрсын», «осылайша тұра тұрсын» сияқты болып келеді.

Эпизод пен эпизодтың, оқиға мен оқиғаның арасын байланыстыратын осы сөздер мен тіркестердің көбі мезгілдік өлшемдермен қарайлас. Мәселе осылардың нақтылы мағынасының уақытты білдіретіндігінде, не білдірмейтінде емес. Олар мерзімі жағынан әр кезде /яки бір-біріне уақытпен жалғасқан/ немесе әр жерде болған оқиғалардың арасындағы мезгілдік т ы н ы с а л у /пауза/ немесе бірінен екіншісіне ауысу қызметін атқарады.

Қалай болған күнде де мұнда оқиға арасындағы уақытты /кейде кеңістікті/ жіктеу бар. Оны біз мына жағдайдан да анық көреміз: бұл мерзім – тікелей іс-әрекеттің өзі емес, соның арасындағы бір-біріне ауысқан, себептен салдар туған уақыт. Ол уақыт көбінесе іс-әрекеттің өзін бейнелейтін уақыттан гөрі ұзаққа созылады.

Күндер өтті, түн өтті,  
Зарлаумен талай жыл өтті

**Көрұғлы – Ж.228.**

Арада неше жыл өтті

**Көрұғлы – Е.127.**

Айдан ай өтіп кетіпті,

Жылдан жыл өтіп кетіпті

**Көкше – Р.57.**

Бірнеше ай жатып, күндерде бір  
күн еліне қайтуды ойлады.

**Алпамыс – С.С.37.**

Сирек те болса бұрынғы өткен уақытқа кері шегінуге тек қана осы тыныс алу уақыты мүмкіндік береді. Рахмет жыраудың «Көрұғлыны» жырлаған нұсқаларына қатысты айтқанымыз тікелей осы жағдаймен жалғасып жатыр. Ал жалпы алғанда батырлар жырындағы тыныс алу уақыты қосымша кейіпкерлерге, әсіресе, мерзімі жағынан енді болатын іс-әрекет пен оқиғаға көшу үшін қолданылатын баяндаудың тәсілі екенін аңғару қиянға соқпайды. Орындаушының бір мақамнан екінші мақамға, айту ырғағын бәсеңдетуге не жылдамдатуға, өлеңнен қара сөзге, қара сөзден өлеңге көшуге де мүмкіндік алатын жері осы тыныс алу уақытымен тікелей байланысты. Шағын бір эпизодты, шағын бір оқиғаны баяндау

барысында жырлаушының бірнеше мақамға, баяндаудың түрлі екіпініне /жылдамдығына/ ауысына болмайды. Бұл басқа оқиғаға ауысқандай жалған әсер береді.

Рас, мұның сыртында баяндаудың диалог, монолог, автор сөзі болып жіктеліп кететінін де ескеруіміз керек. Диалог түрінде келетін кейіпкер сөзінің орындалуы мүмкіндігінше оның мінез-құлқына, ішкі-сыртқы ерекшелігіне жақындайды. Орындаушы бұл сәтте кейіпкер роліне кіреді. /мәселен, Алпамыс пен Бадамшаның жар-жар айтысы/.

Демек, мұндайда жырлаушының орындау мақамы мен ырғағы өзгеріп отыруы әбден ықтимал. Батырдың ата-анасы, қарындасы, сүйген жарымен қоштасуы, жау батырымен жауаптасуы осыны аңғартады. Дей тұрғанымен бұл өзгешелік те тыныс алу уақытының атқаратын қызметін түбірімен өзгертіп жібере алмайды.

Себеппен, тыныс алу уақыты көбінесе диалог, монолог, авторлық баяндаудың бас-аяғымен сәйкес келіп отыратынын көреміз. Әрекеттен сөзге /монолог, диалог/, сөзден әрекетке көшудің арасы, сайып келгенде, тыныс алу уақытымен бара-бар.

Бұған қоса мына жағдай да айқын: уақыт негізінен авторлық баяндау тәсілімен бірге жүріп отырады да, кейіпкер сөзі соның ішінде ғана көрінеді. Анығырақ айтқанда кейіпкер сөзі сюжеттік уақыттан бұрын да, кейін де болмайды, дәл сол уақыттың өзі болып табылады. Реалды уақыт қанша мерзімге созылса кейіпкердің сөйлеу мерзімі де сонымен бірдей. Бұл жерде жырлаушы кейіпкер роліне енеді де, автор мен кейіпкер /сюжеттік уақыт/ бір-бірімен бірігіп кетеді. Нәтижесінде жырлаушы уақыты, эпикалық уақыт, сюжеттік уақыт, кейіпкердің сөйлеу, әрекет ету уақыты бәрі де бір нүктеге жиналады. Бұл аздай-ақ тыңдаушы да өз уақытын ұмытып, дәл сол оқиғаның ортасында жүргендей әсерде қалады. Мұның себебі эпостың баяндау тәсілі кейіпкердің тікелей өзіне ауысып, соның өзі болып сөйлеп, баяндаудан түп-түзу бейнелеуге ауысады, яғни ролдің өзі орындалады. Баяндау сахналық ойынға ұласады.

Осындай ауысуда эпизод, оқиға аяқталмауы мүмкін. Демек, тыныс алу уақыты кейде кейіпкерлердің сөздерін, жырлаушының баяндауға көшуін бөлу үшін де қолданылады. «Сонда», «әлқисса», «енді», «сол уақытта» деген сөздер эпизодтардың, оқиғалардың арасын бөлетін өлшемдер ғана емес, әр түрлі сөздердің /диалог, монолог, автор сөзі/ арасын ажырату қызметін атқаратынын да көреміз. Бәрібір бұл жерде де тыныс алу уақыты өзінің уақыттық мәнін жоғалтпайды. Сөзден сөзге, болмаса сөзден әрекетке ауысудың

арасына да уақыт керек; себептен салдар, хабардан нәтиже туындайды. Уақыт жағынан бұлар кезекпен орналасады.

Сөйтіп, біз мынадай ерекшелікті аңғарамыз: сюжеттік уақыттың өзі оқиғалар тізбегінің өн бойында біркелкі жүріп отырмайды екен. Оқиғаны созып, яки қысқартып баяндау, бірінен екіншісіне ауысу уақытты әр қырынан сипаттайды. Оның баяу, я болмаса жылдам, үзік-үзік, немесе үздіксіз жүріп отыруы сюжетпен тікелей байланысты болып шығады. Ендеше, сюжеттік уақыттың эпос поэтикасынан ажырамайтын, көркемдік әдіс-тәсілдерге бағындырылған уақыт екені рас болса, оның түрлі қырынан көрінуі де жинақтауға, типтік белгілерін анықтауға мойынсұнатын құбылыс. Енді осы мәселеге ойысайық.

Эпостың дені оқиғалардан, сюжеттік арқауы кейіпкерлердің іс-әрекеттерінен, мазмұны сол оқиғалар мен әрекеттерді нақтылы әлеуметтік дәйектемелермен толтырудан тұрады. Оқиға да, әрекет те белгілі бір уақыт пен кеңістікте өтеді. Ал олардың алмасуына, бір-біріне қатысты жүйеге түсуіне әлеуметтік жағдай себепші, яғни уақыттың өтуі, кеңістіктің ауысуы өз өзінен емес /реалды уақытқа қарап емес/, оқиғаның, іс-әрекеттің әлеуметтік мән-маңызына бағындырылған. Тұтастай алғанда эпостағы уақыт пен кеңістікте шарттылық бар. Ол шарттылық осылардың көркемдік қызмет атқаруымен жалғасып жатыр.

Уақыттың баяу, немесе жылдам жүруі оқиғаның тығыздығына тікелей қатысты. Бір ғажабы оқиға азайып, сирей бастаған жерде уақыт жылдам жүреді. Оқиғаның өзі баяндалмайтын жерде оның орнын уақыт толтырады. Жалпы уақытты айтып ескертіп отыру оқиға қоюлығы азайған жерде еске түседі.

Оқиғаның өмірбаяндық ретімен жүріп отырсақ бұл ең алдымен батырдың тездетіп өсу мотивінен анық көрінеді.

Үш жасқа келгенде қолынан ұстап молдаға берді... Онан соң сегіз жасында Едіге оқуда тұрды...

### **Едіге – Ш. 362.**

Бір жасына келгенде  
Балалықты қылмады.  
Екі жасқа келгенде,  
Елеулі ермен тең болды.  
Үш жасына келгенде  
Үш шарбақты ноғайдың  
Бәрі дағы таң қалды  
Бір түрлі туған жан болды.

Төрт жасына келгенде  
Төрге таман ұмтылды.  
Бес жасына келгенде  
Бес қаруды сайлады.  
Жасыл оқтай ойнады  
Әр талапты ойлады.  
Алты жасқа келгенде  
Ерте мінген атынан  
Кешке дейін түспеді,  
Ердің ісін істеді.  
Жеті жасқа келгенде  
Жеке жұртын күзетті  
Ноғайлының үш кентін  
Түгелімен түзетті...

**Сайын – Б. 44.**

Батырдың туғанынан бастап, үлкен іске араласуының арасында маңызды оқиға жоқ. Сондықтан оның жасын санамалап өту ғана бар. Ал бірқатар эпоста қаһарманның іс-әрекетке араласатын жасы толған кезде баяндау сол мерзімге бір-ақ аттайды:

Бегістің жасы жиырмаға толды. Бір күні...

**Бегіс – М.243.**

Толықсып батыр Алпамыс,  
Тоғыз жасқа жетіпті.

**Алпамыс – Б.118.**

Сол уақыттарда Алпамыс он жасқа толып...

**Алпамыс – С.А.20.**

Алты жасқа келгенде  
Арыстан туған Қобылан...

**Қобыланды - М.М.18.**

Шора жеті жасқа жетті.

**Шора - Д.254.**

Асылында оқиғаны топтап, я болмаса ықшамдап баяндау мен оны жіктеп, даралап, таратып бейнелеудің уақытқа тікелей қатысы бар. Мынадай бір заңдылық байқалады: жырлаушы оқиғаның, іс-әрекеттің ішіне бойлай еніп суреттеген сайын уақыт ұмтыла бастайды. Уақытты ескертіп отыру іс-әрекет мезгілі мен оның баяндау мезгілі бір-біріне кеерғар болған сайын күшейе түседі. Себебі іс-әрекеттің өтіп жатқан мерзімі сол іс-әрекетті баяндап отырған

мерзіммен бірдей болған жағдайда уақытты көрсетудің қажеті жоқ.

Уақытты ескертіп отыру – сәйкессіздіктің орнын толтыру үшін қажет. Мерзімі жағынан ұзақ уақытқа созылатын, әрі сирек оқиға ғана уақытпен өлшенеді. Батырдың жол жүру сапары да осындай сипатта: «Неше күндей жол жүріп» /**Шора – Д.258**/, «күні-түні жол жүрді, қисапсыз жолда мол жүрді,... бірнеше айлар жүреді» /**Қосай – М.116**/, «неше күндей желумен, әлі жүріп келеді» /**Кеңес – М.153**/, «неше айда барған соң, неше жылда барған соң» /**Көкше – Р.57**/, «күн-түн демей жол жүріп, қырық бес күн дегенде шөлдерден өтіп, белес-белес асулардан асып...»

**/Көрұғлы – С.171./.**

Жетпіс күндік жол еді,  
Жеті күнде Алшағыр  
Шаһарына барып жетеді.

**Қобыланды – М.33.**

Үй айшылық ұзын жол,  
Қараша таудың қасына,  
Тас бұлақтың басына  
Үш күнде кепті таласып...

**Қарабек – М.93.**

Батырлық жырда ұзақ жол жүруді қысқартып баяндаудың екі түрлі тәсілі бар: бірі – қанша ұзақ болса да оның мерзімін айтып /үш, алты ай, қырық күн, жеті жыл, т.б./ баяндауды қысқарта салу, екіншісі – сол жолды жүріп өтетін мерзімді қысқарту /алты айшылық жолды алты күнде, үш айлық жолды үш күнде, кейде бір күнде, не бір сәтте жүріп өту/. Алғашқысына қарағанда соңғысында жол бейнесі, мекеннің ауысуы, тау-тас, өзен-көлдерден шауып өту толығырақ баяндалады. Бірақ мұның өзінде де аттың шабысы арқылы мезгіл мен мекеннің ауысуы сығымдалып жылдамдатылады. Уақыт пен кеңістікті бұл жерде тездететін батырдың әрекеті. Батыр мезгілге бағынбайды, керісінше мезгіл батырға бағынады. Тайбурыл /«Қобыланды»/, Байшұбар /«Алпамыс»/, Ғират /«Көрұғлы»/, Шұбар /«Бөген»/, Тарлан /«Қарасай, Қазы»/, т.б. «алты айшылық жолды алты-ақ аттайтын» тұлпарды қасиеттерін дәріптеу, батырдың бітімін даралау үшін уақыт осы мақсатқа бағындырылған. Батырдың күн санап тездетіп өсуі де осымен сабақтас.

Жалпы динамикалық, белсенді қимыл-әрекеттерді баяндауда уақыт жылдам жүреді. Мұны соғысты бейнелеуден де көреміз. Көптеген жырларда соғыс бір екі күннің шаруасы. Ондай жағдайда

мыңдаған әскері бар жаумен соғысу, жекпе-жекке шығу толық суреттеледі /«Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар», «Ер Тарғын», «Қарабек», «Ер Сайын», т.б./ ал соғыс мерзімі ұзаққа созылса оны баяндау қысқарады:

Жеті жүзін қырғасын,  
Үш жүзі қашып құтылды.  
Күні-түні алты күн.  
Ұйықтамай салды соғысты.

**Қарғабойлы, Қазтуған - М.93.**

Екі жақтан шабысқан,  
Бірнеше күн айқасқан.

**Тұяқбай – М. 175.**

Он екі күн бойы соғысты,  
Мыңдай келген қалмақтан,  
Тек жүз кісі ғана көрінді.

**Әмет – М. 230.**

Сегіз күнге толғанда  
Женді қалмақ елдерін  
Сындырды жаудың белдерін  
Он алты күн дегенде,  
Бағындырып алды өздерін.

**Аңшыбай – М. 28.**

Он екі күн болғанда  
Қалмақтың алды қаласын.

**Едіге - М.94.**

Бұл келтірілген деректердің Мұрын жыраудан алынуы кездейсоқ емес. Тегінде тұтастанған жырлар жүздеген рет қайталанған соғысты баяндауды ұзаққа созуды көтермейді. Дербес тұрған эпостарға қарағанда тұтастанған жырларда жырау бұл жағдаймен санасуға мәжбүр. Оның алдында бір емес, бірнеше жырдың ұзын-ырғасы, көлем-пішіні жайылып жатқандықтан тыңдаушыға лайық тізгінді де тарта ұстауға, көл-көсір дүниені шашыратып жібермеуге мүдделі. Ал ықшамдалып шағын баяндалатын оқиғаның мерзімі көпке созылуы заңды. Себебі өзі қысқартылып суреттелген соғыстың мерзімі де қысқа болса /мәселен бір күн/ мұндай жағдайда логикаға қайшы. Сондықтан да мерзімі қысқа соғыс толық баяндалады. Қысқа мерзімге созылған маңызды оқиғаны келте қайыру эпос табиғатына жат. Оқиға мен оның созылу уақытысы арасында осындай байланыс

бар.

Жалпы алғанда, жол жүрудің, дұшпанмен соғысудың мерзімін ұзаққа созып, оны баяндаудың тәсілін ықшамдау ертегі мен көне эпосқа тән жағдай.

Бір заманда қыс болды,  
Қары жауып, мұз қатып,  
Бір заманда жаз болды,  
Ұйықтаған жоқ бір жатып  
Ат үстінен ұйықтап...

**Дотан – М. 155.**

Үш күн, үш түн қырады,  
Төртінші күн болғанда,  
Үш мыңдайын әскерді  
Тәмәт-тамам қылады

**Құламерген, Жоямерген – Б. 335.**

Батырлық жырдың ауқымды құлашына оның негізгі тақырыбы, көтерер жүгі саналатын ерлік күресті қысқартып баяндау жалпы алғанда тән емес. Қаһармандық эпос осыларға басты назар аударуымен ерекшеленеді.

Осы орайда мына мәселені де жіктеп алуымыз керек. Батырдың жеке адаммен қарым-қатынасы /сөйлесуі, жауаптасуы, жекпе- жекке шығуы/ уақыты жағынан қысқарып баяндалмайды. Олардың баяндалу уақыты өмірде /шындықта/ болатын мерзіммен қарайлас. Батырдың сөйлеу уақыты, жекпе- жекке шығуы қанша уақытқа созылатын болса, оны баяндайтын мерзімі де сонан алыстап кете қоймайды. Сондықтан да мұндай жерде уақыт көрсетілмейді де, айтылмайды да.

Ал соғыс жаппай қым- қиғаш сипат алып, біреуді біреу білмейтіндей жағдайға жеткенде эпос мыңмен алысқан батырдың әр адымын бақылап, әр дұшпанды қалай өлтіргенін тәптіштеп отыра алмайды. Асып кеткенде «оң келгенін оңынан, сол келгенін солынан» жапырып бара жатқанын ғана айтумен шектеледі. Ал осындай істің нәтижесін жинақтайтын ұғым біреу-ақ. Ол – уақыт. Уақыт пен нәтиже бір жерден шығады.

Оқиға мен әрекет неғұрлым жалпылама сипат алған сайын уақыт өлшемі күшіне кіре бастайды. Жыралушы есіне уақыттың бары осындайда түседі. Ал кейде оқиға жоқ болғанда оның орнын толтыратын нәрсе де жалғыз уақыт. Іс жүзінде уақыт пен оқиғаның арақатысы әрекеттің мән-маңызымен, белсенді не баяу, көпшілікке,

не жекелеген адамдарға қатысты болуымен белгіленеді.

Осының бір айқын көрінісі батырдың елге қайту сапары. Жолда оқиға болмайтын болса бұл жол суреттелмейді. Тек батырдың қанша уақытта елге оралғандығы ғана айтылады:

Бір күндері болғанда,  
Еліне Қазі келеді.

**Қарасай, Қазі - М. 176.**

Бірнеше күн жүреді,  
Нақ үш айға толғанда,  
Қалмақтан көп мал алып,  
Еліне сонда келеді.

**Қарадөң - М. 198.**

Құлаша аттың алты күн келген жерін,  
Айлап, күндеп жол жүріп келе жатыр.

**Қарабек - М. 124.**

Ұлан Тобыл дейтұғын жерге қонды,  
Бір ай жарым арада көшіп келіп...

**Дотан - М. 209.**

Бірқатар жырда батырдың қайту сапары кеңірек баяндалады. Оның себебі елінде батыр жоқта үлкен оқиға болады /әке-шешесін жау шауып кету, құлдардың зорлығы, т.б./. Елінде болған жағдайды батыр түс көріп, я болмаса жылқышы, түйеші, қойшыдан естіп мән-жайға қанады. Ары қарай әрекетке көшеді, оқиға қайта өрбиді /«Қобыланды», «Алпамыс», «Бөген», т.б./.

Сонымен біз батырлық жырда уақытты көрсету және оның жылдам жүруі екі түрлі жағдайға байланысты екенін айта аламыз. Біріншісі – оқиғаның сиректігі, не болмаса мүлдем болмауы /тездетіп өсу, ұзақ жол жүру/. Екіншісі – біртектес оқиғаның ұзаққа созылуын ықшамдау, ұзақ мерзімді қажет ететін іс–әрекетті сығымдау /қалың әскермен жалғыз соғысу, ұзаққа созылған оқиғаның ықшамдалуы, т.б./ негізінде уақытты жылдамдату.

Ал енді уақыт та, мекен де жылдам ауыспай, оларды түйдектемей өз ретімен баяндайтын болса батыр қаншалықты тез, белсенді қимыл атқарып жатқанымен уақыт бәрібір баяу жүреді. Оқиғаның созылу мерзімі мен оны баяндау мерзімі сәйкестенеді. Батырдың ат таңдау, ерттеу, бес қаруды кезекпен өн бойына тағыну, ел-жұртымен, туған-туыстарымен қоштасу, жауаптасып мұңын шағу, жалғыздығын айтып зарлау, міне, мұның бәрінде де баяндауды қысқартып, уақытты

жылдамдату жоқ. Өмірде қалай – баяндау да солай.

Осы орайда айта кетейік, мұның реалды сипаты басым. Осындайда көтермелеу де, әсірелеу де азаяды. Оқиға реалды уақытқа жақындаумен бірге шындыққа да мейлінше жақындайды. Жырлаушы мен тыңдаушы батырмен бірге жүріп, оның сөзіне жан-дүниесі босап, туған-туыстарымен қоштасқанын, не зарлап табысқанын өз көзімен көргендей күй кешеді. Себебі бұл жерде іс-әрекетті асықтыру жоқ, керісінше баяулық, оқиғаның /адамның сезім күйін, баяу қимылын/ тәптіштелуі бар. Уақыт ішіндегі оқиға емес, оқиғаның уақытпен теңелуі бар.

Қарабекті сұрасаң,  
Ертеменен тұрады,  
Беті-қолын жуады,  
Белін де қынай буады,  
Қой мойынды құланы  
Ерттегелі келеді,  
Басына жүген киген соң,  
Ер-тоқымын салған соң,  
Төс айылын бос тартып,  
Артқы айылын бек тартты,  
Құйысқанын қысқартты  
Ер қаруын қоса артты.

**Қарабек – М. 88.**

Телағыстай жас берен  
Жаңбыршының ақ сауыт  
стіне киіп алады.  
Үйде тұрған сұр жебе,  
Қасына ердің іледі,  
Беліне буып көк балдақ,  
Беліне шала байлайды  
Көк сүңгіні қолға алып,  
Атқа батыр барады  
Үзеңгіге аяқ салады.  
Атқа мінер болғанда  
Алпыстағы анасы  
Ат қасына барады.

**Телағыс – М. 178.**

Міне, айлап, жылдап жол жүргеннен, күн-түні соғысқаннан батырдың атты ерттеуі мен киінуі баяндалуы жағынан әлдеқайда ұзақ.

Шағын әрекеттің өзін жіктеп тарату реалды уақытқа жақын. Баяндау алыстан, үлкен арақашықтықтан емес, жырлаушы дәл батырдың жанына жақындаған. Баяндау бейнелеуге, жырлау суреттеуге ұласқан.

Оқиға өткен заманда емес, дәл қазір болып жатқандай /тұрады, жуынады, алады, іледі, байлайды – тұрды, жуды, алды, ілді, байлады емес/. Осындай сәттер сезімге, мұң-зарға, батырдың қуаныш-сүйінішіне ауысқанда уақыт мүлде ұмытылады. Оның қанша мерзімге созылғаны ғана емес, тыңдаушы мен оқиғаның болған мезгілінің арасындағы алшақтық та жоғалады. Уақыт ұмытылған жерде баяндау емес, сахналық бейнелеу іске қосылады. Орындаушы батыр болып зарлайды, қаһарын төгіп айбат шегеді, жау батырына қарсы жекпе-жектің алдында ызаланып сөйлейді, туған-туыстарымен жылап көріседі, т.б. яғни уақытпен теңескен әрекет мимикамен, дауыстың құбылуымен /Бадамшадай сақауланып, жау батырындай қаһарланып, шал-кемпір болып жоқтап-зарлап, әйел болып сыңғырлап/ толықтырылады. Бұл өтіп кеткен уақыт емес, сол уақыттың өзі болып шығады.

Әрекетпен теңескен уақыттың тағы бір сиқыры осындай.

Батырдың алдағы болатын оқиғаға секіруі эпос үшін мүлдем жат дедік. Алайда бұл болашақ уақыт мүлдем айтылмайды деген сөз емес. Келер оқиғаны жыр кейде кейіпкердің болжауы, түс көруі, алдын ала сезінуі арқылы көрсетеді.

Болашақты болжау, әрине, батырдан кейінгі кезеңдерге, оның ұрпақтарына қатысты емес. Бұл тек батырдың енді атқаратын ісіне, алда оны нендей оқиға күтіп тұрғанына байланысты. Болжау мотивінің сюжеттегі қызметі батырдың кезекті іс-әрекетінің дәлелдемесі /мотивировка/ үшін қолданылады. Алда болатын оқиғаның хабар түрінде берілу тәсілі әр түрлі: түс көру және оны жору, жау елінде мыстан кемпірдің бәрін біліп отыруы, батырдың әйелі мен аты болатын оқиғаны алдын ала сезіп, батырға ақыл-кеңес беруі, бал ашу, т.б.

Осылардың ішіндегі ең көп тарағаны – түс көру. Бұл мотив кездеспейтін қазақ эпосы некен-саяқ. Түстің өзі ауыспалы мағынада, астарлап көру және тура мағынасында, өмірде қалай болып жатса сол қалпында көру түрінде келеді. Бірақ қалай болған күнде де екеуінің атқаратын қызметі біреу – болған /не болатын/ жақсылықтан /не жаманшылықтан/ кейіпкерді хабардар ету. Түстегі көрген оқиға /жақсылық, не жамандық/ өңде де сол қалпында қайталаынады. Түстегі жақсылық жаманшылыққа, жаманшылық жақсылыққа еш уақытта айналмайды. Оны жоруда, мән-мағынасын түсінуде орын алуы

мүмкін, қателік эпоста айтылмайды.

Мұның себебін дәл басып айту қиын. Бәлкім, ата–бабаларымыз түс көруге және оның жоруына айырықша мән беріп, оны тылсым күштің құдіретімен сабақтастырып, оған шексіз сенуі де ғажап емес. Бұған халқымыздың тарихынан, наным-сенімінен мысалдарды тізе беруге болар. «Әрі түсті жорудың символикасы, белгі-нышандары да жинақтауға, жүйелеуге болатын құбылыстар. Қазақ халқында өзінің ұлттық болмыс-бітіміне лайық түс жорудың дәстүрі қалыптасқан, түсті мүмкіндігінше көрген адамның пайдасына жоруға тырысқан. Жақсы түсті жаманшылыққа жоруға болмайды. Жаман түс көрсе жорушылар оның мән–маңызын таратып отырғаннан гөрі қайыр–садақа беруге кеңес берген.

Батырлық жырлардағы көрген түс пен болған /я болатын/ істің арасында алшақтықтың жоқтығына бүкіл көпшілік мойындаған осы дәстүр түп қазық болып алынуы ықтимал. Түс пен өңнің арасындағы сәйкессіздікті эпос жоққа шығарады. Бұл өзгешеліктің эпос поэтикасына да тікелей қатысы бар. Себебі, түс көрудің себебінен жолға шыққан батырдың барған жерінде ешқандай өзгеріс болмаса, яғни түстегі көргені өтірікке шықса, ұзақ жол жүріп, арамгер болған қаһарманды суреттеудің ешқандай да мән-маңызы жоқ. Сондықтан да мұндағы түстің атқаратын қызметі бір бағытта, бір жақты. Оны ойнақшытуға, мағынасын олай да, бұлай да бұрмалауға жол жоқ. Түс міндетті түрде шындыққа айналады.

Жалпы қай-қай батыр болса да, оның туыстары мен дос-жарандары да түстегі көргендеріне үлкен мән береді. Бірқатар эпостарда жаудан қайтып оралмаған батырлардың ата-анасының жалғыз медет қылатыны – көрген жақсы түсі /Қобыланды – М.М.100, 113; Қарасай, Қазі – Қ.157; 160; Құбығұл – Н.469; Алпамыс – С.А.93./

Ал батырдың жауы көрген түске кейде мән бермейді. Қызы, әйелі, сол елдің мыстан кемпірі көрген түсін қалмақ батырына /ханына/ айтқанда, ол «түс – түлкінің боғы» деп мысқылдайды. Бірақ көрген түс шындыққа айналып, жау батыры күйрейді /Кеңес – М. 146; Шора – Д.292./. Қарабек батыр көрген түсін анасына жорытады. Анасы жаумен көңіл қосқан өз қызы Ханбибі мен қалмақ батырын өлтіру керек деп жориды. Қарабек оны орындамағандықтан түрлі бөлеге душар болады /Қарабек – Б.213./

Жау қолына тұтқынға түскен баласының хал–жағдайын түс көріп білген әке-шешесі басқа батырлардан ұлын құтқаруды өтінеді, кейде айдалада байлаулы жатқан батырды әкесі, шешесі көрген түс

бойынша іздеп шығады /Төрехан – М. 242; Қарасай, Қази – Қ.161./ .

Батырлардың дүниеге келуі де оның ата-анасына пірлердің түсінде аян беруімен байланысты. Тіпті болашақ батырдың атын қойып, оның кім болатынын да айтатын солар. Әгәрәки батыр қателесе не қиыншылыққа тап болса оларға жол сілтеп отыратын да пірлері. Олар көбіне батырдың түсіне кіреді.

Түстің этнографиялық маңызын жан-жақты қарастыру басқа еңбектің үлесіне тиесілі деп санаймыз. Ал оның сюжеттегі негізгі қызметі – алдағы болатын және батырға белгісіз болып келген оқиғадан хабар беру. Бұл жерде, әсіресе, алда келе жатқан оқиғаны белгі-нышандармен, астарлау-символмен жеткізудің орны бөлек. Неге десеңіз батыр тек өткен іске қарап қана әрекет етпейді. Олай тұжырымдайтын болсақ, батыр қызметі тек өткен, не өтіп жатқанға аралавушы тұлға ретінде көрінумен шектеледі.

Ал бұл жеткіліксіз. Себебі батырға өткен іспен ғана айналысу аз. Ол елдің мұң-мұқтажын, арман-тілегін арқалағандықтан, келе жатқан қауіптің де алдын алуға тиіс. Батырлар үшін алда болатын оқиға негізінен қауіп-қатермен тамырлас. Ал енді келешек істің айна-қатесіз келетінін көрсетудің эпостағы бірден бір тиімді жолы осы түс көру мотиві. Түс көрген батыр оқиғаның алдын алу үшін әрекетке кіріседі. Себебі ол белсенді тұлға.

Бір қызығы батырды белсенді ететін ел мүддесі, халқының бостандығы болса, оның негізгі жол көрсетушісі – пірлері, желеп-жебеуші аруақтары. Олар батырдың өз басын ғана қорғамайды, батыр жоқта елге төнген қауіпті де сездіреді. Демек, пірлер қызметі де батырлар жырының рухына сәйкес ел мүддесіне бағындырылған. Мәселен, елін дер кезінде қорғап қалмаған Қобыландыға пірлері түсінде ұрысқандай болды:

Қыпшақты жауға бергенің

Ол да саған өлім-ді.

х х х

Қайғы тартқан еліңе

Сатамысың теріңді?

Үстіңе келген дұшпанға

Көрсетсейші көрімді...

**Қобыланды – М.М.101.**

Міне, қазбалай берсе эпоста бір-біріне байланыссыз ешнәрсе жоқ. Айтып жүргеніміздей, діни ұғым, ескі наным-сенім өз бетімен, таптық

ұғым өз бетімен, батырдың әрекеті өз бетімен еншісін бөліп алып, бірінің үстіне бірі жамалғандай күйде емес. Олардың бәрі байырғы ұғымға сәйкес, тонның шікі бауындай жарасым тауып қолданылады. Ал енді осы үйлесімділіктің арасына ши жүгіртіп, идеологиямен кескілейтін болсақ, жанды денені сойғандай боламыз.

Сонымен біз сюжет құрайтын оқиғаның артқа не алға секіру тәсілдерін уақыт ұғымымен қарайластырып көрдік. Тұтастай алғанда, негізгі уақыттан кейін шегіну қосымша кейіпкерлердің /батырдың емес/ еске түсіру естелігі /монолог, диалог/ түрінде, алдағыны болжау, түс көру тәсілімен беріледі екен. Бірақ сюжеттік уақыттың түп қазығы, басты тірегі – батырдың өз өміріндегі өтіп жатқан мерзімі. Уақыттың бел ортасында батырдың өз тұлғасы тұр. Арғы-бергі уақыттың бәрі соның маңына топталған. Уақыт өз-өзінен жылжымайды, оны жылжытатын батырдың белсенді әрекеті, ал мұның сыртындағы мерзімдік өлшемдердің бәрі /жырлаушы уақыты, тыныс алу уақыты, жыр соңындағы әрекеттен тыс уақыт, т.б./ қосымша қызмет атқарады.

Біреу сөз сюжеттік уақыттың созылуы мен өту мерзімі туралы.

Эпос сюжетінің жүру уақыты қанша ұзаққа созылғанымен оның бас-аяғы бір кісінің өмір тарихынан аспайды. Оның өзінде де батырдың қартайып, белсенді іс-әрекеттен қалған кезеңі жырланбайды. Уақыттың жылжуы батырдың жас кезінде ескеріледі де, ол кәмелетке толып, үлкен іске араласқаннан кейін жас мөлшері уақытпен өлшенбейді. Ол үнемі жас қалпында қала береді. Ата-анасы үшін де, жау алдында да батыр «жас бала» аталады. Егер жыр эпилогында оның қартайып, өлгені туралы айтылса, ол сюжеттік уақытқа енбейді, жырлаушы тарапынан баяндалатын ғибрат сөзде ғана ескертіледі.

Бұған қарап батырлық жырдың негізгі нысанасы мен мерзімдік эпицентрі – қаһарманның күш-қуаты тасыған кезеңі деуімізге болады. Күні кеше мыңдаған жауды ойсырата жеңіп, жалғанды жалпағынан басып жүрген батырдың енді келіп әлсіреген, жауға күш–қайратын көрсете алмаған кезеңіне қарай ойысу эпос идеясына жат. Сол батырдың жастық шағын бейнелеген жыр оны айтпайды. Кейбір жырда қартайып отырған батырға жас батыр барып сәлем береді, болмаса тұлпарын сұрайды. «Қарасай, Қазиді» жырындағы Ер Қосай бейнесі осындай тұлға /Қашаған нұсқасы/. Алайда бұл жыр Қосайдың өзі туралы емес. Жалпы қай жырда болса да бас қаһарманды былай қойғанда, эпизодта көрінетін батырлар да азып-тозған, қартайып шаршаған халде бейнеленбейді.

Батырдың балалық шағын барынша тездеткен жыр оның оң-солын танып, жауға қарсы тұра алатын кезеңіне жеткенде жас санауды кілт тоқтатады. Ары қарай санауға жыр мүдделі емес, оны естен шығарады. Уақыт енді жылжымайтындай. Керісінше батырдың жүрген жерінде кейде жасару бар. Ол келгенде қанша жыл өткенімен әке-шешесі қайта жасарады, әкесінің көрмей қалған көзі көріп, анасының суалған сүті қайта ийді. /Алпамыс – С.А.102; Қарабек – М.141./. Қосайдың кәрі атын Қарасай мінгенде ат қайта жасарады /Қарасай, Қазі – Қ.147./.

Батыр жат елде қанша ұзақ болса да /жеті жыл зынданда жатса да/, еліне қайтып келгенде оның қартайған әке-шешесі, тіпті бабасы /«Алпамыс» жырында/ тірі жүреді. Батыр туғанда сексен, тоқсан жаста болған ата-анасының мұнан ары қарай жас мөлшері есепке алынбайды. Батырдың мұрат-мақсатына жетуі үшін қанша уақыт өтсе де оларды жыр қатардан қалдырмайды. Олар тірі тұрғанда батыр қартаюы мүмкін емес.

Осының бәрінен шығатын түйін – эпос батыр тұлғасын айырықша идеал, үлгі-өнеге тұтады. Батырдың идеал болуы ең алдымен оның тау қопарар қажыр-қайраты тасыған шағы. Эпос осыны мықтап қармаған да, барлық мезгілдік өлшемдерді батырдың осы кезеңіне бағындырған.

Рас, шоғырланған циклды эпостарда аздаған өзгешеліктер бар. Батырдың ұлғайған шағын арнайы бейнелемегенімен, мұнда жыр соңында батырдың жасы келгенін ескертіп өту ғана бар. Мұның себебі мынада: шоғырланған жыр шежірелік тәртіппен орналасқандықтан бір жырдан екінші жырға, әкеден балаға ауысу үшін екі ортаға мерзімдік жалғастық қажет. Батырдың батырлығын баласы /кейде немересі/ жалғастыратын болғандықтан, әкені жас қалпында қалдыру логикаға қайшы.

Алпыстан асқанынша аттан түспей,  
Басқыншыға бастырмады төңірегін.  
Қиссасы Аңшыбайдың таман болды,  
О кезде жаугершілік заман болды.  
«Ата көрген оқ жонар» дегендейін,  
Немересі бастады талай қолды, -

**Аңшыбай-М.45.**

деп, Аңшыбайдың немересі туралы жырға ойысуда мезгілдік ұғымдар ескеріледі.

Осы орайда «Қобыланды батыр» жырының Марабай мен

Мергенбай нұсқасы туралы да айта кетейік. Әдетте, бас-аяғы тұйық эпоста батырдың баласы әке ерлігін ары қарай жалғастырды деген ескертпе некен-саяқ, тіпті жоққа тән. Бірақ «Қобыланды батыр» жырының жеке нұсқасы бұрынғы басылымдарда /оның ішінде Мәскеуден шыққанында да/ мынадай жолдармен аяқталатын:

Киікбай атқа мінгенде  
Көп қыпшаққа күн туар,  
Қызылбасқа түн туар.  
Бұл өзі бөлек бір қисса  
Киікбай батырдың  
Тоқтаттым бұлай ақырын. □

Сөйтсе, Қобыландының баласы Бөкенбай мен Киікбай туралы жыр ары қарай өз алдына жалғасады екен /**Қобыланды - М.М. 219.**/.

Ендеше бұл да жеке-дара тұрған тұйық эпос емес. Мұрын жыраудан басқа нұсқалары да өзінше іштей өмірбаяндық тәртіппен шоғырланған эпос болып шықты. Қобыландының абайсызда Қарлығадан жеңіліп, жау қолында жерінен Бөкенбайдың ерлігі басталады. Әлсірей бастаған батырдың ерлік жолын баласы іліп алып кетеді.

Ал, түрлі себеппен /қартайып, ауырып, мертігіп/ қалған батырдың мүшкіл халін суреттеумен ешқандай эпос аяқталмайды. Асып кеткенде оның ерлігін ұрпағы жалғастыратынын ескертумен жыр тізгін тежейді. Халықты батырсыз қалдырып, қаһармандық рухқа сары уайым кіретіндей саңлау қалдыру батырлық жырға жат.

Қаһармандық эпос оқиғасының өтетін жыл мерзімінде де бірізділік бар. Батырдың ортасы, елі-жұрты, көшіп-қонып жүрген жері жайма-шуақ жазғы маусымға лайық бейнеленеді. Бораған қысты, нөсерлетіп жауған жаңбырлы күз бен көктемді суреттеу жырға тән емес. Батырдың жүрген жолы да, барған жері де осы құралыптас. Мәңгі жаз айырықша эпикалық дәуір ұғымымен сабақтасып жатса керек. Халық түсінігіндегі қайталанбас ерекше бір кезең – эпикалық дәуір идеализацияланған болса, ондай дәуір көшпелілерге жайлы жаз мезгіліне лайық. Мұның тарихи себебі де бардай. Көшпелі елдің жауласуы, бір-біріне шабуыл жасауы негізінен жер құрғақ, күн жылыда болған ғой.

Оқиғалардың дені күндіз өтетінінде де осыған ұқсас жағдай бар.

---

□ Қобыланды батыр. Казахский героический эпос. Состав .тома, авторы исследования и комментарий Н.В.Кидайш-Покровская и О.А.Нурмағанбетова. М., 1975 С.219.

Батырлар түнде жортатын қарақшы емес, оның мақсаты да, істейтін ісі де айқын. Ол жасырынып, қашып-пысып жүруді білмейді. Жеңсе де, жеңілсе де оның барлық ісі жұрттың назарында ашық-жарқын. Ол тіптен жекпе-жекте кезегін де бірінші алмайды; жау батырынан жас болған себептен де емес, ерен ерліктің иесі болғандықтан да осылай. Қай батырды алсаңыз да алдымен жауға кезек береді.

Әрине, ұлан-асыр эпикалық дәстүрімізде бұл бір қатып қалған ереже емес. Кейбір жырларда жағдайға қарай жылдың басқа мезгілі де, түн де айтылады және бұл жол жүру мен соғыстың ұзаққа созылуына байланысты.

Батырдың жолы ұзаққа созылса «күн-түн қатыпжол жүреді»:

Бір уақытта түн болды

Түн артынан күн болды,- дейді эпос.

**Қарадөң – М.183.**

Бірақ бәрібір түнгі жол суреттелмейді. Соғыс мерзімі бірнеше күнге кетсе батыр күндіз-түні соғысады. Бірақ мұнда да түнгі соғыс баяндалмайды. Ал көне эпостарда жол жүру мүлдем ұзаққа созылғандықтан қыс пен жаздың алмасқаны, қыс бейнесі аз-кем көрінеді. Жеті жыл сапар шеккен Дотанның жолы:

Бір заманда қыс болды,

Қары жауып мұз қатып,

Бір заманда жаз болды

Ұйықтаған жоқ бір жатып, -

**Дотан – М.155.**

деп жырланады. Ал «Құбығұл» жырында «бұлт торлап, жел соғып, сартылдап бұршақ жауған» себеп – суда жатқан айдаһардың лебінен /**Құбығұл – Н.464.**/.

Байқасақ мұның да себебі бар, оқиға мерзімін ұзаққа созып /жолды, соғысты, т.б./ бірақ оны тұрақты формулалық тіркестермен қысқарта баяндау, қиял-ғажайыпқа тізгін беру ертегіге тән құбылыс. Көне эпос оған бір табан жақын. Ертегілік сипаты басым «Ер Көкше» жырында батыр Темірбай алыпты жеңе алмағандықтан, оны түнде барып, «мойына шайтан үймелеп жатқанда» шауып өлтіреді /**Көкше – Р.62.**/.

Ал классикалық батырлық жырларда мұндай жағдай кездеспейді. Ол қаһармандық заманның рухына да, тарихи шындыққа да мольнан жақындай түскен. Мұнда түн ойын-сауық құру үшін /**Төрехан – Н.315.**/ және түс көру мотивімен байланысты ғана алынады. онда да

түн мезгілі екені ғана ескертіледі.

Батырлар жырында бұлардан басқа да мерзімдік өлшемдер кездеседі. Алайда олардың эпос поэтикасына қатысы байқала бермейді. «Ет пісірім уақыт», «сүт пісірім уақыт», «күн арқан бойы көтерілді», «намаздыгер-намазшам», «тал түс», «шаңқай түс», «қас қарайып бату», «жұлдыз шыққан мезгіл», «таң сарғайып атқанда, Шолпан жұлдыз батқанда», «күн шықпай», «күн бесінде», «күн бата», т.б. сияқты уақытты көрсететін; «үш тоғыз, он екі, т.б. күндік, айлық жер», «дауыс жететін жер» сияқты жол қашықтығын мөлшерлейтін; «үш наурыз», «пәлен ай /жыл/», «күн төртеуге толғанда», т.б. сияқты қанша уақыттың өткенін баяндайтын өлшемдер кездесіп отырады. Бұлар сөз жоқ қазақтың байырғы уақыт өлшемдері туралы түсінігінің эпостағы жекелеген көрінісі ғана.

Қазақтың уақыт мөлшерін білдіретін ұғымдарының дені көшпелі тіршілікке тікелей байланысты екені даусыз. Әсіресе, «уақыт мөлшерін белгілеудің дінгек нүктесі киіз үй екенін, оның өн бойы екенін байқаймыз».<sup>2</sup> Сондай-ақ, «ет пісірім», «бие сауым», «ет асым» сияқты тіркестер тікелей көшпелі шаруашылыққа қатысты уақыт ұғымдары. Олар туралы әңгіме өз алдына.

---

<sup>2</sup> Сейдімбеков А. Сонар. Алматы, 1989. 101-104-б

## ЭПИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК

### ЭПОСТЫҢ КЕҢІСТІК КОНЦЕПЦИЯСЫ

Эпостың көркемдік заңдылықтарына бағындырылған ұғымдардың бірі – кеңістік атаулары. Олардың эпостағы сыр-сипатын тану, сөз жоқ, шығармада не себепті көрінеді және қалай көрінеді деген сауалмен байланысты. Бұл бағыттағы ізденістерді екі түрлі мақсатқа бағындыруға болар еді:

1. Жер-су, өзен-көл, тау-тас, елді-елсіз жер атауларының эпостағы жиынтығы және олардың тарихи негіздері, нақтылы жағрафиялық және эпикалық атаулардың бір-біріне сәйкестігі, осы арқылы тарихтың эпостағы көрінісін анықтау мәселелері.

2. Кеңістік ұғымдарының эпос поэтикасының дәстүріне бағындырылған сыр-сипаты; уақытпен өрелесуі; кейіпкерлер іс-әрекетімен және сюжеттік ситуациямен байланысы; мерзімі жағынан түрлі оқиғалардың дәстүрлі эпикалық кеңістікке телінуі.

Эпикалық кеңістіктің маңызды осы екі аспектісінің де қуатты негізі бар. Бір жағынан жыр тарихи шындықтан тамыр тартып, нақтылы жер-су, мекен атауларына арқа сүйеп жатса, екінші жағынан эпостың мыңдаған жылдық өз тарихы да бір кезеңдерде дерегі бар атауларды қалыптасқан дәстүрге бағындырып, топонимикалық, мезгілдік, мекендік ұғымдарды сол дәстүрге лайық жинақтайды. Уақыт өте келе нақтылы тарихи оқиғалар тізбегі де, олардың болған жері де, мезгілі де жалпы дәстүр аясына топтасады. Ал бұл оқиғалардың, жер-су, елді-елсіз мекен атауларының іштей орын алмасуына, бірінің орнына екіншісін қолдануға мүмкіндік береді. Бірақ мұнан жалпы тарихи дәуір бейнесі пәлендей өзгеріп кете қоймайды.

Бұл орайда эпикалық дәстүр тарихи дәуір белгілерін жалпылама бағыт-бағдар етіп ұстанады да, оның ішіндегі оқиғалардың, жер-су аттарының орын тәртібін, ретін әрдайым қадағалап отырмайды. Шындығында эпос барлық мекендік, мезгілдік ұғымдарды айна-қатесіз көшіретін тарихи құжат емес, ол – халықтың көркем мұрасының биік шыңы.

Алайда эпос туралы зерттеулерде осындай тарихилық және поэтикалық екі бағытты қарама-қарсы қою орын алып келеді. Бір парасында мекендік атаулар тек тарихи дерек ретінде қарастырылса, енді бір тобында таза көркемдік, сюжеттік өлшем-ұғымдардың

аясында жинақталады. □

Әрине, бұл екі концепция бірін-бірі толықтыру мақсатында жүргізілсе әңгіме басқа. Бірақ, эпостың тарихын зерттеген, оның деректеріне тарих ретінде қараған еңбектерде /М.Г. Халанский, Б.А. Рыбаков, Р.С. Липец, т.б./ поэтикалық дәстүр жоққа шығарылса, эпос поэтикасына дендеген зерттеулерде топонимикалық атаулардың тарихи мәні жете ескерілмейді /В.Я. Пропп, Б.Н. Путилов, т.б./. Соған қарамастан осылардың бәрінде де табан тірерлік бір жағдай бар: эпосты диахрондық аспектіде қарайтын болсақ, оның байырғы бітімі мен бізге жеткен үлгісіне дейінгі аралықта жүріп өткен жолының нақтылы тарихи мекендік, мезгілдік ұғымдарға қатысы бірдей дәрежеде емес.

Эпос пайда болған мезгілдегі оның тарихқа жақындығы қазіргі бізге жеткен нұсқаларына қарағанда анағұрлым айқындау және тікелей. Халықтың тарихи жадысы /память/ болған оқиғадан әлі мүлдем алшақтамай тұрған кезінде эпос оны бірден қалауынша өзгертіп әкете алмаған. Оның үстіне эпос поэтикасының дәстүрі де о бастан-ақ дәл біз білетіндей көркемдік жүйеде бірден дүниеге келген құбылыс емес. Тарихи оқиғадан алшақтау мен эпос поэтикасының жетілу сатысы түптеп келгенде бір-біріне кереғар бағытта жүріп отырған сыңайлы. Тарихи поэтиканы уақыт ұзындығына, яғни диахрондық бағанамен созып қарау себебіміз осы. Поэтика өзгермелі болмаса оның тарихи аспектісі де болмақ емес.

Демек, эпос негізін тарихпен шендестіруде байырғы заманда оған себепші болған шындық оқиғалар, тарихи тұлғалар, нақтылы мекендік атаулар туралы мәселе көтеруге болады. Бірақ дәл осы ұғымдар эпостың поэтикалық жанр ретінде жүріп өткен жолын айқындап бере алмайтыны және бар. Қазіргі біздің қолымыздағы жыр текстері байырғы көркемдік категориялардың жиынтығы емес. Эпостың денін құрайтын көркемдік ұғымдар өзара қым-қиғаш қарым-қатынасқа түсіп, ғасырлар сүзгісінен өтіп барып бізге жетіп отыр. Сондықтан да эпостың жанрлық табиғатын тануда поэтика дәстүрін айналып өте алмаймыз.

Ал эпостағы тарихтың көрінісін іздестіру қажет, бірақ ол түптеп келгенде жанрдың тарихы емес, қоғамның тарихы болып шығады. Мұндай еңбектің алға қойған мақсаты да, шешетін мәселесі де бөлек. Бірақ осындай зерттеулерде орын алып келе жатқан бір кемшілік – эпостың тарихқа сәйкес келмеген белгілерін айналып өту, болмаса

---

□ Селиванов Ф.М. Эволюция пространственно-временных характеристик эпического повествования //Фольклор. Проблемы историзма. М., 1988. С.172-175.

оны «тарихтан ауытқу» деп қабылдау. Бұл эпикалық дәстүрге зерттеушілер тарапынан жасалған қиянат.

Әрине, эпостың негізі – тарихи шындық. Әсіресе, ол эпосты тудырған ортаға, халықтың жер-су атауларына тікелей қатысы бар. Батырлық жырда әмбеге таныс жер-су, тау-тас, мекен-тұрақ атаулары жоқ болса, халық үшін оның шындығы да екіталай. Ертегі үшін мұндай шарт қойылмайды /әрине, мұнда да жалпы көшпелі елдің жер бедерін, табиғатын тануға болар/. Себебі онда «болмаған» оқиға баяндалады. Ал эпос нақтылы топонимикалық атаулардан бастап, жалпы ел-жұрт, батырлар жүріп-тұрған жер бедерін мейлінше реалды ұғымға жақындатады.

Алайда эпос топонимикасын жағрафиялық картаға дәлме-дәл түсіріп шығу тағы да мүмкін емес. Әсіресе, қаһарманның іс-әрекетіне еріп отырып, ол жүрген жолды дәл сондай ретпен картаға орналастыруға мүмкіндік жоқ. Бір-бірінен алшақ жатқан мекендер эпоста бір мезгілде бір сызықтың /жолдың/ бойында тұруы реалды өмірге қайшы. Мұны жырау-жыршының білместігімен, болмаса ауытқумен түсіндіруге тағы да болмайды. Себебі, жолма-жол, сөзбе-сөз сәйкестендіруге әрекет етсек «ауытқымаған» эпос қалмайды. Демек, мұнда білмегендіктің ғана емес, дәстүрлі эпос поэтикасының да үлес-салмағы бар.

Ал эпос жанрының басты өзгешелігі – оның бейнелейтін объектісінің мейлінше ауқымдылығында. Халық тағдырындағы мәні зор ірі оқиғаларды эпос қалай құшағына алатын болса, көшпелі елдің ежелден көшіп-қонған жерін, мекен-тұрағын да солай қамтиды. Батырдың бірер күнде бір ізбен барып, бір ізбен қайтқан жолындағы бір-екі атауларды терумен шектелетін болса эпикалық зор ауқымнан, ірі-ірі әрекет өлшемнен дәнеңе де қалмайды. Сондықтан да мұнда саналы түрде кеңістік ұғымын нақтылы оқиғаға қарап емес, көшпелі елдің жалпы жағрафиялық ұғымына лайық кеңейту бар. Кеңейткенде де бүтін Еуразия даласына, Орта Азия территориясына кеңінен көсілу бар. Оқиға жинақталған кеңістікпен, жойқын түйдектелген уақытпен өрелескендіктен де құлашы кең, тынысы мол эпикалық өлшем санамызға ұялайды, яғни эпостың эпос екені оның ауқымынан танылады.

Асылында эпостың тарихи оқиғаларды да, жағрафиялық атауларды да түйдектеп жинақтайтын бітімі анық. Эпос өлшемі бір қаһарманның басынан өткен оқиғалардан, жүрген-тұрған жерінен анағұрлым кең. Мұндай ұғымдарды батырлық жырлар бір ғана қаһарманға қарап топтастырмайды, жалпы көшпелілер тарихы мен

мекенін, дәстүрлі ортасын бағыт-бағдар етіп ұстанады. Жеке кейіпкер әрекеті осыған бағындырылады.

Мұрын жырау топтамасында батырлардың қоныстанған жерлері Еділ, Жайық, Жем, Ойыл, Қобда, Есіл, Сырдария, Әмудария, Шығырлау, Торыат, Қыземшекті, Сарышоқы, Үш Бөкенбай, Қарабұлақ, Елек, Шат, Төрткүл, Балқан, Қаратау, Алатау, Ащыағар, Жабағы, Шаштөбе, Ақшағыл, Үшқиян, Темір, Сарыойық, т.б. болып кете береді.

Бұл атауларды жыр оқиғасының өрбуіне қарай рет-ретімен орналастырып, батырдың сапар шегу тәртібіне қарай созып қарау қиынның қиыны. Асылында бұлардың орналасу жүйесінде шарттылық бар. Тарихи оқиға мен жырдың арасы мерзімі жағынан бір-бірінен алыстамай тұрғанда жағрафиялық атаулардың орналасуы шындыққа жақын болуы әбден ықтимал. Бірақ эпикалық уақыт көп жырға ортақ дәстүрге айналғанда алғашқы рет тәртіп өзгере бастаған. Жырау жадында жалпы дәуір, эпикалық уақыт бейнесіне сәйкес атаулар тізбесі сақталып, оларды үнемі түлеп отыратын оқиға ретіне қарай иіп қолдану дәстүрі орныққан тәрізді.

Қырық күншілік жолды бір күнде шауып өткен Қобыландының жолынан үзінді келтірейік:

Қамыстының қазды көл,  
Қоғалының қулы көл,  
Жегендінің желді көл,  
Шағалалы шалқар көл,  
Қызғыштының қызды көл,  
Құмыра, Қотан қос көлден  
Айналасы бес көлден,  
Бәрінен өтіп жөнелді.  
Күдерінің белінен,  
Бесінде өтті дөңінен.  
Барлы-барлы, барлы тау,  
Басы биік қарлы тау,  
Хан жайлаған Қаратау,  
Би жайлаған Алатау,  
Онан да өтіп жол шекті-ау,  
Түйе мойнақ иір тау,  
Қыземшекті сүйір тау.  
Атасу мен Манашы  
Мал оттауға оты ащы,

х х х  
Емпей-күмпей қасынан,  
Жем, Темірдің басынан,  
Қалбағайлы шөлдерден,  
Қасқалдақты көлдерден,  
Асқар-асқар белдерден  
Айдын шалқар көлдерден  
Қан сасыған жерлерден  
/Үмітін үзіп жол шекті/.  
Тобылғылы Нұрадан,  
Сексеуілді жырадан  
х х х  
Жалғыз шауып жол шекті.

**Қобыланды – М.М.59.**

Тізбектеліп отырған атаулардың біразының қазір де дерегі бар. Ал бір парасы белгісіз. Әділін айту керек, бұлардың бәрі де кезінде жұртқа таныс, көшіп қонған елдің өз атаулары екенінде дау жоқ. Қазіргі біздің ұғымымыздың өзгергендігі, көптеген атаулардың бізге жетпеуі, біздің білмеуіміз заңды. Бірақ, дей тұрғанымызбен осы көрсетілген атаулардың бір бағытта, бір жолдың бойында жатуы қиын. Қазақстанның оңтүстігінде жатқан Қаратау /Маңғышлақта да бар/, Алатаудан бастап, Батыс Қазақстандағы Жем, Темір өзендеріне дейін Атасу, Нұра /Арқадағы/ арқылы өткен жолды елестетуге болатындай. Бірақ онда Қобыланды – Қаратаудан Алатауға /немесе керісінше Алатаудан Қаратауға/ онан Арқа арқылы айналма жол жүрген болып шығады. Батыстан шығысқа қарай жүрген болса да солай.

Бәрібір, осында эпикалық шарттылық бар. Эпостағы тел ұғымға лайық көлдерді бірыңғай, тауларды бірыңғай жинақтаушылық байқалып тұр. Бұл ұғымның тұрақты формуласы:

Асқар-асқар белдерден,  
Айдын шалқар көлдерден, -  
яғни, биік пен ойпаң, тау мен өзен, т.б. сияқты *тел оппозициялы* /бинарная оппозиция/ ұғымдарды өрелестіру арқылы толық мағлұмат, бүтін түсінік қалыптасады. Ұзақ жолда бұлар кезектесіп отыруы керек, жол бірыңғай көлмен аяқталса оның ұзақтығына күмән туады. Ал өмірде тау мен көлдің, биік пен ойпаңның кездесуі түрлі ретпен /саны, кезегі бойынша/ келе беруі мүмкін ғой. Гәп сонда, қырық күншілік жолды бір күнде жүріп келе жатқан батырдың жолы

олай тәптіштеліп отырмайды. Көлі бірыңғай, тауы бірыңғай топталып, ұзақ жолдың эпикалық ұғымға лайық бейнесі жасалады /тағы да қараңыз: **Қарабек – Б. 182; Бөген – Н.282./**.

Тегінде жырау, жыршылар жағрафиялық нақтылықты мезгіл өте келе қатаң қағидаға айналдырған. Сондықтан болу керек эпикалық уақыт аясында ежелден дәстүр болып келе жатқан атауларды қолдануда олар еркіндікке жол берген.

Бұл ретте, мәселе эпосты жырлаушылардың жағрафиядан арнайы білім алмағандығында емес. Басқа себебі бар. Атап айтқанда, топонимдер мен этникалық атаулар да эпикалық уақыттың тұрақты мінездемесіне айнала бастайды. Ал эпикалық уақыт жалпы жыр дәстүрімен сабақтас. Жырау мен жыршылардың эпикалық білімінің аумағы осы дәстүрдің ғасырлар бойғы жинақталған көркемдік тәжірибесімен өлшенеді. Демек, жырау тек өзі нақтылы білетін жер, ел атауларын ғана емес, дәстүрде бар болғандықтан өз басы біле бермейтін атауларды да жырға енгізуге тиіс. Осылай болмаған жағдайда жыраудың өзі иланып отырған тарихқа өзінің балта шапқанымен бірдей. өткен тарихқа эпос жырлаушылары мұндай мәміле жасай алмайды. Ал «білмейтін» араласқан жағдайда нақтылы жағрафиялық шарт сақталмайды. Бір-бірінен алшақ жатқан жерлер кейіпкерлердің іс-әрекетіне қарай бір мезгілде қатар атала береді.

Бұны қателік деп емес, эпос дәстүрінің табиғатынан туған өзгешелік деп түсіну қажет. Эпос дәстүрі ешқашан да тарихи оқиғаларды, нақтылы жер-су, кісі, ру атауларын айна қатесіз қуалап отырмайды. Ол негізінен тұтас дәуірдің, қала берді тұтас тарихтың ғана бейнесін жасайды. Тұтас дәуірдің өз ішінде ауыс-түйіс, бірінің орнына бірі жүре беретін кісі, жер, ел атаулары жиі болмаса да кездесетін құбылыс.

Жыраулар игерген жалпы эпикалық дәстүрдің қоры /арсеналы/ бірер эпос көлемінен әлдеқайда кең. Эпикалық дәстүр – жыр шығарушының құлашты кең жазуына мүмкіндік беретін тірегі. Ал осы дәстүр белгілі бір тарихи мезгілге қатысы болғанда екеуі қосылып эпикалық дәуірдің бейнесін жасайды. Нақтылай түссек, дәстүр көркемдік әдіс-тәсілдерге, жыр тудыруға тиесілі болса, оның шындықты бейнелеу жолдары дәуір арқылы көрінеді.

Дәстүр – тарихи қалыптасқан көркемдік жүйе /система/, ал эпикалық дәуір осы жүйенің шындықпен арақатысын белгілейтін мезгілдік категория. Белгілі бір тарихи кезенді оңашалап жырға қосу дәстүрге айналғанда ол кезең эпикалық дәуір дәрежесіне көтеріле алады.

Демек, эпикалық дәуір жинақталған жалпы ұғым, тарихи дәуірдің эпикалық бейнесі. Бұны ескермеу эпикалық дәстүрдің табиғатын түсінбеумен барабар. Кісі аттарының, жер-су атауларының, жекелеген оқиғалардың орналасу тәртібін, шығу тарихын жеке-жеке қарастырып, шындыққа сәйкес емес ауытқуларды «қателік» деп түсіну іс жүзінде эпос дәстүрін мойындамау болып шығады.

Ноғайлы дәуірінің негізін құрайтын Мұрынның «Қырымның қырық батыры» туралы құнды пікірлер айтқан зерттеушілердің бірі – Ә. Қоңыратбаев. Бірақ эпикалық дәуірдің жыр үрдісінен туындайтын өзгешеліктерін ғалым бір жақты, тарих пен эпос арасына тепе-теңдік қою арқылы түсінеді. Ноғайлы батырларының генеологиялық /шежірелік/ ретпен тұтастану жолдарын дұрыс пайымдай келіп, олардың іштей топ құрайтын салаларына /Аңшыбай, Қарадөң, т.б. батырлар және оның ұрпақтары/ арнайы тоқталады.

Ғалымның «Аңшыбай жыры» хақында айтқан пікірлерін толық келтірейік: «Аңшыбай атадан жетім қалады. Аң аулаумен айналысып жүріп, аққу болып ұшып жүрген бір «мұсылман», бір «кәпір» қызына үйленеді. Мұнысы «Оғызнамадағы» Күн қызы мен Жер қызына үйленетін Оғызхан аңызына ұқсас. Ноғайлы батырларын ол Аңшыбайдан таратады. Бұдан соң Аңшыбай Орақшы деген қалмаққа аттанады. Орақшы деп отырғаны Орақ батыр болуы да ғажап емес. Ол қыпшақтарға жау болған.

Жағалай жатқан құм екен,  
Қалың қамыс, сексеуіл.  
Өзі үлкен ну екен,  
Ұзын дария – ағын су,  
Жағалай барып өтеді.

Мұнда Сыр бойы суреттелген. «Құламерген» ертегісінде Орақ – сиқыршы, жамандық символы. Бұдан соң Аңшыбай қалмақ Ақоралмен соғысады. Онысы бірде – Арал, бірде – Орал. «Ақ» – батыс деген сөз. Ең аяғында Ақарбат елін шабады. Мұрын жырау Аңшыбайдың жүрген жерін Қырым дейді. Аңшыбайдан Бабай-Түкті Шашты Әзиз туған болса, олардың қонысы Құмкент /Созақ/ болған. Жыраудың Қырым деп отырғаны ноғай Қырымы емес, қырдағы ел ме дейміз. «Бозұғлан» жырында ол Қырхан делінген».<sup>3</sup>

Тарих пен эпос дәстүрінің арасын осылайша әрбір кісі, жер-су

---

<sup>3</sup> Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология, 198-б.

атымен сәйкестендіруге әрекеттенетін болсақ эпостардың дені тарихи ауытқулардың жиынтығы болып шығады. Б і р і н ш і д е н , Аңшыбайдың перінің мұсылман мен кәпір қызына үйленуі мен Оғызханның Күн мен Жер қызына үйленуінің арасында байланыс жоқ. Бұларды ортақтастыратын бір ғана жағдай – екеуінің де мифтік санадан туғандығы. Оның өзінде біреуінде ислам идеологиясы басым. Е к і н ш і д е н , Орақ пен Орақшыны теңестіруде қисын аз. Себебі, Аңшыбай да, Орақ та Мұрын жырларындағы ноғайлы батырлары. Орақ қыпшақтарға жау болғанда да оның қалмақ батырына айналып кетуіне сену қиын. Ноғайлы дәуірінің бел ортасында жүрген, әрі жеке жырға кейіпкер болған /«Орақ, Мамай»/ Орақты бір топтаманың ішінде біресе ноғайлы, біресе қалмақ батыры ғып түсіндіру зерттеуші тарапынан таңылған долбарлау. Бұл жерде тек кісі аттарының ұқсас болғандығы ғана. Ү ш і н ш і д е н , өзен аты жырда аталмаса да «мұнда Сыр бойы суреттелген» деп түйіндей салу эпос өзгешелігін біржақты түсіндіру. Қазақстанда бұған ұқсайтын Шу, Іле, т.б. өзендер де бар ғой. Гәп оның қай өзен болғандығында емес, жырдағы тау, өзен, көл, шөл, тоғай, жер сипаттамасына қарап, оған аты аталмаса да картадан орын іздестіру эпосқа қазіргі жаратылыстану туралы ұғымдарды тану болып шығады. Бұл да эпос пен тарих арасына тепе-теңдік белгі қоюмен бірдей. Т ө р т і н ш і д е н , «ақ» сөзі «батыс» деген мағына береді дегенге келіскеннің өзінде жауға /ол батыстан келсе де/ анықтауыш /Ақорал, Ақарбат/ ретінде қолданылғандықтан осылай болып тұр дегенге илану қиын-ақ. «Ақ» түркі топонимдерінде жиі кездесетін сөз. Б е с і н ш і д е н , Қырымды «қырдағы ел» деп жорамалдау тіпті нобайсыз.

Шоқан Уәлиханов жазып алған «Ер Едіге» жырынан мынадай бір үзінді келтірейік:

Ніл дарияның басында,  
Құмкент шәрі қолында  
Баба Түкті Шашты Әзиз  
Мені сонда тауып ап,  
Едіге деп а т қойғанда...

**Едіге – Ш.374.**

Аңыз бойынша Баба Түкті Шашты Әзиздің сүйегі жатқан Құмкенттің қазіргі Созақ ауданының жеріндегі Қызылкөлдің маңында екеніне келісейік. Ал, Ніл дариясын қалай жорамалдауға болады? Бұл екеуін Қазақстан картасына қатар орналастыру тіптен де мүмкін емес. Бәлкім бұл фольклоршы С.Қасқабасовтың келтірген деректеріндегі

«Меккеге қажылыққа барушылар ең алды Мұхамедтің, онан кейін Аль Мутази-Сейіттің, содан соң осы Баба Тухластың қабіріне барып, тауап ететін болған»<sup>□</sup> -деген мәліметтерімен ұштасып жатпасына кім кепіл? Онда Баба Түкті Шашты Әзиздің мекені Мекке болмақ.

Бұл жерде біз Құмкенттің жанында қазақтар қадірлеп келе жатқан осы әулиенің мазарын жоққа шығарғалы отырған жоқпыз. Шындық осылай да болар. Мәселе бұл жерде эпостың көркемдік нышанына қарай топонимдік, ономастикалық атаулардың қолданылу жолын түсініп алуда болып тұр. Ал эпос поэтикасы, көркемдік өзгешеліктері тек сюжет пен оқиғаларға ғана емес, мезгіл мен мекен ұғымдарына да тиесілі екендігін ескермеуге болмайды.

Сюжет пен оқиғаның қандай сипатта /қиял-ғажайып, шындыққа негізделген, ойдан шығарылған, т.б./ болуы мезгіл мен мекенге әсер етеді. Ал эпоста кездесетін оқиғалардың шындыққа қатысы әр түрлі дәрежеде, көбінесе аралас. Демек, қандай оқиға қашан, қай жерде өтті деген сауалдар бір-бірімен тығыз байланысты. Батырдың шыққан ортасы, руы, елі-жұрты көбіне шындыққа жақын да /әрине, мұнда да шарттылық бар/, оның тууы – ғажайып оқиғалы, батырдың өз елінде жүрген-тұрған мезгіл-мекені /өсуі, ат таңдауы, асық ойнауы, молдадан сабақ алуы, т.б./ илануға болатындай, ал жат жердегі іс-әрекетінде қиялға тізгін беріле бастайды. Үйде тездеп өскен қаһарман қаншама алыс сапарда ұзақ мезгіл жүрсе де «бала» қалпында қала береді. Жаз жайлап, қыс қыстап жүрген батыр жауға барғанда адам айтқысыз биік қамалдарды бұзып, шаһарларды шауып алады.

Бұл туралы А.Байтұрсынов былай деген: «Батыр әңгімесі өтірік-шыны аралас қойыртпақ әңгіме болады. Шын жағы бұрын батырлар болуы. Батырлар заманында соғыс болуы, батырлар халық үшін қайрат қылуы, жұртын қорғауы. Өтірік жағы, олардың мінген атына, тұтынған затына өздеріне бітпеген қасиеттерді таңу, болмаған күштерді, болмаған істерді телу».<sup>1</sup>

Міне, осының бәрі көркемдік тілекке қарай мезгіл мен мекенді шындық ортадан ойып алып, шарттылықтың ауылына апарып қондырады. Бұл эпос табиғатынан туындайтын заңдылық.

Қазақ фольклорын, оның ішінде эпостық жанрларды зерттеуге айырықша еңбек сіңірген Ә.Қоңыратбаевтың пікірлерін біз арнайы сынға алғалы отырған жоқпыз. Ғалымның көптеген ізденістері әлі өз бағасын жойған жоқ. Бірақ эпостың тарихпен қарым-қатынасын түсіндіруде орын алып келе жатқан осындай қалыптасқан жағдайдың

---

<sup>□</sup> Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984. 215-б.

<sup>1</sup> Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989. 236-б.

зерттеуші еңбектерінде ғылыми концепсияға айналғандығын айтпауға болмайтындай. Бұған мына бір пікір де себепші болды. 1942 жылы Мұрын жыраудан жазылып алынған жырларда ауытқулар бар, оған көшіріп алушылар да «тарихи түсінік бере алмаған» дейді ол.<sup>2</sup> Зерттеушінің пікірінше: «Мұрын жырларын бүгінгі адай жыршыларына тарихи түсінікпен қайта жырлатса, ондағы эскиздер толығып, бір ізге келсе керек. Мұрын кейде ноғай батырларын ұнамсыз, оғыз батырларын ұнамды еткен. Көкше ноғай деп, Орақ қызын алмайды. Мұрын ноғайды – монғол, қазақты – оғыз деп, оқиғаны Х ғасырға жіберген. Оғыз тайпаларын Аңшыбай мен Қарадөңнен таратқан. Бірақ Мұрындағы «Едіге», «Орақ» жырлары қазақ емес, ноғай сюжеті, оны Кавказ ноғайлары иемденіп жүр».<sup>3</sup>

Бұл туралы әңгімені созбай, түйіндей айтатын болсақ, алдымен ХХ ғасырдың тарихшысы емес. Ол тарихты қалай жырласа да біз үшін түзетуден кеткен, қаласақ та жырау түсінігіндегі, қала берді бүкіл қарапайым халық ұғымындағы тарих осы. Барын бардай қабылдау қажет. Эпос – тарихи құжат емес, рухани мұра. Ал жырауға қайтадан тарихи түзетіп жырлату жасанды эпос жасау ісімен ағайындас.

Ғалымның айтып отырған монғол, оғыз деген сөздері Мұрын жырларында жоқ. Қай батыр болса да /әрине жау жағы емес/ ноғайлы атынан әрекет етеді. Мұрынның мұнысы дәуір бейнесін жасаудағы дәстүрге деген адалдығы.

Эпикалық дәуірдің өзгешелігі сонда – оны жырлау айрықша дәстүрге айналып, арғы-бергі замандардағы /оның ішіндегі оғыз-қыпшақ, монғол кезеңі, т.б./ оқиғалар, тарихи тұлғалар, атаулар, мифтік және діни ұғымдар бір орталыққа топтастырылып, бір сүзгіден өткізіледі. Ноғай мен қыпшақ, оғыз бен қазақ, қазақ пен ноғай, т.б. дегендердің бәрі жиналып келіп үлкен бір дәстүрлі эпикалық ұғымға сыйысады.

Ал енді осындай жинақтаушы мәні бар ноғайлы дәуірін эпос поэтикасының даму барысында тарихты халық ұғымына лайық ауқымды, тұтас игерудің биік бір көркемдік межесі деп түсінбесек, шындықтан алшақ кетеміз. Онда эпостағы ноғай дәуірі дегенді Кавказдағы ноғай этносымен шатыстырып, мынауы ноғай сюжеті, мынауы қазақ сюжеті дегенге амалсыз айналсоқтаймыз. Қазіргі ноғайлар мен қазақтарда сақталған ортақ сюжеттердің кімге еншілі екенін дәлелдеуге бірнеше бұтақтың бір түбірден шыққандығына дау

---

<sup>2</sup> Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология, 349-б.

<sup>3</sup> Сонда, 350-б.

айтумен бірдей.

«Ноғайлы елі» бұрын болған да, мүлде із қалдырмай жойылып кеткен ел емес, «ноғайлар» деген аты ғана өзгеріп, құрамындағы елдер кейін басқаша атанғанға ұқсайды. Қазақ эпостарындағы батырлардың бірі қыпшақ руынан, екіншісі қоңырат, тағы біреулері арғын, қият руларынан шығады. Қазақтардың ішінде «ноғай» атын сақтап қалғандар да жоқ емес. Олар өздерін қазақтың бір руымыз деп біледі. «Ноғайлы», «ноғайлықтың» аттарымен байланысты халық аузында аңыз-ертегі, көптеген өлең, эпостық, лиро-эпостық жырлар қазаққа мұра ретінде қалды» - дейді Қ.Жұмалиев.<sup>1</sup>

Құрамына көптеген қазақ рулары енген Ноғайлы хандығының эпос тарихында айқын із салғаны күмәнсіз. Бірақ қазақ эпосындағы «ноғайлы заманы», «ноғайлы батыры» дегендердің тек этностық мағынасы ғана емес, поэтикалық, мезгілдік, мекендік және тұтастанушылық /циклдық/ сипатының барын да ұмытпайық. Эпос төрінен орын алған бұл дәуірдің ұмытылмай келе жатқаны да сондықтан.

Батырлық жырлардағы кеңістік ұғымдарын қазіргі Қазақстанның ішінен ғана іздеу тиісті нәтиже бермейді. Біздің жағрафиялық ұғымымыз, территориялық шекарамыз бен осы жерді мекендеген ата-бабаларымыздың ұғымында жер мен көктей айырма бар. Қиыр Шығыстан Еуропаға дейін көшіп-қонып жүрген байырғы тайпалық одақтарды /скиф, сақ, ғұн, т.б./ айтпағанның өзінде кешегі орта ғасырда ноғайлы аталып жүргендердің жүрген-тұрған жерлері Сібірден Қырымға дейін созылып жатыр. Ал осындай заманның кеңістік ұғымына сүйенбеген эпикалық дәстүрді біздің түсінуіміз қиын болар еді.

Ноғайлардың арасында кейбір айырма болғанымен /мемлекеттік, территориялық, рулық, тайпалық бірлестіктерге бөлінуі, т.б./ эпос олардың арасына қытай қорғанын қоймайды. Қайта біріктіріп қарайды. Бұл тек эпикалық кең құлашпен ғана емес, эпостың тарихқа деген концепциясымен астасып жатқан құбылыс/бұл туралы сөз сәл кейінірек/.

Классикалық эпос концепциясы бергі тарихи шектеушіліктен анағұрлым кең. Ол басында шындықтан туындап, кейінірек тоз-тозы шыққан жұрттың бір-бірін жоқтау, бірігу концепциясына ұласқан. Эпос дәстүрі мұны мықтап қармаған. Жыр бойынша Қырым, Үрім, Үргеніш, Хиуа, Аштархан, Қазан, Ыстамбол, Әндіжан, Қоқан, т.б. түріктердің өз жері, ал бұлардың сыртында Шам, Мысыр қысылғанда

---

<sup>1</sup> Жұмалиев Қ.Ж. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1958. 21-б.

арқа сүйейтін тілектес елдері.

Тұқымымды сұрасаң,  
Тоқсан баулы ноғайдан,  
Қырық таңбалы Қырымнан  
Шалқытып жатқан жер деді.

**Аңшыбай – М.26.**

Қырымға хабар салады.

**Құттықия – М.64.**

Азғана ауыл дедің бе,  
Қаһарлансам хабар салармын  
Қырық таңбалы Қырымға,  
Он екі баулы Ұрымға  
Шамдансам хабар салармын  
Шам шаһары мен Мысырға  
Және хабар салармын  
Балықты мен Бадақшанға.  
Қаһарлансам хабар салармын  
Хиуа мен Көне Үргеніш...

**Орақ, Мамай – М.139.**

Мынау тұрған Қазан-ды  
Ноғайлы салған қала еді

**Тана – М.291.**

Нәрік деген Қазан  
шәрінің ханы еді...

**Нәрік - М.306.**

Еділде жатқан көп ноғай,  
Баршасы оның Қырым-ды.

**Телағыс – М.188.**

Қырық сан Қырым елінде  
Ноғай деген ел еді

**Қосай - М.118.**

Қырық таңбалы Қырым,  
Он екі жарым Үрім

**Қосай –М.135.**

Ыстамбол, Қазан екеуі  
Тірек еді еліме

**Шора – Д.259.**

Нәріктің ұлы Шорамын  
Қазыналы Қазанды

Кәпір алды деген соң,  
Үргеніштен аттанып,  
Қайратым тасып барамын.

**Шора – Д.257.**

Ат жақсысын сұрасаң  
Әндіжан мен Қоқанда  
Ер жақсысын көресің  
Қырым менен Қазаннан.

х х х

Берермін кәпір жазаңды  
Мұнан соң келсең Қазанға.

**Шора – Д.260.**

Қырым бір Қырым болғалы,  
Қырық мың мешіт салғалы,  
Құт орнаған қол жинап,

**Шора – Д.259.**

Рас, эпикалық жырда ауқымды құлаш тек қана тұтастық және туыстық идеядан ғана туа бермеген. Мұның сыртында қиял мен ойдан шығарған эпикалық шарттылық азды-көпті орын алған. Сирек ұшырасатын Мысыр, Шам, Бадахшан сияқты елдер мен жерлер соның айғағы.

Осы тұста назар аударуға лайық айрықша бір жағдай – алыстағы дерексіздеу ел мен жер атаулары негізінен жырдың қиял-ғажайып оқиғаларды бейнелейтін, тарихи шындықтан айқын ауытқитын тұстарында кездесетіндігі. Олар өте алыстағы /Ніл, Агун дария/, немесе ойдан шығарылған жер , су аттаулары болып келеді. Мұндайда, әсіресе, «бір дарияда», «бір тауда» деп көрсету орын алады.

Мәселен, Баба Түкті Шашты Әзиз перінің қызына Агун дариясының жағасында жолығады. Су астына сүңгіп кеткен қыздың соңынан ол да сүңгиді. Сөйтіп, қызды некелеп алады. Бірақ пері қызының тыйым /табу/ салған шарттарын орындай алмайды. Аспанға ұшып кеткен пері қызы екеуінің баласы Едігені «Ніл дарияның басына, Құмкент шәһерінің қасына» тастап кетеді /Едіге – Ш.362. /.

Асан қайғының пері қызына үйленуі «бір дарияның» маңында өтеді. /Асан қайғы – М.49./.

Шораның қартайған ата-анасы әулиеден бала сұрап жүргенде оларға айдалада бір шал кездесіп, Бабай Түкті Шашты Әзизге баруға кеңес береді. «Егерде тілектеріңді құдай қабыл етсе, қырық күнде

жетесіздер, болмаса қырық жылда; сіздердің жолыңызда Қара дария, Ақ дария деген дариялар бар, сонан өтесіздер...» - дейді шал /Шора – П.272./.

Жалпы түркі әлемінен сырт орналасқан, болмаса ойдан шығарылған жерлер мен ел атаулары қазақ фольклорында қиял-ғажайып оқиғалармен байланысты жүретінін аңғару қиынға соқпайды. Мысыр, Ніл дариясы, Қап тауы, т.б. көбінесе ертегі мен ертегілік сарындағы дастандардан мол орын алатындығы кездейсоқ емес. Адам сенгісіз оқиға да бұлдыр сағымдай дерегі аз жерде өтетінінде заңдылық бар. Ол ең алдымен сюжет пен оқиғаның табиғатына, шындыққа қатыстылығына қарай болса керек.

## КЕҢІСТІКТІҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

Қаһармандық эпостағы кеңістік ұғымдары оқиғалы. Оқиғадан, нақтылы ситуациядан тыс жер-су, мекен көрінісі өте сирек. Ал оқиғаның болу себебі де, ауысу тәртібі де ең алдымен бас қаһарманның жүріс-тұрысына байланысты. Кеңістіктің бұл бағыттағы қызметі уақыт өлшемдерімен қарайлас. Оқиға тығыздалып, уақыт түйдектелетін жерде кеңістік көріністері де бірінен кейін бірі зымырап өтіп жатады. Әсіресе, ұзақ жол жүру мезгілі жағынан қысқарғанда кеңістік те түйдек-түйдегімен ауысып отырады.

Оқиға сығымдалмай, өту мерзімі реалды уақытқа қарай жақындаған сайын кеңістік көрінісі де дөңгеленбей, жайбарақат қалыпқа түседі. Көлдің, таудың, жердің атын термелеп кету емес, оның ұсақ-түйек детальдарына да назар аударыла бастайды. Алайда жазба әдебиетіндегідей, болмаса лирикалық өлеңдердегідей айнала көріністі, табиғатты тамашалап тұру батырлар жырында жоқ. Табиғат көрінісі, кеңістік бітімі әрекет пен бірлікте ғана көрінеді. Тау – асқанда, аң – аулап жүргенде, өзен – өткенде, дала – жүргенде, ағаш – басына шыққанда, не ат байлағанда айтылады. Кеңістікті ситуативті дейтініміз осыдан.

Кеңістік бас қаһарман үшін кең де, ауыспалы, ал қосымша кейіпкерлердің кеңістіктегі жүріп-тұрысы олардың әрқайсысының атқаратын қызметіне, батырдың үйінде, не жолында кездесуіне қарай шектеулі. Батырдың ата-анасы, сүйген жары үйден, қала берді елден ұзап шыға қоймайды. Жолда кездескен кейіпкерлер көбіне сол кездескен жерде, не болмаса қайтар жолда өз мекенінде қалады.

Әрине, бұл жерде біз жалпы жиі кездесетін типтік жағдайды айтып отырмыз. Жау еліне кеткен батырды іздеп шыққан туыс /әке,

іні, қарындас/, батырмен бірге жүрген жолдас /мәселен, «Қобыланды» жырындағы Қараман/ та түрлі кеңістікте орын ауыстырып отырады.

Бас қаһарманның жолына табиғи орта ешқашан кедергі бола алмайды. Ол асау өзендерден, биік таулардан, шөл даладан өте алмай, тоқтап қалу дегенді білмейді. Ең ауыр өткел болатын жер – дүшпанның биік қорғаны, мықты бекінісі.

Табиғи ортаның кейіпкер үшін кедергі болмауы ертегіге тиесілі ерекшелік. Кейіпкер қанша алысқа кетсе де оған бөгет жоқ. Оны бөгейтін тек әдейі жасалған қастандық, т.б.<sup>□</sup> Батырлар жырында да осыған ұқсастық бар. Бірақ мұнда ертегідегідей «айттым – істелді», «шықтым – жеттім» жоқ. Алдағы жүретін жолға, баратын жерге алдымен үлкен психологиялық даярлық бар. Батыр ат таңдайды, оны ұзақ жолға даярлайды, туған-туыстары жылап-еңіреп қоштасады, жол жүретін күні батыр кемпір-шалдың қасына қонады /«Қобыланды», «Қарабек»/. Жол мен жау еліндегі қиындықты эпос алдымен осылай сездіреді. Оның үстіне жолда қанша уақыттың өткені, қалай өткені, яғни кеңістіктің ауысып отырғаны баяндалады.

Мұның бәрі де батырдың жүріс-тұрысына әлеуметтік салмақ береді. Ол ел тағдыры үшін маңызды мақсатпен жүрген тұлға боп сипатталады.

Қаһармандық эпостағы кеңістік ұғымдарының өз ішінен арна құрап, сараланып кететін белгілерінің бірі байырғы мифтік санамен сабақтас бітімі. Рас, классикалық эпостың табиғаты мен көркемдік өрнегіне лайық өзгерген мифтік түсінік бір қарағанда көзге түсе қоймайды. Алайда эпостың төлтума қасиетін бір ғана тарихи деректермен ұштастырар болсақ, оның ежелгі мифтік дәстүрге де қарыздар екенін жоққа шығарамыз.

Батырлық жырдағы мифтік ойлаудың, осындай бір сілемдері кеңістікті ө з і м д і к і /свой/ мен ө з г е н і к і /чужой/ деп бөлу және оларды бір-біріне қарсы қою. Мифте а д а м з а т т ы қ /человеческое/ және а д а м з а т т ы қ е м е с /нечеловеческое/ /дию, албасты, марту, жезтырнақ, шойынқұлақ, жалғыз көзді дәу, т.б./ болып бөліну ретінде көрінсе, классикалық эпоста б і з д і к і /ноғайлардікі, қыпшақтардікі, қазақтікі т.б./ және ж а у д і к і /қалмақтікі, қызылбастікі, ындыстікі/ деген ұғымдарға лайық жіктеледі.<sup>1</sup>

Бұл орайда көне эпос мифке бір табан жақын тұр. Мұндағы жау елі әлі мифтік кейіпкерлер – жеті басты айдаһар, жалғыз көзді

---

<sup>□</sup> Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы, С.339.

<sup>1</sup> Иванов В.В., Топоров В.Н. Славянские языковые моделирующие семиотические системы. Древний период. М., 1965.С. 156-165; Неклюдов С.Ю. Время и пространство в былинне, С.32-35.

жалмауыз кемпір, жыландар патшалығы сияқты түсініктерден біржола бөлініп кетпеген. Рас, қаһарманға қарсы соғысатын мифтік кейіпкерлерді жұмсаушылар басқа елдің патшасы.

«Құламерген, Жоямерген» жырында батырдың әйеліне ғашық болған патшаның мекені «мұхиттың жағасында тұрған Бұлғар шаһары». Ол өзі Құламергенді жеңе алмағандықтан жеті басты жалмауыз кемпірді жұмсайды. Оның мекені – жер асты / **«Құламерген, Жоямерген» - Б.332./**

«Құбығұл» эпосында жеті басты айдаһардың мекені батыр мен ол ғашық болған Ақбілек қыздың елінің ортасындағы биік тау басында /**Құбығұл – Н.399./**

Дотан батырға кездесетін Желаяқ, Тыңдаушы, Көлтаусар, Көзбайлаушы сияқты кейіпкерлер де батыр бара жатқан Шынтемірхан елінің екі арасында жүреді. Шынтемірханның мекені – «Мұхит теңіз жағасы» /**Дотан – М.162./**

Демек, көне эпоста адамзаттық және адамзаттық емес дүние аралас. Таза мифтік санаға сәйкес екіге бөліп жырлау үшінші бір түсінікпен толықтырылу үстінде екенін байқау қиын емес. Адамдар тұратын жау елі мифтік кейіпкерлердің орынын иемденіп, екеуінің қызметі жақындаса бастаған. Тегінде мифтік кейіпкерлерді тарихи жаумен ауыстырудың ортасында көне эпос аралық қызмет атқарған. Мифтік әлем біртіндеп адамдар мекеніне, кеңістік туралы ұғымдар реалды түсінікке қарай бет бұрған.

Дегенімен, мифтік сананың сілемдері көне эпоста айқын. Жау елінің мекені теңіздегі арал, мұхиттың жағасы, биік таулар ғана емес, жеті қабат жер асты, сиректеу болса да аспан әлемі болып келеді. Мифтік санаға сәйкес мекен көлденең ж а з ы қ қ а /горизонтальная плоскость/ да, т і г і н е н /вертикально/ де орналасқан. Мифтік кейіпкер Тыңдаушы көбіне жер астында болып жатқан оқиғаны қадағалайды /**Дотан – М.156./**. Жоямерген жер астындағы жылан патшасының қызына үйленеді /**Құламерген, Жоямерген – Б.353./**

Аспанда пері, дию сияқты кейіпкерлер ұшып жүргенімен эпос қаһарманы олармен көбіне жер үстінде ұшырасады. Аспан әлеміне қатысты ұғымдар көне жырларда алып бәйтерек /**Дотан – М.147./**, басын жеті басты айдаһар мекендейтін биік тау /**Құбығұл – Н.396./** түріндегі символдық мәні бар түсініктермен ғана шектеледі. Асылында батырлардың кеңістікте тігінен жүріп-тұруы жер астына көбірек қатысты, жоғары шығу аттың ұшуы түрінде ғана сақталған.

Көк бұлттың астында

Ақ бұлттың үстінде,

Құбылып ойнап келеді.

**Қобыланды – М.37.**

Оның өзінде де қаһарман жоғарыда тұрақтамайды, көлденең тұрған мекенге барып түседі. Қосай айналадағы оқиғаны «қырық құлаш саты жасап», соған шығып көреді /**Көкше – Р.53.**/.

Мифтегі кеңістіктің ж о ғ а р ы / т ө м е н құрылған тәртібі қаһармандық эпосқа тән емес. Алайда кеңістік ұғымдарын жинақтап көрсетуде бұл түсінік эпикалық формула ретінде сақталған. Қаһарманның жол жүруі міндетті түрде тел оппозициялы ұғым арқылы бейнеленеді, биік пен ойпаң, тау мен өзен /кейде көл, жазық дала/, шөл мен көл кезек алмасып отырады.

Осы орайда ө з і м д і к і мен ө з г е н і к і н қатар шендестіру мекендік түсініктермен қоян-қолтық өрелеседі. Бір ғажабы біздің қолымыздағы қазақ эпосының деректері мынадай бір көріністі тұрақты түрде қайталайды. Сапарға шығып, ұзақ жол жүрген батырдың жау еліне жеткенде таудан асуы, не тауға шығуы шарт.

Бекіп жатқан жан еді

Көлденең жатқан тау еді.

**Қобыланды – М.44.**

Бөкентау деген тау екен

Аржағы ындыс жау екен.

**Жұбаныш – М.201.**

Биік шыңға кеп батырлар

Төменгі жаққа көз салды,

Сонда жерді көреді.

**Асан қайғы, Тоған, Абат – М.66.**

Басына таудың көз салса,

Жүрген қаптап қалың жау.

**Көкше – М.105.**

Шетіне елдің Ер Қосай

Барып сонда қалады

Айналасы тау екен.

**Қосай – М.117.**

Жыландының биік тау,

Аржағы көп қалмақ жау.

**Шора – М.368.**

Ар жағында қара тау,

Қызылбастың көп еді.

**Нұрадын – М.106.**

Қашық жерде жаулар бар,  
Биік-биік таулар бар.  
Өгіз тау деген тауларда  
Өгіз хан деген хандар бар.

**Орақ, Мамай – М.146.**

Тобылғылы деген тау еді,  
Қашаннан мықты жау еді.

**Жұбаныш – М.207.**

Биік екен таулары,  
Мықты екен жаулары.

**Сүйініш – М.229.**

Іздегенің хан /қызылбас/ болса  
Анау таудың үстінде.

**Тана – М.300.**

Мысалдар Мұрын жырау топтамасынан алынып отыр /тағы да қараңыз: **Көкше – М.103; Қарасай, Қазі – М.165; Тама – М.279; Тана – М.299; Шора – М.345; Қосай – М.125; Телағыс – М.179; Қарғабойлы, Қазтуған – М.85; Ахмет – М. 203; Алау – М.211; Сұлтанкерім – М.245; Жұбаныш – М.208; Әмет – М.244; т.б./.**

Бәлкім, соған қарағанда бұл бір жыраудың қолтаңбасына лайық өзгешелік болып жүрмесін? Жоқ, өзге жырларда да бұл сақталады:

Төбеге шыға келеді,

х х х

Бет алдына қараса,  
Будақ- будақ шаң көрді.

**Алпамыс – С.А.23.**

Сол уақыттар болғанда  
Белес- белес бел көрді,  
Бел астында ел көрді.

**Қобыланды – М.М.60.**

Жетінші күдер асқанда

х х х

Қырық күн бұрын кеткен әскердің  
Соңынан қуып жетеді.

**Қарасай, Қазі – Д.135.**

Қарабек тауға шыққанда,

х х х

Қаптап шыққан бұлттай,  
Қалың қара көреді.

**Қарабек – Б.191.**

Намаздыгер болған кезде батырды,  
Құба таудың нақ басына жеткізді.

**Көрғұлы – Е.153.**

Бад-бақыт тауының арғы беті Күнхар,  
елінің Күржістан деген шаһары еді.

**Көрұғлы – С.171.**

Соғыс қылған Сапабектің жері екен,  
Күйгін деген бір күн келді тауына.

**Көрұғлы – Т.262.**

/Тағы да қараңыз: **Көкше – Р.57; Көрұғлы – Қ.314; 316; 335; 337; 339; 341; Қарасай, Қазі – Қ.148; Дотан – М.207; Көрұғлы - Ө.392; Шора – П.286; Сайын – Б.44; Қарабек – М.89; Төрехан – Н.318; Қобыланды – М.М.108. т.б./.**

Тау ортадағы шекара ғана емес, жаудың мекен- тұрағы да. Ол жаудың жүретін жері, болмаса қала, қамал салатын орны.

Қаһармандық эпостағы тауға қатысты осындай қалыптасқан жағдайдың шығу тарихын, көркемдік жолын бажайлауымызға болады.

Көне эпоста тау мен жау бір-біріне теңескен.

Бір тау келед қимылдап,

Таң тамаша қалады,

Рұқсат алып Мергеннен

Тауға кетіп барады.

Аспанменен күрескен,

Бұлтпенен тірескен,

Жүріп келед үлкен тау,

Тау дегені бір батыр.

**Құламерген, Жоямерген – Б.333.**

Шетіндегі екі тау қимылдап тұр,

Қорыққаннан қасына таянбайды.

х х х

Ол тауларға Ер Дотан сәлем берді,

Сәлем беріп жөн- жосық сұрап көрді.

**Дотан – М.161.**

Сөйтсе бұлар диюлар болып шығады. Ал енді «Құбығұл» жырында жеті басты айдаһардың мекені – тау басы.

Түсімде биік тау көрдім,  
Тау басында қар көрдім,  
Құйрығын тауға сабаған,  
Айдаһар көрдім, зәр көрдім.

**Құбығұл – Н.396.**

Осы жырдағы жайын былай суреттеледі:

Қайғылы менің заманым,  
Таудай жайын мен көрдім  
Құйрығын көлге сабаған.

**Құбығұл – Н.462.**

Ер Кеңестің анасы айдаһардың басына жерік болады. Сұлатнәлі батыр айдаһарды таудан ұстайды /**Кеңес – М.140.**/. Тауды мекендеген мифтік құбыжықтар бертін келе біртіндеп жау бейнесіне ауысады:

Тілеуі Ер Дотанның дұрыс болып,  
Тау балуан Барақты алып ұрған.

**Дотан – М.190.**

Зор екен адамзаттан мұндар қалмақ,  
Көрінді көлеңкесі қара таудай.

**Қарабек – М.94.**

Демек, қаһармандық эпоста мифтік кейіпкерлерді, адамзаттық емес ұғымды тарихи жаумен ауыстыру орын алғаны рас болса, көне эпос деректері осының синкретті аралық үлгісін алдымызға жайып салады. Алайда классикалық батырлық жырларда тау мен жаудың қатар жүру себебі тек қана мифтік санаға байланып қалғандықтан емес. Мұнда әлеуметтік те себеп бар.

«Бұл айтқан елдердің /сақ, үйсін, қаңлы, оғыз, қыпшақ – Ш.Ы./ ол кездегі қонысы қазіргі Алтай, Алатау, Жетісу, Арқаның жоны, Сырдың өн бойы болатын. Қытай тарихын пайдаланған академик Риттер мен Клапроттың айтуынша бұрын сахарада қоныстанған рулар үйсін мен қаңлы да малдарын қыста Сырдария, Шу, Талас өзендерінің бойында қыстатып, жаз шыға шөлейтке, салқын жаққа қарай көшіп, Ертіс, Есіл, Тобыл өзендерінің арасын жайлап, Орал тауы, Обь

өзенінің сағасына дейін баратын. ХҮІІІ ғасыр басына дейін қазақ халқында, осы шаруашылық салтты берік ұстап, қыс Сырдың бойын мекендеп, малын Шу өзені бойында, Алатауда қыстатып, жаз Ертіс, Есіл, Тобыл өзендерін бойлай, шөлейтте Арқаны жайлайтын», - деп жазды Ә.Марғұлан.<sup>1</sup>

Қазақ эпосының дені ортағасырлық оқиғалар мен жер-су, мекендік атауларды молырақ сақтаған. Байырғы көшпелі тайпалардың тіршілігі мен түнігіне лайықты кеңістік ұғымдарды қыпшақ, оғыз, ноғайлы замандарында жаңа сүзгіден өткізіліп, тарихи шындыққа қайшы келмегендері ауыз әдебиетінде мықтап орнықса, осы дәуірдің өз бейнесі батырлық жырлардың негізгі арқауы болып қалыптасты.

Бұл орайда көшпелі елдің жағрафиялық ортасы мен шаруашылық тыныс-тіршілігі де эпостық жырларға дәстүр болып қалды. Осындай орасан зор көшпелілер территориясы қазақ эпосының құлашты еркін жазуына, жойқын далаға жойласыз көсілуіне толық мүмкіндік берді. Ұлы дала бейнесінің халық дәстүріндегі көзге елестетіп, көңілге ұялатар ұрымтал тұсы да шын мәнінде осы эпостық жырлар болып шығады. Бұл жерде эпостың кеңістік концепциясы тарихи шындықтан алшақ кетпеген. Қазақ эпосында ойдан шығарылған жойласыз кеңістік, тарихи негізі жоқ орта /мәселен, қалмақ эпосындағы Бумба елі сияқты/ жырланбайды.

Осы орайда ортағасырлық көшпелілердің батыстағы шекарасына қатысты Ә.Марғұланның мына пікіріне де жүгінсек: «Алтын Орда хандары Еділ бойындағы сәулетті қалаларын тастап, жаз күні Дон /Тана суы/, Днепр /Оза суы/, Солтүстік Кавказдағы Кубан, не Еділ бойларын барып жайлайтын».<sup>2</sup>

Міне, бұл – тарихи шындық. Ал эпос оқиғаларының осындай кеңістікке жайылып жатуының тарихи негізі бар. Әрі ол бірер нақтылы оқиғаға, бірер кейіпкердің тағдырына байланған кеңістік атаулары емес, эпикалық дәуірге айналған, көшпелі елдің жалпы тіршілік ортасына, табиғат бедеріне астар /фон/ болып алынған ата жұрт, туған жер туралы ұғымдармен сабақтас.

Көшпелілер тіршілігінің негізгі түп қазығы кең дала, жазық жер. Олардың ежелгі көшіп-қонған жерлерінің шығысы Алтай, оңтүстігі Тәңірі /Тянь-Шань/, солтүстігі Орал, батысы Қап /Кавказ/ тауларымен шектесуі эпос үшін кездейсоқ емес. Одан әрі жау бар деген ұғым

---

<sup>1</sup> Марғұлан Ә. Қазақ халқының эпикалы әңгімелері /миф, легенда, ертегі-жыр, аңызды әңгімелер/ туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер/. Докторлық диссертация. Алматы – Москва, 1945. 30-б.

<sup>2</sup> Сонда, 31-б.

қалыптасқандай сыңайы бар. Ал ортадағы ірілі-ұсақты таулардың мәні осы шекара тауларға теңестірілген.

Эпостағы кең далаға іс жүзінде қарсы тұрған кеңістік ұғымы тау болып шығады. Тау көшпелілер эпосында аса қауіпті жер. Эпостағы тау міндетті түрде ситуациялы, ол жерде батырдың қиындық пен кедергіге ұшырауы қалыптасқан типтік жағдай.

Мифтегі кеңістіктің а д а м з а т т ы қ және а д а м з а т т ы қ е м е с болып бөлінуі эпоста ө з і м д і к і және ж а у д і к і деген жіктелуге әкелсе, осы ұғымдардың заттанған түрі д а л а және т а у болып шығады. Мәселе мұнымен де бітпейді. Дала мен тау шендесе келе екі түрлі мәдениетті – көшпелі және отырықшы шаруашылықты қарсы қою тәсіліне айналады. Тау деп отырғанымыз іс жүзінде айналасы биік қорғанмен қоршалған қала болып шығады:

Қаласы келсе тау екен,  
Мықты қалмақ жау екен.

**Құттықия – М.67.**

Шабуылдап Ахметбекпен екеуі  
Тау ішімен қала сыртын айналып.

**Көрұғлы – Р.105.**

Қаладан шығып жөнелді,  
Шығатұғын жолы жоқ  
Манағы шыңға келеді.

**Асанқайғы, Тоған, Абат – М.72.**

Айналасы тау екен,

х х х

Барып қалды қалаға.

**Қосай – М.117.**

Сонда қалмақ ығысты

х х х

Қалаға қашып барады,

х х х

Қалмақтың түсті соңына,

Сол жағы оның тау екен.

**Тегіс, Көгіс – М.270.**

/Тағы да қараңыз: Нұрадын – М.106; Қарасай, Қазі – М.164.  
т.б./.

Жаудың жеті қабат биік қорғанмен қоршалған қаласы мен таудың мән-маңызы эпоста барабар. Таулардан оңай асқан тұлпар бекінген

қалаға келгенде қиналады. Қаланың ішіне ұшып кіруге мәжбүр болады.

Қаһармандық эпоста жау елінің сипаты тұтастай алғанда ортағасырлық отырықшы мемлекет. Гәп мұнда тарихи жау қатарында аталатын қалмақ, қызылбас сияқты этникалық ұғымда да емес, жау туралы түсінік жалпы эпикалық жинақтаушылық мәнге ие болған. Эпикалық жаудың діні, тілі, салты ғана бөлектенбейді, оның күн көру кәсібі мен шаруашылығы да басқа.

Шарап ішіп, нан жесең  
Қала ішінде есерсің.

**Қобыланды – М.М.68.**

Үй басынан он сомнан,  
Жатып жеген бейбақтар.

**Қобыланды- М.М.66.**

Жинаулы тұрған бағында,  
Бір мың кісі құлы бар.

**Нұрадын – М.113.**

Қазулы терең жатқан орымыз бар,  
Көлденең биік қорған жарымыз бар,  
Бекіткен көк болатпен шегіміз бар,  
Сұрасаң сексен қақпа қаламыз бар.  
Қарулы қалың әскер панамыз бар.

**Аңшыбай – М.43.**

Эпостан басты орын алатын қалмақтардың қаақ жерін жаулап алу барысында бекіністер салғаны рас. Алайда олар дәл эпостық жырлардағыдай отырықшы ел болмаған. Эпос беріден қосылған қалмақтарды ғана емес, ғасырлар бойы көшпелілермен текетіресіп келе жатқан жойқын жауды да ұмытпаған. Олардың қатарында ежелгі отырықшы мемлекеттердің де /Қытай, Иран, Үрім, Орыс, т.б./ бар екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Қаһармандық эпостағы таудан кейін жиі кездесетін жер-су көріністерінің бірі – өзен /су, дария/. Бұл да көбінесе батыр елі мен жау елінің арасындағы табиғи шекара болып есептеледі. /**Нұрадын – М.100; Тама – М.277; Шора – М.363; Қарасай, Қазі – Қ.151; Бөген – Н.282.**/. Кейде жау қаласы бір жағынан сумен, бір жағынан таумен қоршаулы тұрады /**Қарасай, Қазі – Қ.148; Шора – М.345; Нұрадын – М.118; Қарадөң – М.200; Бегіс – М.253.**/

Көне эпостарда мифтік ұғымдармен сабақтас жаудың мекені

дарияның, мұхиттың, көлдің жағалауына орналасқандығы мәлім /Дотан – М.162; Құбығұл – Н.399; Құламерген, Жоямерген – Б.332./. ал енді «Құламерген, Жоямерген» жырындағы жаудың елін «мұхиттың жағасындағы Бұлғар шаһары» деуіне қарағанда бұл бір кездегі Еділ бойындағы Бұлғар жұртының елесі болуы ықтимал.

Қалай десек те байырғы көшпелілердің өзге жұртпен табиғи шекарасы болған өзендердің эпостағы сілемдері *өзімдікі және жаудікі* деп жіктелуден анық көрінеді. Әрине, көшпелілер тарихының түрлі дәуірінде шекараның өзгеріп отырғандығы даусыз. Дегенімен қай-қайсысында да территориялық шектестік көбінесе өзендермен байланысты болғанын шамалай аламыз.

Байырғы көшпелілердің батысында жатқан Дунай, Оза /Днепр/, Тана /Дон/ өзендері бертін келе Еділ /Волга/ суымен шектеле бастаса, солтүстік шығыстағы Енисей өзеніне тірелген шекара тарыла келіп Обь, одан да бері Ертіс, Есіл, Тобыл өзендеріне көшірілді. Оңтүстікте «Саймақтың Сары өзеніне» /Хуанхэ/ дейін барып, Қытайларды Ұлы қорған салуға мәжбүр қылған көшпелілердің оңтүстік-шығысында Іле, оңтүстік-батысында Әмудария өзендерімен шектелуі кейінірек болған оқиғаның нәтижесі.

Тегінде, қазақ эпосының қай-қайсысында да не оңтүстіктегі, не батыстағы, болмаса шығыстағы ұлы өзендердің бірінің ғана атын мықтап ұстамай, өзен-шекара ұғымының өзгермелі болуы осыны аңғартады. Мұндағы маңызды мәселе – мекен ұғымының шеті қай заманда да өзен болуы эпос дәстүрінің мыңдаған жылдық тарихына қайшы келмеген. Дегенімен, ноғайлы жырларында Еділ мен Жайық өзендерінің жиі-жиі ауызға алынуы тарихи шындықтың көрінісі екенін айғақтайды.

Бұл ретте өзен тек шекара ғана емес, оның жағалауы көшпелі елдің қоныс тепкен мекені де. Батырдың елі жазық далада, өзен жағасында көшіп-қонып жүреді. Кейде түркілердің тарихынан орын алған қалалы жерді де ескертіп өту кездеседі.

Бұл орайда тел оппозициялы ұғыммен байланысты поэтикалық үрдістің де қолтаңбасы айқын. Жау батыры:

Жерімді менің сұрасаң,  
Тобылғылы тау, - деді,  
Іздегенім сұрасаң,  
Еділ деген су, - деді.

#### **Жұбаныш – М.210.**

Сүйініш батырдың жауға аттануын жыр:  
Сүйініш кетті қалаға,

Тұрмаймын деп далада, -

**Сүйініш – М.222.**

дейді. Рас, тел оппозициялы ұғым үнемі өзімдікі және жаудікі болып жіктелмейді. Оның сыңары қосарлана келе тұтас түсінік, бүтін бейне қалыптастырады.

Бір уақытта түн болды,

Түн артынан күн болды.

**Қарадөң – М.183.**

Қырлы, ойлы жерлерден,

Кідірмей қарғып асады.

**Тегіс, Көгіс – М.265.**

Асу бермес таулардан,

Ағып жатқан сулардан.

**Аңшыбай – М.32.**

Досыма шалқар көл едім,

Дұшпаныма шөл едім.

**Аңшыбай – М.43.**

Тел оппозициялы ұғым жол жүру барысындағы мезгіл мен мекеннің ауысуына ғана қатысты емес. Бұл өзі белгілі бір дәрежеде сюжеттік құрылымға да тиесілі жағдай. Оқиғаның жалпы ұзын-ырғасы батырдың өз мекені ол соғысатын жау мекеніне кезек ауысып отырады. Осы орайда сюжеттің ең қарапайым құрылысына лайық кеңістіктің орналасу тәртібі былай болып шығады:

*батырдың мекені -> жау елі -> батырдың мекені*

Жау елінде қаза таппаған батыр міндетті түрде өз мекеніне қайтып оралады. Батырдың әрбір қайтып келуі сюжеттің іштей аяқталған жеке бөлігін жинақтайды. Бірқатар эпостардың құрылымына осы өзгешелік тән. Әсіресе, көне эпос пен тұтастанған жырлар тізбегінің жеке сюжеттері үйден бір-ақ рет шыққан қаһарманның бөтен елден қайтып, біржола өз үйіне оралуымен аяқталады.

Тегінде баяндау тәсіліне негізделген жанрлардың /повествовательный жанр/ бәріне осы өзгешелік тән. Олардың алғашқы сюжеттік дінгегіне түп қазық болып алынған осы бір қаңқа /схема/ біртіндеп кеңею үстінде болған сияқты. Әрі мұндай кеңею екі бағытта жүргізілген деп топшылауымызға болады.

Бірі – осы сюжеттік құрылым іштей кеңейтіліп, қаһарманның жау еліндегі сапары созылып, жорық бір рет болса да бірегей ауқымды оқиғалармен толықтырылып отырған. Бұған біз, әсіресе, қаһарманның

ерлікпен үйлену жорығы мен алғашқы ерлік туралы сюжеттерді жатқызуымызға болады /Дотан – М., Құбығұл – Н., т.б./. Ал енді тұтастанған тізбекті жырлардың да көбі батырдың бір ғана жорығымен аяқталып жатуы жыраудың тізбектеу тәртібіне аса қолайлы. Толып жатқан жырлар үшін батырлар бір шығып, бір келіп жатқаны жойласыз көбейетін болса, ол сүреңсіз бірыңғайлыққа, шексіз қайталаушылыққа ұрындырар еді. Онан да қайталанбайтын бірегей оқиғаны батырдың бір барып келген сапарымен байланыстыру әлдеқайда ұтымды да әсерлі. Мұрын жырау топтамасына тұтастай алғанда осы өзгешелік тән.

Екіншісі – батырдың өз елі мен жау елінде болуын бірнеше дүркін қайталау арқылы сюжет кеңейтіледі. Мұндайда сюжеттің жалғамалы, бір-біріне кірігу /контаминация/ сипаты артады. Бұл жеке жырларда эпикалық ауқымды кеңейтуге, өз ішінде оқиғаларды ширықтыруға аса қолайлы тәсіл. Алпамыстың жау елінде қалған Гүлбаршынды, Қобыландының қырық кез Қызыл ерді өлтіріп Құртқаны алып, еліне оралған сапарлары әрі қарай қайтадан жалғасады. Байырғы батырлардың ерлікпен үйлену сюжеті енді ел қорғау тақырыбына ұласады.

Іс жүзінде батырдың әрбір қайтып оралуы өзінше аяқталған сюжет. Бірақ мұнда бірнеше сюжет кіріккендіктен, олардың бәрі іштей тұтастанып бүтін бір сюжет құрайды.

Міне, кеңістікті ө з і м д і к і және ж а у д і к і деген тәртіппен жіктеудің сюжеттік құрылымға да қатысы бар. Бұлар тек қарама-қарсы тұрған түсініктер емес, бірінсіз бірі болмайтын тел ұғымдар. Екеуінің алма-кезек өрелесуінен бүтін оқиға, эпикалық тұтас сюжет құралады.

Эпостағы кеңістік ұғымдарын бірыңғай, дәлме-дәл тарихи шындыққа апарып жапсыра алмайтынымыз да сондықтан. Тарихи шындық пен эпикалық кеңістіктің ортасында шындықты игерудің эпикалық дәстүрі тұр. Бұл дәстүрдің поэтикамен қарайластығы даусыз.

## ЭПИКАЛЫҚ ДӘУІР

### ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ЭПИКАЛЫҚ УАҚЫТ

Қай заманда да халық тарихының ауқымы тарихи құжаттардан, жазба деректерден, шежіре аңыздардан анағұрлым кең. Ауызша, жазбаша мәліметтер тарихтың толық объективті шындығын бере алмайды. Себебі олар айтқан не жазған адамның, асып кеткенде тұтас бір топтың түсінігінен, болған оқиғаға деген тарихи концепциясынан туындайды. Іс жүзінде қандай деректерді алсақ та ол тарихтың дәл өзі емес, оның бағаланған, көзқарас сүзгісінен өткізілген бейнесі. Оқиғаны қаз-қалпында баяндағанның өзінде басқадан бұрын дәл сол оқиғаның нысанаға алынуы тарихи мағлұматтардың іріктелетіндігінің айғағы.

Эпос та бұл құбылысты аттап өте алмайды. Тарихи оқиғалар фольклорда типтендіріліп, жанрдың ерекшеліктеріне бағындырылады, әр жанрдың бейнелеу мүмкіндіктеріне қарай икемделеді. Сондықтан да мұнда баяндалған оқиғалардың тарихқа қатыстылығы көбіне жанамалы түрде. Эпостағы бейнеленген оқиғалар тарихи шындықтың халықтық тұғыры /концепциясы/, оның өз тарихына берген бағасы. Оның ішінде өткені ғана емес, болашақ идеал тұтқан арман-тілегі де қоса қабат жүреді. Эпос тарихтың соңынан шабан аттай ілбіп еріп отыратын туындылардың жиынтығы емес, керісінше сол тарихқа азды-көпті ықпал ете алатын халықтың «алдын күткен мұқтажы мен идеалының»<sup>4</sup> да көрінісі.

Эпостың тарихилығы хақында біраздан бері келе жатқан екі көзқарастың бар екендігі мәлім. Кезінде эпостан нақтылы тарихи оқиғаларды іздестірген, тарихи тұлға мен эпос кейіпкерлерін қарайластырған, жазба деректер мен эпос оқиғасын қатар қойған Б.А.Рыбаковтың зерттеу әдісіне В.Я.Пропп тарихи шындықты эпостық жырдың көркемдік жүйесінен тарататын пікірлерін қарсы қойды.<sup>2</sup> В.Я.Пропптың дәлелдеуінше, эпосқа арқау болған жекелеген тарихи оқиғалар емес, халықтың ғасырлар бойы аңсары ауған, өмірде болмаса да солай болуға тиіс деген тарихи концепциясы.

Бұл екі көзқарас та жекелеген пікір дәрежесінде қалмай, осы ғалымдардың көлемді зерттеулеріне арқау болды. Оның үстіне

---

<sup>4</sup> *Пропп В.Я.* Русский героический эпос. 2-е изд. М., 1958. С.27.

<sup>2</sup> Қараңыз: *Рыбаков Б.А.* Исторический взгляд на русские былины // История СССР, 1961. №5 и 6; *Соныкі.* Древняя Русь. Сказания. Былина. Летописи. М., 1963; *Пропп В.Я.* Об историзме русского эпоса // Русская литература, 1962. №2; *Соныкі.* Об историзме русского фольклора и методах его изучения // Учен. Зап. ЛГУ, №339. Серия филол., Л., 1968, вып.72.

осындай бағыттағы ізденістер күні бүгінге дейін өзінің қолдаушыларын тауып, ары қарай тереңдетілуде.

Сөз жоқ, сүйенерлік негізі бар, табан тірерлік дәлелі бар бұл пікірлердің әрқайсысының ден қоярлық тұстары аз емес. Себебі эпостық жырлардың нысанасы, бағыт-бағдар етіп ұстанатыны алдымен тарих, ол қалай болған күнде де тарихтың төл туындысы. Ал оның тарихи оқиғаларды өзінің көркемдік мақсатына қарай, бас-аяғы бүтін сюжеттің құрылымына қарай, бір сөзбен айтқанда, жанрдың табиғатына лайық икемдеп иіп әкелетіні де жоққа шығаруға болмайтын шындық.

Осыдан келіп эпостың тарихилығына қатысты ой-пікірлерді жинақтаған, қарама-қарсы тұжырымдардың ұтымды жағымен қоса, ұтылған тұстарына да баға берген еңбектер жазылды.<sup>3</sup> С.Н.Абзелев осындай қарсы тұжырымдардан аралық жол табуға әрекеттенді.<sup>4</sup>

Қазақ эпосының тарихқа қатысы өткен ғасырдан бастап түрлі дәрежеде жырдың зерттеліп отырған мәселесіне қарай қойылып келе жатыр. Батырлық жырлардың тарихпен байланысы жайында азды-көпті сөз қозғамаған ғалымдар кемде-кем. Олардың пікірлерінің эпостың тарихилығына қатысты тұстарын мынадай мәселелердің төңірегіне топтастыруға болады екен:

1. Қазақ эпосының пайда болған дәуірі, рулық бірліктердің, ұлыстардың, хандықтардың, тарихи оқиғалардың жырға арқау болған мезгілі.
2. Қазақ эпосын шыққан дәуіріне қарай тарихи кезеңдермен байланысты жіктеу /классификациялау/, жанрлық белгілерін, түрлерін қоғамдық-экономикалық дамумен бірлікте алып, хронологиялық тізбесін жасау /мәселен, көне түркі, оғыз-қыпшақ, ноғайлы дәуірлері/.
3. Эпос жанр түрінде ертегі, миф, аңыз, әңгіме, тұрмыс-салт жырларынан қашан, қай дәуірде іргесін бөліп алып, өз алдына дербес жанр болып қалыптасты; оған себепші болған қай заманның әлеуметтік, тарихи ортасы дейтін сауалдарға ой жіберу.
4. Жырда кездесетін оқиғаларды, кісі, жер-су аттарын, көне сөздерді, тұрмыс-салт көріністерін арнайы тарихи дерек ретінде қарастыру. Бұл ретте тіл ғылымы мен этнография да өз мақсаттарына қарай атсалысты.

Көрсетілген бағыттағы ой-тұжырымдардың тарихын баяндап, олардың әрқайсысына талдау жасап отырудың біз үшін қажеттілігі аз.

---

<sup>3</sup> Аникин В.П. Теоретическое проблемы историзма былины в науке советского времени. М., 1978, вып. 2; М., 1980, вып. 3; *Соныкі*. Былины. Метод выяснения исторической хронологии вариантов. М., 1984;

<sup>4</sup> Абзелев С.Н. Историзм былины и специфика фольклора. Л., 1982.

Алайда эпостың тарихты дәстүр аясында бейнелейтін өзгешеліктеріне қатысы бар пікірлерге тоқтала кетейік.

Батырлық жырлардағы тарихи оқиғаларды дәуіріне қарай жіктеудің нәтижесінде қазақ эпостану ғылымында «түркі қағанаты дәуіріндегі эпос», «оғыз-қыпшақ эпосы», «қыпшақ эпосы», «тайпалық эпос», «ноғайлы эпосы», «тарихи дәуірлердегі эпос» дейтін атаулар қолданылып келеді. Бұлар С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, В.М.Жирмунский, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев, Т.Сыдықов, Р.Бердібаев, т.б.

еңбектерінде<sup>□</sup> қаһармандық эпостағы оқиғалардың түрлі тарихи дәуір шындығымен қарайлас келіп, ру, тайпа, ұлыс одақтарының тұтастығын куәландыратын өзгешеліктеріне қарай берілген атаулар еді.

Сөз жоқ, эпикалық дәуірдің сипатын анықтауда бұл ізденістердің маңызы айрықша. Дегенімен, мына бір мәселені ескерген абзал. Батырлық жырдың түрлі тарихи кезеңдеріне берілген бұл атаулар эпостың поэтикасына, оның ішінде көркемдік қызмет атқаратын уақыт пен кеңістік ұғымына негізделген емес. Мұнда эпосты тарихи кезеңдерге жіктеу ғана бар.

Ал, тарихи оқиғалардың өзі эпоста қалай бейнеленеді, жалпы эпикалық дәстүрдің тарихи дәуірге деген мәмілесі қандай болды деген сауалдардың басы әлі күнге ашық тұрған мәселе. Әрине, біз қарастырғалы отырған эпикалық уақыт осы сауалдардың барлық сыр-сипатына жауап бере алмайды. Солай бола тұра халық ұғымында қалыптасқан эпикалық дәуірді танып-білу осы жанрдың тарихи бітімін түсінуге септігін тигізетіні даусыз.

Батырлық жырдағы тарихтың алатын орны туралы Н.С.Смирнова былай деп жазды: «Халық өміріндегі батырлықты көрсету – эпикалық жанрдың ерекшелігі. Онда халық тарихы еске алынып жырланады. Алайда эпостың тарихқа байланысы өзінше болып келеді. Эпос тарихи фактіні дәлме-дәл айтып беретін архив мәліметтері емес.

Эпикалық жырларда ақын-жазушылар, жыраулар көркем тілмен халықтың өткен өмірін баяндайды. Тарих «эпостағы әр дәуірден құралған кезең» - деп аталатын шеңберде ғана суреттелінеді. Басқаша

---

<sup>□</sup> Сейфуллин С. Шығармалар. Алматы, 1964. 297-344-б.; Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы. 1991. 56-б.; Соныкі. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962. 63-б.; Марғұлан А. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Известия казахского филиала АН СССР. Серия историческая. 1946.

№2; Жирмунский В.М. тюркский героический эпос. Л., 1974. С.389-516; Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1958. 21-б.; Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. Алматы, 1972. 26-27б.; Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. Алматы, 1975. 18-б.; Соныкі. Қазақ эпосы және түркология. Алматы, 1987. 188-200-б.; Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Алматы, 1982. 96-128-б.

айтқанда жырларда әр ғасырлардағы тарихи фактілер араласып келеді».<sup>1</sup>

Бұл пікірмен толық келісуге болады. Ендігі мәселе «эпостың тарихқа байланысының өзінше болып» келетіндігін ажыратуға тірелгендігінде. Ал мұның салмағы эпос поэтикасында жатқаны да күмәнсіз.

Эпос оқиғасы өткен бір заманда болады. Ондағы оқиға, әлеуметтік қарым-қатынас, тұрмыс-тіршілік сипаты жалпы алғанда типтендіріледі. Сюжет кейіпкердің іс-әрекетіне қарай қалыпты ситуациямен көмкеріледі. Эпоста тұрақты сюжеттердің, дәстүрлі мотивтердің болуы оқиғаның болған-болмағанына қарамастан кейіпкер іс-әрекетінің бас-аяғының белгілі бір мақсатқа лайық жинақталатындығының айғағы. Типтік сюжеттік ситуация /байланыс, оқиғаның дамуы, шарықтау шегі, шешім, т.б./ типтік оқиғаларды қажет етеді. Жырау үшін толып жатқан оқиғалардың өмірде болған рет тәртібін дәл сол қалпында сақтау шарт емес. Сюжеттік ситуацияның қажеттілігіне қарай болмаған оқиға да болған оқиғаның қатарын толықтырып, бас-аяғы бүтінделген сюжет құрайды. Сондықтан да қартайған ата-ана, баласыздық зары, ерекше жағдайда батырдың дүниеге келуі, оның жар таңдауы, ат таңдауы, жауға аттануы жекпе-жекте жауды жеңуі сияқты толып жатқан типтік ситуациялар алдымен эпикалық дәстүрге, сюжет құрылымына бағындырылған.

Бұл ретте эпосты шығарушылар да, оны кейін жырлаушылар да тек сюжетті негізге алады десек қателескен болар едік. Эпикалық дәстүрдің тарихи шындыққа қатысты ауқымы сюжеттен анағұрлым кең. Сюжет қай кезде де белгілі бір эпикалық дәуірге таңылады, сол дәуірдің аясында қызмет етеді.

Эпикалық дәуір – жырда баяндалатын түрлі оқиғаларды, әлеуметтік ортаны, тұрмыс-тіршілікті, адамдар арасындағы қарым-қатынасты бейнелеудің эпикалық дәстүрге бағындырылған көрінісі. Жырдағы іс-әрекет, оқиғалар, адамгершілік, батырлық, алыс-беріс, қарым-қатынас, жауласу, татуласу сияқты көріністердің қай-қайсысы да осы эпикалық дәуір шеңберінде жинақталады.

Орыс былиналарында барлық оқиға Киев немесе Новгород дәуіріне қатысты жырланатыны мәлім. Мұның себебін Б.Д. Греков осы дәуірде орыс мемлекетінің айрықша күшейгендігімен, көптеген славян және жекелеген славян емес тайпалардың берік одақ құрғанымен, халық тарихында айрықша бір мамыражай заман

---

<sup>1</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1960. 1-т., 1-кіт., 284-б.

болғандығымен түсіндіреді. «Бұл дәуір халық санасында идеал тұтқан, оның еркіндігі күшейіп, даңқы шыққан кезең болды», - дейді ол.<sup>5</sup>

Халық арасындағы мұндай идеалды кезең өзінен бұрынғы да, кейінгі де дәуірлердегі оқиғаларды өз бойына сіңіріп алады.

«Былиналардың тарихи жырлардан айырмашылығы,- деп жазды Д.С. Лихачев, - былиналар қашан да бір дәуірді бейнелесе, тарихи жырлар орыс тарихының дамуымен бірге түрлі мезгілді, түрлі оқиғалары жырға қосады»<sup>2</sup>. Былина көпқабатты, бірақ соған қарамастан ондағы іс-әрекет қатаң түрде оқшауланып, бір ғана дәуірге таңылады, ол дәуір мейлінше көтермеленіп, идеал тұтқан «ескелікті» бір кезең болып көрінеді. Мұнда князь Владимир «мәңгілік» билік құрып, оның батырлары да көп оқиғалармен бірге мәңгі жасайды.<sup>3</sup>

Қазақтың батырлық жырларының ұзын-ырғасына көз жіберсек екі түрлі эпикалық дәуірді байқауға болады:

1. Ноғайлы дәуірі.
2. Жеке рулар аясындағы дәуір.

## НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІ: ЭПИКАЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯСЫ, ТҰТАСТАНУЫ

Ноғайлы дәуірі – қазақ эпосында ең көп тараған, халық санасынан берік орын алған айрықша бір заман. Бұл дәуірдің жалпы эпикалық дәстүрде қалыптасқан өзіндік бейнесі бар. Оның кейбір белгілері туралы ғалымдарымыз пікір білдірді де. Солардың алғашқысы Шоқан Уәлиханов болатын. Ол былай деп жазды: «Қазақтар мен қырғыздар және қарақалпақ сияқты бүгінгі ортаазиялық көшпелі халықтардың аңыздарында ноғайлардың құрметті орын алатынын айта кету керек. Сол кездерде, көрші отырған бұл халық жөнінде айтылған талай аңыздар мен дастандар күні бүгінге дейін сақталып келеді. Олар Ақ Орданың татарларын да, ноғайлардың өздерін де ноғай деп атайды. Қазақтар сияқты бұлардың да Едіге атты /алтын шашты қолбасшы/ өз дастаны бар және бүлініп, берекесі кеткен ноғайлы жұртын жақтап: «Кешегі он мың ноғай

---

<sup>5</sup> Греков Б.Д. Киевская Русь. М., 1949. С.7.

<sup>2</sup> Лихачев Д.С. «Эпическое время» русских былин // Академику Б.Д. Грекову ко дню семидесятилетия. М., 1952. С.57.

<sup>3</sup> Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы, С.228.

болғанда, Орманбет би өлгенде, орданың қара жағасы, аспанға ұшып кеткенде», - дейтін қазақтар мен башқұрларда бар атақты жоқтауды бұлардың жыршылары да /ырчылары да/ айтады».<sup>1</sup>

Шоқанның айтуынша, ноғайлар жеке бір ру емес, ол көптеген рулардың бас қосқан одағы. «Аңыз, шежіре, толғау, эпостық жырлардағы «ноғайлы жұрты», «ноғайлы ұлысы», «он сан ноғай», «тоқсан баулы ноғай» деген сөздерге қарағанда тарихта ғана емес, халық санасында да бұл бір әке, бір шешенің балаларындай тату тұрған, туыс рулардың бірлікте болған дәуірі. Қаптаған жауға іргесін алдырмай, қаһарлы елдермен терезесі тең тұрған шақ бұл. Эпос ол бірлікті биік мұрат тұтады. Жалпы қазақ ұғымында ноғайлы одағының ыдырап, өзара араздасуынан «Орманбет хан өлген күн, он сан ноғай бүлген күн» қайғы-қасіреттің басы, ел еркіндігінде төнген қауіптің түпкі себебі.

Ертедегі елдің шағында,  
Бұрынғы ноғай тұсында,  
Рас болса айтуы,  
Орманбет би өтіпті,  
Он сан ноғай бүліпті,  
Тайы тулап талақ болып  
Құрама жиылып халық болып,  
Сары суға қоныпты.  
Сасық қамал болыпты,  
Халық бола алмай сонда да  
Екінші тағы бүліпті...

### **Қарабек – Б.163.**

Ноғайлының бүлінуін эпос айыптайды. Орманбеттің заманы – ноғайлының заманы болғанмен, жыр ішіндегі оқиға «сол елдердің барында» деп, ары қарай жалғасады. Демек, бүлінуден бұрынғы, ноғайлылардың бірлікте болған кезін эпос жырға қосады. «Ер Едіге» жырында Сыпыра жыраудың аузынан айтылған «Орманбет би өлген күн, он сан ноғай бүлген күн» – бұл «бура мұздан тайған», «аязды күнде аршындап, арасат оты жанған», «ханнан мәдет кеткен», «ханды би қуған» күн /Едіге – Ш.383./, яғни бұл халыққа айрықша жаманшылық әкелген күн.

«Ер Сайын» эпосында сюжетке қатысы жоқ бастау сөз былай келеді:

---

<sup>1</sup> Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы, 1985. 234-б.

Үш Шарбақты, үш Кентті,  
Ноғайлы деген жұрт өтті.  
Бір замандар болғанда  
Ауыр дәулет мал кетті.  
Жарлылықтың зары өтті.  
Халқы жарлы болған соң  
Жігітінен әл кетті,  
Жап-жалаңаш жүрген соң  
Әйелінен ар кетті...

### Сайын – Б.43.

Ары қарай жырда осы оқиғадан бұрынғы байлыққа кенелген заман жырланады.

Ноғайлы дәуірінің халыққа ұнамды, естен шықпай келе жатқан ең негізгі тұсы осы ұлысқа енген рулардың ішкі алауыздыққа жол бермей тұтас тұрған заманы. Ол өзге кезеңдерден айрықша іріктеліп бүкіл фольклорға оның ішінде, әсіресе, эпостық жырларға түп қазық етіп алынған. Оның ұлан-асыр тарихтан дараланып, көркемдік сипат алған эпикалық дәуір дәрежесіне көтерілгендігін Шоқан да аңғарған. «Қазақтардың аңыздарында ноғайлармен көрші отырған кездері а л т ы н з а м а н /курсив біздікі – Ш. Ы./ болғаны туралы айтылады. «Ноғайлы мен қазақтың бағы жанған заманда», - дейді олардың эпостары әрбір қиссаларының басында»<sup>□</sup>, деп көрсетеді ғалым.

Бұған қарағанда шындық негізі бар сол бір заман бірте-бірте халықтың аңсары ауған, өзге мерзімдерде болған барлық жақсылықтарды өз бойына жинақтаған, батырлардың идеализацияланған бейнесіндей дәуір де биік тұғырға көтеріліп, халық ұғымында арманға айналған. Қашан да тыңдаушылардан бұрын өткен осы заман ерекше сырлармен өзіне тартып, тыңдаушылары жақындамақ болғанда онан сайын алыстай түсуінің бір кілтипаны осында. Себебі ол дәуір реалды тіршіліктен жоғары көтеріліп, бүкіл көркемдік болмыс-бітімімен армандайтын, қиялдайтын дәуірге айналған. Ал халықтың арман-қиялындағы мұраты ешқашан да реалды дүниеге жеткізбейді. Сондықтан да жырлаушылардың эпос дәуірін тыңдаушыға жақындатпай отыруының себебі бар. Тыңдаушының заманымен араласып кеткен дәуір идеал болудан қалады. Ондай жағдайда эпос не тарихилық сипатын жойып, ойдан-қырдан сапырған өтірік әңгімеге айналады, болмаса идеалды дәуірдің

<sup>□</sup> Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы, 1985. 235-б.

жұлым-жұлымы шығып, күнделікті тіршілік дәрежесіне түсірілуі тиіс.

Ал тарихилық – эпос жанрының басты шарты. Тыңдаушы да, жырлаушы да оған өткен заманның шындығы деп қарайды. Не болса да сондай бір айрықша заманда болуы мүмкін; ол заманның ерекшелігі сонда, оған қиял да, әсірелеу де, аттардың сөйлесуі де, мыңмен жалғыз соғысу да, пері мен адамның некелесуі де, т.т. бәрі сыяды.

Қазақ эпосындағы эпикалық дәуір дәрежесіне көтерілген ноғайлы заманының барлық белгісін бүге-шүгесіне дейін тізіп шығу тіптен де мүмкін емес. Дегенімен эпикалық дәстүрдің аясында көрінетін осы дәуірдің кейбір басты ерекшеліктеріне тоқтала кетейік.

Алдымен ноғайлы дәуірінің тарихтағы мезгіліне қарағанда эпостағы мерзімнің ұзаққа созылғандығы байқалады. Тарихи деректерге қарағанда, ноғайлы ұлысының тарих аренасына шыққан мерзімі ХҮ-ХҮІ ғасырлар аралығы. ХІІІ-ХІҮ ғасырларда Алтын Орда, онан соң Ақ Орда құлағаннан кейін бұрынғы рулар мен ұлыстар ұсақ хандықтарға бөлініп кеткендігі белгілі. Олардың ішіндегі ең ірісі Ноғай ордасы мен Өзбек хандығы болды.<sup>6</sup> Бұлармен қатар Қазақ, Қазан, Қырым хандықтары да өз алдына бөлініп шықты.

Ноғай Ордасының Алтын Орда хандығынан іргесін алшақтата бастаған кезеңі ХІІІ ғасырдың соңы. Бұл процесс ХІҮ ғасырда Алтын Ордадан Ақ Орда бөлініп шыққан тұста да ары қарай жалғасты. Ал Ноғай Ордасының айналаға кең таныла бастаған дәуірі ХҮ-ХҮІ ғасырлар<sup>2</sup>.

Бұл Орданың негізгі билеушілері маңғыт руынан болған. Ақ Орданың ханы Тоқтамысқа қарсы шайқасатын атақты тарихи Едіге де /өлген жылы 1419 жыл/ осы маңғыттан шыққан<sup>3</sup>. Тарихи деректерде ноғайлылар ХҮІ ғасырға дейін «Маңғыт жұрты» деген атпен белгілі болды да, «Ноғай Ордасы» деген терминнің өзі жазба мәліметтерде ХҮІ ғасырдан бастап орнықты. Ал «ноғай» сөзінің төркіні ХІІІ ғасырда маңғыттарды билеген Алтын Орданың әскербасы Ноғай атымен байланысты.<sup>4</sup>

Батырлық жырлардың бұл кезеңді эпикалық дәуір ретінде түп қазық етіп алуының жөні бар. Себебі, Алтын Орда мен Ақ Орда күйрегеннен кейін Қырым, Кавказ, Қазақстан, Сібір, Еділ бойы, Орта Азия түріктері дербес хандықтар мен ұлыстар құруына мүмкіндік туды. Әрбір хандықтар өзінің дербестігін сақтап, тәуелсіздігін мансұқ

---

<sup>6</sup> Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1979, II-т. 182-б.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Сонда.

<sup>4</sup> Сонда.

етті.

Бір қарағанда кешегі бүкіл дүниені тітіреткен қуатты империяның күйреп, оның орнына келген ұсақ хандықтар мен ұлыстар дәуірін биік мұрат тұтуды түсіну қиын. Алайда мұның да өз себептері бар сияқты.

Байырғы скиф, сақ, ғұн заманы, онан соңғы түркі қағанаты мен оғыз-қыпшақ дәуірінен бері түркілердің бірден-бір тіршіліктің көзі деп танылып келген көшпелі және жартылай көшпелі қоғамның бергі даму барысы олардың арасындағы отырықшы және көшпелі шаруашылық типін жіктеуге әкеліп соқты. Әрине, бұл жерде түркілердің өзге халықтармен қарым-қатынасы, этностық процестер, көшпелі және отырықшы шаруашылыққа қолайлы жер жағдайы, климат, саяси-әлеуметтік хал-ахуал сияқты толып жатқан факторлардың болғанын дәлелдеп жату қажет бола қоймас.

Бірақ, даусыз мәселе сол, ежелден келе жатқан Еуразия көшпелілері территориясының кіндік тұсынан құрылған Алтын Орда мен Ақ Орда империяларының заманы оның негізін құраған түркілердің отырықшылар мен көшпелілер болып жіктелуінің шырқау шегі болды. Мұнан кейін хандықтардың тарихына үңілер болсақ көбіне көшпелі, немесе жартылай көшпелі түріктер мен отырықшы түріктер құрған мемлекеттер бір орталыққа біріге алмаған. Оның есесіне көшпелілер хандықтарының саналы түрде соғыссыз одақтасуын тарихи шындық дәлелдейді. Соның айғағы дәл осы мерзімдегі Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының бірлік құруы. Ш. Уәлиханов былай дейді: «Жәнібек билік құрғанда, туыстас қазақтар мен ноғайлар бірге көшіп қонған, ол кез қазақ жырларында алтын ғасыр деп аталады».<sup>□</sup> Сөз жоқ, мұнда этностық, тілдік саяси жағдайлардың да аз қызмет атқармағаны даусыз. Дегенімен көшпелі мәдениет пен отырықшы мәдениеттің жіктелуі басты себептердің бірі болса керек.

Эпикалық дәуірдің ішінде көшпелі шаруашылықты белгілі бір дәрежеде жау атымен болса да /қалмақтар, қызылбастар/ отырықшы мәдениетке қарсы қоюшылық бар.

Ноғайлы Ордасы Алтын Орда мен Ақ Ордадан бөлініп шыққан көшпелілердің қуатты хандығы болды. Ал Өзбек хандығынан ХҮ ғасырда Жәнібек пен Керей іргесін бөліп алған Қазақ хандығының құрылуынан да осы көшпелілік пен отырықшылықтың жіктелуін байқауға болады.

Тағы да Шоқанның пікіріне жүгінейік: «Қалада тұратын

---

<sup>□</sup> Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Алматы, 1985. 124-б.

туыстары өзбек, ноғайлылардан /татарлар/, көшпелілер өздерін жоғары санаған, еркіндіктің символы – қазақ деген атты мақтаныш тұтқан»<sup>2</sup>. «Бір таңғаларлық жай, Орта Азияның барлық көшпелі халықтары ертеде болған елеулі оқиғалардың бәрін ноғайлармен байланыстыра айтады және өздерінің арғы тегін норғайлардан шықты деп санайды»<sup>3</sup>. Осындай ойдың түйіні іспеттес «ноғай» деген атау қашан, қалай пайда болды» деген сауалға ғалым былай дейді: «ХҮІ ғасырдың бірінші ширегінде біздің даламызда қоғамдық жаңа қалыпты көкsegен көшпелі тайпалардың аумалы-төкпелі қозғалысы басталды».<sup>4</sup>

Жаңа құрылған Ноғай Ордасы өз әдет-ғұрпын, көшпелі тіршілігін бірден-бір мұрат тұтқан байырғы көшпелілердің мықты тірегіне айналды, көшпелі мәдениеттің жаңа дәуірдегі дем берушісі болды. Ғасырлар бойы көш түзеп келе жатқан көшпелілер тіршілігінің эпицентрі отырықшы шаруашылықпен араласа бастаған кешегі орталықтан енді тағы да жаңа дербес мемлекетке ауысты. Сөйтіп, ол көшпелі мәдениеттің заңды мұрагеріне айналып, өз кезіндегі екі-үш ғасырды ғана емес, өзіне дейінгі мыңдаған жылдық көшпелі дәстүрді де өзіне мұра етті.

Ноғайлы дәуірі дегеннің күні кешегі дейін көшпелі тіршілік кешіп келген қазақ, қырғыз, қарақалпақ, Кавказ ноғайларының эпикалық дәстүріне түп негіз боп алынуының және ол дәстүрдің Ноғай Ордасының бастан кешірген екі-үш ғасырлық мерзімімен ғана шектелмей, арғы-бергі көшпелілердің тарихына еркін құлаш сермеуінің себебін осылай түсінсек керек.

Көшпелі қоғамның ірі орталығына айналған Ноғай Ордасы эпикалық дәстүрдің де жалпылама эпицентріне айналды. Арғы дәуірдегі көшпелі қағанаттардың тұсындағы архаикалық, мифтік, ертегілік сипаты басым эпостық жырлар қайтадан түлеп, тарихилық белгілерін молайтып, айрықша дамыды. Сөйтіп ноғайлы дәуірі эпостың да жанрлық сапасының өзгеріп, рулық, тайпалық идеологияға сәйкес болып келген байырғы эпикалық дәстүрдің енді біржола батырлық жырларға ден қойған бүкіл халықтық кезеңімен сайма-сай келеді. Арғы-бергі замандардың көшпелі мәдениетіне ие болған рулар мен ұлыстардың осы бірлестігі эпикалық дәуірдің де шын тарихи мерзімнен әлдеқайда ұзарып, ауқымының кеңеюіне әсер етті.

---

<sup>2</sup> Сонда. 112-б.

<sup>3</sup> Сонда. 114-б.

<sup>4</sup> Сонда.

Эпикалық дәуір мен тарихи мерзімнің сәйкессіздігін Ә.Қоңыратбаев та байқаған: «Мұрын ноғайлы оқиғасын реалдық тарих деп алмайды. Сол оқиғаларға қазақ еліне тән ертедегі аңыздарды қосып, эпизм стиліне сүйенеді. Ноғайлы жырларын ол оғыз-қыпшақ заманынан бастайды. Мұнысы халықтық желі. Батырларға берген генеологиялық «Қырымның қырық батырында» ол ноғайлы батырларының ата-тегін қуып, әңгімені Бабай Түкті Шашты Әзиз, Барпария, Құтты-Қабдан бастайды. Екінші ұя – Аңшыбай, үшінші – Қарадөң, төртінші ұя – Асан қайғы ұрпағы болып келеді. Сөйтіп, ол XIV ғасыр оқиғасын VIII-IX ғасырларға әкетеді. Басқаша айтқанда, ол ноғайлының өз дәуірін емес, содан 500 жыл бұрынғы оғыз-қыпшақ ұлысының оқиғасын әңгімелейді»<sup>□</sup> - деп жазады ғалым.

Иә, ноғайлы заманында болды деп жырланатын оқиғалардың, тарихи кісі аттарының осыдан талай ғасыр бұрын өткендігін тек қана Мұрын жырау топтамасынан емес, басқа да эпостардан кездестіреміз. Мәселен, Шоқан жазып алған «Ер Едіге» жырында да ноғайлы дәуірі дегеннің ішінде заманы бір емес түрлі рулық бірлестіктер мен хандықтардың батырлары мен билеушілерінің аттары қатар аталалатынын Қ.И.Сәтбаев та айтқан еді.<sup>2</sup>

Орманбет би өлгенде,  
Он сан ноғай бүлгенде.  
Саназар батыр жауынан,  
Жаралы болып келгенде  
Алашты алаш болғанда,  
Алаша хан болғанда...

### Едіге – III.382.

Осындағы заманы бір болып тұрған Орманбет пен Алаша ханның арасында ұзақ мезгілдік айырма барын, Орманбет хан /би/ өлімі ноғайлы кезеңінде болды десек, Алаша ханды кейде атақты Шыңғыс хан деп жорамалдау бар<sup>1</sup>. Ал Ә.Марғұлан Ұлытау бауырында тұрған Алаша ханның күмбезін VIII-X ғасырлардағы оғыз-қыпшақ мәдениетімен қарайластырады.<sup>2</sup> «Алаш», «алаша» сөзінің мағынасын, Ұлытаудағы кесене тарихын арнайы қарастырған А.Сейдімбеков: «... әрі қойғанда түркі-селжүк /VI-VIIIғғ./ мемлекеті кезіндегі Ұлытау маңындағы оғыздар ортасынан, бері қойғанда Қара хан заманының /X-XIғғ./, одан да бергі Шыңғыс хан заманының /XII-XIIIғғ./

<sup>□</sup> Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы, 1987. 197-б.

<sup>2</sup> Сәтбаев Қ.И. Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары. Алматы, 1989. 354-б.

<sup>1</sup> Сонда, 355-б.

<sup>2</sup> Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985. 354-б.

сілемінен іздеуіміз керек», - деп жазады<sup>3</sup>.

Орманбет ханды Шәкәрім Жошы ұрпағынан тарайтын Ұлығ Мұхамед хан /шын аты Темір, 1446 жылы қайтыс болған/ деп көрсетеді. Осы хан өлгеннен кейін ноғай хандарының билікке таласып, бүлінуі күшейген.<sup>4</sup> Бұл пікірді Қ.И. Сәтбаев та қолдайды.<sup>5</sup> Орманбет ханның ХҮ ғасырдың 20-шы жылдарында Сарайдан қуылып, кейінірек Қазанда хандық құрған Ұлығ Мұхамед хан екенін, әрі оның Асан қайғымен замандас, екеуінің бірге жүргенін М.Мағауин де атап көрсетеді.<sup>6</sup>

Мұның үстіне тарихи ноғайлы дәуірінің өз ішінде де бір мезгілде өмір сүрмеген, бірін-бірі көрмеген батырлар эпоста бір оқиғаға қатысып, бірге аралас-құралас жүре береді. Мәселен, Мұрын жыраудың «Едіге» жырындағы Едіге, Тоқтамыс, Сәтемір /Ақсақ Темір/ сияқты Алтын Орда, Ақ Орданың тұсындағы билеушілермен /бұлар жырда ноғайлы дәуірінің кейіпкерлері/ Тоған, Ахмет, Сыпыра жырау замандас болуы тарихи шындыққа жақын. Бірақ соңғы тарихи адамдар кейін Жәнібек ханның тұсында да /**Асан қайғы – М.**, ноғайлардың соңғы кезеңдеріне жататын өзара араздасу оқиғаларына да қатысады /**Телағыс – М., Ахмет – М.**/. Сондай-ақ Қашағанның «Қарасай, Қазы», Мұрынның «Асан қайғы, Тоған, Абат» аты жыр нұсқауларында да кейіпкерлерді осылай араластыру байқалады.

Әр заманның қаһармандарын осындай бір эпикалық дәуірге жинақтаудың ноғайлы жырларына тән екендігін В.М. Жирмунский де атап көрсеткен.<sup>7</sup>

Эпикалық ноғайлы дәуірінің ішінде мифтік және ертегілік сарындағы оқиғалар да елеулі орын алады. Бұл да эпикалық дәуірдің арғы шекарасын көне дәуірге қарай созатын құбылыс. Әрине, нақтылы жырларды алып қарайтын болсақ байырғы заманның үлес салмағы бірдей емес.

Ноғайлы дәуірінде өтіпті дейтін «Ер Көкше» /В.В.Радлов нұсқасы/, «Құбығұл» /Н.Байғанин жырлаған/, «Шынтасұлы Төрехан» /Мұрын жыраудікі/ сияқты батырлық жырлардың жекелеген белгілері ғана емес, бас-аяғын тұтас алғанда олардың мифтік, ертегілік сипаты басым. Мәселен, «Көк Еділдің бойында, Орта ноғай елінде» деп келетін «Құбығұл» жырындағы қаһарман ерліктерінің ұзын-ырғасы үйлену жорығымен байланысты. Ол қыз еліне мүсәпір болып барады,

<sup>3</sup> Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер. Алматы, 1985. 345-б.

<sup>4</sup> Шәкәрім қажы. Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі // Жұлдыз. Алматы, 1991, №1. 76-б.

<sup>5</sup> Сәтбаев Қ.И. Көрсетілген еңбек. 354-б.

<sup>6</sup> Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы, 1991. 21-б.

<sup>7</sup> Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос, С.501.

жолда жеті басты айдаһарды өлтірсе, қайтар жолда қызды жұтып қойған көл түбіндегі жеті басты айдаһарды шауып, қызды жылан ішінен жарып алады. Өліп қалған қызды батырдың сүйемелдеп жүрген пірлері тіріледі. Батыр қысылған жерде атының қылын тұтатып, жәрдемге шақырады.

Ғалымдардың «Алпамыс», «Қобыланды» жырларындағы ең байырғы сюжеттер қатарына жатқызып жүрген батырдың үйлену жорығымен байланысты бөлігі осы «Құбығұл» эпосының бас-аяғын құрайды. Оның үстіне қартайған ата-ананың баласыздық зары, батырдың ғажайып тууы, ат таңдауы, онан белгісіз қызды түсінде көріп жолға шығуы, өз ерлігімен қызды алып, елге оралуы сияқты рет-ретімен келіп отыратын эпизодтар да бұл сюжеттің ертегімен сабақтас көнелігін айғақтайды. □

Ал В.В.Радлов жариялаған «Ер Көкше» жырында да «он сан ноғай бүлгенде, Орманбет хан өлгенде» ғұмыр кешкен батырдың ерлік оқиғалары баяндалады. Әкесі жауда өлгеннен кейін ат таңдап, жауға аттанған Ер Қосай жолда жайдың тасын алып жаңбыр жаудырады, жеті қабат темір үйді бұзып, ішіндегі «тоқсан бөлек қарыны бар» Сары бала мен «аяғында темірден шідері бар, темірден ноқтасы бар» күрең арғымақты өлтіреді. Сөйтсе де Темірбай алыптың найзасынан Қосай мерт болады. Алайда тұлпардың ақылымен Бота қыз Қосайды тірілтіп алады. «Атса мылтық, шапса қылыш кеспейтін», «сырты болат, іші құрыш» Темірбай алыпты Қосай түсіне енген әкесінің ақылымен түнде алыптың «мойнына шайтан үймелеп жатқанда» өлтіреді, Бойындағы найзаның сынығын жетпіс арбаға жүк болған көмірді жағып, үстіне отырып темірді балқытып түсіреді. Барлық уақытта батырдың ақылшысы да, жәрдемшісі де, болашақты болжайтын да оның тұлпары.

Жалпы алғанда Ер Көкше байырғы батырлық ертегінің қаһарманы, ол эпосқа кейінірек кейіпкер болған.<sup>2</sup>

Осындай ертегілік сарын Мұрын жыраудың «Шынтасұлы Төрехан» жырында да басым. Жаумен көңіл қосқан қарындасының алдағанына түсіп, Төрехан Қазанбас қара дәудің күзетіп жатқан «елік суын» Шыңбике сұлудың көмегімен алып қайтады. Ол үшін Шыңбике бір құлды дуалап, Төрехан мінетін қарақұсқа айналдырады. Аспанда дәудің оң қанатын атып түсіріп, батыр аман-есен елге оралады. Бірақ опасыз қарындасы ағасының әлсіз жерін біліп алып,

---

□ Эпос пен ертегі сюжетінің бір-біріне ең жақын келетін осы бір құрылымының типологиясы, оның көнелік сипаты С. Қасқабасовтың еңбегінде арнайы қарастырылды. Қараңыз: Ертең пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы, 1981. 235-266-б.

<sup>2</sup> Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос, С.501.

оны өз айдарымен байлап тастайды. Терекке байлаулы жатқан Шынтасты түсінде көрген әкесі құтқарып алады.

Мұндай қиял-ғажайып оқиғалар тұтас сюжет құрамаса да жекелеген көріністерімен басқа да ноғайлы жырларында кездесіп отырады. Мәселен, Аңшыбайдың қос перінің қызын алып солардың жәрдемімен байлыққа, хандыққа ие болуы /**Аңшыбай – М.**/, Асан қайғының пері қызына үйленіп, оның үш шартын /қолтығымды сипама, қайтып келіп үйді сығалама, үш жыл сөйлемейтініме шыда/ орындай алмай қыздан айырылып қалуы /**Асан қайғы – М.50.**/ мифтік сананың көрінісі.

Ал ертегілік құрылым «Нәрік» жырында сақталған. Қарт батыр Нәріктің байлығы мен сұлу әйеліне көзі түскен ноғайлы билері одан құтылу үшін құпия хат пен қалмақ ханына жұмсайды. Осыны сезіп қалған Нәрік елінен қашып, қалмақ Өгізханға барады. Нәріктің «ай десе аузы, күн десе көзі бар» әйеліне ғашық боп қалған қалмақ ханы билерімен ақылдасып, батырды одан әрі қарай он сегіз айлық жолы бар жорыққа жібереді. /**Нәрік – М.**/

Бұл, сөз жоқ, қиял-ғажайып ертегідегі хандардың кейіпкерден құтылу үшін /оның себебі түрліше/ қиын тапсырма беріп, көз көрмес, құлақ естімес жерге жұмсауын еске түсіреді.

Шора батырдың мерт болу себебі де адамдар сенген мифтік түсінікке жетелейді. Шора өзінің досы Құлыншақпен ерегісіп аруағын шақырады. «Сол уақытта күншығыстан бір айдаһар жылан ысқырып қоя берді. Құлыншақ тек отыра берді. Жылан Құлыншақтың қасына келіп аузын ашып жұтуға айналады. Сонда Құлыншақ беліндегі алмасты суырып алып жыланды шабайын дегенде, жылан жоқ болып кетеді. Енді артына айналып қараса, Шора да жоқ. Сөйтсе жер ойылып, Шораны жер жұтып кеткен екен. Сонда айдаһар жылан болып келген Шораның аруағы болған екен. Ол Құлыншақты жұтамын деп аузын ашып келсе де, бәрібір жұта алмайды екен. Сонда Құлыншақ алмас сермемен болса, Шораны жер жұтпаған болар еді» /**Шора – М.368.**/ Парпария, Орақ пен Мамай қалың жаумен соғысып жатқанда қолдаушы аруағы /Баба Түкті Шашты Әзиз/ жылан бейнесінде келіп, батырларға жәрдем береді /**Парпария – М.57; Орақ, Мамай – М.148.**/, Шора батырдың аруағы жауды айдаһар болып жұтады /**Шора – Д.260.**/, Құбығұлға аруақ оңтүстіктен самұрық құс болып келіп батырдың күшіне күш қосады /**Құбығұл – Н.452.**/

Бұл сияқты мифтік және ертегілік белгілер ноғайлы дәуірінің жырларына көнелік сипат беретіні даусыз. Біздіңше, эпостың осындай

байырғы көріністерінің тарихи ноғайлы дәуірінде аралас жүруінің екі түрлі себебі бар.

Біріншіден, бұрыннан келе жатқан эпостық жырлардың бір тобы ноғайлы заманында өңделіп, тұрмыс-тіршілікке, тарихи жағдайға икемделіп жырланады. Толып жатқан өзгерістердің ең басында оқиғаны ноғайлы заманында болды деп көрсету орын алды. Тегінде мұның қатарына «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Құбығұл» сияқты жырлар жатса керек.

Екіншіден, жалпы ежелден үзілмей келе жатқан эпикалық дәстүрге, әлі толық жойыла қоймаған мифтік санаға лайық байырғы замандардың түсініктері ноғайлы дәуірінің өз аясында пайда болған жаңа эпостарға мүмкін жердің бәрінде сыналап енгізілді. Мұның белгілері антропоморфтық /аттың, құстың, арыстанның сөйлеуі/, мифтік /дию, пері, жалмауыз кемпір, жеті басты айдаһар, т.б./, тотемдік /адам мен аққу кейпіндегі қыздың некелесуі/, шаманистік /жылан, жолбарыс, самұрық құс бейнесіндегі аруақ/, зооморфтық /аяғы ешкінің аяғындай қыз/ түсініктерден айқын аңғарылады.

Ноғайлы дәуірі эпикалық дәстүрдің іс жүзінде арғы-бергі замандардағы белгілерін жинақтаған, эпостың бұрынғы рулық шеңберден шығып, бүкіл халықтық идеяға ден қоя бастаған мезгілі болды.

Ал осы ноғайлы дәуірі бергі ХУІІІ-ХІХ ғасырларда да тіршіліктің жаңа өзгерістерімен толықтырылды. Эпос әр заманның тарихи ортасына лайық азды-көпті икемделеді.

Мәселен, арақ-шарап ішу, шылым тарту /**Қамбар – Д.41; Көрұғлы – С.233, 316.**/, тұрмыстағы «поднос», «палас» /**Қамбар – Д.47.**/ сияқты жаңа өзгерістер ғана емес, әлеуметтік қарым-қатынастар /«құстап алып өлтірді, жанарал, кіназ, майырды»/ /**Қамбар – Д.33.**/ мен ғасырлар бойы өзгермей келген «ер қаруы – бес қару» ұғымына да толықтырулар енгізілді. Кейбір жырда мылтық бұрынғы көп қарудың бірі емес, оның орны бөлек. Ер Бөкше мылтығының оғы таусылғандықтан әлсіреп жау қолында қаза табады /**Қосай – Қ.71.**/ Ер Тарғын соғыста садақпен бірге мылтықты да пайдаланады. Біраз жырда садақтың орнын толығымен мылтық алмастырған /**Қамбар – М.87, 96; Тарғын – М.137; Қарабек – Б.195.**/ енді кейбір жырда санамалап, кезекпен жұмсалатын қарудың ішінде мылтық пен зеңбірек аталады. Аталып қана қоймайды батырлар оларды пайдаланады:

Мылтық пенен зеңбірек  
Мұның да оғын жаудырған.

**Қарасай, Қазі – Қ.132.**

Тарс еткенде, күрс еткен,  
Күрс еткенде жан шыққан

**Қарабек – Б.195.**

Майлы арбасын сүйретіп,

х х х

Зеңбірекке шоқ салып

**Қосай – Қ.69.**

Бәлкім, тарихи Ноғайлы хандығының соңына таман Еуропадан тарай бастаған оқ-дәрі, мылтықтан ел хабардар болар. Оның үстіне көшпелілерде шиті мылтық та болған ғой. Бірақ батырдың жанында садақ пен мылтықтың қатар жүруі дәстүрлі ұғымдағы бес қаруға /садақ, қылыш, найза, балта, күрзі/ сәйкес емес. Жалпы сан мыңдаған жаумен алысатын батыр туралы идеал «батыр бір оқтық» дейтін оқ-дәрі, мылтық заманының қиялынан тумаған.

Сонымен ноғайлы дәуірін мансұқ еткен жырлардың уақыт мөлшері тарихи дәуірден арағұрлым кең екенін байқадық. Арғы мерзімі бұрыннан келе жатқан эпикалық дәстүрдің жалғасы ретінде қалыптасқандықтан өзіне дейінгі эпос поэтикасының негізінде дамыған, байырғы эпостарды жаңадан түлеткен себепті ғасырлар қойнауына, мифтік дәуірге дейін бой тастаса, бергі мерзімі заман, тіршілік талабына эпостың үн қосып, икемделетіндігін көрсетеді.

Жалпы эпос қай заманда да пассивті шығарма емес. Ол қашан да халықтың арман-тілегінің, мұң-мұқтажының жоқтаушысы болған. Ескілікті де, жаңалықты да тарихтың халықтық тұғырына лайық бейнелеген. Сондықтан да эпос көпқабатты, даму мерзімі жағынан көпсатылы.

Осындай бір айрықша дәуір, алтын заман фольклор *хронотопының* қалыптасқан дәстүрімен де байланысты. Адамзат қоғамы дәл өзі өмір сүріп отырған дәуірін еш уақыт толық идеал тұтпаған, өз дәуірінің кемшілігіне, әділетсіздігіне басқа бір қоғамды қарсы қоймаған. Ол үшін шексіз әділеттілік, мұрат-мақсат, жаппай үйлесімділік, әдемілік, батырлық сияқты ұғымдарын өз ортасынан оқшаулап басқа бір ортаға, қоғамға апарып теліген.

Бір ғажабы фольклор хронотопының заңдылығы осы ұғымдарды ешқашан да алда болатын, енді келетін болашаққа апарып орналастырмайды. Сайып келгенде олар адамзаттың арттан емес,

алдан күтетін, ұзақ дамудың нәтижесінде көз жеткізген идеалы екенінде дау жоқ. Бірақ бәрібір мұндай идеал өткен дәуірден, ал кейде сиректеу қазіргі дәуірден орын алады. Мұндайда тыңдаушымен замандас дәуір адам аяғы жетіп, көзбен көретін нақтылы жерде емес, дерексіз, өте алыста /бәлкім, жеті қабат жер астында, аспанда, қияндағы далада, алыстағы аралда, т.б./ болып суреттеледі.

М.Бахтин фольклор мен мифтік поэтиканың хронотопына тән осы заңдылықты т а р и х и а л м а с т ы р у /историческая инверсия/ деп атайды. □ Мезгіл мен мекенді алмастыру арқылы барлық биік мұрат пен жақсылықты өз ортасынан елеп-екшеп алып, олардың отауын басқа жерге және басқа мезгілге апарып тігу болашаққа деген түсінікпен ағайындас. Бірақ фольклордағы тарихи алмастыру негізінен өткен шақпен және некен-саяқ осы шақпен көрінеді. Себебі келер заманға қарағанда, өткен заман сенімді де салмақты. Батырды болған деп айтуға ешқандай кедергі жоқ. Өткенді болашаққа үлгі қылудың түп тамыры осында жатыр.

Сөйтіп, шын мәнінде, болашақтың белгілерін өткен бір айрықша дәуір өзіне иемденіп алған. Нәтижесінде болашақтың өз басы сүреңсіз, тоналған болып шығады. Болашақ бейнесі фольклор мен миф үшін э с х а т о л о г и з м түрінде, яғни бұл дүниенің соңы ақырзаманмен тамам болады.<sup>1</sup>

Мұны біз, әсіресе, миф пен эпсанадан анық көреміз. Мәселен, Темірқазық жұлдызын айналып жүретін Жетіқарақшы жұлдыздары Ақбозат пен Көкбозатты /кейде Үркердің қызын/ ұрлап алған күні ақырзаман болады екен деген миф бар.

Болашақты сүреңсіз етіп, ақырзаман түрінде елестету зар заман ақындарынан үлкен орын алатын тақырып. Фольклордың осы бір байырғы дәстүрі халықтың отаршылыққа түсіп, одан құтылар жол таппай аласұрған тұсында күшейе түскендей. Расында да бүкіл халықтың қол-аяғы тұсалып, жіптің енді шешілместей күрмелгенін олар өз көзімен көріп, арқасымен сезіп отырған заманда жарқын болашақ туралы сөз қозғауды көпшілік түсінбеген де, қабылдамаған да болар еді. Болашақты ғажайып мамыражай заман түрінде елестету үшін алдымен сондай үмітке жетелейтін осы шақтағы шындық керек. Ал отарлау дәуірінің шындығы құлаған хандықтан, ондаған сәтсіз күрестен, күннен күнге күшейген темір құрсаудан тұрғандықтан келе жатқан жақсы өмір туралы көсіліп жырлауды көпшілік берісі – қиялилыққа, арысы – көз жұмбай алдаушылыққа жорыған болар еді.

---

□ Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики, С.297.

<sup>1</sup> Сонда, 298-б.

Сондықтан да ақырзаман бейнесі бұл жерде жеңеді:  
Ақырзаман адамы аласа туады,  
Аласа туса да таласа туады,  
Қулық-сұмдық ойлай туады,  
Жамандыққа бойлай туады  
Итере салсаң жығыла кетеді.  
Ішсе бозаға тоймайды,  
Боқтап түгінді қоймайды.<sup>2</sup>

Бұл, біздіңше, керітартпа реакцияшыл романтизм де емес /осылай деп келдік қой/, халықты апарып, тұңғыққа батыру да емес, қоғамды артқа тартып, жолына тосқауыл да қою емес, бұл біржола бодандыққа түскен елдің өз өткені, болашағы, тағдыр-талайы туралы ащы зары болатын. Әдебиет болса соның айқын көрсеткішіне айналды.

Қазақ халқының ынтасын оятып, үмітін жетелеген жақсы өмір, жарқын болашақ туралы ұғымдары батырлық жырларға да тән. Демек, мұнда да тарихи алмастыру бар. Эпикалық дәуірді көтермелеу, болғанды емес, болуға тиісті арман-тілекті де шындық ретінде бейнелеу, алдан күтетін асыл мұратты батырларға жүктеу, сөйтіп оны өтіп кеткен, артта қалған заманға телу осыны аңғартады.

Тегінде, фольклорды тұтастай алғанда, оның тәрбиелік, көркемдік маңызымен қатар, танымдық қызметі де аса жоғары. Оны көңіл көтерудің бір жолы деп санаудан гөрі, тарихи-рухани тәрбиенің жиынтығы, ғұмыр-тіршіліктің үлгісі деп қараудың салмағы анағұрлым басым. Жалпы көпшілік санасында осылай ұғылып, осылай қабылданып келе жатқан эпостың бейнелеу мезгілі әлі болмаған болашаққа көшірілер болса салықалы салмағынан, көтерер жүгінен айырылып, өтірік әңгімелердің қатарынан орын алар еді. Неге десеңіз, тәрбиелік, танымдық үлкен жүк арқалаған жанр өткенді үлгі қылумен ғана көкірегінде саңлауы бар тыңдаушыны ұйыта алады. Көпшілік тыңдаушы үшін болған тарихи тұлғаның, болған оқиғаның әсері енді болатыннан әлдеқайда күшті.

Енді болатын оқиға – қалай дегенде эпос үшін өтірік, болып кеткен оқиға қандай қоспасы болса да шындық. Болғанды үлгі-өнеге тұту эпос үшін әлдеқайда әсерлі де тиімді.

Өтіп кеткен ата-бабалар дәуірінің жыршы, жырау шабытын жаныған осындай да маңызы бар. Аруаққа табынып, батырлар рухын көкке көтеріп жатқан дәстүрге өткен, өтіп жатқан және келешек дәуірдің болғанын, болып жатқанын қалай сыйдырсаң да таусылар

---

<sup>2</sup> Үзінді А. Байтұрсыновтан алынды: Шығармалары, Алматы, 1989. 249-б.

ма?! Міне, ғасырлар бойы шаршап-шалдығуды білмей келген эпикалық дәстүрдің сарқылмас қайнар көзі болған жайттың бірі, біздіңше, осы. Батырлар аруағын шындап құрметтеу, олар туралы жырларды құрандай қастерлеу эпикалық қайнаған дәстүрдің барлық кезеңдеріне – батырлардың өз дәуіріне де, тыңдаушылар мерзіміне де ортақ. Батырлар дәуірін шын тарихтың өзі деп құрметтеу, оған сыйынғандай ниетпен қарау қашан жоғалғанша эпикалық ауызша дәстүр де қайнаған, асып-тасыған күй кешкен. Эпикалық дәуір мен күні кешеге дейінгі көшпелі табиғи ортаның тыңдаушылары арасында осындай рухани жалғастық бар. Ал осы рухани жалғастық үзілген жерден эпостың ауызша дәстүрінің де бағы базардан қайтты деуімізге әбден болады.

Эпостың табиғи ортасы мен қазіргі оқушының арасында жер мен көктей айырма бар. Біз эпостың табиғи өз ортасы тудырған тыңдаушысы емеспіз. Мұны мойындауымыз керек. Шаруашылық типінің өзгеруі, ғасырлар бойы еркіндіктің туы боп келген жырдың да, дәстүрдің де бодан болған елдің ортасына келіп, жүзі төменшіктей бастауы /яғни өткен шындық пен бұл шындықтың қарама-қайшылығы/, уақыт пен кеңістікті таратып игере бастаған жазба әдебиет «өктемдігі», міне, мұның бәрі де эпикалық дәстүрді мүлде басқа арнаға бұрып, классикалық кезеңіне өткен ғасырдан бастап-ақ балта шабылды. Дауылдаған дәстүр алдында бас иіп, оған шексіз табынатын тыңдаушы өз ортасымен бірге кетті...

Дегенімен, біз эпостың тарихилық сипатын жоққа шығарудан аулақпыз. Айтпағымыз – эпостағы тарихтың қат-қабат ұғымдардан тұратындығы, жан-жақты өлшемдермен кесіп-пішілетіндігі. Қалай болған күнде де эпостың әйтеуір бір дерексіз мерзімді емес, нақтылы тарихи ізі бар кезеңді өзіне дәуір ғып алуы кездейсоқ болмаса керек. Түптеп келгенде, толып жатқан эпикалық жырларды айрандай ұйытқан дәуірдің бейнесі сол жырлардан да басты орынды иемденеді. Осының дәлелі ноғайлы жырларындағы батырлардың дені тарихи ноғайлы заманының ішінде, сонымен қарайлас ғұмыр кешіп, дәуірі жағынан содан ұзап шыға қоймағандығы. Бұған қоса эпостағы әлеуметтік орта, тіршілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас, теңсіздік, өзге ел, жау туралы ұғымдар да тарихи дәуірмен үндес. Ендеше, эпикалық дәуірді бір ғана тарихи алмастырудың нәтижесі деп қарауға болмайды. Эпос – тарихтыңда, тарихи алмастырудың да, қиял мен шындық тың да көркемдік жүйемен топтасқан күрделі айғағы.

Ноғайлы дәуіріне қатысты жырлардың ішінде Мұрын жырау

жырлаған «Қырымның қырық батыры» басты орын алатын болса, осындағы Едіге, Тоқтамыс, Нұрадын /Нуриддин/, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазі, Мұсахан, Қарадөң және оның ұрпақтары Жұбаныш, Сүйініш, Бегіс, Тегіс, Көгіс, Тама, Тана, Нәрік, Шора, сондай-ақ Қобыланды, Сыпыра, Асан қайғы, Тоған, Абат, Қарғабойлы, Қазтуған, Кеңес, Тұяқбай, Жаңбыршы, Телағыс, Ахмет, Алау, Әмет, Сұлтанкерім, т.б. бәрі де осы дәуірге қарайлас, соның бел ортасында жүрген батырлар мен қайраткерлер болса керек. Бұларға өзге жыраулар жырлаған Тарғын, Қамбар, Сайын сияқты батырларды да қосамыз.

Рас, осылардың кейбірінің нақтылы тарихи дерегі табылмауы да ғажап емес. Алайда оларды басқа дәуірлерден іздеу, біздіңше, қисынсыз. Олар эпос ауылына осы дәуірде келіп қонған деген ойдамыз. Қуанарлық жағдай осылардың көбінің және кейбір жау батыры болып көрінетін Алшағыр, Қондыкер, Аюке сияқты адамдардың тарихи деректері бар. □

Ноғай Ордасының негізгі жері Еділ /Волга/ мен Жайық өзенінің аралығы, орталығы Еділдің төменгі жағы, немесе Сарайшық /Жайық бойында/ төңірегінде орналасқан. Ноғайлар шығысында Жайықтың сол жағалауын, солтүстік шығысында Батыс Сібір, солтүстік батысында Қазан қаласы, оңтүстік батысында Арал төңірегі мен Каспийдің теріскейіне дейін көшіп-қонып жүрген. Кейде олар Маңғыстау мен Хорезмге дейін де жеткен.<sup>2</sup>

Ноғай Ордасына маңғыттармен қатар қоңырат, найман, арғын, қаңлы, алшын, қыпшақ, кеңерес, қарлұқ, алаш, тама, т.б. рулар енген. Бұл бірлестік, тарихшылардың айтуынша, этникалық құрылымнан гөрі саяси бірлестік болды.<sup>1</sup>

Әйтсе де, салты да, тілі де бір көшпелі, не жартылай көшпелі рулардың бірлестігінен пайда болған ноғайлы жұртының құрылуында этностық мәселені жоққа шығаруға негіз жоқ. Жоғарыда айтқанымыздай ұлан-асыр жерді өзіне қаратқан Алтын Ордадан біртектес көшпелілердің бөлініп шығуы кездейсоқ емес. Жеке хандықтардың құрылуымен бірге аяқталып болмаса да бұдан ертерек басталған түркілердің арасындағы жеке-жеке халық болып құралу процесі қатар жүріп жатты.

Осы тұстағы Ноғай Ордасының да, Қазақ хандығының да тарихи құрылу жолы мен кейінгі тағдыры ғана ұқсас болып қойған жоқ,

---

□ Қараңыз: *Жирмунский В.М.* Тюркский героический эпос, С.393-516.

<sup>2</sup> Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1979. 2-т., 182-б.

<sup>1</sup> Сонда, 183-б.

олардың негізін құраған рулар көбіне екі хандыққа ортақ еді. Ноғайлы жұрты ыдырағанда көптеген рулардың қазақ халқының құрамына ешбір жатырқаусыз ену себебі де осыдан. Ал, Ноғай Ордасының құралуын біз дәл осы халықтың этникалық ала-құлалығынан емес, жайылымға таласқан рулар, билікке таласқан хандар мен ру көсемдерінің араздығынан деп білеміз. Мұндай араздық екі хандыққа қараған рулар арасында да, әр хандықтың өз ішінде де жүріп жатты. Рулар арасындағы келіспеушілік көшпелі қоғамның қай дәуірінде де толық жойылмаған. Бірігу мен бөліну идеясы жағдайға қарай алмасып отырған.

Батырлық жырларда ноғайлардың осындай өзара кикілжіңі, рулардың бір-бірімен келіспеушілігі жырланады. Тарихтағы оқиғалар дәлме-дәл көшірілмегенімен олардың жалпы нобайы эпоста да сақталған.

Тоқсан баулы ноғайлар  
Мәслихат төбе басында,  
Жиылып кеңес құрады  
Темірдің төмен қасында.  
Жем өзеннің жағасы  
Мекен еткен қаласы.  
Он сегіз күн кеңесті  
Ноғайдың сонда баласы.  
Асан қайғы ер туған  
Сыр дариясын жағалап,  
Нұрдың Қарабайыры  
Солай асып жөнелді.  
Қарғабойлы, Қазтуған  
Шам шәһәріне кетем деп,  
Мұнда тұрсам нетем деп.  
Қарт Әділ Жәнібек  
Қалған жері осы еді

### **Қарғабойлы, Қазтуған – М.73.**

Ноғайлы дәуірінің айрықша бір белгісі «Орманбет би өлген күн, он сан ноғай бұлген күн» оқиғасының да жырда сілемдері ұшырасады. Жырда Орманбет биді өлтірушілер қалмақтар. Орманбеттен басқа он бір би өздерін аман сақтау үшін Манашыны алдап, аманатқа беріп, үш күнде келеміз деген уәдесінен танып кетеді. Манашыны қалмақтар өлтіріп, ноғайлылардың өз арасында араздық туады. Манашының баласы Тұяқбай он бір биді жарып өлтіреді. Он

бір бидің балалары Тұяқбайдан кек қайтармақ болғанда Орманбет бидің баласы Әли бәріне басу айтып тоқтатады. Бәрі қосылып «Он сан байтақ болған жер, Орманбет бидің өлген жерінде» /**Тұяқбай – М.165.**/ қалмақтан кек алады.

Ноғайлардың өзара келіспеушілігі – «Айсаның ұлы Ахмет» /Мұрын жырау/, «Шора» /Диваев нұсқасы/, «Ер Тарғын» /барлық нұсқаларында/, «Жаңбыршыұлы Телағыс» /Мұрын жырау/ жырларында да өзекті мәселелер. «Қарғабойлы, Қазтуған» /Мұрын жырау/ жырында өзара араздық болмаса да жаңа қонысты сылтау қылып бөліне көшушілік бар. Ноғайлардың тұтастығын ойлап, оларды біріктіру үшін арасында Сыпыра жырау /**Едіге – Ш; Көкше – М; Телағыс – М; Тарғын – М.**/ Асан қайғы /**Телағыс – М; Ахмет – М.**/ сияқты елге сөзі өтетін, барлық ноғайларға ортақ қадірменді көнекөз қарттар жүреді. Әсіресе, өз өмірінде «тоғыз ханды өткізіп, толғау айтып, тоғыз ханды күзеткен, жасы жүз сексенге келген» /**Едіге – Ш.369; Тарғын – М.139.**/ Сыпыра жырау барлық батырларға да, хандарға да замандас.

Бір ғажабы Шоқан жазып алған «Едіге» жырында Сыпыра жырау Тоқтамысқа Едігенің көзін жоюға кеңес бергеннен кейін, «жағы түсіп өледі» /**Едіге – Ш.371.**/ Аты аңызға айналған Сыпыра жыраудың Асан қайғыдан /ХҮ ғасыр/ бұрын ғұмыр кешкендігін байқаймыз. □ Бұған қарағанда Сыпыра тарихи Тоқтамыс пен Едігенің замандасы деп жоруымызға болады. Бірақ эпикалық дәстүр Сыпыра жыраудың халық қиялына сәйкес қызметін жалпы эпикалық дәуірдің төріне шығарған. Ол бірліктің, әділдік пен даналықтың тірі шежіресі, белгі-символына айналып, көптеген жырға ортақ кейіпкер болған.

Мұрын жыраудың ноғайлы топтамасында Сыпыра, Асан қайғы атымен байланысты ғана емес, жалпы ноғайлы бірлігін сақтау идеясы тұрақты орын алады.

Мынау қалмақ біздерді  
Қорқамын басып алар деп.

х х х

Мынау ноғай мол деді  
Бірлігі жоқ ел деді.

**Қазтуған – М.98.**

Мамайдайын ханыңыз,  
Билікті маған ол берді,

---

□ Марғұлан А. О носителях древней поэтической культуры казахского народа // М.О. Ауезов. Сборник статей к его шестидесятилетию. Алма-Ата, 1959. С.75. Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы, 1991. 11-6.

Татуластыр ноғайды,  
Арасында бол деді.

**Телағыс – М.193.**

Ноғайлы да қалың ел,  
Ол елге жау батпайды.  
Батыры бар аруақты  
Ел намысын сатпайды.

**Аңышбай – М.35.**

Асан атам жіберді  
Қайтсын деп кейін Еділге.  
Біраз ноғай болалық,  
Жиналып қап отырсақ,  
Болмай ма деді Еділде.

**Ахмет – М.198.**

Азғана ноғай еліміз,  
Ұрыс ашып арада,  
Құр жау болып нетелік!

**Тұяқбай – М.171.**

Ноғайлы бірлігі мен татулығы – «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Қарасай, Қазі» жырларының да негізгі арқауы. Бұларда өзара алауыз болып жүрген батырлардың күшті жау алдында бірігу идеясы бар. Қашаған жырау жырлаған «Қарасай, Қазі» эпосында ноғайлы батырлары: Тама, Қазтуған, Тарғын, Шора, Қобылан, Әділ, Қарасай, Қазі жауға топтанып аттанады. Жыр дұшпан аузына: «Біз ноғайлы елін нашар ел ғой деп жүрсек, олардың да мынадай батырлары бар екен», - деген сөз салады /**Қарасай, Қазі – М.154.**/.

Ер Тарғын өз қандастарынан қанша қорлық көрсе де оларды жауға бермейді. Сыпыра жырау араздасқан ноғайларды жыр соңында татуластырады. Ал, Қамбар Назымның ағаларына өкпелегенімен, күшті жау келгенде оларды да, жалпы ноғайлы елін де қорғауға шығады.

Бұл сияқты мысалдарды тізе беруге болар. Алайда олардан шығатын қорытынды мынау: тарихта орын алған рулар арасындағы, қала берді ноғайлы батырлары мен хандарының арасындағы талас-тартыстан жыр жоғары тұр. Жырлар ағат кеткен батырларды әділеттік, шындық алдында /шындық пен әділеттік көбіне – ел бірлігі/ басын идіріп, қиянат жасаған батырдан кешірім сұратып, оларды татуластырумен аяқталып отырады.

Тарихи шындықтан эпостың ажырайтын бір тұсы да осында деп

ойлаймыз. Ру басылар, батырлар, ел билеген көсемдер арасында алауыздықтың болғаны рас, бірақ олардың барлық уақытта қайта татуласып, бірлікте қалуы тарихта, оның ішінде ноғайлы заманында бола бермеген. Түптеп келгенде, ноғайлы жұртының ыдырау себебі де осындай алауыздықта жатса керек.

Эпос болса нақтылы тарихи оқиғаны белгілі бір идеялық мұратқа бағындырып бейнелейді. Батырлар арасындағы қарым-қатынастарға халықтың таңдап алған тарихи көзқарас концепциясы жоқ жағдайда, жәй атыс-шабыс, алыс-беріс, тонау мен қырғын жорықтардың кім-кімге де мәні шамалы.

Ноғайлы батырларының тарихи деректермен қаншалықты дәрежеде сәйкес екенін В.М.Жирмунский арнайы зерттеген. Ол орыстың толып жатқан тарихи мәліметтеріне сүйене отырып ноғайлы батырларының, тарихи оқиғалардың жырға негіз болған дерегін дөп басады. Қазақ пен ноғайдың эпикалық дәстүрінің ұзақ жолындағы Ноғайлы хандығының арқалаған жүгін жан-жақты көрсетуде ғалымның «Ноғайлы батырлары туралы эпикалық жырларға тарихи мәліметтер тұрғысынан қарау» деген еңбегі айрықша орын алады. Тарих пен эпосты қатар қойып қарастыруда бұл еңбектің мәні зор.

Дегенімен, эпикалық дәстүрге, ноғайлы жырларының тұтастануынан туындайтын кейбір мәселелерге қатысты анықтап алатын жәйттер бар. В.М. Жирмунскийдің қорытындылауынша, қазақ эпосына қарағанда, ноғай эпосы тарихи шындыққа анағұрлым жақын. Әсіресе, бұл ноғайлар шежіресінен басымырақ көрінеді. □

Ғалымның келтірген деректерімен тұтастай келісуге болады. Бірақ оның себебін түсіну қажет. Қазіргі ноғайлардың эпостық жырлары мен аңыздарында тарихи мәліметтерімен үндестіктің басым болу себебі ноғайлы жұртының батыс бөлігі /Қазан, Қырым, Еділдің батысын жайлаған кіші ноғай/ кезінде шығыстағы ноғайларға қарағанда Орыс мемлекетімен әртүрлі саяси-экономикалық жағдайлармен жиі түйісіп отырған. Орыс деректері осыны баса көрсетеді. Бір шеті Үргенішке дейін жеткен Үлкен ноғайлардың /Еділдің шығысындағы/ ішкі жағдайы туралы мұны айта алмаймыз. Олардың тарихи көбінесе қазақ және Орта Азия хандықтарымен байланысты болды.

Оның үстіне қазақ дәстүрінде ноғайлы дәуіріне енген жырлардың тұтастану сипаты басымырақ. Бұған Мұрын жыраудың бір қолдан өткен жыр тізбесін айтсақ та жеткілікті. Ал эпикалық тұтастану – көптеген тарихи жағдайларға өзінше түзету енгізетін құбылыс. Қазіргі

---

□ Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос, С.509.

ноғайлардың эпосында өзара алауыздық, билікке таласқан батырлар ахуалы көбірек жырланатыны рас. Бұл ноғайлы дәуіріне жататын жырлардың алғашқы кезеңдеріне тиесілі жағдай болса керек. Қазақтың эпикалық дәстүрі бұл сатыдан жоғарылап, жалпы халықтық деңгейге көтерілген. Оның айқын бір көрінісі әртүрлі тарихи тұлғаларды көзқарасы, мемлекет тағдырындағы қызметі түрліше болғанына қарамастан, ноғайлы жұртының бірлігі мен мүддесін қорғайтын батырлар ғып бейнелеуі.

Эпикалық тұтастану – эпостарды ғана біріктіретін құбылыс емес, ол батырлардың да басын үлкен халықтық мақсатта жинақтайтын, бір арнаға тоғыстыратын жағдай. Сондықтан да халықтың биік мұрат тұтқанын, өмірде әрқашан іске аса бермейтін бірігу аңсарын қазақ жырлары тарихта солай болса да, болмаса да мақсаты басқа батырларды біріктіріп, бірін-бірі көрмегендерді көрістіріп, заманы бөлек қаһармандарды бір мезгілге жинақтау міндетін тарих та емес, тарихтан былай да емес батырлық жырларға жүктеген.

Бірігу идеясы бірлік аз кезде, бөліну қаупі барда айрықша сезіледі. В.М. Жирмунский келтірген деректерге жүгінсек, ноғай мырзалары мен бектерінің арасы қым-қиғаш тартыс болған. Билікке таласу дертке айналған. Ал бұл жағдайды орыс дипломатиясы шебер пайдаланған: қырқысқандардың екі жағын да әлсіретіп, өзіне тәуелді ету – бұл саясаттың басты мақсаты.<sup>□</sup> Мұндай кезде бірігіп, тыныш өмір сүру қалың елдің жатса да, тұрса да асыл арманына айналды. Бұл жағдай тек Ноғай Ордасына ғана қатысты деп түсінбесек керек. Алтын Орда құлағаннан кейін бас-басына хандық құрып кеткен елдің, туыстас бауырлардың, қала берді бүкіл көшпелілердің бірін-бірі жоқтау санасынан туған мұң-мұқтажын эпос арқаланды.

Осыдан болар, ноғайлы дәуіріндегі батырлардың мекен-жайы, жүрген-тұрған жерлері тіптен де тарихи Ноғайлы Ордасының көшіп қонған территориясымен шектелмейді. Ноғайлы батырларының әрекет еткен мерзімі сияқты, мекені де әлдеқайда ауқымды, аясы кең.

Мұның сыры Ноғайлы Ордасына енген толып жатқан көшпелі рулардың біраз бөлігі басқа хандықтардың құрамында қалып қоюынан. Ноғай Ордасындағы қоңырат, найман, арғын, қаңлы, алшын, қыпшақ, тама сияқты рулар басқа да мемлекеттердің құрамына енді, ал олар Қазақ хандығының негізін құрды.

Әсіресе, «ноғай» аталып жүргендердің өзі тарихи Ноғай хандығының шекарасына сәйкес еместігі байқалады. Ноғайлы жұртын арнайы қарастырған Ә.Қоңыратбаев былай деп көрсетеді:

---

<sup>□</sup> Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос, С.454-462; 480-482.

«Ноғайлар төрт түрлі: 1. Сары ноғай. Бұлар 1380 жылдан соң ислам дінін алып, батысқа келіп, Қазан, Қырым, Қасимов /Еділ/ хандықтарын жасайды. Өздерін татар /монғол/ деген. 2. Қара ноғай. ХҮІ ғасырда бұлар он сан ноғай хандығын орнатқан. Ноғай, қазақ бүлінгенде, оның ханы Орманбетті қазақтар өлтірген /1560ж./. Олардың елі – барабы татарлары. 3. Маңғыт ноғайлары. Бұлар Маңғыстау жерінде тұрып, көп заман қазақтармен жерлес, тілдес болған. Едіге, Орақ, Қарасай, Қазі маңғыттан шыққан. Өз-Жәнібек тұсында ноғай ұлысы жауласады /ХҮІ ғасыр/. Қонысы Маңғыстау, батыста – Дағыстан, Жайық, Жем, Сағыз, Ойыл. Ұлыс өзбек ханы Әбілхайырдан /1428-1468 жж./ кейін туған /1490-1552 жж./.

Ноғай /маңғыт/ ордасына Кіші жүз қазақтары түгел қараған... 4. Кавказ ноғайлары. Олардың көбі маңғыттан тарайды. Оларды адыгей, карачай, Қазі елі /Шобан, Биғазы/, пешене-бұлғар, абхаз, ингуш, құмық, Дағыстан, шешен, кейде алан /бір тобы/, Дербент мамлюктері дейміз. Ноғайлы бүлінген соң олар Кавказға кеткен...».<sup>□</sup>

Бұған қарағанда ноғайлы жұртының ыдырауына тек «Орманбет хан өлгенде, он сан ноғай бүлінгенде» ноғай мен қазақтың жылап айрылысу оқиғасы ғана себепші болмаған. Ноғайлы аталып жүргендердің бір-бірінен бөлініп қалуы, осы келтірген деректерге жүгінсек, дүркін-дүркін қайталанып, талай жылдарға созылған.

Ноғайлардың бұл көрсетіліп отырған төрт тобы бір мезгілдегі жағдайдан гөрі олардың әртүрлі тарихи кезеңін аңғартса керек. Сары ноғайлар өзге ноғайлардан ертерек бөлінгенге, бәлкім басынан-ақ Қазан, Қырым хандықтарының негізін салғанға, болмаса соған енгенге ұқсайды. Ал соңғы Кавказ ноғайлары деп отырғандарымыздың көбі кейін Ноғай Ордасы тарағанда /ХҮІІ ғасыр/ Кавказ хандықтарының арасына барып, қазіргі Ставрополь өлкесіне, Қарашай-Шеркес автономиялық облысына, Дағыстанға, Шешен-Ингушетияға, т.б. жерлерге бөлек-бөлек ат басын тірегендер болса керек.<sup>2</sup>

Жалпы ноғайлардың көшіп-қонуы басынан-ақ Кавказбен шектес болған. Қырым хандығының да негізін салғандар ноғайлар еді. Қазақ арасындағы «ноғай» мен «татар» сөзі /Қырым татарлары, Қазан татарлары, т.б./ беріге дейін бір мағынада қолданылған ғой.<sup>3</sup> Демек, бұл жаңсақтықтан тумаған ұғым. Ноғай – ертеректегі Қазан, Қырым, Сібір, т.б. жерлердегі туыстас рулардың жалпы атауы.

---

<sup>□</sup> Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы, 1987.

<sup>2</sup> Бердібаев Р. Егіз ел, етене өнер // Қарайдар мен Қызылгүл; Ноғай жыры. Алматы, 1989. 6-б.

<sup>3</sup> Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос, С.514.

Қалай болған күнде де Орманбет ханның өлімі – ноғайлы ыдырауының үлкен себебінің бірі. «Орманбет хан өлгенде, он сан ноғай бүлгенде» қазақпен жылап айрылысатын ноғайлар өзге түрік тілдес рулардан /қазіргі халықтардан/ қазаққа барлық жағынан етене жақын рулар еді. Арада ұзақ уақыт байланыс болмаса да олар осы күнге дейін сол жақындықты егіздің сыңарындай сақтаған. Біз айтып отырған ноғайлы эпостарын олар да өзінің тарихи төл мұрасы санайды.<sup>4</sup>

Ноғай дейтін жалпы атаудың ішіндегі айырмашылықтар жырда да сақталған. «Он сегіз мың ноғайлы» /**Шора – Д.256.**/, «Үш шарбақты, үш кентті ноғайлы» /**Сайын – Б.44.**/, «тоқсан баулы ноғай» /**Қобыланды – М.**/, «қырық таңбалы Қырым, он екі жарым Үрім» /**Кеңес – М.135.**/, «он сан ноғай» /**Көкше – Р.51.**/, «руы ноғайлы, отыратын жері Жиренкөл» /**Бөген – Н.371.**/ дейтін ноғайлардың құрамы мен санын, жіктелу түрлерін көрсететін сөздермен қатар, олардың «қара ноғай» /**Әмет – М.222; Шора – М.343.**/, «орта ноғай» /**Құбығұл – Н.366.**/, «қырымды ноғай» /**Телағыс – М.186.**/ сияқты түрлерін де ұшыратамыз.

Жырдың айтуына қарағанда Шора батырдың шыққан руы – тама, шәһәрі – Қазан /**Шора – П.**/ Ноғайлы елі Шораның жорыққа аттанған жолында, Үргеніш пен Қазанның арасына орналасқан әрі ол тамаларға туыс ел. Шораға олардан Құлыншақ батыр ереді. Бір ғажабы осы жырдағы ноғайлы жұрты Орманбет би атымен бірге аталады. Ноғайлы елі – Орманбет бидің елі.

Орманбет бидің айлалы  
Он сегіз мың ноғайлы  
Арыстан Шора батырдың  
Жүретұғын жолында...

**Шора – Д.256.**

Бұған қарағанда, Қазандағы ноғайлар мен Орманбет би ноғайларының арасында айырма бар. Ең болмағанда екеуінің билеушісі, орналасқан жері басқа. Қазан ноғайлары – отырықшы, Орманбет би ноғайлары – көшпелі.

---

<sup>4</sup> Ноғай ағартушысы А. Жәнібековтың төрт томдық қолжазбасына «Мамай», «Айсылдың ұлы Әмет Батыр», «Едіге», «Шора батыр», «Қазтуған», «Әділ сұлтан», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», т.б. жырлар енген. *Қараңыз:* Ноғай халық йырлары. М., 1969. 16-б. Қарайдар мен Қызылгүл. Алматы, 1989/ 5-б.; *Волкова Н.Г.* Этнический состав населения Северного Кавказа в XVIII- начала XX века. М., 1974 /раздел «Ноғайцы»/; *Гаджиева С.Ш.* Материальная культура ноғайцев в XIX- начале XX в. Москва, 1976.

Ер Тарғын қырғыздан кісі өлтіріп, ноғайлының қырық сан Қырым жұртына барып, «40 мың мешіті бар Қырымның қырық ханының үлкені Ақшаханның қол астына келеді». Кейін Ақжүністі алып қашқан оқиғамен байланысты батыр басқа елге кетеді. Ол елді жыр: «Еділдегі Орманбеттің он сан ноғайына барады. Он сан ноғайдың он ханы бар еді, сол ханның ішінде бір Ханзада деген хан бар еді», - деп көрсетеді /**Тарғын – М.118.**/ Ханзада Тарғынға қызымды беремін деген уәдесінен тайып, батырға: «Енді осы он сан Орманбеттің ішін қыдыр да көр, қандай сұлу қыз тапсаң соны алып берейін», - дейді /**Тарғын – М.139.**/ Сонда Тарғын ашуланып қайтадан Қырымға кетемін деп қорқытады. Жыр соңы «қара ноғайдың хан, халқымен Тарғын татуласып табысты» деп аяқталады.

Тарғынның Ханзада биінің сұрағына берген жауабында «асылымыз қырғыздан болса да, Қырым жұртына жақынбыз» деген сөздер бар. Демек, қырғыз, Қырым, Орманбет /қара/ ноғайлары бір-біріне өте жақын. «Қарабек» жырында Орманбет ноғайлары барлық ноғайлар емес, оның ішінде қара ноғайлар /**Қарабек – Б.163.**/ Қырым ноғайлары жалпы ноғайлардың бір тармағы.

– Руымды сұрасаң,  
Ноғайлының ішінде  
Қырық сан Қырым ел едім,  
**Қосай – М.127.**

деген сөз салады жыр Қосайдың аузына.

«XVI ғасырдың екінші жартысында Үлкен Ноғай және Кіші ноғай болып екіге бөлінеді. Кіші ноғай Еділдің батысын, Үлкен ноғай Еділдің шығысын мекендеді. Қырым ханына, Түрік сұлтандығына, орыс патшасына тәуелді ноғай халықтары 400 жыл бойы Қырым мен Еділ арасында өмір сүрді».<sup>□</sup>

Бұл пікірге сүйенсек, Еділдің батысындағы ноғайлар Қырым хандығына енеді. Демек, Қырым мен Еділ ноғайлары жақын болғанымен, мемлекетінде айырма бар. Оның үстіне XVI ғасырда ноғайлардың өзі де екіге жарылыпты.

Бірлікті биік мұрат тұтқан эпос көбіне татуласып біткен оқиғаны бейнелейді. Қаһармандық эпоста қазақ пен ноғай, оның хандары бір /**Қарасай, Қазі – Қ.127.**/, кейде қазақ он сан ноғайдың бір тармағы /**Едіге – Ш.383.**/ «Қамбар батыр» эпосында Назымның елі – «он екі баулы өзбек», ол бірде ноғайлыға туыс, бірде ноғайлының ішіндегі бір тармағы болып есептеледі /**Қамбар – Д.39;**

---

<sup>□</sup> Қазақ совет энциклопедиясы. Алматы, 1976. VIII-т., 392-б.

**54./.** Эпостың қазақ пен ноғай жұртын бір санауы тарихи шындық.

Мұны тәптіштеп отыруымыздың себебі қазақтың батырлық жырларындағы кейіпкерлердің жүрген-тұрған жерлері Еділ бойындағы Ноғайлы хандығының мекенімен шектелмей, жалпы ноғайлы жұртының аяқ басқан, қала берді, барлық көшпелілердің көшіп-қонған жерлерінде, иісі түркілердің мекеніне көсіліп жүретіндігін тағы да ескерту.

Әрине, эпос қаһармандарының әрекет ету аясын бір ғана эпикалық ауқыммен түсіндіру аздық етеді. Ел жадында эпос дәстүрі дәуірлеп тұрған кезде туыстық ұғым ұмытыла қоймаған. Мемлекеттік, территориялық, саяси жіктеулерден эпос жоғарырақ тұр. Ол үшін туыстар арасында пәлендей айырма жоқ. Ол тек тілі, діні, тіршілік-тынысы мүлде бөлек /қалмақ, ындыс, қызылбас/ елді ғана жау санайды. Өзара қырқысуларды айыптай отырып, жыр туыстарды бір мәмілеге келтіреді, болмаса өзара қақтығысты тумысы бөлек жаумен алмастырады.

Ал, шындыққа келсек, феодалдық қоғамның заңдылығына сәйкес өзара қырқысулар аз болмаған ғой. Эпос оның бірін ақтап, екіншісін даттап жатпайды. Алда-жалда сөз бола қалса ондайлар жалпы ел бірлігі, қала берді туыстар тұтастығы тұрғысынан бағаланады.

Эпос тарихтың көшірмесі емес, ол пендешілік тұрғыдан көтеріліп, жалпы ел-жұрт солай болуы керек деген тарихтың бүкілхалықтық көзқарас концепциясы. Эпостың осындай мақсатын тарихи шындықпен өрелестіріп қарауды ұмытпағанымыз жөн.

Эпикалық дәуір мен эпостың циклдануы бір-біріне жақын, төркіні бір құбылыстар. Дәуір ортақтығы түрлі жырларды шоғырландырудың негізгі алғы шарты. Мәселен, орыс былиналарының эпикалық дәуірі Киев немесе Новгород қалаларында, князь Владимирдің билік құрған кезеңі болып есептеледі. Іс жүзінде, былиналарды тұтастандырып тұрған себеп те осы. □

М.Әуезов былай деп жазған: «...Ескілікті әңгімелердің бірсыпырасы белгілі бір хан мен патша немесе бір белгілі, асқан бидің айналасына жиналған болады. Ескілік әңгімелерін кейде бір үлкен тарихи дәуірге әкеп те жиып қояды. Орыс жұртының ескіліктегі батырлар әңгімесінің барлығы «Қызыл күндей Владимирдің» айналасына жиналған. Араб жұртының ескіліктегі әңгіме, ертегісінің көбі Арон Рашит патшаның айналысына жиналған. Қазақ атаулы елдің ноғайлы дәуірінен қалған әңгіме-жырлардың көбі «Орманбет би» заманының маңына жиналған. Онан соң қазақтың ноғайдан

---

□ Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы, С.228.

бөлініп шығып, қазақ атанып, бөлек хандық құрып жүрген заманнан қалған ескілік әңгімелердің көбі «Әз Жәнібек» ханның тұсында болды.<sup>2</sup>

Тұтастану тек эпос пішінінің /форма/ өз-өзінен пайда болған заңдылығы емес, ол халықтың әлеуметтік және сыртқы саясаттағы тарихи өзгерістерінің нәтижесінде қалыптасады. Бұл ретте батырлардың бір орталыққа шоғырлануы мемлекеттің шығуымен бірге пайда болған.<sup>3</sup>

Е.М. Мелетинскийдің айтуанша, көлемі жағынан шағын ұлттық эпикалық дәстүрдің аясында бірігіп эпопея құрайды. Бірақ бұл түрлі жырлардың жай ғана қатар орналасқан жиынтығы емес. Әрбір сюжет өзінше аяқталып, шағын жырлар қосымша эпизодтармен, кейіпкерлермен толықтырылып, іштей өсіп отырады. Бөлек-бөлек жырлар өмірбаяндық, шежірелік /генеологиялық/, оқиғалық /маңызды бір оқиғамен байланысты жырлар/ өзгешеліктері бойынша тұтастанады.<sup>4</sup>

С.Садырбаев тұтастанудың төрт шартын бөліп көрсетеді: 1/ бір батырдың басынан кешкен әралуан оқиғалары жеке-дара жыр болып айтыла беретіндігі; 2/ өмірбаяндық шоғырлану; 3/ генеологиялық /ұрпақтық/ тұтастану; 4/ бас батырға бірнеше батырлар шексіз бағынады.<sup>5</sup>

Осылардың ішінде алғашқы үшеуінің қазақтың қаһармандық эпосында кең таралғандығы мәлім.<sup>6</sup>

Біздің айтарымыз, тұтастанудың қай түрі болса да эпикалық дәуірді аттап кете алмайтындығы. Эпикалық дәуір ортақ болмайынша тұтастық жоқ. Бұған қарағанда әр түрлі шартпен шоғырланған жырлардың бәріне эпикалық дәуір жетекші қызмет атқарған.

Мұнан тұтастанған қазақ эпосының бәрінің эпикалық дәуірі ноғайлы екен деген ұғым тумауы тиіс. Бір ұлттың эпикалық мұрасында бірнеше эпикалық дәуір бола береді. Мәселен, орыс былиналарында Киев және Новгород, қарақалпақ эпосында ноғайлы және хорезм дәуірлері. Қазақ эпосында ноғайлыдан басқа қыпшақ, қоңырат сияқты жеке рулар дәуірін нысанаға алған жырлар да бар.

Тұтастанған жырлардың қай-қайсысы да белгілі бір эпикалық дәуірдің ішіне енеді. Оның үстіне бір дәуірдің өз шеңберінде де түрлі жолдармен топтанған жырлар, сондай-ақ өзінше оқшау тұрған

---

<sup>2</sup> Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы, 1991. 67-б.

<sup>3</sup> Пропп В.Я. Русский героический эпос. Л., 1955. С.50.

<sup>4</sup> Мелетинский Е.М. Введение в историческую поэтику эпоса и романа. М., 1986. С.109.

<sup>5</sup> Садырбаев С. Фольклор және эстетика. Алматы, 1976. 104-105-б.

<sup>6</sup> Сонда.

эпостар да бола береді. Ноғайлы дәуірінің мерзімі Мұрын жырау топтамасына ғана тән емес, одан тыс толып жатқан жырларға да ортақ. Демек, эпикалық дәуірдің ауқымы тұтастанудың қай түрінен болса да қомақты. Бұл бір. Екіншіден, тұтастанудың жолдары эпостың ішкі құрылымынан, оқиғалардың орналасу тәртібінен, қаһарманның ортақтығынан келіп шықса, эпикалық дәуір мерзімдік ұғымдардан туындайды.

Бұған қарағанда дәуір категориясы тұтастану жолдарынан ерте болмаса кенже емес. Себебі дәуірі жағынан бірікпеген жырлардың алдымен құрылымдық жағынан бірігуі эпос табиғатына қайшы. Бір батырдың басынан кешкен түрлі оқиғалар, өмірбаяндық және ұрпақтық шоғырлану бір-біріне мерзімі жағынан сәйкестендірілмейінше тұтастану да болмайды. Оқиғалардың қалай, кімнің басынан өткендігі әу баста олардың қашан өткендігіне тәуелді.

Қазақтың қаһармандық жырындағы эпикалық дәуірдің өз ішіндегі уақыт жүрісін, мезгілдің ауысуын көрсететін негізгі өлшем – өмірбаяндық және генеологиялық тізбектеме. Бұл өзі белгілі бір ізбен жүріп отыратын дәстүр. Әке ерлігін баласы қайта жаңғыртады. Оқиғаларда айырма болғанымен, батырлардың тіршілігінде, орта мен жағдайда уақыт жағынан сапалы айырма бола бермейді.

Дегенімен, мұнда да өзге халықтардың эпосындағы дәуірден елеулі айырмашылық бар. Атап айтқанда, Мұрын жырау топтамасындағы ноғайлы дәуірінің ішінен әкелер дәуірі мен ұрпақтар дәуірін іштей жіктеуге болады. Әкелер дәуірінің мифтік, қиял-ғажайыптық сипаты аралас /Аңшыбай, Баба Түкті Шашты Әзиз, Асан қайғы, т.б./, ал ұрпақтар дәуірінің реалды сипаты айқын.

Эпикалық ноғайлы дәуірінің ішіндегі мезгілді көрсететін айрықша бір кезең – «Орманбет хан /би/ өлген күн, он сан ноғай бүлген күн». Мұрын жырау жырларынан басқа тұтастанбаған ноғайлы эпостарының біразында осы бір оқиға ортақ мезгілдік өлшем ретінде алынады, әрі оның оқиғалық сипаты сол жырда айтылмайды. Дәлірек айтқанда Орманбет хан оқиғасының алдындағы тату-тәтті мерзім бірқатар батырларды мезгілі жағынан қатар қояды /**Көкше – Р.51; Қарабек – Б.163; Едіге – Ш.382; Дотан – М.145.**/.

Эпостық жырларда ғана емес, аңыз-әңгімелерден де айрықша орын алатын Орманбет бидің оқиғасы кейде жалпы ноғайлы жұртының екінші атына, соның синониміне айналған. Мәселен, «Дотан батыр» жырында мезгіл «Орманбет хан заманында» деп көрсетіледі. /**Дотан – М.145.**/.

Ал Мұрын жырау топтамасында Орманбет бидің өліміне

байланысты оқиғаның өзі жеке бір жырға арқау болғандықтан, оның барлық жыр үшін мезгілдік мәні жоқ /Тұяқбай – М.165./. Жырау топтамасында уақыт әкеден балаға ауысып, шежірелік тәртіппен жүріп отырғандықтан Орманбет би мерзімі әмбеге ортақ боп шықпайды. Ол оқиға өз алдына оқшау тұр.

Мұрын жырау топтамасынан өзге ноғайлы жырлары дәуірі жағынан біріккенімен, ішкі құрылымдық жүйесі бойынша және шежірелік ретпен шоғырланбағандықтан олардың көбі дербестігін сақтаған. Мұрын жырау топтамасындай әлі бір қолдан өтпегендіктен олар түрлі батырларды бір мезгілге қатар қойған. Ал Мұрын жырау өз қорындағы жырларды дәуірі жағынан да, шежірелік реті бойынша да, мезгілдік ара қашықтығына қарай да бір қолдан, бір сүзгіден өткізген.

Орыс былиналарындағы мәңгі жасайтын батырлар мен Киевтік князь Владимир мұнда жоқ. Ноғайлы дәуіріндегі Орманбет би /хан/ Мұрын жырау топтамасында негізгі тұлғаға, оның заманы негізгі мерзімге айналмаған. Мұның себебі шежірелік /генеологиялық/ құрылым жырауға барлық батырларды бір мезгілге топтауға мүмкіндік бермеген. Орманбет би заманы айрықша болса да, ол мезгілдік тізбенің бір бөлігіне ғана орналасқан. Сөйтіп жырау ноғайлы дәуірінің өз ішіндегі батырлардың уақыт ара қашықтығын қатаң сақтаған. Сөз жоқ, бұл эпостағы бұрыннан келе жатқан дәуірлік ұғымды жырау ұлан-асыр жыр топтамасында жаңа сүзгіден өткізіп, эпостың өз ішіндегі мезгілдік қайшылықтан тазартқан. Бұл Мұрын жырау топтамасының мейлінше жетілгенін, бір кісінің қолынан өтіп, жырдың ала-құлалықтан ада болғандығын көрсететін, арғы-бергі эпос тарихында сирек кездесетін құбылыс. Эпикалық мұрамыздың күні кешеге дейін сан-алуан бағытта дамып, жойқын күй кешкендігінің, сөйтіп классикалық деңгейге көтерілгендігінің тағы бір айғағы осындай.

Ал, топтама жырдағы Сыпыра, Асан қайғы, т.б. кейбір тұлғалардың бірнеше эпосқа ортақ кейіпкер болуы олардың жырда мезгілдік мағынаға көшкендігінен емес, ұзақ жасағандығынан деп түсіндіріледі. Жырдың тұтастануындағы олардың қызметі байқалмайды.

## РУ АЯСЫНДАҒЫ ДӘУІР

Бірқатар жекелеген қазақтың батырлық жырлары белгілі бір рулардың тыныс-тіршілігін, тарих аренасына шыққан мерзімін арнайы уақыт ретінде бейнелейді. «Ру аясындағы дәуір» деген ұғым

бұл жерде біздің тарапымыздан алынып отырған шартты атау. Әр эпоста олар нақтылы көрсетіледі /мәселен, қыпшақ, қоңырат т.б./. Осыған орай қаһармандық жырларда айтылатын эпикалық уақытты фольклортану ғылымында «қыпшақ эпосы», «рулық эпос», «тайпалық эпос», «оғыз-қыпшақ эпосы» /Ә. Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, т.б./ деп атау қалыптасқан.

Біз қаһармандық эпоста аты аталатын жеке рулардың тарихын қарастыруды тарихшылар үлесіне қалдырып, эпостағы рулық дәуірдің кейбір белгілерін пайымдамақпыз.

Алдымен айтарымыз – рулық дәуірдің жоғарыда сөз болған ноғайлы дәуірінен түбірлі айырмасы жоқ. Олай болатыны екеуі де бір халықтың біртұтас эпикалық дәстүрінің нәтижесінде қалыптасқан. Эпосты жырлаушылар эпикалық уақытты, белгілі бір рулар дәуірін өзінше жырлау қолтаңбасына қарай жіктелмейді.

Орыс былиналарындағы Киев пен Новгород топтамасының арасында пәлендей айырма жоқ.<sup>□</sup> Қарақалпақ эпосындағы ноғайлы дәуірі мен хорезм дәуірі бір-бірімен аралас. И.Т.Сағитов былай деді: «Мәселен, «Қырық қыз» дастаны «Аз ноғайлы елінде» деп басталса, ішіндегі оқиғалардың көпшілігі «Хорезмде болған» деп баяндалады. Сондықтан біз қарақалпақ эпостары жөнінде бұл екі дәуірді шартты түрде алып отырмыз».<sup>2</sup>

Дегенімен, дәстүрімізде кең тараған ноғайлы дәуірінің кейбір эпостарда айтылмауының өзіндік себебі барын жоққа шығаруға болмайды. Тегінде жекелеген рулық уақыттың тарихы жалпы алғанда ноғайлы дәуірінің жырларынан анағұрлым көне. Себебі рулық эпос – шынтуайтқа келгенде, жеке рулардың біртұтас халық болып құралмай тұрған дәуірдегі туындысы. Оны біз ең алдымен эпостың сюжеттік құрылымынан анық көреміз.

Рулық дәуірдің ішіндегі қабырғалы жырдың бірі – «Алпамыс батыр». В.М.Жирмунский, Х.Т.Зафиров, А.К.Боровков және М.Богданов пікірінше жыр оқиғасы монғол шапқыншылығымен байланысты, әрі бұл кезең Дешті қыпшақ дәуірімен /XII-XIV ғғ./ де қарайлас.<sup>3</sup> Ә.Марғұлан жырдың қалыптасуын қоңырат тайпасының ыдырау кезеңімен байланыстырады.<sup>4</sup> Осы тұжырымды М.Ғабдуллин

□ Қараңыз: *Лихачев Д.С.* Поэтика древнерусской литературы, С.228.

<sup>2</sup> *Сағитов И.Т.* Қарақалпақ халқының қаһармандық эпосы. Нүкіс, 1986. 63-б.

<sup>3</sup> *Жирмунский В.М., Зафиров Х.Т.* Узбекский народный героический эпос. М., 1947. С.69; *Боровков А.К.* Героическая поэма об Алпамыше // Тезисы докладов и сообщений регионального совещания по эпосу «Алпамыш». Ташкент, 1956. С.7; *Богданова М.* Об эпосе народов Советского союза // XXV Международный конгресс востоковедов. Доклады делегации СССР. М., 1960. С.11.

<sup>4</sup> *Марғұлан А.* О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Известия казахского филиала АН СССР. Серия историческая. Алма-Ата, 1946. №2. С.81.

мен Т.Сыдықов та қолдаған.<sup>5</sup>

Осы эпосты арнайы зерттеген В.М. Жирмунскийдің қоңырат, оғыз, қыпшақ, Алтай версияларын жеке-жеке таратып қарауы кездейсоқ емес.<sup>6</sup> Жырдың рулық дәуірмен сабақтас табиғатын ноғайлы дәуірі сияқты бірыңғай мерзімге көшірілмеуінен де аңғарамыз.

«Алпамыс батыр» жырының сюжеті сонау ежелгі замандардағы сақ, скиф, жұртынан бастау алатыны, оқиғасының әйгілі гректің эпосы «Одиссея» /ері ұзақ сапардан кейін әйелінің тойының үстінен шығуы/, Алтайдың батырлық ертегісі «Алып-Манашпен» ұштасып жатқандығы өз алдына арнайы мәселе. Ал оның классикалық эпос ретінде қалыптасуын ғалымдардың Дешті қыпшақ дәуірімен байланыстыруында қисын бар. Бұл мерзім осы эпостың мифтік және ертегілік сарындардан біржола арылған кезеңі болса керек. Алайда жырдың анықтап айтып отырғаны қыпшақ емес, «қоңырат деген ел» деуіне қарағанда мұнда сол жеке рулық атау сақталып қалған. Қоңырат қыпшақ бірлестігіне кірген ру ретінде де көрсетілмейді.

Қазақ, қарақалпақ және өзбек халықтарының құрамына енген қоңырат тайпасының ыдырау оқиғасын да жырдан аңғару қиын. Қалай болған күнде де «Алпамыс» жырындағы эпикалық дәуірді бұл кезеңмен нақтылы байланыстырудың әзірге мүмкіндігі көрінбейді.

Ноғайлыны атамай отырып, тек қана «әліп таңбалы қарақыпшақтың» өз заманын эпикалық дәуір етіп алған осыған ұқсас жағдай «Қобыланды батыр» жырында да бар. Мұнда қыпшақ жақын рулардың тұтас одағы болып көрінбейді.<sup>□</sup>, өз алдына жеке ру ретінде ғана жырланады.

Ноғайлы жырларынан оқшау тұрған эпостың бірі – «Көрұғлы». Мұнда батырдың шыққан тегі «түркімен текежәуміт» деп көсетіледі /Көрұғлы – Р.19./ енді бір тұсында:

Бұл өзбектің баласы,  
Түркімен халық ішінде  
Айырар ердің сарасы.  
Қазақпенен бұлардың  
Әуелінде бар екен  
Атасы мен бабасы, - дейді.

**Көрұғлы – Е.123.**

---

<sup>5</sup> Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры, 56-б.

<sup>6</sup> Жирмунский В.М. Сказание об Алпамыше и богатырская сказка. М., 1960. С.15-140.

<sup>□</sup> Қараңыз: Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алма-Ата, 1989. С.260-266.

Көрұғлының елі көшіп-қонып жүрген елден гөрі шаһар салып, отырықшы шаруашылықпен айналысатындарға көбірек ұқсайды. Батырдың тұрақ-мекені – Жәмбілбел шаһары, онда мешіттер, медреселер, биіктігі қырық құлаш, ені алты құлаш қорған бар. «Мұндағы лала гүлдерімен салыстырғанда Иран бағы бір кішкене бақша сияқты еді» дейді жыр /**Көрұғлы – С.163.**/ бұл жырдың ноғайлы топтамасына енбеуі заңды. Тек Ж.Сыздықов нұсқасында:

Сөйлеген тілі түркі екен,  
Басында ноғай бөркі екен,

**Көрұғлы – С.229.**

деген сөздер бар.

Ал енді ноғайлы жырларынан бөлек тұрған «Құламерген, Жоямерген» жырында ешқандай рудың аты да, оның мезгілі де айтылмайды, кейіпкерлердің мекені мұхиттың Гэзар деген аралы /**Құламерген, Жоямерген – Б.318.**/ «Дотан батыр» эпосында батырдың мекені жапан түзде, оқиғаның болған мезгілі «кешегі Орманбет хан заманы» деп көрсетіледі /**Дотан – М.145.**/ Осындағы мезгіл мейлінше шартты, ары қарай бұл заман туралы ешнәрсе айтылмайды. Ноғайлы дәуірінен гөрі мифтік дәуірдің салмағы анағұрлым басым.

Келтірілген деректерге қарағанда, ноғайлы жырларына енбеген өзге эпостардан ру, тайпалардың бірлескен одағы байқала бермейді. Байқалса жеке рудың, ханның аты ғана аталады екен, ал кейде ол да жоқ. Жырдан ноғайлыдан басқа ат қойып, айдар таққан ұлыс, одақ, бірлестік ұшыраса қоймайды.

Задында ноғайлы дәуірімен мерзімі бөлек тағы бір осындай рулар одағынан тұратын дәуірді қатар шендестіру, сөйтіп халықтың аңсары екі дәуірді екі түрлі бейнелеп, бір-бірімен жарыстыру бір халықтың дәстүріне тән емес. Оның үстіне тілінде де, мәдениетінде де титімдей айырмасы жоқ, мыңдаған шақырымның о басы мен бұ басында бірдей айтыла беретін ауызша мұрасы бар біртұтас қазақ халқы үшін мұндай қосарланған екі дәуірдің жөні жоқ.

Әрине, халқымыздың ноғайлы заманынан бұрынғы тарихында ірі-ірі тайпалық одақтардың /қыпшақ, оғыз, т.б./ болғандығы даусыз. Бірақ оларға тиесілі бірлестіктің айғақ-нышандарын, белгі-көріністерін ноғайлы дәуірі өз бойына сіңіріп алған. Ноғайлы дәуірінен көп уақыт бұрын пайда болған эпостардың не ноғайлы атымен, не жеке ру атымен жүруінің себебі осында.

Ноғайлы дәуіріне жатпайтын эпостардың жеке руды ғана атап, болмаса ешбір атаусыз-ақ басқа бір эпикалық мерзімді белгілеп алуы

жалпы эпикалық дәстүрге қайшы емес. Түптеп келгенде, жеке ру мерзімі рулық бірлестіктің бір тармағы ретінде жырлана беруі қалыптасқан эпикалық ұғымға сиысады. Жеке ру дәуірі де айырықша бір эпикалық уақыт. Бірақ ол бәрібір көп рулардан тұратын ноғайлы одағын жоққа шығармайды.

Кейбір жырдың бір вариантында ноғайлы дәуірі көрсетілсе /Қарабек – Б.163./, енді бір вариантында ол дәуір айтылмайды /Қарабек – М.77./.

Ал «Қобыланды батыр» жырының Мұрын жырау нұсқасында қыпшақ ноғайлының ішіне кіреді, өзге кейбір нұсқаларында осы рудың өзі ғана аталады. Асылында бұл жағдай бұрынғы ру аясындағы эпосты ноғайлы дәуірінің өз құшағына алғандығын айғақтаса керек. Бұған ноғайлы ұлысына бұрынғы қыпшақ руының енгені де себепші болғандай. Ал, зерттеушілердің пікірінше, жырдың байырғы пайда болған мерзімі оғыз-қыпшақ заманынан /ҮІІІ-Х ғғ./ ерте болмаса кенже емес. □ Онан бері жыр бір орында тұрмаған, үнемі өзгеруді бастан кешірген. Бертін келе ноғайлы топтамасының ішінен де орын алу себебі осында.

Бір ғажабы, осы эпостың ноғайлы дәуірін көрсетпеген нұсқаларында қыпшақ руының өзі ғана жеке дара өмір сүріп жатқандай ұғындырылады. Демек, рулық бірлестік болса оны «ноғайлы» деп көрсету, ол болмаған жағдайда жеке руды ғана жырлау бар. Қыпшақ жұрты кезінде күдіретті бірлестік болғанымен кейінгі бірлестіктің, яғни ноғайлы дәуірінің тұсында жыр осындай өзгеріске бет бұрған деп ойлаймыз.

Бұған қарағанда «Көрұғлының» жағдайы басқашалау. Бұл жырды ноғайлы топтамасының басты өкілі Мұрын жыраудың да «Қырымның қырық батырына» қоспауында гәп бар. «Көрұғлыны» Мұрынның да жырлағаны туралы деректер белгілі. □

Орта Азия, Кавказ, Таяу Шығыс елдерінде әр тілде кең тараған «Көрұғлы» сюжетінің шығу тегі тереңде. Бұл жырдың сюжеттік типологиясының аясы өте кең, оның себептері де түрліше. Генетикалық-туыстық бірлік арқылы да, қарым-қатынастық байланыстардың негізінде де, жалпы типологиялық ұқсастықтардың нәтижесінде де пайда болған сарындар бұл жырда жетерлік.

Көңіл аударарлық бір жағдай – осы эпостың сюжеттік құрылымы да, қаһарман тағдырының өрілуі де дәстүрлі қазақтың батырлық

---

□ Қараңыз: Нурмаганбетова О.А. Казахский героический эпос «Қобыланды батыр». Алма-Ата, 1988. С.5-

□ Нұрмаганбетова О., Сыдықов Қ. Алғысөз // Батырлар жыры, Алматы, 1989. 5-т., 12-б.

жырынан өзгешелеу. Әрине, бұған қарап «Көрұғлыны» қазақтың эпосы емес деп ұқпауымыз керек. Оның қазақша жырланып, қазақ арасына түрлі нұсқалармен кең тарауы ешбір дау тудырмайтын басы ашық мәселе. Біздің ұлттық эпостарымыздың бірі.

Әңгіме бұл жерде оқиғалар тізбегі, ұлттық эпикалық дәуір, мезгіл мен мекен проблемасы туралы. «Көрұғлы» жырының оқиғалар тізбегінің әлеуметтік астары шығыс хандықтарының хандық сарайларына тән, сондай ортада болды-ау деген түсінікпен еншілес. Шағдат шах әлі тумаған Көрұғлыны түсінде көріп, оның әкесі түрікпен Раушанбекті құлдыққа сатады. Көрде дүниеге келген Көрұғлының да тағдыры өз алдына бір тоға. Дар ағашы, зынданы, құл сататын базары, көз оятын жендеті бар ортаның жағдайын ноғайлы дәуіріне апарып теліп қою тіптен де мүмкін емес.

Мекен айырмашылығы, отырықшы мәдениет мезгілге де тікелей қатысты. Көшпелі тіршілік жырлаған жағдайға бірде болмаса бірде оны ноғайлы дәуіріне сабақтастыру мүмкін болар еді. Жағдай мен мекеннің басқаша сипаты эпикалық дәуірді да басқа ортаға көшірген.

Оның үстіне «Көрұғлы» жырынан мына ерекшелікті де байқамауға болмайды: мұндағы эпикалық дәуір ноғайлы дәуірі сияқты үлгі тұтарлық идеал дәрежесіне көтерілмеген. Бұл қайшылығы мол, өзге түгіл батырдың өзін сындыратын, ешкімге опа бермейтін алмағайып уақыт. Себебі шаһар билеген деспот шах пен оған бағынышты халықтың арасында көшпелілер қоғамына тән /рулар мен хандар сияқты/ демократиялық қарым-қатынастан мұнда дәнене де жоқ. Бұл бір. Екіншіден, қазақтың өзге батырлық жырларына тән қаһармандық дәуірдің рухы бұл жырда ішкі қайшылықтармен, әлеуметтік теңсіздіктермен алмастырыла бастаған. Батырдың жауы тек сыртта ғана емес, іште де жетерлік. Міне, бұл жағдайдың ноғайлы дәуіріне жуықтамайтын себебі сол.

Ал енді ноғайлы дәуірі айтылмайтын «Алпамыс», «Қобыланды» сияқты жыр нұсқаларында жеке рулардың тіршілігін жырға қосумен бірге ру батырының да өмір жолын кеңірек суреттеу басым. Батырдың туу мотивінен бастап, оның ерлік жолы сан-түрлі оқиғамен өріліп отырады. Алғашқы ерлік қалыңдық іздеумен байланысты болса, онан кейінгі батырдың жорықтары ел қорғау, жау елінде түрлі қиын-қыстау оқиғаларды бастан кешіру түрінде жырланады. Анығында бұл эпостардың сюжеттік құрылымы күрделі, оқиғасы қою, көпқабатты. Өйткені басқа жырлармен дәуірі, мекені, кейіпкерлері арқылы тұтастанбаған бұл эпостардың өзі құрылымынан туындайтын іштей тұтастануы байқалады.

Атап айтқанда, мұнда батырдың ұзақ өмірбаяндық жолына баса назар аударылады. Батырдың ел-жұрты, ғажайып дүниеген келуі, ат таңдауы, қалыңдық іздеуі, сол жолда бәсекелеспен алысуы /қыз алу үшін түрлі ерлік шарттарды орындау/, сыртқы жауға аттану, жау қолында тұтқында болу, өз елін азат ету, батыр әкенің ерлігін ары қарай баласы жалғастыру сияқты оқиғалардың әрқайсысы кеңінен баяндалып, сюжеттің өзінше жеке-жеке аяқталған бөліктері ретінде суреттеледі.

Батырдың жолға шығып, онан қайтып оралуы дүркін-дүркін қайталаанады. Ал Мұрын жырау топтамасында көбіне батыр жорығының үйден шығып кеткеннен кейін оның бір-ақ рет түпкілікті оралуымен аяқталатынын жоғарыда айтқанбыз.

Осы жағдаймен байланысты жеке эпостардың ендігі бір ерекшелігі – сюжеттің құрамалылығы. «Қобыланды» және «Алпамыс» жырларының арғы негізінде бірнеше дербес сюжеттердің біріккенін /контаминация/ байқау қиынға соқпайды. Іс жүзінде батырдың үйге әрбір қайтып оралуы іштей бір сюжеттің тамамдалуымен барабар. Әсіресе, батырдың ерлікпен үйленіп, үйіне қайтуы өзінше бір аяқталған сюжет. Өзге толып жатқан ертегі мен эпос сюжетінің бас-аяғы осы оқиғаға құралатыны мәлім. Ал батырдың өз елін қорғауы, басқа ерлік жорықтары өз алдына дербес жатқан сюжет.

Ғылыми деректерге жүгінер болсақ, батырдың үйлену сюжеті өзге оқиғалардан көнерек, әрі ол эпостан бұрын пайда болған миф, батырлық және қиял-ғажайып ертегіге де тән. □

Сондай-ақ қаһарман елге оралғанда үйде қалған озбыр құл оның әйелін алмақ үшін жасап жатқан тойдың үстінен шығуы да көне тарихы бар сюжет.<sup>2</sup>

Міне, мұның бәрі дәуірі бойынша тұтастанбаған эпостың жалпы жыр шоғырына тән өзгешеліктерді жеке-дара тұрып, өзінше қайталауы десек болғандай. Жыр топтамасындағы өмірбаяндық тәртіппен баяндалатын бірнеше батырға тиесілі әрекеттер мұнда бір адамның өмірбаяндық жолына, бір эпостың ішіне шоғырланған.

Бұл, біздіңше, ұлттық эпикалық дәстүрдің дәуір ұғымына /оның ішінде тұтастанудың да/ қарай таралуын, соның әр қырынан көрінетін ерекшеліктерін сипаттаса керек.

Осы заңдылықтан «Көрұғлы» эпосы да алыс емес. түрлі ақындар жырлаған нұсқалары оқиға жағынан бірін-бірі қайталамайды. Олар

---

□ Жирмунский В.М. Сказание об Алпамыше..., С.218-272.

<sup>2</sup> Сонда. 274-312-б.

бір-бірінің жалғасы сияқты жырланады. Сондықтан «Көрұғлының» жеке-жеке жырларын нұсқа /вариант/ деп атағаннан гөрі «сала» деп атау орынды. Қазақ фольклорының көптомдық басылымында /Ү-том/ «Көрұғлының» осылай берілуін біз де құптаймыз /құратырушылар М. Ғұмарова мен Ж. Әбішев/.

Мұның үстіне бір эпостың ауқымында әке ерлігін баласы жалғастыру да бір жырдың іштей тұтастануының айғағы. Ерлік Көрұғлыдан баласы Ғауазханға /кейде Хасанханға/, оның баласы Қасымға, Қобыландыдан балалары Бөкенбай мен Киікбайға, Құламергеннен баласы Жоямергенге ауысып отырады. Демек, жеке эпостар ноғайлы жырларына дәстүр жағынан осылай жақындап, ноғайлы топтамасының үлкен эпикалық ауқымда тұтастануын жеке ру аясында іштей қайталайды.

## ЭПИКАЛЫҚ УАҚЫТ ДӘСТҮРІ

### ДӘСТҮР ЖӘНЕ УАҚЫТ

Эпикалық дәуір эпостың өзіне тән белгілерін, ұлттық сипатын айғақтайтын құбылыс; дәстүрлі ұғымдардың шоғырланған тұсы. Оның ауқымы дара және тұтастанған жырлардан кең. Эпостық жырлардың тізбектеліп жүйе құрауының негізгі түйіні дәуірмен байланысты. Дәуір ортақтығы толып жатқан жырларды, сан-алуан оқиғаларды ұлттық, саяси-әлеуметтік қисынына қарай топтастырады. Бұл жағынан алғанда тұтастану эпикалық дәуірдің кейінірек қалыптасқан күрделі бір нышаны.

Эпикалық дәуірдің бейнесі ұлттық эпостың тұтас жиынтығынан туындайтын құбылыс. Ол эпикалық дәстүрмен бірлікте жүретін ұғым. Сондықтан да оның бейнесін бірер эпостан іздестіру тиісті нәтижеге жеткізе бермейді.

Бұл ретте осы мәселемен арнайы айналысқан Б.Н.Путиловтың нақтылы зерттеу әдісімен келісе алмаймыз. Мәселен, оның «Қобыланды батыр» жырындағы дәуір ұғымын қарастыруы қазақтың батырлық жырларындағы жалпы дәуір бейнесімен қиыспайды деуге болады. Ғалымның пікірінше эпос қалың қыпшақтың әлеуметтік құрылымы туралы өте мардымсыз, әрі қарама-қайшы мәліметтермен ғана шектеледі екен. Қыпшақтың өз ішіндегі тартыстар, бай мен кедей /кұл/ қарым-қатынасы ашылмаған. Олардың арасынан қыл өтпестей тату бірлігі идеал дәрежесіне көтерілген. □

Ноғайлы дәуіріне қатысты өзге батырлар жырынан хабарымыз болмай, бір ғана эпос дерегіне жүгінер болсақ, әрине, осындай пайымдаулардан ұзап кете алмаймыз. Бірер жырдың бүкіл дәуір бейнесін ашып бере алмауы заңды. Бірақ ол жеке эпостың кемшілігі емес. Себебі дәуір бейнесі қай жырда болсын өз-өзінен жырлана беретін даяр нысана емес. Ол оқиға желісімен, қаһарман іс-әрекетімен бірге өріліп отыратын әлеуметтік астар /фон/, саяси желі, іс-әрекеттердің түпкі себебі.

«Қобыланды батыр» жырында қыпшақтардың өз ішіндегі қайшылықтар, әлеуметтік теңсіздік жан-жақты көрінбейтіні бұл эпостың мақсатының басқа болғандығынан. Сыртқы жауға қарсы күресті бейнелеу үстінде қыпшақтар арасындағы таптық тартысты көрсетуді жыраулар мақсатқа айналдырмаған. Сюжетке тікелей қатысы жоқ әлеуметтік қатынастарға нақтылы сол эпоста орын жоқ.

---

□ *Путилов Б.Н.* Героический эпос и действительность, С.49-50.

Сондықтан да феодалдық қоғамның билік сатылары /иерархиясы/ алдыңғы қатарға қойылып, оның бүге-шүгесі толық суреттелмейді. «Бай мен кедейдің көңілі жай» идеалды утопиялық қоғамды бұл жерде бүлдіруші сыртқы жау. Ал, билікке таласқан, болмаса түрлі себептермен араларына араздық кірген рулар арасындағы қақтығысулар ноғайлы дәуірінің өзге жырларында жетерлік. Қажет болса «Қобыланды батыр» жырының Мәскеуден шықпаған /ғалым 1975 жылғы Мәскеу басылымына сүйенген/.<sup>7</sup> өзге нұсқаларында да қыпшақтар арасындағы келіспеушілікті жырлау бар. Мәселен, Н.Байғанин, Н.Битілеуов, К.Еламанов, А.Байтабынов, Е.Аманжолов нұсқаларында Тоқтарбайды /кейде Қыдырбай/ баласы жоқ болғаны үшін «қубас» атандырып, тойға барған жерінде өз қандастары «бұл тойда ұлсыздарға орын жоқ, қызсыздарға қызық жоқ» деп, өз ортасынан аластайды емес пе?! Баласы жоқ адамға құдайдың қарғысы тиген деп түсініп, оны жәбірлеу де байырғы түсініктерге байланысты қалыптасқан қайшылықтың бір түрі. Бұл жағдай тағы да сол бір нұсқаның көп жырға ортақ эпикалық дәуірдің баламасы бола алмайтындығының дәлелі.

Эпикалық дәуір бейнесі дәстүрмен астасып, жыршы-жыраудың бүкіл эпикалық білім қорымен бірге жүретін құбылыс. Оның түрлі жырлардағы сипаты да, көрінісі де әр қилы. Оқиғаның сюжеттегі орнына қарай, адамдар арасындағы қарым-қатынастың өзгешелігіне қарай, әлеуметтік, мезгілдік мәселелердің жырдағы ситуациялық қызметіне қарай жыраудың дәуірлік ұғымдарды елеп-екшеп, іріктеп қолданатыны күмәнсіз. Жекелеген жырлар сол бүтін эпикалық дәуір бейнесінің жекелеген бөлімдері, тұтас ұғымның жеке көріністері.

Әрине, бұған қарап жеке эпостардың эпикалық дәуірі туралы сөз қылуға болмайды екен деген ұғым тумауы тиіс. Дәуір бейнесі әр жырда қаншалықты қыр-сырымен көріне алған деген мәселе күн тәртібінен түспек емес. Алайда бір-екі жыр ешқашан тұтас эпикалық дәуірдің аналогы бола алмайды. Ол қашан да бүтіннің бөлшегі. Эпикалық дәуір жайы сөз бола қалғанда бұл мәселені естен шығармағанымыз абзал.

Сонымен, батырлық жырлардағы ноғайлы дәуірі дегеніміздің ұзын-ырғасы қалай көрінеді, оны қалайша жинақтауымызға болар еді?! Бұл мәселе, сөз жоқ, бүкіл көшпелі қоғамның әлеуметтік, саяси, моральдық-эстетикалық, әдет-ғұрып, билік, т.б. нормалары мен

---

<sup>7</sup> Қобыланды батыр: Казахский героический эпос. Сост., исслед. и комм. Н.В. Кидаши-Покровская и О.А. Нурмаганбетова. М., 1975. С.446.

құрылымдық жүйесін белгілі бір тарихи кезеңге /дәуірге/ қатысты тұтастай қарастыру болып шығады. Себебі, осының қай-қайсысы болса да эпоста сақталған. Бірінде жоқ мәліметті екіншісінен табуға болады. Түптің түбінде осындай тұтас жүйелеу, сөйтіп эпостағы ноғайлы дәуірі мен тарихтағы Ноғайлы хандығының ара қатысын қарайластыру да алыс шаруа емес. Оның үстіне ноғайлы дәуірі деген ұғымның қазақтың эпикалық дәуірінде шартты мәнге ие болған сипаты да жоқ емес. Халықтың бұл мерзімнен басқа кезде де аңсары ауған асыл мұраттарын ноғайлы дәуірі өз құшағына алған. Бұл міндетті тарихшылар мен фольклоршылардың жұмыла кірісетін комплексті ортақ зерттеулерінің нәтижесінде анықтауға болады.

Ал біз қазақтың батырлық жырындағы ноғайлы дәуірінің кейбір басты өзгешеліктеріне ғана тоқтала кетейік.

Алдымен ескертетініміз – ноғайлы дәуірінің тарихтағы болмыс-бітімі мен эпостағы бейнесі тепе-тең. Бірі реалды шындық та, екіншісі оның көркем бейнесі. Сондықтан да эпикалық дәуірде шарттылық пен идеализациялау бар. Алайда шындық пен көркемдік шарттылықтың қаһармандық эпоштағы әдептелуін бей-берекет, айқыш-ұйқыш құбылыс ретінде қабылдауға болмайды. Байқап қарасақ, эпикалық дәуірдің тарихи шындыққа жақын келетіні де, кейде одан алшақтайтын да тұстары бар. Және мұның өзі эпос поэтикасымен сабақтас.

Атап айтқанда, дәуір бейнесінің тарихи өмірге жақын келіп, жан-жақты көрінетін тұсы көбінесе эпос сюжетінің белсенді іс-әрекетті баяндамайтын, бас қаһарманның қозғалыссыз /статикалық/ кезеңіне қатысты эпизодтарда басым. Мұндай жағдай, әсіресе, жыр экспозициясында /батырдың ел-жұртын, ата-анасын, шыққан ортасын сипаттайтын эпизодтар/, ас беру, жиын-той жасау, батырдың еліне қайта оралғандағы көпшіліктің жай-күйі, кейіпкерлердің бір-бірімен сұхбаттасуы /диалог/ сияқты эпизодтарда шоғырланып көрінеді.

Ал сюжеттің қимыл-қозғалысқа толы динамикалық бөліктерінде шарттылықтың салмағы басым. Қалың елі бола тұрып жауға жалғыз аттану, жер қаптаған жаумен жалғыз соғысу, дұшпан елінде кездескен қиындықтар мен кедергілерді жеңіп шығу сияқты оқиғаларда қиялға тізгін беріле бастайды.

Қазақ эпосындағы ноғайлы дәуірі – халықтың идеал тұтқан көшпелілер қоғамы. Бұл қоғам жай ғана тіршіліктің, күн көрудің түрі ғана емес, бүкіл елдің, ардақты батырлардың қызғыштай қорыған қоғамы. Жер-су, ел-жұрт жырда көшпелі тіршіліктен бөлек ұғылмайды. Бұлар бір-бірімен ұштасқан түсініктер. Жер-судан

айрылған ел көшіп-қонудан да қалады. Ел мен жерді қорғау бір жағынан сол көшпелі қоғамды да қорғау болып шығады.

Батыр жаудың небір әсем шаһарларын, биік мұнаралы бекіністерін, бау-бақшалы сарайларын шауып алғанымен онда тұрақтап қалмайды, аяғында сол баяғы көшпелі тіршілікке қайтып оралады. Эпос логикасына салғанда, отырықшы, кентті жерде сұлу қыз үшін, болмаса билік үшін қалып қойған батырдың әрекетін түсіну қиын. Жауды жеңсе де оның сол елде қалып қоюы сатқындықпен барабар. Ол көшпелі тіршілікке қайтып оралуы керек.

Эпос оқиғасы белгілі бір жерден басталып, сол жерден аяқталады. Көшіп-қонып мал баққан елдің ортасынан шыққан батыр талай ерлік жасап, соңында бейбіт кәсібіне қайта оралады. Қарап отырсақ, мекен бірлігі /бір жерден басталып, сол жерден аяқтау/ дәуір тұтастығымен барабар. Дәуірдің басы да, аяғы да сол елдің мұрат тұтқан көшпелі өмір салты. Әгәрәки қарапайым ортадан шығып, ерлігінің арқасында батыр дүйім елге хан бола қалса, ол өз елінің, көшпелі қоғамның ғана ханы болады.

Эпикалық дәуірдегі көшпелі қоғамға халықтың өзі білетін кемшіліктері, әлеуметтік теңсіздіктер, ағайын арасындағы ұсақ-түйек келеңсіздіктер мен араздықтар, өз басының ғана қамын ойлаған батырлар тән емес. Ондайлар өмірде бар болғанымен жырда көбінесе айтылмайды, айтыла қалса айыпталады. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда» оларға орын жоқ. Сондықтан тыңдаушымен тұтас көшпелі қоғам мен бейнеленіп отырған қоғамның арасына эпос айырма қояды. Эпос көшпелі қоғамды белгілі бір дәуір ішіне жинақтап, елдің мұрат тұтқан, осындай да болса деген арман-тілегімен бірге әдіптейді. Жаманын жасырып, жақсысын асыруға саналы түрде барады. Ал оған көшпелі қоғам ішінен айрықша бір дәуірді бөліп алу, соған бар жақсылықты үйіп-төгу мүмкіндік береді. Ол әйтеуір бір көшпелі қоғам емес, соның ішінен іріктеліп алынған айрықша бір кезең, қайталанбас мезгіл.

Бұл дәуір жырда өтіп кеткен уақыт болғанымен ол бір ескірген, тыңдаушыға керексіз дүние емес. Халықтың болашаққа деген үмітін арқалаған, келешектен күтетін қоғамы да осы.

Эпикалық дәуірдің ішіндегі көшпелі қоғам – барлық жағынан үйлесімді /гармониялы/, әртүрлі әлеуметтік топтардың келісім тапқан ортасы. Кейде тіпті бай мен кедейдің арасында да йырма аз.

Ішкенге мас, жегенге тоқ.  
Бай- кедейдің көңілі жай.

**Қобыланды - М.М.17.**

Теңіздің бойы ноғайлы,  
Ел екен өскен жағалы.  
Жарлыны байға теңгерді.  
Қыз Назымның заманы.

**Қамбар – Д.38.**

Астана халықты меңгерді,  
Азын көпке теңгерді...

**Кеңес - М.143; Төрехан – М.232.**

Екі ұлының тұсында,  
Бәрі тең болды тірлігі.  
Үш алашқа жайылды,  
Екі ұлының ерлігі.

**Сайын – Б.47.**

Міне осындай рахат өмірдің шырқын бұзатын жау – қалмақтар, ындыстар, қызылбастар. Батырлар елін, жерін қорғауға шыққанда сол шырқы бұзылған тіршілікті де қайта орнатуға, бүлінгенді түзетуге күш салады. Демек, белгілі бір жерде басталып, сол жерден аяқталған оқиға қалыпты жағдайды да қайта орнына келтіру болып шығады. Батырлық жыр үшін жау шаппаған елде оқиға да жоқ. Оқиғаның болу себебі негізінен сырт дұшпанның іс-әрекеті мен жауыз ниетінен. Жау жеңілгенде ғана бұрынғы жағдай қайта орнайды. Арасы үзілген бейбіт тіршілік сол жерден қайта жалғасады.

Аңшыбай қатарға қосты ноғай елін,  
Жау жолатпай көктетті ноғай жерін.

**Аңшыбай – М.45.**

Сонан соң той тарқап, халық бұрынғы халінде өте береді.

**Тегіс, Көгіс – М.270.**

Орнына келіп хан болды,  
Бұрынғыдай жан болды.

**Тана – М.305.**

Туып-өскен мекенге  
Соныменен тыңдаушым  
Ерлік пен ізгілік  
Зұлымдықты жеңген жер.

**Төрехан – Н.340.**

Сөйтіп Қара ханды ақ киізге көтеріп хан сайлап, мұраттарына жетті.

**Шора – П.296.**

Қадірберді сұлтан қайтып келіп, жұртына хан болды, сөйтіп өмірін кешіріп қалды.

**Едіге – Ш.390.**

Жазылып кетті, малын малданып, жанын жанданып, еліне хан болып, сондай әділ болып, барша мұратына жетті.

**Көкше – Р.62.**

Мұнан былай балаға,  
Бақыт орнап жөнелді.

**Қосай – Қ.106.**

Дегеніне келтіріп  
Дұшпандарын өлтіріп  
Қамбарың жетті мұратқа.

**Қамбар – Р.426.**

Иесі келген екен ғой  
Біздің де мал мен қораның.

**Қарасай, Қазі – Қ.172.**

Кетпестей боп құт қонған,  
Қой үстіне бозторғай,  
Жұмыртқалап бақ қонған  
Қалың қазақ елінің  
Маңдайына тап болған.  
Ағайын жұрты мақтаған,  
Кем-кетігі жақтаған  
Қалың қыпшақ баласын,  
Абыроймен сақтаған.

**Қобыланды – М.М.218.**

Талауға түсіп тарыққан,  
Шөлде қаңғып зарыққан.  
Тарап кеткен халықтан,  
Қайта жинап ел қылып.

**Қобыланды – М.М.255.**

Бұған қарағанда эпикалық дәуір бас-аяғы бүтін қоғам. Бір кәсіптен екінші кәсіпке, бір қоғамнан екінші қоғамға, бір жерден екінші жерге ауысып, сонда тұрақтап қалу дегенді эпос дәріптемейді. Жалпы мұндайды жыр табиғатына жат деуге болады. Не болса да сол идеал тұтқан көшпелі қоғам мүддесі тұрғысынан өлшеп пішіледі.

Б.Н.Путиловтың аңғарғанындай, «Қобыланды батыр» жырында ғана емес, өзге эпостарда да көшпелі қоғамның қайшылықтары, әлеуметтік теңсіздік жан-жақты ашылып көрсетілмейді. Жалпы бұл батырлық жырлардың жүгі емес. Сыртқы жауға қарсы күресті асқақ жырлап отырғанда ішінен іріп-шіріп жатқан ел мәселесіне, түрлі әлеуметтік топтар мен таптар тартысына араласып, сырттағыдан іштегі қайшылығы көбейген қоғамды батырдың қызғыштай қорып, жанқиярлық ерлік жасауы жыр табиғатына үйлесімсіз болар еді. Эпос идеясы бір бағытқа, бір мақсатқа бағытталған. Ол идея әмбеге /хан, бай, кедей, құл, шешен, батыр, бек, кәрі, жас, т.б./ бірдей көшпелі дәуірді, көшіп-қонып жүрген елді, оның жері мен суын, қалыпты тіршілігін діні, тілі, әдет-ғұрпы, шаруашылығы, түсінік көзқарасы мүлде бөлек жаудан қорғау болып шығады.

Рас, эпоста сирек те болса теңсіздіктің негізінде туған тартыс та жоқ емес. Мәселен, Мұрын жырау топтамасында Қосай Сарыбайдың қызын айттырмақшы болады. Сарыбай қызын бермеген соң Қосайдың ашулануын жыр:

Жарлы, бай деп бөлген соң

Өз-өзінен долданды, -

**Қосай – М.115.**

деп көрсетеді. Сөйткен Қосайдың Селме-селім деген құлы бар. Қызды айттырарда Қосай: «Малы жоқ десе, жез бұйдалы нартайлағымды алсын, жез тұяқты жиреншемді алсын, күміс тұяқ күреншемді алсын. Мал десе бұған берсін, ер десе маған берсін» - дейді. Сонда да қызын бермеген Сарыбайдан батыр өшін алғанның орнына ашумен жауға аттанып кетеді. Жырдағы Сарыбайдың қыз бермеуі іс-әрекеттің басталар алдындағы сюжеттік байланыс қызметін атқаратын жеке ситуациялық қана мәні бар.

Батырлық жырда түрлі әлеуметтік топтардың өкілдері болғанымен олардың арасындағы талас-тартыстар, ұрыс-керістер мейлінше тігісі жатқызылып көрсетіледі.

Сондықтан болар эпоста әлеуметтік топтың өкілдері батырдың жорықта жүрген кезінде, белсенді іс-әрекет барысында, талас-тартыс /конфликт/ үстінде емес, көбіне жыр басында, не соңында, жиын-тойда, батырлар мен билер кеңесінде, елдің мамыражай тіршілігін бейнелеген тұстарда бой көрсетуі кездейсоқ емес.

Бұл жағынан алғанда, лиро-эпостық жырлардың оқиғасы мүлде басқа арнада дамитынын көреміз. Ноғайлы дәуірі кейбір ғашықтық жырға ортақ болғанымен /мәселен, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»,

Н.И.Ильминский нұсқасы/ сюжеттік тартыс негізінен ішкі қайшылықтан, әлеуметтік теңсіздіктен келіп шығады. Жыр нұсқасының алшақтығы олардың дербес жанр болып қалыптасуына да тікелей әсерін тигізген.

«Батырлық, байлық кімде жоқ, ғашықтық жолы бір басқа» / «Қыз Жібек»/ дейтін ұғым батырлық идеалдың эпицентрін басқа арнаға бұрған. Ғашықтық мұрат ішкі қайшылыққа көбірек негізделетіндіктен де осылай.

Батырлық жырда мал-мүлік теңсіздігін, құл мен күнді, ғаріп пен мүскінді, бай мен бекті айту бар. Бірақ олардың арасындағы қарым-қатынас сюжеттік тартысқа арқау болып алынбаған. Көшпелі қоғамға наразылық білдірген, сол қоғамды жоймақ болған бірде бір әлеуметтік топтың өкілін эпостан кездестірмейміз. Эпикалық дәуірде олардың бәрі бір-бірімен үйлесім тауып жатады.

Батырлар әрекетінің бір ұштығы да осында: үйлесімі болмағанды үйлестіру, жарлыны байға теңеу, сөйтіп жалпы көпшілікке қызмет ету.

Кем-кетігін кедейдің,  
Өлгенімше жебейін.

**Қобыланды – М.185.**

Қалмақтан көп мал алып,  
Еліне сонда келеді.  
Үлестіріп батырың,  
Бәрін де елге береді,  
Жарлысын байға теңеді...

**Қарадөң – М.196.**

Асыл туған ер еді,  
Артық туған төре еді,  
Қызықсын ба олжаға,  
Ноғайға бөліп береді.

**Тама – М.285.**

Көп дәулетті бөліпті,  
Мүсәпір, пақыр, нашарлар,  
Жиып алып баршасын  
Бірдей бөліп беріпті.

**Құбығұл – Н.375.**

Әуелі алған малдарын  
Ноғайлының аш-арығы,  
Жетім менен жесірге

Сонда бөліп беріпті.  
Жарлысы байға теңеліп,  
Ақ Еділдің бойында  
Асан қайғы, Айсаның  
Елдері дәурен сүріпті.

**Ахмет – М.209.**

Ноғайлының аш-арық  
Ол да келді шетінен,  
Олжа сұрап аларға,  
Сауға сұрап барарға

х х х

Сауға сұрап келгенге  
Аямай бөліп береді.

**Алау – М.221.**

Дүниеге кедейлердің көңілі толды,  
Зәредей жүрегінде қайғысы жоқ,  
Тілегі баршасының қабыл болды.

**Қамбар – Д.78.**

Сөйтіп Қамбардың арқасында Уақ елі байиды.

**Қамбар- Б.8.**

Бар да мінді бір атқа,  
Жоқ та мінді бір атқа

**Қамбар – Қ.35.**

Батырлар ноғайлы жұртын жаудан қорғап қана қоймайды, аш-арығын тойдырып, бай-кедейін теңестіремек болады. Олардың елге деген еңбегі шексіз. Сыртта да, іште де қалың ел мүддесін естен шығармайды. Дәуірді көтермелеу – батырларды да идеализациялаумен астасып жатыр.

Эпикалық дәуірдің осы бір өзгешелігі фольклордың өзге де жанрларымен сабақтас. Тегінде жақсы заман, жақсы жер туралы ұғым халық санасында кең тараған. С.Қасқабасов халақ прозасындағы осындай құбылысты арнайы қарастыра келіп, былай деп жазады; «халық жақсы өмірді армандап, «алтын дәурен», «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», не болмаса елді қиыншылықтан құтқаратын бір қайраткер туралы утопиялы әңгіме, аңыз шығарады. Ол әңгіме, аңыздардың басты кейіпкерлері – өмірде болған адамдар болуы мүмкін. Бара-бара мұндай аңыздар эпсана-хикаятқа айналады. Осыдан барып мессияндық роль атқаратын адам, елге ырыс-дәулет беретін қоныс жайында эпсана-хикаят қалыптасады. Мұндай эпсана-

хикаяттың тарихи аңыздан айырмашылығы оның тек көркемдік дәрежесінде емес. Оның басты ерекшелігі сол – тарихи аңызда өткен дәуірдің оқиғасы мен адамы мадақтала жырланады, эпсана-хикаятта өткен тарихтан гөрі қиялдан, арманнан туған оқиғалар мен кейіпкерлер дәріптеледі, мұнда заман, адам, жер-су, мекен халықтың қалауы бойынша суреттеледі, олар осындай болса екен деген тұрғыда көрсетіледі».<sup>□</sup>

Батырлық жыр мен эпсана-хикаяттағы осы ұқсастық олардың тек сыртқы көрінісіне ғана тиесілі емес. Мәселе бұл мотивтерді тудырған мезгілдің де, кейіпкерлердің де /тарихи тұлғалардың да/ ортақ болуында. Халқының қамын жеп, Жерұйықты іздеу эпсана-хикаятта Асанқайғы атымен байланысты айтылса, оның кейбір белгілері батырлық жырда да сақталған.<sup>2</sup>

Жырда Асанның қайғылы болып Асанқайғы атану себебі өзі үйленген пері қызының үш шартын орындай алмай, одан айырылып қалуынан. Соның күйігінен жеті жыл жер қарап жүреді. «Сол жер қараумен жүріп Асан Нұрдың қарабайырын тапты» дейді жыр /**Асанқайғы – М. 50**/. Тоған батырдың айтуында Асанқайғы бейнесі былай сипатталады:

Әй, ағамыз, ағамыз,  
Болдың бізге панамыз.  
Ноғайдың жетім, жесірін  
Қойдай айдап сен бақты  
Аш-арық болған ноғайға,  
Пана болып оларға  
Тамақ беріп, жем таптың...  
**Асанқайғы – М. 50**./

Батырлық жырлар мен аңыз-әңгімелерден бірдей орын алған «аш-арықты тойындыру», «жарлыны байға теңеу» мотивінің ноғайлы дәуіріне еншілі болуына қарағанда бұл сарын эпоста өз-өзінен пайда болмағанға ұқсайды. Мұндай сюжеттің қарақалпақ, қырғыз, құмық, ноғай елдерінде бар екенін ескерсек, әрі мерзімі жағынан түрліше – алдымен Сәбит, оның баласы

Асан, оның баласы Абат атына байланысты айтылатындығы, ең соңында түрлі жанрға – эпос, аңыз-әңгіме, эпсана, т.б.ортақтығы ертеректе «қыпшақ тобындағы түркілердің бөлінбей тұрған шағында»

---

□ Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984. 175-б.

<sup>2</sup> Мағауин М. Ғасырлар бедері Алматы 1991. 22 б.

халық дәстүрінде кең тараған ұғым екендігін көрсетсе керек. □

Дегенімен мына мәселені ескергеніміз жөн. Асан қайғының жайлы қоныс іздеуі батырлық жырда сюжеттің негізгі арқауы емес, ал оның аш-арыққа қамқор болуы өзге батырлар қызметімен барабар. Елге тұлға болу сарыны барлық батырлар жырының он бойына таралып кеткен ұғым.

Тегінде, эпикалық дәуір ұғымы бұған да өз түзетулерін енгізген. Көптеген батырлардың елін, жерін қорғау, кедейге қарасу сияқты іс-әрекет себептері дәуір ішінде жинақталғандықтан, олардың қызметтері бір-біріне жақындастырылған. Әпсана-хикаяттағы Асан қайғының айрықша, елден ерек қимылы эпостағы ноғайлы дәуірінің бір **көрініне**, көп батырлар ісінің бір саласына айналған.

Бұдан көп жырға ортақ эпикалық дәуір айрықша сипаты бар оқиғалар мен кейіпкерлерді биік идеал дәрежесінде теңестіретінін, сөйтіп жалқы ұғымдардан жалпы ұғым тудыратынын көреміз.

Әйтсе де эпикалық дәуірдің ішінде әлеуметтік теңсіздіктің барын, қай бір кезде елдің жаппай жоқшылыққа душар болғанын жыр жасырмайды. Қалай болған күнде де эпикалық тарихи ұғым қарапайым халықтың хал-ахуалын әсіре қызыл бояумен көмкере беруге жол бермейді. Тарихи шындықты мүмкін болған жерінде ғана әсірелеу, идеал дәрежесіне көтеру бар. Сондықтан да елдің жоқшылық жағдайынан жыр хабар беріп отырады.

Ноғайлының жиналған  
Ашы менен арығы  
Пақыры мен мүскіні  
Аштарына балық бар еді  
Ол да саған жай еді.

**Асанқайғы - М.61.**

Халқы жарлы болған соң,  
Ғаріп пенен мүскіндер,  
Сайынның арқасында күнелтті.

**Сайын – Р.357.**

Бұрынғы өткен заманда  
Тоқсан үйлі тобыр бар,  
Алпыс үйлі арық бар,  
Жетпіс үйлі жебір бар,  
Сексен үйлі себір бар,  
Соның бәрін асыраған

---

□ Сонда, 176-б

Кедейден шыққан Қамбар бар.

**Қамбар – Р.404.**

Ноғайлы заманында баршаның шалқыған күй кешпегені, жоқшылықтың да ауылы алыс болмағаны тарихи шындық; ел жағдайының біркелкі болмағаны анық. Алайда эпос осыны айта отырып, жағдайды батырлар арқылы түзетуге күш салады. Осыдан болар айрықша эпикалық дәуір – іс жүзінде халыққа қалтқысыз берілген батырлар дәуірі. Ондай батырлар бар заманда қиыншылықтың бәрі уақытша, халық қиялында ол әлі-ақ өте шығады. Қай батыр болса да соңында жауды жеңіп, елін байлыққа кенелтеді. Жоқшылық көрген батыр да, оның жұпыны елі де ерліктің арқасында жақсы заманға жетеді.

Сонымен, жырда әлеуметтік топтың өкілдері шоғырланып көрінетін эпизодтар сюжеттің белсенді іс-әрекеттен тыс бөліктерінде, бейбіт тіршілікті бейнелейтін тұстарында көрінетінін жоғарыда айттық. Осындай эпизодтардың ең бастысы – тойды суреттеу.

Той көбіне жыр басында болашақ батырдың дүниеге келген қуанышына берілсе, жыр соңында батырдың жауды жеңіп, ата-анасы, сүйген жарымен қайта табысу оқиғасына байланысты жасалады. Батырлар ерлігінің соңы қашан да той-думанмен аяқталады.

Тойдың жыр басындағы қызметі негізінен сюжеттік ситуацияға әлеуметтік астар ретінде алынуында /жаңа туған балаға ат қою, көпшіліктің батасын алу, т.б./. Кейде тойға жиналғандардың арасында әлеуметтік негізде жанжал туатын жағдай бар. Мәселен, Қыдырбайды «қу бас» атандырып, тойға жәбірлеу /«Қобыланды батыр»/, Маман мен Көтібардың тойға тігілген үйге таласуы /«Айман-Шолпан»/, Байбөрі мен Байсарының тойға берілген көкбарға таласып, ұрысуы /«Алпамыс батыр»/ сияқты оқиғалардан сюжет қозғалыссыздықтан /статикалық/ біртіндеп қозғалысты /динамикалық/ жағдайға өте бастайды. «Қорқыт ата кітабына» енген 12 жырдың көбі тоймен ашылып, кейіпкерлер әрекетіне қозғау салатын әлеуметтік себеп осы тойда көрінеді.

Дегенімен, жыр басындағы тойда көрінетін бірлі-жарым тартыс барлық қаһармандық эпостың тұтас сюжеттік ұзын-ырғасына арқау бола алмайды. Әсіресе қазақтың батырлық жырындағы тойдың жеке ситуациялық қана мәні бар. «Айман-Шолпан» жырындағы тойда пайда болған тартыс өршіп, әлеуметтік сипат алса, бұл эпостың батырлық жырлардан жанрлық белгісінің мүлде басқаша екендігін айғақтайды. Ал «Қыдырбайұлы Қобыланды» жырындағы Ақшахан

тойы баласыз Қыдырбайды өлтіру /немесе «қубас» деп жәбірлеу/ үшін «жалғаннан жасалған той» /**Қобыланды – М. 7.**/ Ағайынның осындай ниетін білгеннен кейін Қыдырбай мен Ақару әулие-әнбиелерден бала сұрап кетеді. Кейінірек Қобыландының тұлпарын өлтіру не тартып алу үшін Ақшахан екінші рет тағы да «жалған той» жасайды. /**Қобыланды – М. 21.**/

Осыған қарағанда батырдың шілдеханасына /жыр экспозициясында/ және еліне оралған шексіз шаттығына /жыр аяқталуы/ арналған тойдың мұнан айырмасы бар. Жалған той жыр басында да, ара-арасында да кездесе береді, әрі онда шексіз қуанышқа жиналған түрлі топтың өкілдері жоққа тән. Олар жырда бейнеленбейді.

Алпамыс батыр еліне жасырын түрде келіп, той үстінен шығады. Ұлтанқұл жасаған тойдың жырда ұзақ сипатталу себебі – туған туыстардың тартқан азабын, қорғасындай ауыр қайғысын суреттеу. Жәдігерді көкпар қылып тартуға елдің естияр адамдары көнбейді, тойда Ұлтанқұлды «ешкім мақтап айта алмайды, айтуға бата алмайды» /**Алпамыс – С. А. 97.**/ Демек, қоғамдағы үйлесімсіздік әлі жойылған жоқ. Бұл той – әділетсіз той. Сондықтан да Алпамыстың келу құрметіне той қайта жасалады. Алдында келмеген дүйім ел енді жиналады.

Атақты келгеннен соң елдің ері  
Кеп жатыр ағытылып Қоңырат елі.

х            х            х  
Ал енді Байбөрі үлкен қылды тойды,  
Есепсіз жылқы-түйе сойып қойды.

**Алпамыс – Б. 199.**

Батырдың сыртқы тұлғасын өзгертіп, елінде болып жатқан тойдың үстіне жұртқа танылмай келетін сюжеттің бірі – Бітімбаев Жаңаберген тапсырған көлемді «Қарабек» жыры. Батырдың тойдағы іс-әрекеті «Алпамыс» эпосымен өте ұқсас. Қарабек жаудан қайтпаған соң, тоқсан құлдың бастығы Қодар батырдың әкесін құлдыққа, шешесін күндікке салып, өзі ноғайлыға хан болып, батырдың қарындасы /«Алпамыста» батырдың қалыңдығы/ Ханышаға үйлену тойын жасайды. Осы тойға келген Қарабек алдымен Қодарға барып өзін жауда өлді деп хабар айтады. Қодар сүйіншісіне «қазанның майын қалқып алуға» рұқсат етеді. Бұдан шығып Қарабек қарындасы Ханышамен ұзақ жауаптасады. Қарындасының адалдығына көзі

жеткен Қарабек өзінің сырын ашады. Қодарды өлтіріп, әкешесімен табысады. Бірақ жыр соңы жаңа тойға ұласпайды. Себебі, Қарабек жауға көңілін берген опасыз қарындасы Ханбибінің зұлымдық істерін елден жасырады. Өлім аузынан алып қалған батырдың пірі осыған наразы болып, барлық шындықты өзі айтып береді және Қарабекке де енді көп ұзамай ажал жететінін ескертеді. Жыр осымен аяқталады.

Бұл жырдың тойсыз аяқталуында үлкен себеп бар. Батыр мақсатына жеткенімен, ол жалған сөйлеп, пірлерін ренжітті. Тіршілік қалыпты жағдайға қайтып келеді, бірақ батыр желеп-жебеуші пірлерін ұмытты. Жалпы қай жырда болса да пірлерін тәрк еткен батыр көп ұзамай мерт болады. Пірлерден медет сұрамаған батыр жеңіске де жете алмайды. Алайда бұл сарын басқа батырлық жырларда жаумен бетпе-бет келген эпизодта кездесетін болса, «Қарабек» жырында соңына ауысқан. Онысымен бұл жыр өзгелерден оқшау тұр.

Жырдың негізгі мақсаты – батырдың ерлігін көрсетумен бірге әйелдің аярлығын да әшкерлеу. Небір қауіпті жаудан жеңілмеген батыр әйелден жеңіледі. Аяр қарындасы арбап, батырдың қолын байлайды, жау өлтіре алмағанда өзі барып ағасының жүрегіне пышақ салады, оған да өлмегеннен кейін батырды отқа жағуға кеңес береді. Қарындаста жоқ мәрттік жаудан табылады. Қалмақ батыры Қарабектің қолын шешіп, онымен дос болады. Сөйткен қарындас кешірім сұрамастан Қарабекпен бірге елге қайтады. Қалмақ батыры оны өлтір десе де Қарабек «ағайындылар бірін-бірі өлтіріпті» деген сөзге қалғысы келмейді.

Батыр еліне келіп заңсыздықтың орнына бұрынғы заңдылық, жамандықтың орнына жақсылық орнайды. Іс жүзінде, қалпына келген тіршілік халық санасында енді осыдан былай батыр мен оның елі өмір сүретін кіршіксіз орта, әділетті қоғам деп есептеледі. Батырдың өз қолымен орнатқан осы қоғамында ешбір жалғандық, құпия сыр, сатқындық болмауға тиіс. Жыр логикасы бойынша жаудан да жаман болған залым қарындас жазасын алуы керек. Өзге нұсқаларда оқиға шешімі осылай да. Мәулекей бастырған нұсқада Ханбибіні есерсоққа қосып, қой бақтырып жібереді /**Қарабек – М.141.**/. Мұрын жыраудың топтамасында Ханбибіні «қырық қысырақтың құйрығына байлап, қырық қысырақ қырық бөліп алып кетеді» /**Төрехан – М.141.**/.

Ал, біз сөз ғып отырған жырдың аяқталуы мүлде бөлек. Елге әшкерленбеген сатқын қарындас пен батыр әділеттік тойында бірге отырып, ары қарай кіршіксіз ортада бір жүруі мүмкін емес.

Сондықтан да батырдың келу құрметіне әділеттік орнаған той жасалмайды. Опасыздықты жасырған батыр да ұзақ жасамайды. Пірлердің батырдан безіп кету себебі де сол.

Қаһармандық эпостың ішінде оқиғаның осылай үйіріліп келетіні, жырдың трагедия болмаса да соған жуықтайтыны сирек кездеседі. Жалпы бұл – типтік жағдайдан ауытқу. Осыған қарап батырлар жырында сирек те болса оқиғаның кездейсоқ шешіммен аяқталатынын жоққа шығаруға болмайды.

Ал, тұтастай алғанда, қаһармандық эпостағы той көрінісі әлеуметтік ортадан, елдің бейбіт тіршілігінен тыңдаушыға мағлұмат беретін жыр экспозициясы мен аяқталуының негізгі типтік белгісі, Мекен мен мезгіл тұтастығы /бір жерден, бір дәуірден бастап, сонымен аяқтау/ сияқты құбылыс мұнда да бар. Аңығырақ айтсақ, той соның бір бөлшегі. Тоймен басталған оқиғаның тоймен аяқталуы – эпос үшін типтік жағдай. Халықтың аңсары ауған қоғамы батыр келгенде қайта орнайды. Той сол қоғамның басты белгісіне айналады. Сюжет идеалды жағдайдың қалпына келуімен тамамдалады. □

Батыр жолға шығып кеткеннен кейін оның ел-жұрты, әлеуметтік ортасы, батырдың өз сөзінде /монолог, диалог/ ғана айтылмаса, басқа жерде көрінбейді деуге болады. Демек, ел жағдайы басым көпшілігінде батырдың өзі барда бейнеленетіні эпос сюжетінің құрылымынан туындайтын заңдылық. Ішкі қайшылық, ру, ағайын арасындағы араздық, хан мен халық арасындағы келіспеушілік батыр бар кезде бел алып, асқынып кетпейді, ондай қайшылық бола қалса оны батыр тездетіп жояды.

Елдің ішкі жағдайына байланысты батыр осындай да қызмет атқарады. Халықтың идеал тұтқан батыры бар жерде бірлік те болмақ, тірлік те болмақ. Оның арқалар жүгі сыртқы жауға ғана емес, ішкі жағдайға да тікелей қатысты.

Осыдан болар, тойға келген құл мен күң де, батыр мен бек те, пақыр мен хан да өз-өзімен, олардың бір-бірімен қарым-қатынасы айтылмайды. Осындай тойдың айрықша бір кең жырланатын үлгісі – «Құбығұл» /Нүрпейіс жыраудың нұсқасы/ жыры.

Тойға әлеуметтік топтың барлық өкілдері келеді. Оның ішінде би, бек, хан, молда, қожа, мырза, құл, күң, көсем, шәкірт, шешен, ақын,

---

□ Эпостағы тойдың мезгілдік ұғыммен сабақтастығын, эпикалық дәуірдің тұйықтығын / тоймен басталып тоймен аяқталуы/ көрсететін белгі екенін орыс ғалымдары да айтқан. Қараңыз: *Неклюдов С.Ю.* Время и пространство в былине //Славянский фольклор. М.,1972.С.21.

палуан, мерген, сері, бақсы, мінезіне қарай – паң, тентек, сақи, есер; жасына және жынысына қарай – кемпір, шал, жас, кәрі, сары қатын, қыз, ұл, келіншек, ер, бала т.б. бар. Бұлардың әрқайсысының жырда әлеуметтік жағдайы, кәсібі, қоғамнан алатын орны да сипатталады:

Үкімін жұртқа жүргізген,

Ел бастаған би менен

Бек те келді ол тойға.

х х х

Дүние дәулет айдаған

Бай да келді ол тойға.

х х х

Ақ шалмасы басында,

Шәкірттері қасында,

Молда да келді ол тойға.

Бағымдары соңында

Табиб кітап қолында,

Қожа да келді ол тойға.

х х х

Мереке қызық көрмеген

Кіл мүсәпір пақырлар

Кем де келеді ол тойға.

х х х

Еркіменен жүрмеген,

Кеңшілікті білмеген,

Құл да келді ол тойға!

Иықтан қабы түспеген,

Қызметін істеген,

Дәмді тамақ ішпеген,

Күң де келді ол тойға

Ел бастаған білімді,

Көсем де келді ол тойға

Көптігін азға білдірген

Күш қылып елді бүлдірген,

Зорлық қылған аздарға

Көп те келді ол тойға.

х х х

Жау дегенде қуанған,

Қайтпас берен шыныққан,

Ер де келді ол тойға.

х х х

Самайынан бит аққан,  
Таз да келді ол тойға.  
х х х  
Қол астынан сыртқары  
Шет те келді ол тойға  
**Құбығұл – Н. 370-374.**

Тойға келгендердің ішінде байлар мен кедейлер, «еркімен жүрмеген құл», «иықтан қабы түспеген күң» бар болғанымен, олардың арасындағы қайшылықтар туралы жыр ешбір мәлімет бермейді. Арасында тартыс бар топ – көп пен аз. Көп азға зорлық қылады екен. Той үстінде ұрыс-керіс «кемпірлердің дүниеге таласып бір-бірін көсеумен ұрудан» ары аспайды.

Жалпы алғанда, түрлі топтың өкілдері бас қосқан ұлы той – ынтымақ пен бірліктің әмбеге бірдей мерекесі. Арада әлеуметтік ала-құлалық, мүлік теңсіздігі, еркіндік пен құлдық болғанымен, олардың қарым-қатынасы, талас-тартысы тойда көрінбейтіндей халде.

Халық сүйген батырдың ісі мен ерлігі, кедейді байға, азды көпке, қараны ханға теңестіргендей әсер қалдырады. Мұны тарихи шындықтан гөрі осылай болса екен деген халық қиялының болашаққа деген үміт-сәулесі деп түсінеміз. Ұлғайтылған эпикалық дәуірдің тағы бір көркемдік сыр-сипаты осындай.

## **ЭПИКАЛЫҚ ДӘУІР – ҚАҒАРМАНДЫҚ ДӘУІР**

Кейде батырлар алыста жатқан жауды өзі іздеп шығады. Оның бір себебі жас батыр өзінің ерлігін, күш-қайратын алғаш сынап көру, өз жерінен емес, алыстан тоят іздеу болса, екінші бір себебі дұшпан есебінен кем-кетікті толтыру, аш-арықты тойындыру.

Өкінішке орай, мұндай сарындарды ұзақ уақыт бойы «үстем таптың қоспасы», «ескінің сарқыншағы», «эпосқа кейін қосылған жамау-жасқау» деп түсіндіріп келдік.

Батырлардың ауылын жау келіп шаппаса да жорыққа өзі сұранып аттануын қазіргі тыңдаушының /оқушының/ үлгі-өнеге тұта қоймайтыны рас. Алайда батырдың осы бір әрекетін үстем тапқа жаба салғаннан мәселенің түйіні шешілмейтіні де кәміл.

Батырлардың дұшпан еліне жол тарту себебі әрқалай жағдайға байланысты. Бір тобында атастырған, болмаса түсінде көрген қазды іздеу, бір парасында қатар жатқан туыс руларды құтқару, енді біразына жауда өлген әке, ағайын кегін қайтару, кейде қалмақ ханы

шақырған жерге соғысқа бару сияқты болып келеді. Кейбір жырда батырдың алыс жолға шығуы шарт емес, ел шетіне жаудың өзі келеді /«Қамбар батыр»/, болмаса батыр үйде жоқта /аң аулап жүргенде, жылқыға кеткенде, т.б./ жау шабады. Ер Тарғын өз елінен кісі өлтіріп, қырық сан қырым жұртына барып паналайды, сол елдің жауымен соғысады.

Тұтастай алғанда, батырлық жырлардағы сюжеттің арқауы – іс-әрекет. Қозғалысты, жүріп-тұруды бейнелемейтін сюжет мұнда жоқ.

Батырдың алғашқы ерлігі де, кейінгі жорықтары да көбіне жол жүрумен байланысты. Іс-әрекет тоқтаған жерден сюжет те аяқталады. Бұл жағынан қиял-ғажайып, батырлық ертегілер және қаһармандық эпостың сюжеттік құрылымында үлкен жақындық бар.

Алайда эпоста батырлар қызметі ертегідегідей жеке бастың тағдырына құрылмайды, оның ісі бүкіл қоғамның, халық бірлігінің, мемлекет тұтастығының көрсеткішіне айналады. □

Міне, осы ретте бір қарағанда оқшаулау тұрған жырлар Мұрын жырау топтамасында бар. Оларды жеке-жеке алып қарайтын болсақ, расында да батырлардың жауға өзі аттанатындай үлкен себебі жоқ сияқты.

Қырымға хабар салады,  
Аттаналық, кел деді,  
Қалмаққа таман барайық.

**Құттықия – М. 64,**

Мал бақпаймын мен деді,  
Мал соңында жалпылдап  
Атқа мініп жүрмеймін  
Жақсы-жаманды білмеймін,  
Рұқсат болса, қарт баба,  
Ындысты іздеп барайын.

**Нұрадын – М. 97.**

Үйде тұрып не етем деп,  
Енді ерлік етем деп,  
Кеңес бала ойлайды,  
Ер белгісін етем деп,  
Басқа жаққа кетем деп

**Кеңес-М.143.**

---

□ Қараңыз: *Пропт В.Я.* Русский героический эпос. Л., 1955.С.57; *Қасқабасов С.* Ертең пен эпостың сюжеттік типологиясы, 239-б.

Қосым /қалмақ ханның баласы – Ш.Ы./ ноғайдан Мұсахан аттанып келе жатыр деген хабарды естігесін, алдынан бес жүз кісі әскер қарауылға шығарған.

**Мұсахан – М.118**

Енді кетіп барасың

х х х

Шығарам деп атағың

Қалдың бөлек сен деді.

**Алау – М. 210.**

Бір күні Әметке ой түседі. Ерлік атақ шығарғысы келеді. Бір күні ағасына келіп: «О аға, өзің болсаң қартайдың, мен де жетісіп қалдым ғой, қоныс кеңітпесек болмас...»

**Әмет – М. 222.**

«Әй, ата мен де жалғыз бала едім, жалғыз болсам да халықтың ойы жеңді ғой, жалғызбын деп отыра берем бе, халық жауы Қараменде деген қалмаққа барайын, соны шауып алайын» - деді.

**Қарадөң – М. 182.**

Телағыс әкесіне: «Әке жасым жетті, мен жауға аттансам», - деді.

**Телағыс – М. 177.**

Біздіңше, Мұрын жырау топтамасындағы батырлардың осы мысалдарда көрсетілгендей жауға аттану себептерін жеке-жеке алып қарауға болмайды. Топтамадағы ноғайлы дәуірі – тұтасымен жаугершілік заман. Қантөгіс шайқасты, атыс-шабысты бейнелемейтін сюжет мұнда жоққа тән. Қай жырда да ел тыныштығы уақытша, бейбіт жағдайдың шапқыншылық арасындағы тыныс алу, дауыл тұрар алдындағы саябырсу екенін іштей сезесіз. Себебі топтамада сыртқы жау не жеңіліп тоқтамайтын, не қырылып таусылмайтын дүлей күш. Оның дүниеде бар екендігі ноғайлардың қысылып-қымтырылуына, үнемі қауіп-қатерді сезінуіне жетерлік. Мәселе андысқан жауды кім бұрын шапқанында емес, гәп ел күшейтіп, батырлары жетілгенде санада сарытап боп қатып қалған сол қауіптен біржола құтылуда.

Шекара тартып, қамалға бекініп отырмаған елдің жаугершілік заманда үнемі аттың жалында, түйенің қомында жүрмеске амалы жоқ. Қашан келіп жау шауып алар екен деп күтіп отыру көшпелі қоғам табиғатына үйлесімсіз. Не бой сақтап ауа көшу /бір орында тұрмау/, не сол қауіптің өзін жою. Батырлар дәуірі соңғысымен сабақтас. Қауіптен қорғану ғана емес, оны жою да батырлар еншісінде.

Бұл түсінік бізге жат болғанымен, көшпелі феодалдық қоғамдағы адамдардың санасына теріс емес. Эпос ХХІ-ші ғасырдың табалдырығын аттағалы отырған біздің көзқарасымызды түгел есепке алмаған. Ол – өткен қоғамның мұрасы, ата-бабалар түсінігінің айнасы. Ол сонысымен де құнды.

Осы құбылыстың Мұрын жырауда орнығуының тағы бір себебі бар. Саны жағынан көп топтамада батырдың бәрі тек ауылын жау шапқанда ғана атқа мінуі іш пыстыратын бірсарындылыққа ұрындырар еді. Жырау үшін бұл топтамаға жаугершілік жағдай жалпы тарихи астар /фон/ болып алынғандықтан, әр жыр сайын аңдысқан жаудың қайсысы бұрын келгендігін, оның себебін тәптіштеп отыру шарт емес. Сондықтан да бұл бас-аяғы бүтін топтама. Бұрын шапсаң да, өзің шабылсаң да атадан балаға ұласып келе жатқан сыр мінез жаудың аты жау. Онымен соғысу итжығыс сипат алған.

Ал бүкіл ноғайлы атынан ат жалын тартып мінген батырлар көрші туыс руларда, қалың ел тағдырында, мемлекет ішінде, қала берді ата-баба жол-жоралғысында не болып, не қойғанын жайбарақат үйде бақылап отыра алмайды. Осының бәрі батырдың төл ісіне айналады. Онсыз дәуірге лайық батыр да жоқ.

Эпос бұрыннан келе жатқан ертегі және архайкалық жырларға түбірлі өзгеріс енгізді, батырлар бейнесін әлеуметтік, мемлекеттік дәйектемемен бірге сомдады. Бірақ бәрінің жалпы сюжеттік қаңқасында /схемасында/ кейіпкердің өмір жолы біртектес шеңбермен жүріп отырады. Әрине, батырлық жырларда замана, қоғамдық көзқарастың өзгеруіне байланысты байырғы мотивтер, сюжеттік ситуациялар, эпизодтар жаңаша көмкеріліп, тыңнан әдіптеледі. Бұл ретте сюжеттік қаңқаның жалпы ұзын-ырғасы ғана сақталады.

Осының бір көрінісі – Мұрын жырау топтамасына енген жырлар. Батырлардың кәрі ата-анадан туып, ер жетіп, ерлік жасап, жауды жеңіп еліне оралу сапары тізбектелген жырдың көбіне ортақ. Оның үстіне батырлардың бөтен елге аттануы көбіне бір дүркін ғана қайталанады. Қаһарманның алғашқы ерлігі де, негізгі ерлігі де осы сапармен аяқталады.

Миф пен ертегідегі кейіпкерлердің тұңғыш сапары /ерлігі/ алғашқы қауымдық құрылыс кезінде жасы жеткен баланы кәмелеттік сынақтан өткізу /обряд инициаций/ салтымен байланысты екені зерттеушілер тарапынан жан-жақты дәлелденген құбылыс.<sup>□</sup> Мұның мифте салттық салмағы басым болса, архаилық эпос пен ертегіде

---

<sup>□</sup> *Пропн В.Я.* Исторические корни болшебной сказки. Л., 1986. С. 53-56.

кейіпкерлердің үйлену жорықтарымен, алғашқы ерліктерімен бірге көрінеді. Пайда болуы жағынан бұлар бір-бірімен төркіндес.<sup>2</sup>

Ә.Марғұлан қазақтың қаһармандық жырлары мен ертегілерін туғызуда атаеркі /патриархалды/ дәуіріндегі негізгі сарындардың /мотивтердің/ көптеген түрлерін жіктейді. Солардың ішінде «ер баланы баулып, садақ арттыру, жапан түзге жалғыз жіберіп, аң аулатып, ерлік сынаудан өткізу /мергендер типі/» мотивінің де айрықша орын алғандығын атап көрсетеді.<sup>1</sup>

Бұл ретте сынақтан өткізу салтының әр жанрдағы өзгешелігі, сынақтың түрлері, оның тарихи қызметі әр алуан. Мәселен, мифтегі кейіпкерлердің жорығына себеп болған үйлену мотиві ғажайып затқа, байлыққа, көздеген мақсатқа жетудің тәсілі. Байырғы тайпалардың мифтеріндегі аққу-қызға, әйел-бал арасына, әйел-аюға үйлену олардың шаруашылықтағы пайдасына қатысты. Бұған қазақ фольклорындағы ақ қасқыр, пері қызына үйлену олардың шаруашылықтағы пайдасына қатысты. Бұған қазақ фольклорындағы ақ қасқыр, пері қызына үйлену арқылы мақсатына жеткен кейіпкерлерді де жатқызуымызға болады. Қиял-ғажайып ертегідегі үйлену кейіпкер сапарының басты мақсаты, ол көбіне жұптасқан некенің қалыптасуымен ағайындас. Қандай жолмен үйленеді /қулықтың, сиқырлы заттың, т.б. көмегімен/, ол кейіпкердің ісі.

Енді батырлық ертегі мен қаһармандық эпосқа келетін болсақ, мұндағы үйлену жорығы ең алдымен батырдың батырлығын көрсететін, ерлігіне сын болатын көрсеткіш.<sup>2</sup>

Е.М.Мелетинский Еуропаның ортағасырлық романдарында кейіпкерді сынақтан өткізу салтының бертін келе әдет ғұрыптан ажырап, кейіпкерді

тәрбиелеу және «моральдық сынақтан» /«моральная инициация»/ өткізу мотивіне айналғандығын айтады.<sup>3</sup>

Мұрын жырау жырларындағы батырлардың іс-әрекетінде осыған ұқсас жағдай бар. Батыр болып туған адам сол батырлық қасиетінің көрсеткіші – моральдық сынақтан өтуі тиіс. Қаһармандардың «жасым жетті, аттанамын», «қоныс кеңейтемін», «ата-баба кегін қайтарамын» деп жолға шығуында осындай себеп барын көрмеуге болмайды. Қаһармандық дәуір – батырлардың ерлікте үйде отырып күтетін

---

<sup>2</sup> Қараңыз: *Мелетинский Е.М.* Поэтика мифа. М., 1976. С. 225-229; *Его же.* Структурно-типологическое изучение сказки // *Пропт В.Я.* Морфология сказки. изд. 2-е. М., *Мелетинский и др.* Проблемы структурного описания волшебной сказки // Труды по знаковым системам. IV. Тарту, 1969

<sup>1</sup> *Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985.362-б.

<sup>2</sup> *Мелетинский Е.М.* Введение в историческую поэтику эпоса и романа. М., 1986. С56-62.

<sup>3</sup> *Мелетинский Е.М.* Средневековый роман., М., 1983.С.81; 276.

дәуірі емес. Батыр өзінің батырлығын дәлелдеуі керек. Байырғы ұғым бойынша үйден шықпаған адам батыр болып та жарытпайды.

«Қорқыт ата кітабында» /Ү жыр/ мынадай бір эпизод бар: оғыздар жиналып шарап ішіп отырғанда Қазан хан оңына қарап Қара Көнені көргенде қарқылдап күледі, солына қарап Арузды көргенде жылы лебіз білдіреді, ал қарсы алдында отырған баласы Оразды көргенде жылап жібереді. Баласы оның себебін сұрағанда, Қара Көне мен Аруз талай жаудың басын кесіп, қанын төккен, атаққа жеткен, ал сенің жасың он алтыға келсе де оқ атпадың, қан төкпедің, ертең мен өлсем саған оғыз елі менің тәжім мен тағымды бермейді деп жауап береді.<sup>1</sup>

Дәл осындай сарын Мұрын жырауда да бар. Ноғайлының ақсақал билері жиналып отырғанда жасы жиырмаға келсе де үйден шықпаған Бегіс туралы бір ақсақал: «Осы Сүйеніштің баласы Бегіс адам болудан кетті... Ата-бабасы шынжыры үзілмей келе жатқан ер еді. Әкесі Сүйеніш он бес жасқа келгенде халықтың арын арлап, кегін кектеп ноғайлының жерін қалмаққа бермей, елінің аш-арығын бағып отырушы еді. Мұнда ол да жоқ, осының шынжырын үзіп кетеді-ау», - дейді /Бегіс- М.243./.

Айсаның ұлы Ахметтің жауға аттануына қымыз ішіп, қызып отырған Абаттың сөзі қамшы болады. Абат әкесі, өзі, қасындағы Тоған, Қазтуған, Қарғабойлы, Шора батырдың ерліктерін айтып, бұлардан «Ахмет пен Алау кем бе екен» дейді. /Ахмет – М.198./ Осы сөзге өз-өзінен арланып Ахмет жау еліне жол тартады.

Демек, «жарағым барда жау жолықпас» деп кәмелетке толған батырдың бой тасалап, жауды үйден күтуін феодалдық жаугершілік жағдай көтермейді. Батыр ерлікті кәнігі жауға өзі шығып жасауы керек. Батыр деген атақ осылай да келеді.

Қаһармандық дәуір – халықтың сол замандағы қаһармандық рухынан нәр алады. Бұл туралы Ахмет Байтұрсыновтың тұжырымы өте дәл: «...бұрынғы жаугершілік заманда халық тән есебінде болған да, батырлар жан

есебінде болған. Сондықтан батырлар турасындағы әңгіме – халықтың жаны, рухы турасындағы әңгіме. Батырлары қандай болса, халықтың рух жағы да сондай болған».

Ары қарай ғалым осы пікірін былай тереңдетеді: «Бірақ елде жоқ рух ақын сөзінде де болмайды. Елде бар рухты ақын ықтимал дәріштеп, күшейтіп, көпіртіп, көркейтіп айтуы. Бірақ жұртта жоқ

---

<sup>1</sup> *Китаби Дәдә Горғуд.* Құрастырған, транскрипцияланған Ф. Зейналлов пен С.Әлизаде. Бақы. 1988. 52-б /казакшалаған автор/.

рухты ақын өзінен шығарып айта алмайды. Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды. Халықтың батырлары кетіп, басқаға бағынып, рухы сөнген уақыттағы қазақ ақындарының сөзі әлі айтылғанды сипаттайды».<sup>2</sup>

Еркіндіктің теңізіне еркін шомылған халықтың қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын қаһармандық рухы туралы бұдан артық жеткізіп айту қиын. Мұндай рухтың бодан болмаған халықта ғана болатынын түсінуге тиіспіз. Ата-бабаларымыздың бізден айырмашылығы арасында үстем тап өкілдерінің бар екендігі ғана емес, олардың еркін ел де болғандығы.

## БАТЫРЛАР ТИПІ

Әлеуметтік ішкі тартысты бейнелеу батырлық жырларға мүлде жат емес. Көшпелі қоғамның ішкі талас-тартысын жырлау қаһармандық эпостың басты нысанасы болмағанымен, әлеуметтік теңсіздік негізінде туған қайшылықтар жырда кездеседі, әрі ондай оқиғалардың батыр тағдыры үшін арқалайтын жүгі бар.

Батыр жоқта көрінетін қайшылық – елдегі құлдардың бас көтеруі. Қартайған ата-ананың қорғаушысы жоғына көзі жеткен құлдар мал-мүлікті де, билікті де зорлықпен тартып алады. Бұл кезде батыр не тұмаған, не құлдар үшін жау қолында қаза тапқан болып есептеледі.

Эпикалық жыр құлдар орнатқан қоғамды жақтайды. Себебі олардың ісінен әділетсіздік туындайды. Құлдықтан босаған құл өзгелерді құлдыққа салады.<sup>□</sup> Еркін ел бостандығын жояды. Басқаларды былай қойғанда бұрынғы құлдардың өзі бұған қарсы.

Қарабектің тұсында  
Қымыз ішіп, ет жеген  
Құл да болса, қасқа едім –

дейді, тоқсан құлдың бастығы Қодарға наразы болған Ажырақ деген құл бұрынғы күнін аңсап /Қарабек – Б. 247./

Батыр жоқта хандықты тартып алған құлдар «Ер Сайын» /А. Байтұрсынов жазбасы/, «Қарабек» /Мәулекей және Ж. Бітімбаев нұсқалары/, «Алпамыс батыр» /барлық нұсқалар/ жырларында кездеседі. Елдің еркіндігі үшін түзде жүрген батырларды құлдар іштен шалады. Оның еліне шексіз зорлық жасайды.

<sup>2</sup> Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989.236-238-б.

<sup>□</sup> Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1958. 89-92-б.

«Құл» мен «күң» атауларының эпоста осындай мағынаға ие болуы неліктен? Тарихи мәліметтерге қарағанда құлдар қазақ арасында негізінен соғыста қолға түскендер болып саналады. Ф.Зобниннің дерегінде: «ХҮІІІ ғасырдағы қырғыздар /қазақтар – Ш.Ы/ ішіндегі құлдар мен еріксіздердің негізгі бөлігін бір тайпа мен екінші тайпа арасындағы болған қақтығыста қолға түскен тұтқындар құрады. ХҮІІІ ғасырда көптеген орыс ғалымдары да қырғыздарда тұтқында болып тұрды. Бірақ, қырғыздармен ұзақ және тынымсыз күрес жүргізген қалмақтар мен башқұрттар арасынан құлдың саны көп еді», - дейді.<sup>2</sup> Құлдардың ішінде қалмақтар мен парсылардың көптігін Ақмола округтік приказының және Д.Андре деген саяхатшының мәліметтері де растайды.<sup>3</sup> Панасыз жетім-жесірлер мен жанжалда жеңілген өзге рулардың да адамдары құл мен күңнің қатарын толтырғанын жоққа шығаруға болмайды.

Тұтастай алғанда, бұл феодалдық қоғамның шындығы, көп ел тарихына ортақ жайт. Ал эпос – сол заманның туындысы. Байлықтың, алыс-беріс тауардың бір түрі ретінде болған құл мен күңнің тегі жат ел. Құртқаға қосып атасы «тоқсан нар, тоқсан құл, тоқсан күң, тоқсан ат береді» /Қобыланды – М.16./. Қарасай Қосайға қалмақтан «тоғыз құл, тоғыз күң, тоғыз қара сусар тон» сыйлайды /Қарасай – Қ.172./.

Және де берді қырық құл  
Қызметін оның етсін деп.

**Шора – М. 345.**

Дәл осындай жағдай батырдың елі жау қолына түскенде де болады. Батырдың жұртынан, туған-туысынан аман қалғандары жаудың құлы мен күңіне айналады.

Кейде жау қолға түспесе де оны «құл» деп кемсіту, жау мен құлды теңестіру бар. Төрехан батыр қалмақтың ханы Қодарды «құл» дейді. /Төрехан – М.241; 243/. Шораның анасы Меңді ару қалмақ ханы Өгізханға «өлім болсын көргенім, сендей құлға барғанша» дейді. /Нәрік – М. 321./. Қолға түскен қалмақ ханы Қараманды Қарабек қакрындасына сауғаға береді. Сонда:

Қолына су құярға жарай ма деп,  
Береді алдындағы қара құлды, -

**Қарабек – М. 112**

деген сөз бар.

<sup>2</sup> Зобнин Ф.К вопросу о невольниках, рабах и тюленгутахв киргизской степи // Памятная книжка Семипалатенской области. 1902.С.3.

<sup>3</sup> Қараңыз: Садырбаев С. Фольклор және эстетика. Алматы, 1976. 115-б.

Бұлай теңестіру – сол баяғы құлдың дұшпан жұртынан болатынына меңзейді.

Батырлық жырдағы таптық тартыс негізінен осы. Ал баласыз ата-ананы «қубас» деп құдалау, хан мен билердің /бектердің/, ру билеушілерінің, батыр мен батырдың арасындағы талас-тартыстардың шығу себебі басқашалау. Олар көбіне билікке, жер-суға, колға түскен байлыққа қатысты ушығады.

Әйтсе де ішкі қайшылықты бейнелеу қаһармандық эпостың басты жүгі емес. Эпикалық дәуір ұғымы бұл мәселеге де тиісті дәрежеде әсерін тигізген. Осының айқын бір көрінісі тағы да сол «құл» мен «күн» ұғымдарына байланысты.

Көптеген жырларда батырдың тәрбиелеушісі – ақылды, тәрбиесі мол құл. Қобыландының жылқыдағы ұстазы Естеміс /кей нұсқада Бек/ құл барлық жағынан жас батырдың қамқоры. Құртқаның еліне барарда Қобыланды одан бата сұрайды:

«Батаңды бер көке», - деп

Алды-артын орады, -

**Қобыланды – М. М. 20.**

дейді жыр. Батырлар өзіне шын берілген жасы үлкен құл мен күнді «аға», «апа» дейді. Осыған лайық олар да қожайынына қалтқысыз қызмет етеді. Балаға зарығып жүрген қарт ата-ана нәресте дүниеге келгенде құл мен күнге азаттық береді //Нәрік – М. 322./; /Нәрік – П. 276./.

Ал енді Мұрын жырау топтамасында Телшора құл барлығынан ел мүддесін жоғары қояды. Телшораның сөзі Шораның алғаш жауға аттануына себеп болады:

Туғаныңнан тумай кет,  
Мұнан да жақсы өлгенің,  
Өлім болсын көргенің.  
Мен бағамын ешкіні  
Асылым құл болғасын,  
Ешкі бақпақ кесіп-ті.  
Нәріктен туған сен деді,  
Лақ бағып жүргенше,  
Енді құрғыр өл деді.  
Атаң Нәрік кеткенде  
Қазанда еді қаласы,  
Қазаннан мұны қаңғыртқан  
Ноғайлының баласы.  
Атаға тартып кәнеки,

Шора құрғыр туғаның  
Аға деп біз секілді құлдардың  
Қасына келіп тұрғаның.  
**/Нәрік – М. 327./**

Иә, бұл біздіңше, эпикалық әсірлеу нәтижесінде жырдан орын алған жекелеген көркемдік кескіндемелер /штрихтар/ ғана. Осы сарын эпикалық дәуірдің типтік белгісіне жете алмаған, жекелеген эпизод түрінде қалған. Мұның сырына үңілер болсақ, алдымен құл иелену көшпелі қоғамның, оның ішінде қазақ халқының тарихында кең етек жайған құбылыс емес. Жалпы даладағы құлдың жағдайын құл иеленуші қоғамдағы жүйемен дәлме-дәл сәйкестендіруге болмайды. Көшпелі қоғамдағы құл қаналушы ретінде сол қоғамның басты белгісіне, өндіргіш күшіне ешқашанда айналмаған, қосымша ғана мәні болған. Көшпелі шаруашылық құлдар күшін құлдық қоғамдағыдай тұрақты пайдалануға лайықсыз еді.

Осыдан болар, батырлық жырда құлдар бейнесі туралы қалыптасқан дәстүр жоқ. Оқиғаның ретіне қарай бірде жағымды, бірде жағымсыз қырынан сипатталатын олардың іс-әрекеті қалай болған күнде де қоғамда шешуші мәні болмағандықтан эпикалық дәуірдің де қалыптасқан мінездемесіне айналмаған.

Әлеуметтік топтың өзге де өкілдері қаһармандық эпостан азды-көпті орын алған. Хан, би, бек, бай, кедей бейнелерінің қатары батырлар тұлғасымен бірге үлкен бір топ құрайды. Мәселе, ханның, байдың, болмаса кедейдің тұтас типтік бейнесін жасауда емес. Қаһармандық эпоста жеке-дара суреттелетін әлеуметтік топтың өкілдері іс-әрекет үстінде некен-саяқ кездеседі. Олар батырдың жолында көптеген жекелеген эпизодтарда ғана ұшырасады.

Қаһармандық эпоста батырмен барлық уақытта бастан-аяқ бірге жүретін әлеуметтік өкіл жоқ. Бірнеше адамның іс-әрекетін қатар суреттеу эпос сюжетіне тән емес. Оның есесіне қазақ даласында болған негізгі әлеуметтік топ өкілінің қай-қайсысы да алдымен сол батыр бейнесінің өзімен бірге құйылып, бірге сомдалған.

Ханның ортасынан шыққан, әйтпесе өзі хан болып отырған, байдың отбасында дүниеге келген, кедейден шығып жұпыны тіршілік кешкен, бек болып хан қасында жүрген батырлардың әртүрлі әлеуметтік топқа тиесілі типтері жетерлік. Батыр хан, батыр бек, батыр би, кедей батыр тұлғалары – осының айғағы.

Осы бір ғажап құбылыстың тағы бір мынадай сыры бар. Өз-өзімен батырдан тыс бейнеленген ханның да, бектің де, байдың да,

кедейдің де қаһармандық эпоста идеалды, айрықша үлгі тұтарлық бейнесі кездеспейді. Олар бірде ұнамды, бірде ұнамсыз. Ұнамдысы идеал дәрежесіне көтерілмеген, ұнамсызы жаудан асып кетпеген. Олардың қызметі – негізгі тұлға батырдың бейнесіне астар ретінде алынған. Мысалдарға жүгінейік.

Батырдың шыққан ортасы, әке-шешесі әлеуметтік тегіне қарамастан жақсы жағынан көрінеді. Хан болса - әділ, бай, бек қайырымды, кедей момын шаруа, өзгеге залалы жоқ. Кейде батырдың әкесі бай болса, онда үлкен кемшілік бар. Қобыландының әкесі бай болса, онда үлкен кемшілік бар. Қобыландының әкесі Қыдырбай – сараң адам /**Қобыланды – М.7./**. Ер Сайынның әкесі Бозмұнай «дүниеқор зор бай» деп мінезделеді / **Сайын – Б. 43./**. Батырдың хан, бай әкелері көбінесе жалпы ел мүддесіне келгенде шабан, белсенділік көрсете бермейді. Олардың баласыздыққа қайғыруы көбіне тәж-тағым, байлығым кімге қалар екен деген өкінішімен байланысты.

Мұнан көрінетіні – жыр батырдың өз басының шыққан тегін идеал тұтудан аулақ. Қай ортадан шықса да жыр үшін бәрібір. Батырдың сапасына сын болатын көрсеткіш бұл емес. Бір кездерде батырдың әкесі бай болған деп, бір топ жырларды жауып қоятындай мұнда тұрған дәнеңе жоқ.

Ал өз бетімен көрінетін феодалдық топтың өкілдері – хан, би, бек, бай бейнелері көп жағдайда ашыла бермейді. «Қобыланды батыр» жырындағы жалған той жасаған Ақшахан – залым билеуші, ал «Ер Тарғын» мен «Шора батыр» эпосындағы Ақшаханның қандай адам екені мәлімсіздеу; Ханзада хан – екіжүзді аяр адам.

Ендеше, батыр тұлғасымен бірікпеген әлеуметтік топтың өкілдері қаһармандық эпос үшін қалай сипатталса да шешуші мәні жоқ. Әрбірден кейін батыр емес хан да, бай да қаһармандық дәуірде маңызды тұлға емес. Сондай-ақ ханның жанындағы билер мен бектер де осы құралыптас. Кейде олар батыр ханға маңызды кеңес беріп, бірге соғысса, кейде батырды күндейді, сатқындыққа да барады.

Қаһармандық эпоста идеализацияланған, барлық жағынан жетілдірілген кейіпкер батырдың өз басы. Әлеуметтік топтың мүшесі қандай ортадан шықса да теңесетін дәрежесі батырлық. Бұл хандық, билік сияқты тартып алатын, сайлайтын, әкеден балаға мұра болып қалатын, байлық сияқты сатып алатын дәреже емес, ел қорғаған ерлік, елге сіңірген еңбек арқылы келетін құрметті атақ. Сондықтан да батырлық – барлық әлеуметтік өкілдерге бірдей қаһармандық дәуірдің сынақ көрсеткіші, сынап бағанасы. Хан мен қара, бай мен кедей, бек пен нөкер өзара теңесе алатын биік меже; ерлікпен, маңдай термен

келетін халықтық идеал бұл.

Реті келгенде батырдың тарихи анықтамасына да тоқтала кетейік. Батырды кейбір тарихшылар кезінде әлеуметтік кластың, билеушілер тобының қатарына қосқан. □

Ал М.П.Вяткин, кейінірек М.Бижанов батырдың ешқандай да тапқа жатпайтынын, батырлық атақтың мұрагерлікпен емес, жеке бастың қасиетімен келетінін айтып, бұл терминнің қаһармандықтың, ерліктің және батылдықтың анықтаушы екендігін тұжырымдады.<sup>2</sup>

Қаһармандық эпостағы батырдың жеке өз басының ержүрек, батыл болғаны жеткіліксіз, оның сол ержүректігі мен батылдығы ел игілігіне, әділетсіздіктен жапа шеккендер мен жаудан жәбір көргендерді құтқаруға жұмсалуды тиіс. Бір сөзбен айтқанда, батырдың батырлығы ел тағдырына қатысты маңызды оқиғамен өлшенеді. Бұл ел тонап, барымтамен күн кешкен, еш нәрседен тайсалмайтын адамды айтатын «батыр» сөзінен басқа. Тарихта ондай да түсінік болған.<sup>3</sup>

Эпикалық дәуірдегі батыр мен тіршілікте айта беретін «батыр» ұғымының арасында үлкен айырма бар. Асылында, қоғамдық қатынастардың өзгеруіне қарай «батыр» ұғымы да өзгеріп отырған. Өз ісін әлеуметтік биік мақсатпен ұштастырған қаһарман тұлға ғана эпикалық жырдың өзегі, қаһармандық дәуірдің төл перзентіне айналады.

Эпикалық жырдағы батырлар тұлғасымен біріккен әлеуметтік типтің бірі – хан. Батыр хан бейнесі бытыраңқы рулардың халық болып құрала бастаған кезеңімен бірге қалыптасқан. Оның қызметі бірігу идеясымен, мемлекеттің шығу тарихымен қарайлас.<sup>1</sup>

Хан бейнесі батырлықпен ұштасқанда ғана ел мүддесін терең ойлайтын, әділ, мейлінше ақылды тұлғаға айналады. Бұл да эпикалық жырдың бір қыры. Өзі батыр атанбаған, ары кеткенде қарамағындағы батырға шексіз адалдық танытпаған хан халық ұғымында не әділетсіз, не қара басының ғана қамын айлаған адам. «Қарадөң» жырында тоқсан баулы ноғайлының ханы өз баласы Бердіхан тұрса да хандықты батырлығы үшін Қарадөңге бергізеді /Қарадөң – М.190./. Іс жүзінде әрдайым дәл осындай болмағанымен эпикалық қаһармандық дәуірдің ерекшелігі осы бір жағдайды өзіне иіп әкелген. Атақты Өз

---

□ *Асфендияров С.Д.* История Казахстана. Алма-Ата, М., 1935. С.90.

<sup>2</sup> *Вяткин М.П.* Батыр Срым. М.,-Л.,1947. С.115; Бижанов М. Социальные категории казахского общества ХУІІІ века в трудах русских ученых // Казахстан в ХУ-ХУІІІ веках. Алма-Ата, 1969.С.166.

<sup>3</sup> Батырларды батыл да тайсалмайтын ұры-қарылар, қарақшылар деп ұққан жалған түсінік кейбір орыс зерттеушісінде кездеседі. Қараңыз: *Костенко Л.* Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. СПб., 1871. С.42.

<sup>1</sup> Пропп В.Я. Русский героический эпос, С.49.

Жәнібек қазіргі ноғай халқының эпикалық мұрасында батырға қасым жасаушы хан.<sup>2</sup>

Бұған қарағанда, Ахмет Байтұрсынов айтып отырған «батырлық рух» эпикалық дәуірдің жәй ғана сыртқы белгісі емес, тарихи шындықты игерудің айрықша бір кезеңі. Кез-келген әлеуметтік тұлғаға, оның ішінде ел билеген ханға да халықтық, елдік тұғырдан баға беру батырлық институт арқылы іске асқан. «...Эпос тарихи күрестің желісін емес, рухын беретінін айтқымыз келеді» дейді эпостың тарихи тағлымы туралы Р.Бердібаев.<sup>3</sup>

Хан – бытыраңқы рулардың басын қосатын мемлекет басшысы, ел бірлігінің белгісі. Сыртқы жау шапқанда алдымен қайрат көрсетуге тиіс тұлға сол хан. Ал оның бойында батырға тән қасиеттер болмаса, ондай адамның мінездемесі де екіталай. Жаугершілік заманда тіршілік кешкен елдің ұғымы осы. Батырдың қасиеттерін ханнан төмен қойған бірде бір батырлық жыр жоқ.

Батыр хан бейнесінің тағы бір тарихи қызметі – бөлек-бөлек жырларды тізбектеудің /циклдандыру/ әлеуметтік себебіне айналып, жырға ұйтқы салуында.

В.Я.Пропттың пайымдауынша, көп батырдың бір ханның /князьдың/ маңына бірігуі олар туралы жеке жырлардың да тұтастану жағдайымен қатар жүрген құбылыс. Барлық батырларды маңына шоғырланған князь Владимир бейнесі осындайдан қалыптасқан және бұл бір орталыққа бағынған таптық мемлекеттің орнығуымен байланысты дейді ғалым.<sup>4</sup>

Бұл пікірмен тұтастай келісе отырып, кейбір тұстарына анықтама енгізейік.

Бір ханға шексіз бағыну арқылы шоғырланған жырлар қазақтың қаһармандық эпосында жоқ. Бұған қарап көшпелілерде мемлекет қалыптаспаған екен деп ұқпауымыз керек. Ноғайлы Ордасы мен Қазақ хандығын былай қойғанда, одан бұрынғы түркілердің осы жердегі қуатты мемлекеттері әмбеге әйгілі.

Бірақ сол мемлекеттердің тарихында бірыңғай бірігу идеясы бел алып тұрмағанға ұқсайды. Мемлекет ішіндегі қайшылықтар күшейіп, жаңа саяси-әлеуметтік жағдайдың пісіп жетілуіне байланысты бөліну идеясы да бой көрсетіп отырған. Іс жүзінде бізге жетпеген мемлекеттердің ыдырау кезінде бөлшектену идеясының бас көтергендігін, соның асқынатындығын жоққа шығаруға болмайды. Ол

---

<sup>2</sup> Бердібаев Р. Түркі-монғол халықтары эпосындағы кейбір ортақ желілер//Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы, 1981. 14-б

<sup>3</sup> Бердібаев Р. Қазақ эпосы, 103-б.

<sup>4</sup> Пропт В.Я. Русский героический эпос. С.48-50.

бөлшектенудің себебі өте көп. Жеке билеушілердің өзара келіспеушілігінен бастап этникалық процестерге дейінгі, тілдік-диалектілік ерекшеліктерден бастап саяси-әлеуметтік жағдайға дейінгі, ішкі жер-су таласынан бастап тұтас аймақтық дау-дамайға дейінгі аралықта қалыптасқан жаңа мүдде тұтас бір топтың /немесе бірнеше топтың/ тілегіне айналғанда бөліну идеясы күшейеді. Бұған тарихтағы түркілердің көшпелі және отырықшы шаруашылық типінің де жіктелуін қосыңыз.

Сонда қазіргі түркі халықтарының айырмашылықтары бөлінген күннен кейін ғана алшақтанып кетпегенге ұқсайды. Бөлінудің алғышарттары түркілік мемлекеттердің ішінде-ақ қалыптасқан. Айырмашылық аз жерде – бөлінуге де себеп аз.

Ендеше, бірігу идеясы тарих бойында бөліну идеясымен алмасып отырған деп топшылауымызға негіз бар. Алайда эпостық жырларда көбіне бірігу идеясының ғана жырлануы неліктен?

Асылында, бөліну идеясы қашан бөлініп болғанша ерікті, еркін ұғым бола алмайды, қысылып-қымтырылып күн кешеді. Ал ол жалпы көпшілік мойындаған жағдайға жеткенде, яғни бөліну идеясы іске асқанда тез ұмытылады. Жаңа мемлекет үшін ары қарай бөліну идеясы жат. Осындай күйдегі идея бөлініп үлгермеген топтың өнері мен фольклорында да кең құлаш жая алмаса керек.

Әрине, бұл тегі бір халықтардың тарихына қатысты жәйт. Ал этникалық құрамы жағынан ала-құла мемлекеттердегі аз халық көп халықтан бөлінгісі келгенде басқыншылық, тегі жат елден құтылу идеясы алға шығады. Фольклорда бұл құбылыс жаппай тараған сыртқы жаумен күресу тақырыбымен барабар.

Дегенімен, фольклорлық дәстүр үзілмегендіктен бөліну идеясы эпостан аз-кем орын алған. Оған «Едіге» жыры куә. Эпос Тоқтамыс ханға қарсы күрескен Едіге би жағында, ал халық арасындағы дуалы ауыз Сыпыра жырау мемлекет бірлігі, ел тыныштығы тұрғысынан Тоқтамысты қолдайды. Ол Тоқтамысқа Едігені өлтіруге кеңес береді /Едіге – Ш.371./. Сыпыра жыраудың аузынан айтылатын:

Ханнан қайрат кеткенде,  
Биге мәдет жеткенде  
Хан қашып, би қуғанда, -

**Едіге – Ш. 382.**

дейтін сөз жақсылықтың нышаны емес. Бұл – бірлікке төнген қауіп.

Ал, осы ХІҮ ғасырдың тарихи шындығына кететін оқиғаның эпикалық ноғайлы дәуіріне сыйысуы ғажап. Жыр оқиғасы «Орманбет

би өлген күн, он сан ноғай бұлген күн» оқиғасымен бір мезгілге қойылған. Яғни идеал санап отырған эпикалық дәуірдің өзінен гөрі, сол қоғамның соңы – ыдырау кезеңіне көшірілген. Бұл дәуір ұғымына қайшы емес.

Бөліну идеясы басқа эпостарда да там-тұмдап кездеседі. Қонысты сылтау ғып ноғайлардан бөліне көшу Мұрын жырау топтамасында бар, әрі ол әрекет айыпталмайды /Қазтуған – М.73; Ахмет – М. 196./. Көптеген қаһармандық эпоста батырды өз елінің ханына қарсы қою мотивінде де бөліну идеясының ұшқыны жоқ емес.

Батырлармен ниеттес, бір мақсатта бейнеленетін хан – Әділ /Әз/ Жәнібек/ Асанқайғы – М./ Бірақ бұл тұлға қазақ эпосында жалпы біріктіруші, батырларды бір орталыққа шоғырландырушы қызметіне көтерілмеген, жеке ұнамды кейіпкер дәрежесінде қалған.

Тегінде, көшпелі қоғамда монғол Шыңғысханнан бергі жерде шексіз билікке қол жеткізген хандар жоққа тән. Қазақ және ноғай хандары елді ру басылары мен билер арқылы басқарған. Хандардың билігі ешқашан да деспоттық сипат алмаған. Хандықтың көшпелі рулардан құралуы, әрі ол рулардың өз ортасынан шыққан көсемдері болуы /батыр, сұлтан, би/ хан билігіне шектеу қойған. Хан қалаған өз адамын / әрине, ол басқа рудан/ белді рулардың басқарушысы етіп /отырықшы мемлекеттердегі наместник сияқты/ тағайындай алмағандықтан, рудың ішкі еркіндігі көп жағдайда сақталады.

Сол кездегі шаруашылық типіне қарай бұл жағдайдың демократиялық қызмет атқарғаны рас. Хан үлкен мемлекеттік мәселелерден бастап елдің ішкі жағдайына дейін түгелдей дерлік ру көсемдерімен кеңесіп қана шеше алған. Ал елдің ішкі жағдайы негізінен ру көсемдерінің қолында еді. Осыдан болар хан мен ру көсемдерінің арасында арагідік алауыздық орын алғандықтан мемлекеттің ынтымағы әрдайым оңға қадам баспағанға ұқсайды.

Хандық басқару жүйесінде бірінғай бірігу идеясы ғана емес, жағдайға қарай бөліну идеясы да бас көтеріп отырған. Келе-келе осы қайшылық күшейген. Ноғайлы хандығының ыдырау себебінің бір ақиқаты осы ма деп ойлаймыз.

Міне, В.Я. Пропп айтып отырған бір кісіге барлық батырлардың бағыну жолымен тұтастанған жырлардың ноғайлы топтамасына тән еместігінің түп төркіні көшпелілерде мемлекеттің жоқтығында емес, көшпенділер мемлекетіндегі басқару жүйесінің мүлде басқа екендігінде. Хандық үстемдік рулар еркіндігін жоймайды. Көшіп-қонған ел рулық, туыстық тұтастықты сақтап қалуға әмәндә мүдделі еді. Рулық бірліктің отырықшы, қалалы жердегі құрамалардан

айырмасы – кез-келген өктемдікке, мал-жан, жер-су, ішкі-сыртқы жағдайдан туған дау-жанжалға қарсы бірыңғай топ ретінде бас көтере алуында. Хан бұл жағдаймен санасуға әрдайым мәжбүр болды. Санаспаған жерде қарсылыққа /белгілі бір дәрежеге бөліну идеясына/ ұшырады.

Көшпелі түркі халықтарының эпосында кейде ру батырын өз елінің ханына қарсы қоюда бірыңғай таптық көзқарас қана емес, хандық билік пен рулық мүдденің де ауық-ауық қайшылыққа ұласып отырғандығынан деп түсінеміз. Себебі ханның жағымсыз тұлғасын тек таптық айырмашылықтан іздейтін болсақ, онда идеал тұтқан батырымыздың да жырда хан сайлануын түсіну қиын.

Гәп сонда, батырдың өз басы хан тағына жеткенде тыныштық пен әділдік орнайтындай. Жыр түйіні осыны аңғартады. Мұның батырды идеализациялаудан, осындай хан болса екен деген тілектен туғаны рас. Байыптай түссек, батырдың әрекеті хандық биліктің өзін жоюға бағытталмайды, адамдардың орнын ауыстыруымен, я болмаса батырдың өз басының хан болуымен шектеледі екен.

Тарихи шындық сол – хан сайлану үшін Шыңғыс хан ұрпағынан, ақ сүйектен шығу шарт. <sup>□</sup> Ал эпикалық шарттылық – кез-келген рудан шыққан батырды да хан деп тани береді. Шындық пен шарттылықтың түйіскен жерінен шығатын нәтиже – хан сайланған ру батыры тұтас халықтың, барлық рулардың ханы емес, оның билігі өз руының ғана ауқымымен шектеледі. Ру батырының хан сайлануының номиналдық қана мәні бар. Яғни, жырда тарихи хандық атақты эпикалық батырлық атақпен теңестіру дәстүрі орын алған.

Осында идеализациялау мен шарттылық басым түскенімен бәрібір батырлық жырда халықтық, бүтін мемлекеттік хан мен хандық жоққа шығарылмайды. Ноғайлы жұртының, қалың елдің, батырдың өз руына туыстас басқа рулардың бары әрдайым эпикалық санада тұрады. Шарттылық тарихи шындықты мүлдем аттап кетпейді. Бірақ, сонымен бірге жоғарғы бір ханға ғана шексіз бағыну керек деген ұғым және жоқ. Аралық жағдай қалыптасқан.

Мұндайда бір ғана ханға бағынған батырлар туралы жыр топтамасының болмауы заңды.

Ал, енді, осы жағдайды ХҮІІІ ғасырдағы тарихи жырлармен салыстырып қарасақ, басқа құбылысқа тап боламыз. Батырлар туралы жеке-жеке жырлардың ортақ кейіпкері – Абылай хан. Ол тұрғанда батырлардың хан сайлануы ешбір ұғымға сыйыспайды. Батырлардың мойындайтыны да, бас қосатыны да, бас қосатын жері де Абылай

---

<sup>□</sup> *Бижанов М.* Социальные категории казахского общества..., С.160.

төңірегі.

Мұрын жырау жырлары сияқты бір қолдан өткен топтама қазақтың тарихи жырларында болғанымен, орыс былиналарындағы батырлардың князь Владимирдің маңына топталатындай жүйелілік ХҮІІІ ғасырдағы Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Олжабай, т.б. туралы жырларда бар.<sup>1</sup>

Абылай хан бейнесінің тарихи шындығын әділдік таразысына салғанда тарихи жырлардың осы ерекшеліктері қайта қарастырылуы тиіс. Таптық идеологияның көлеңкесі Абылай тұлғасына ғана түсіп қойған жоқ, тарихи жырлар тізбесінің ерекшеліктерін Абылай атымен байланыстыруға да мүмкіндік бермеген.

Дегенімен, Н.С.Смирнованың мына пікіріне назар аударуға болады: «Талай дүлдүл ақындар мен жыршылар тарихтағы небір елеулі оқиғалар мен оларға қатысушыларға ерекше назар аударып отырған. Қазақ халқының ХVІІІ ғасырдағы жыр-дастандарында Абылай атының жиі кездесетіні де дәл осыған байланысты. Эпоста ол қазақ халқының жоңғарларға, Қытайға және Орта Азия жеріндегі хандықтарға қарсы күресінің көптеген оқиғаларына қатысушы ретінде көрсетіледі. Сөйтіп, ол қоғамдық өмірдің бел ортасында бейнеленеді.»<sup>2</sup>

Абылайдан бұрынғы тарихымызда әйгілі де дара хандардың өткені баршаға аян. Алайда олардың жырлар тізбегіне ортақ тұлға ретінде алынбауының өзіндік қисыны бар. Арғы негізгі *ілкі атадан /первопредок/, мәдени қаһарманнан /культурный герой/* басталатын, сөйтіп кейінірек құдай дәрежесіне көтерілген байырғы батыр бейнесі әлі толық таралып, өзгеге бағынышты кейіпкер дәрежесіне түсіріліп үлгермеген сияқты.

Байырғы классикалық эпостың жеке батырды бәрінен жоғары қоятын көркемдік үрдісі орта ғасырларда тың сапаға енді ғана ауысу үстінде еді.

Біздің эпикалық дәстүрімізге батырларға ортақ бір тұлғаның орнығуы ХҮІІІ ғ. Қазақ қоғамының біртұтас мемлекет болу тілегі эпостық жанрдың сапалық өзгерісін куәландыратын тарихи жырлардың өркендеуімен сайма-сай келеді деп топшылауымызға болады.

Сонымен, батырлық жырларға қайта оралайық.

Ер Тарғын мен Ер Көкше жыр соңында хан сайланады, бірақ жырдың ішінде айтылатын сол елдің хандары не болғаны, қайда

<sup>1</sup> Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, 1979. 64-165-б.

<sup>2</sup> Смирнова Н.С. Абылай туралы жыр, аңыздар Сонда 82-б.

кеткені белгісіз /Тарғын – М; Көкше – Р./Олардың тақтан түскені туралы жыр ешқандай мәлімет бермейді.

Қашаған ақын жырлаған «Қарасай, Қази» нұсқасында қазақ пен ноғайдың ханы – Қондыкер. Бұған қоса қалмаққа аттанған әскер жол айрығында екіге бөлінгенде бір тобына Қарасай, екіншісіне Әділ хан болып сайланады. /Қарасай, Қази – Қ.150./

Эпостың көркемдік дәстүрі, жанрлық белгісі рулық қоғамда қалыптасқан, әрі қаһарманды бейнелеудің көркемдік тәсілі де сол кезде-ақ берік орныққан. Ал онан бергі заманда эпос жалпы халықтық мазмұнға ауысқанда сол бұрынғы дәстүрге тікелей арқа сүйеген. Сөйтіп, эпоста мемлекеттік идиология рулық идиологияны біржола ығыстырып шығара алмаған сыңайлы онда көпқабаттылық қалыптасқан. Оған қоғамдық саяси ахуал да түбірімен қайшы келмегенге ұқсайды. Бізге жеткен батырлық жырлар осыны аңғартады.

Асылында, батыр бейнесінің шығу төркіні фольклордағы ілкі ата немесе мәдени қаһарманнан тарайды. Себебі әлеуметтік топтар қоғамда анық жіктелмей тұрған кездің өзінде оның тұлғасы мифте кең тараған еді. Кейін бұл бейне сюжеттік құрылысы жағынан қаһармандық эпоспен тектес, соның бастау көзі саналатын батырлық ертегі мен көне эпосқа да ауысқаны даусыз.

Әрине, мезгілдің, мифтік сананың өзгеруіне қарай, әрі жанрлардың жіктелуі мен қалыптасу ерекшеліктеріне байланысты мәдени қаһарман бейнесі де таралып, өңделіп отырды.

Мәдени қаһарман тұлғасының жалпы типологиялық негіздері, түрлі жанрлардағы эволюциясы мен сипаты Е.М.Мелетинскийдің еңбектерінде қарастырылып келеді.<sup>□</sup> Ал қазақтың прозасына қатысты жағы С.Қасқабасов көне эпосқа байланысты жіктелуі Р.Бердібаев тарапынан азды-көпті сөз болды.<sup>2</sup>

Қазақ фольклорындағы ілкі ата, мәдени қаһарман бейнесінің жанрлық жіктелу жолын, ұлттық болмысын жан-жақты сөз ету бұл жұмыстың мақсатына жатпайды. Алайда батырлар бейнесінің әр түрлі әлеуметтік типтерін анықтауда синкреттік өзгешелігімен дараланатын мәдени қаһарман тұлғасын аттап өту мүмкін емес. Сондықтан да бұл мәселені біз әртүрлі батырлар типінің қалыптасуы тұрғысынан ғана сөз етеміз.

---

<sup>□</sup> Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса. М., 1963. С.23 и сл.; *Соныкі*. Поэтика мифа, С.178-194; *Соныкі*. Введение в историческую поэтику..., С.21-33.

<sup>2</sup> Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. 83-93-б.; *Соныкі*. Казахская несказочная проза. Алма-Ата, 1990. С. 101-110; Бердібаев Р. Қазақ эпосы, 57-63-б.

Мифтегі байырғы қаһармандар Е.М.Мелетинскийдің жан-жақты дәлелдеуінше үш типке жіктеледі: *ілкі ата, демиург және мәдени қаһарман*.<sup>3</sup>

Ең байырғы мифтерде ілкі ата – жер бетіндегі жан-жануарлар мен адамдардың жаратушысы. Оның қызметі тотемдік түсініктермен тікелей байланысты болғандықтан, бейнесі де жартылай адам кейпінде /зооантропоморфты/. Ырым түрінде сақталған тотемдік түсініктің қалдықтарында да олардың жан-жануарға тиесілі аты сақталған. Тотемдік ілкі ата тек адамдар мен жануарлардың ғана емес, кейбір табиғат объектілерінің де жаратушысы. Бұл жағынан ілкі ата қызметі демиургпен жақын.

Дамиург негізінен табиғат құбылыстары мен аспан денелерін /жұлдыз, тау-тас, өзен, су, т.б./ жасаушы, немесе соның өзіне айналып кететін қаһарман. Ілкі ата – жаратушы, тудырушы /порождение/ болса, демиург – белгілі бір нәрседен /топырақ, лай, тас, сүйек, ағаш, т.б./ екінші бір нәрсені алғаш даярлаушы /изготовление/.

Ал, мәдени қаһарман – адамзатқа керекті мәдени игіліктерді /от, егетін өсімдік, құрал-сайман, т.б./ тұңғыш іздеп табушы /добывание/<sup>1</sup>

Бұл үшеуі де көне жасампаздық мифтердегі /мифы творения/ – жаратушы, үйретуші және жасаушы қаһармандар.<sup>2</sup> Олардың қызметі көп құдайға сенумен төркіндес. Байырғы мифтік түсініктерден жүйелі мифтік дүниетанымға ауысу – құдайлар бейнесінің пайда болуымен қатар жүрген құбылыс.<sup>3</sup> Ілкі жаратушы, даярлаушы және іздеп табушы қаһармандар сол құбылыстың, заттың, рулардың да иесі деп саналған.

Түркі халықтарының байырғы тарихында көктегі ер роліндегі Тәңір мен жер-ана роліндегі Ұмай осындай танымының көрінісі.<sup>4</sup>

Тәңірдің атқаратын қызметі грек мифологиясындағы Зевспен ұқсас.<sup>5</sup> Бірақ Тәңір Зевс сияқты антропоморфтық тұлғаға айналмаған, яғни адамның кейпіне түспеген. Оның көзге елестетер бейнесі жоқ. Соған қарағанда Тәңір ұғымы типологиялық даму сатысы бойынша Зевстен де көне.

Жасампаз қаһармандардың ішінде байырғы миф пен онан бергі жанрлардың дамуында айрықша роль атқарған кейіпкер – мәдени қаһарман. Е.М. Мелетинский былай дейді: «Бұл кейіпкердің /яғни

---

<sup>3</sup> Мелетинский Е.М. Введение в историческую политику... С. 21

<sup>1</sup> Сонда.

<sup>2</sup> Қазақша термин С.Қасқабасовтан алынды.

<sup>3</sup> Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. С.193.

<sup>4</sup> Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы, 90-б

<sup>5</sup> Сонда. 92-б.

мәдени қаһарманның – Ш.И./ қызметінде өнердің мифологиялық синкретизмі, дін мен ғылымның ең алғашқы түсініктері жинақталған.

Ілкі ата – мәдени қаһарманның даму жолы шынайы эпикалық поэзияның қаһарманына дейін, Прометей сияқты адамзатқа тәңірлік игілік әкелуші тұлғаға дейін, ұлы діндердегі жаратушы құдайларға дейін жалғасып отырған. Бұған қоса оның бейнесінде күш, ақыл, қулық, сиқырлық және әскери ептілік әлі жіктелмеген. Осы әмбебап кейіпкер жаратушы-жасампаз болып та /мифте/, адамдардың өміріне қауіп төндіруші құбыжықтардың /чудовище/ көзін құртушы да /байырғы қаһармандық жырларда/, күлдіргі қу-трикстер болып та /хайуанаттар жайындағы ертегілер мен анекдоттарда/ көріне алады, яғни ол жанрлық синкретизмнің де түйіскен ортақ бейнесі.<sup>6</sup>

Жасампаздық мифтегі мәдени қаһарман қасиетіне үш әлемді /ортаңғы, төменгі және жоғарғы/ шарлап жүріп, адамзатқа қажетті киелі шөпті, суды, т.б. іздеу, от жағуды, мал бағуды, аңшылық өнерді, егін салуды үйрету, әдет-ғұрыптарды қалыптастыру сияқты сан түрлі алғашқы мәдени және рухани ізденістер жатады. Әрі олардың қызметтері таза наным-сенімдік түсініктердің аумағымен шектелмей, сюжеттік фольклорға да негіз болып қаланған.

Мұнда жаратушы, құтқарушы, үйретуші, игеруші іс-әрекет тұңғыш рет атқарлап тұрғандықтан олардың бейнелері жеке-жеке құдай дәрежесіне жақындайды. Бірақ бұл түркі халықтарының тарихында грек мифологиясындай біртұтас жүйеге тұтастанып, Зевске бағынған көп құдайлардай дараланып үлгермегенге ұқсайды. Себебі тәңірлік дін бойынша әр нәрсенің иесі мен киесі бар деген ұғым болғанымен, сол иелерді барлық атрибуттарымен антропоморфтық тұлғалар ретінде елестету қиын.

Бәлкім, осыдан болар, мифтен кейін қалыптасқан аңыздар мен ертегілерде мәдени қаһарманның қызметі сақталғанымен, оларды құдай тұту ұмытылған. Мәдени қаһарман бейнесіне қатысты көзқарастың өзгеруі – оның атқаратын қызметіне де әсер еткен сыңайы бар.

Батырлық ертегілердегі қаһармандық тенденция кейіпкердің құбыжықтармен, жауыз күштермен соғысуын рулық қақтығыстармен алмастыруға бет бұрған. Генеологиялық шарт бойынша қаһармандық балалық шақты, ғажайып үйленуді кеңірек баяндау себепті сюжет қайта түлеген.<sup>1</sup> Бірақ қайта түлеу негізінен ескі арнамен, жекелеген мотивтерді алмастыру жолымен жүріп отырған деп

---

<sup>6</sup> Мелетинский Е.М. Введение в историческую поэтику..., С.22.

<sup>1</sup> Мелетинский Е.М. Введение в историческую поэтику..., С.40.

жорамалдауымызға болады. Себебі кейіпкердің өмір жолы түрліше көмкерілгенмен, жалпы нобайы сақталады.

Ертегі мен көне эпоста мәдени қаһарманның байырғы қызметі қалдық /реликт/ түрінде ұшырасады. Ол жүретін үш әлем /қазақ фольклорында көбінесе жер үсті мен жер асты/, осы әлемді байланыстырушы алып бәйтерек /ғылымдағы атауы «әлемдік» немесе «космостық ағаш»/, ғажайып затты қолға түсіру, Асанқайғының Жерұйықты іздеуі, Қорқыттың тұңғыш қобыз жасауы, Толағайдың тауды арқалап әкелуі т.б. бәрі де осыған меңзейді.<sup>2</sup>

Батырлық жырлардағы мәдени қаһарман қызметінің әлеуметтік дәйектемелері түбірлі өзгеріске түскен. Тегінде миф пен эпос арасында ертегі, тарихи аңыз сияқты аралық жанрлар бұл кейіпкердің бейнесін өз мақсатына қарай өңдеп үлгерген. Дегенімен, ертегі арқылы болса да жекелеген атрибуттары батырлық жырға ауысқан.

Мәселен, Төрехан батырдың қарақұсқа мініп барып Қазанбас дәуді өлтіріп әкелген «елік суы» мифтегідей адамзат игілігіне жұмсалмайды, аяр қарындасы мен қалмақ батырының Төреханды өлтіру үшін жасаған айласы

болып шығады. Бұл ертегі кейіпкерінен құтылу үшін қыз әкесінің немесе ханның оған тапсырма беріп жұмсау мотивіне жақын /Төрехан – М. 239/. Қосай жайдың тасын бұлғап-бұлғап жаңбыр жаудырады, аты сауырына екі бәйтерек орнатады /Қосай – Р.57;58./. Батырлар атын қыл тұтатып көмекке шақырады /Құбығұл –Н. 434; Кеңес – М. 153./.

Бұл сияқты мифтік және ертегілік элементтер батырлық жырда сирек те болса кездеседі. Бірақ мәдени қаһарман мен батыр бейнесінің батырлық ертегі арқылы жүріп отырған жалғастығын анықтауға бұл сияқты мәліметтер жеткіліксіз. Сол үшін де кейіпкерлердің өз басының қасиеттеріне жүгінгеніміз абзал.

Ертегі мен эпоста сюжеттің жалпы нобайы сақталатынын жоғарыда айттық. Бұл ретте мифтік элементтердің ертегіде басым екені де даусыз. Міне, сол мифтен бері келе жатқан ұқсас белгілерді ертегіден тізіп шығу арқылы бұған көз жеткізу қиынға соқпайды. Әйтсе де ұқсастықтың болу себептері кейіпкердің не істеп, не қойғаны арқылы ғана емес, сол кейіпкер туралы әлеуметтік көзқарастың да көрінісін жіктеу арқылы іске асырылуы тиіс.

Кезінде мифтегі оқиға да, кейіпкер де өмірде болған шындық деп қабылданған. Ал ертегі поэтикасы мифтік сюжетке, дәлірек айтқанда соның қаңқасында арқа сүйегенімен, мифтегі шындықты жоққа

---

<sup>2</sup> Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы, 92-б

шығаруға бағытталған. Миф пен ертегінің шындыққа қатысы бір-біріне кереғар.

Ал, эпостың көркемдік шарты бұл жағынан мифке жақын. Эпос оқиғасы да өмірде болған шындық ретінде жырланады. Әрине, миф – ежелгі тотемдік, анимистік, магиялық, т.б. түсініктердің шындығы, ал эпос – тарихи сананың айнасы. Бірақ қалай болған күнде де екі жанрдың әлеуметтік қызметіндегі /функциясындағы/ жақындық ертегіге тән емес кейбір әлеуметтік ортақ белгілерді сақтап қалған. Атап айтқанда, ертегіде ұмытылып бара жатқан мифтік қаһарманның өз басына тән қасиеттері эпоста басқа деңгейде қайта жаңғырған белгілерімен көрінеді.

Біздіңше, батырдың керемет тууы, сыртқы жауға қарсы жалғыз жүріп ерлік жасауы /тек әйел алу себепті емес/ мифтің әлеуметтік дәйектемелерімен қарайлас.

Ертегінің де, эпостың да сюжеттік желісінен басты орын алатын мотивтердің бірі – кейіпкердің ғажайып тууы. Оның мынадай түрлері бар: тотем – бабаның баласы, аталар аруағының жәрдемі, мұсылман әулие-әнбиелердің, пірлердің көмегі және баланың төтенше жағдайда /әкесі үйде жоқта/ тууы. □

Екі жанрға ортақ осы мотивтің түп төркіні мифтік санадан басталады. Мифтік дәуірде кейіпкердің ғажайып туылатынына сену бар. Ал енді мотив мифтің сюжеттік желісін /фабуласын/ өзіне мұра етіп алған ертегіде де сақталған. Бірақ, мұнда мифтік сенім жоқ, қиял ғана. Мифтік түсінік біртіндеп әлеуметтік негізін жойғаннан кейін ертегілік поэтиканың заңына сәйкес қиял дүниесіне көшкен.

Көне эпос пен батырлық жырдың жағдайы мұнан басқашалау. Эпос поэтикасы батырдың керемет тууын қажет етеді, әрі бұл мотив батырдың айрықша жаратылысын, өзгелерге ұқсамайтынын дара бітімін куәландыратын шындық ретінде алынады. Көптің бірі атқара алмайтын істі тумысынан тотем бабалар, әруақтар, пірлер назарында жүрген батырлар ғана атқара алады; батырдың жаратылысында киелілік бар, ол іске құдайлар араласқан.

Біздіңше, батыр тұлғасының мәдени қаһарманның тәңірлік жаратылысына /божественное происхождение/, яғни мифтік құдайларға жақындығы бар. Екі жанрда да кейіпкер бейнесінің әлеуметтік дәйектемелері, ел /ру, тайпа/ өмірінде атқаратын қызметі тектес.

Мифтік дүниетаным әлі толық жойылмай тұрған кезде пайда болған архаикалық эпостарда патша құдай бейнесі қалыптасады.

---

□ Қасқабасов С. Ертегі пен эпостың сюжеттік типологиясы, 240-б.

Байырғы мемлекеттердің шығуымен байланысты патша билігі діни-мифтік салттарымен, әдет-ғұрыптармен күшейтіледі. Патша құдайдың өзі, я болмаса құдайдың таңдап алған жердегі өкілі деп есептеледі. Оның бейнесі мифтік хаостың орнына тәртіп орнатушы тәңірлік символ дәрежесіне көтерілген /Ра, Мардук, т.б. құдай патшалар/.<sup>1</sup>

Мәселе сонда байырғы мемлекеттердің шығуымен бірге табиғаттың көп құдайларына тән рөлдер біртіндеп мемлекеттің билеуші патшасына көшеді. Ежелгі Египет, Вавилон, Қытай, Индия, қала берді еуроазияның байырғы көшпелілері скиф, сақтардың патшалары бүкіл мемлекеттік маңызы бар шым-шытырық ғұрыптардың /ритуалдардың/ ортасында қалған. Елге игілік әкелетін де, бақытсыздыққа душар ететін де патша құдайдың ісі деген ұғым болған.

Құдай дәрежесіндегі патшаның мемлекеттік әдет-ғұрыптарды дер кезінде атқарып отыруын қадағалау кейінірек, сол ұғымның практикалық деңгейге түскен түрі; барлық магиялық жауапкершілік патшаның мойнына жүктеледі. Көп елдің патша құдайларының қызметі ежелгі табиғат құдайларының қызметіне жалғас, патша солардың мұрагері.<sup>2</sup>

Мұндай ұғым байырғы түріктердің де тарихынан айрықша орын алған. Күлтегінге арналған /кіші жазу/ тас қашау жазу былай басталады:

Теңірі тег, Теңіріде болмыш

Түрк Білге қаған.

/Тәңірідей, Тәңірден жаралған

Түрік Білге қаған.<sup>3</sup> Тәңір қолдаған қағанның да, қалың көшпелі түріктің де жеңіскі жетуі байырғы Орхон, Енисей жәдігерлерінің тұрақты мотиві. Тағы бір мысалға

жүгінейік:

Қаңым, Елтеріс қағануғ,

Өгім Ілбіге қатұнығ,

Теңрі төпесінде тұтұп

Иөгерү көтүрміс ерінч.

/Әкем Елтеріс қағанды,

Шешем Елбіге қатынды,

Тәңір төбесіне ұстап

---

<sup>1</sup> Мелетинский Е.М. Мифы древнего мира в сравнительном освещении // Типология и взаимосвязи литератур древнего мира, М., 1971. С.73; Сомыкі. Введение в историческую поэтику..., С.71.

<sup>2</sup> Бұл туралы қараңыз: Дж. Фрезер. Золотая Ветвь. М., 1986.

<sup>3</sup> Ертедегі әдебиет нұсқалары. Құрастырушылар: Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншіәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ.Сыдықов. Алматы, 1967. 26-б.

Жоғары көтерген екен/<sup>1</sup>

Демек, қағанның тәңірлік жаратылысы алдымен өзіміздің байырғы төл тарихымыздан мықтап орын алған дүниетаным болып шықты. Біз үшін мұның маңызы зор.

Асылында, алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі мифтік синкретизмнің фольклордағы таралу жолы біркелкі емес. Ертегі кейіпкер бейнесін жасауда миф тәсіліне сүйенгенімен, мифтің әлеуметтік мәнін, қоғамдық қызметін жоққа шығарады. Мұндағы кейіпкер адамзат қоғамы үшін маңызы жоғары істерден гөрі жеке бастың мақсатымен /үйлену, ғажайып заттарды қолға түсіру, байлыққа, хандыққа қол жеткізу, т.б.әрекет етеді. Ал эпос қаһарманы керісінше, ол мифтегідей көпшілік мүддесін бірінші кезекке қояды.

Осы тұрғыдан келгенде эпос батырларының қалың елі бола тұрып жалғыз жүруі – тағы да сол мифтік логикаға арқа тіреуден шыққан. Дара жүріп адамзат игілігіне қызмет ету – қаһарманның басты белгісі. Мәдени қаһарманның жалғыздығы – оның өз басының құдайлар бейнесіне жақындауының, немесе оның өзі болуының көрінісі.

Ал халық болып құралған, мемлекеті бар батырдың жалғыз жүруін кейіпкер тұлғасын айрықша даярлайтын көркемдік тәсіл ретінде ғана түсіндіріп келдік. Бұл мәселенің бергі жағы. Байыптап қарасақ, көркемдік тәсіл де өз-өзінен пайда бола салатын категория емес. Оның да тарихи себебі бар. Батырдың өзі құдай болмағанымен жаратылысында, іс-әрекетінде құдіреттің қасиеті дарыған. Оны дүниеге келтірген киелі күш – әруақтар, пірлер, желеп-жебеуші әулиелер. Олар әрдайым батырдың жанында.

Аңшыбай батырдың ұрпақтары Баба Түкті Шашты Әзиз әулиеден тарайды. Әулиенің өзі адам мен перінің некелесуінен туған. /**Парпария – М.46.**/ Асанқайғы мен перінің қызынан ақылында, мергендігінде, батырлығында теңдесі жоқ Абат дүниеге келеді /**Асанқайғы – М.50.**/ Ш. Уәлиханов жазып алған нұсқада Едігенің әкесі Баба Түкті Шашты Әзиз, анасы су астын мекендеген пері қызы /кейін ол аспанға ұшып кетеді/. Ал Баба Түктінің өзі Бабағұмардың бір қызға «көз тигеннен» пайда болған /**Едіге – Ш.361.**/ Пері қызының бейнесі зооморфты – «аяғы ешкінің аяғындай», «өкпесі қолтығынан көрінеді», «бас терісін қолына алып тарайды». Баба Түкті Шашты Әзиз қыздың тиым салған шартын екінші рет бұзғанда, қыз аспанға ұшып барып «кет құдайым» деп қайта оралады, тек үшінші ретте ғана біржола ұшып кетеді. «Кет құдайым» деуіне қарағанда пері

---

<sup>1</sup> Сонда, 34-б.

де құдайлармен аралас жүрген тұлға.

Әулиелер де, перілер де адамдармен араласпайды, бөлек жүреді. Пері қызының ұшып кету себебі – адамдардан бөлек белгілерінің болуында. Оны ешкім көрмеуі шарт. Нәтижесінде ол адамдардың арасына сыйыса алмайды. Демек, мифологиялық негізі бар осы кейіпкерлер адамзат қоғамындағы ұсақ-түйек тіршіліктен жоғары тұр. Олардың жалғыз жүруі киелілік, құдіреттілік, құпиялық, құдайлық қасиеттермен төркіндес.

Осындай бір пікірді кезінде М.Мағауин да аңғартты: “Асан қайғысы – күнделікті өмірдің күйбеңі туғызған әдепкі, пенделік қайғы емес, адам атаулының қайғысынан мүлде өзгеше хал. Айтылмыш аңыздың бір нұсқасында Асанның өзінің асылы періден делінеді. Асан Қайғы шын әулие болса оның сүйегінде адамзаттық емес, құпия бірдеңе болуға тиіс. Тарихтан белгілі кейбір адамдардың халық аңыздарында нұрдан, күн сәулесінен жаралған, немесе перінің қызынан туған болып көрсетілетіні де сондықтан”, - дейді ол. □

Асыл нұрдан жаралған  
Қыдырбай шалдың еркесі  
Қарақыпшақ Қобыланды  
Балаңыздың аты бар –  
**Қобыланды – Н. 401.**

дейді, Қобыланды тумай тұрғанда оның атын қойған пірлері.

«Жалғыздық құдайға ғана жарасады», «жалғыздың жары – бір құдай» деген ұғымдардың да барып тірелетін жері тәңірлік ұғым. Жалғыздық мотивінің тағы бір сыры – құдай араласқан ғажайып құпия іске қарапайым адамның қатысуы шарт емес. Жалпы көпшілік құдайлар шаруасының объектісі ғана. Батырды сұрап алу, батырдың бойға даруы елсіз-күнсіз жерде тікелей кереметтің әсерінен болады. Болашақ батырдың анасы жерік болғанда жыланның, қабыланның, арыстанның, бөрінің т.б. жүрегін, өкпесін, басын шикідей жеуі де батырға /бұл жерде киелі хайуанат, тотем-баба/ киелі қасиет даритындығынан деп түсінуге байланысты.

Қартайған әке-шешеден туды дегені болмаса, батырды дүниеге әкелген де, атын қойған да, желеп-жебейтін де оның киелі иесі – тотем-бабалар, әруақтар, әулиелер, пірлер. Қартайған әке-шеше бұл жерде тек құдай ісінің объектісі ғана.

Жалғыз жүрген батырдың ісіне киелі құдіреттің де араласатыны бар. Ағат кеткен батырды әрқашан түзетіп отыратын күш те біреуі-ақ.

---

□ Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы, 1991. 24-б.

Ол – батырдың пірлері. Олардан басқаға батыр бас имейді.

Біздіңше, бұл батыр тұлғасының әріден келе жатқан эпикалық шежіресі. Көптеген халықтардың архаикалық фольклорында көрінетін синкретті мәдени қаһарман бейнесінің қазақ эпосындағы бір таралу жор-жоралғысы осындай.

Қаһармандық эпостағы батырдың елінде хан бола тұрып, ортағасырлық тарихи шындыққа қайшы келсе де батырдың жырда хан сайлану себебіне де енді келдік.

Көне тарихтағы патша мен құдай бейнесінің тұтастығы батырлық жырға мұра болып қалған. Бұл, біздіңше, ежелгі көзқарастың бергі замандарда батыр бейнесін кие тұтуға байланысты қайта жаңғыруы: батыр ісі киелі күшпен ағайындас. Іс жүзінде көп құдайлар әрекетінің нақтылы тарихи тіршілікке түсірілген түрі – алдымен патша құдайлар, онан кейін патша батырлар.

Қазақтардың ескі сеніміндегі «патшаның қаһарынан сақта, шайтанның шаһарынан сақта!» деп сыйыну ортағасырлық хандардан үрейлену емес, бұл ұғымның артында патша құдайдың пиғылынан сақтану бар. Тарихи дәуірлердегі адамзат қоғамының ең жоғарғы билеушісі патшалар болғанда, халықтың идеал тұтып отырған батырлары одан төмен тұруы мүмкін емес. Батыр тұлғасы құдайлар мен патшалар бейнесін де, олардың қызметін де белгісі дәрежеде бөліседі.

Әрине, кейіпкерлердің әлеуметтік қызметіндегі ұқсастыққа сүйеніп, батырлық жырдың поэтикасын мифпен бір деңгейде қарастыруға болмайды.

Миф пен эпос екі түрлі дәуірдің, түбірлі айырмашылығы бар екі дүниетанымның туындылары. Сондықтан да әңгіме синкретті мифтік сананың жіктелуі, кейіпкер тұлғасының таралуы /трансформация/ батыр типінің, эволюциясы жайында болып отыр.

Бірақ, бұл мәселе эпостағы мифтің қалдықтарына ғана қатысты емес, батырлық жырдың қоғамдық қызметіне байланысты эпостың қайта көнеленуіне /вторичная архаизация/ де тиесілі жағдай. Қайта көнеленуге біз мифтік элементтердің батырлар жырында сақталу жайын ғана жатқызбаймыз, бұған мифтік санаға тән құбылыстардың басқа тарихи жағдайға икемделіп, күшеюін де қосамыз.

Батырлардың ғажайып тууы, жалғыз жүріп бүкіл елге қызмет етуі – қаһармандық эпоста батырдың басты сипаттамалары. Осынысымен де ол мәдени қаһарман типіне қол соза алады.

Батырлардың келесі бір көне типі – аңшы, мерген. Мұның да тарихы сонау мәдени қаһармандардан бастау алатыны даусыз. Аң

аулауды адамзатқа алғаш үйретуші тұлға мифтің үлесінде, соған тән. Қазақтың байырғы эпостық жыры «Құламерген, Жоямерген», батырлық ертегі «Еділ-Жайық» сияқты шығармаларда мифтік сарындардың мол болуы кездейсоқ емес. Бұларда батырлық асқан мергендікпен, аңшылық кәсіппен сабақтас. Аңшы, мергендер мекені елсіз жер, биік тау, жапан дала, онда өмір сүретін батыр да жападан жалғыз.

М.Әуезов былай деген: «Қазақ батырларының әңгімелерінде аңшылықтың өзі де көп жайылған үлкен бір салт болады. Біздің батырлардың бір алуаны аңшыдан шыққан батырлар. Бұның мысалдары, әсіресе, ертегіде көп. Кәсіп иесі аңшы батыр. Мал бағушы, бақташы Қодар батыр сияқты, біздің батырлардың ол да бір бөлек типі болды»<sup>□</sup>.

Батырлардың осы бір типін көнелейтін айғақтардың бірі – аңшылық мұнда көңіл көтеру, саятшылық өнер ретінде көрінбейді, ол күн көрудің, өмір сүрудің бірден бір көзі, батырдың күнделікті кәсібі. Бұл бір. Екіншіден, мергендердің соғысатын жаулары – адамзатқа қарсы қас күштер: жезтырнақ, жалмауыз кемпір т.б. Ондай қас күштер елдің бостандығына ауыз салмайды, батырдың үй-ішіне, от басына қауіп төндіреді. Сюжет от басын қорғау, әйел алу, үйлену сапарымен байланысты өрбиді.

Осы көрсетілген өзгешіліктердің көбі мәдени қаһарманға тән белгілер. Алдымен іс-әрекет жалғыз кейіпкердің еншісіне тиген. Аң аулау – күнелтудің жалғыз жолы. Ал құбыжықтармен, мифтік кейіпкерлермен алысу тағы да сол тарихи жаулардан бұрынғы дәуірге жетелейді.

Аңшы мерген тұлғасы қаһармандық эпоста жойласыз өзгеріске түскен. Аңшылық кәсіп көп жағдайда саятшылық өнермен орын ауыстырған, мергендік тарихи жауға қарсы соғыста көрінетін батырдың көп қасиеттерінің біріне айналған. Дегенімен, байырғы аңшы мерген қызметінің батырлар әрекетінде сақталған тектес белгілерін байқамау мүмкін емес.

Солардың бірі – батырдың қалыңдық іздеумен байланысты алғашқы ерлігі. Қаһарман қызды алу үшін мергендікті ғана қажет ететін ерен ерлік жасайды. Ол биікке ілінген алтын теңгені /қабақты, қалтаны, жібек бауды, т.б./ атып түсіреді. Жалпы алғанда, батырдың алғашқы ерлігіне тиесілі үйлену жорығы қаһармандық эпостың ең ескі мотивтері екені мұнан бұрын да айтылды. Ал мергендік қасиеттің

---

<sup>□</sup> Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы, 1991. 101-6

сюжеттің дәл осы бөлігінде кездесетіні де көп нәрсені аңғартқандай. Мұндағы мергендік – батырлықтың өзімен барабар, екеуінің арасында тектестік бар.

Тегінде қаһармандық эпостағы батырлар типінің байырғы мәдени қаһарманмен сабақтасып жатқандары патша батыр мен осы аңшы мерген батыр болса керек.

Батырлар типінің эволюциясы осындай екі түрлі жолмен жүріп отырғанға ұқсайды. Алайда батыр хан бейнесіне қарағанда батыр мерген тұлғасы қаһармандық эпоста жаппай таралмаған. Соның айқын бір дәлелі ретінде классикалық батырлық жырлардың ішінен «Қамбар батыр» жырын бөліп айтуға болады.

Қамбардың да негізгі кәсібі аңшылық. Ол аңшылықпен өзі ғана күн көрмейді, оның арқасында «алпыс үйлі арғын мен тоқсан үйлі тобыр» да күнелтеді. Кедейлік айтып жүргеніміздей, Қамбардың қаналушы таптан шыққан тегін мақтан тұту үшін алынған мотив емес. Мұнан гөрі батырдың дара туған мергендігін, аңшылықпен айналысқан бірегей кәсібін баса көрсетудің салмағы жырда басым.

«Байлық мұрат емес, кедейлік ұят емес» деп халқымыз айтқандай, батыр үшін мұның қай-қайсысы да негізгі көрсеткіш бола алмайды. Кедейлік ұят болмағанымен, ол бір мақтаныш та емес. Байлық та сондай. Қамбардың батырлығын, мергендігін дәріптеу үшін алынған әлеуметтік астар бұл.

Эпостағы аңшы мерген типінің кейінгі тарихи жағдайға байланысты икемделген мұнан артық үлгісін іздеп табу қиын. Байырғы мәдени қаһарманның аң аулауды үйрету қызметі осылайша түлеген. Батырдың әлеуметтік жүгі аңшылық арқылы өрілген. Бұл да батырлықтың айрықша бір белгісі. Әділ патша болып ел игілігіне қызмет ету мен дүйім елді аңшылықпен асыраудың жалпы әлеуметтік мән-маңызы бір. Қалай болған күнде де батыр елдің адамы, халықтың перзенті. Эпикалық дәстүр тарапынан оларды бай, кедейге бөлудің батыр тұлғасына тіреліп тұрғаны шамалы. Батырдың қай типі болса да қаһармандық рухпен шыңдалады.

Батырлар типінің келесі бір өкілі – батыр би /шешен/. Бұл тұлға көп тарамаған, әрі кейін қалыптасқан деген ойдамыз. Бидің шығу мезгілін ғалымдар әртүрлі айтады. В.В. Бартольд «би» сөзі «бек» сөзінің кейінгі дәуірлердегі өзгерген түрі және ол ХҮ ғасырдан бұрынғы деректерде кездеспейді десе,<sup>□</sup> Б.М.Вяткин бұл ұғымның

---

<sup>□</sup> Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких племен Средней Азии // Сочинения. М., 1968. Т.5. С.36.

тарихын Дешті қыпшақ заманынан іздейді.<sup>2</sup>

Бидің әлеуметтік жағдайы туралы бірқатар ғалымдар пікір білдірді.<sup>3</sup> Соларға қарағанда, бидің әлеуметтік қызметі мен қазақ даласындағы даңқы әрдайым бірдей дәрежеде болмаған. Олардың ішінде ханға айтқанын істетте алған әйгілі билер де, жекелеген адамдардың арасындағы дау-дамайларды ғана шешіп отыратын ортақол билер де болған. Атақты Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке сияқты үш жүзге мәшһүр билер дара туған тұлғалар ретінде сирек ұшырасады. Асылында хандық басқару жүйесінде ханнан кейінгі биліктің жоғары сатысына көтерілген билер болғанымен, олардың жалпы дені басқарудың әлеуметтік құрылымында ортаңғы буынға көбірек тиесілі.<sup>4</sup>

Билердің қызметіне рулардың көші-қонын реттеу, ұсақ-түйектен бастап ру аралық дау-жанжалдарға дейінгі әкімшілік және сот билігіне қатысты мәселелерді шешу жүктелген. Бұл жағдайдың, әсіресе, күшейген тұсы ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлар.<sup>1</sup>

Біз қазақ тарихындағы билер институтының бүге-шігесін түгел қарастыруды мақсат етпейміз. Алайда батырлар тұлғасымен біріккен билер бейнесіне қатысты қаһармандық эпостың мәліметтеріне жүгінер болсақ мынаны айтуға болады: билер бейнесі өз-өзінен тұтас образ ретінде жырда кездеспейді. Олар батыр тұлғасымен тұтастанғанда ғана толыққанды, бас-аяғы бүтін қаһарман ретінде эпостан орын алады.

Осындай тұлғалардың бірі – Едіге би. Ол бала кезінен-ақ шешендігімен, әділ билігімен көзге түседі. Тоқтамыс ханға даулы болып бара жатқан екі кісінің таласын ойнап жүрген Едіге шешеді. Дау қуушылар ханға барғанда ол Едігенің төрелігінен артық төрелік бере алмайтынын айтады. Осындай бірінен-бірі асқан тағы да үш дауды Едіге шешіп, әділ төрелікке хан да тоқтайды. Ұсақ-түйектен басталған төрелік үлкен билік айтуға ұласады.

Соның ішінде балаға таласқан екі әйелге «баланы семсермен қак бөліп беремін» дегенде, шын анасы «өлтiрмеңiз» деп араша түсіп, осыдан жалған ана мен баланың өз анасын ажыратқан әйгілі билік те

---

<sup>2</sup> Вяткин М. Батыр Сырым, С.107.

<sup>3</sup> Қараңыз: Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата, 1961.Т.1.С.505; Крафт Н.Н. Султаны, тарханы и бии //Из киргизской старины. Оренбург, 1900. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX в. Алма-Ата, 1958.С. 71-93; Аполлова Н.Г. Экономические связи Казахстана с Россией в ХУІІІ – начале XIX вв.М., 1960.С.70; Биржанов М. Социальные категории казахского общества ХУІІІ века в трудах русских ученых //Казахстан в ХУ-ХУІІІ веках. Алма-Ата, 1969.С.163.

<sup>4</sup> Зиманов С.З. Көрсетілген еңбек, 193-б.

<sup>1</sup> Аполлова Н.Г. Көрсетілген еңбек, 70-б.

эпоста Едіге атымен байланысты /Едіге – Ш. 364./.

Едіге аруағының асып туғанын алдымен ханның әйелі байқайды. Едіге кіріп келгенде ханның селк ете түсетінін әйелі хан киімінің етегін түйреген иненің морт сынғанымен дәлелдейді. Мұнан кейін ханның Едігеге қарсы қастандығы басталады.

Жырда Едігенің батырлығынан билігі бір мысқал да кем емес, қайта оның ханмен араздасқанға дейінгі атағы тек әділ билігімен ғана шығады. Едігенің мемлекет басқаруды өз қолына алғанда да хан аталмауы тарихи шындыққа жақын. Ал енді қаһармандық дәуірде батырдан артық тұлға болмайтыны рас болса, осы жағдайдың «Ер Едіге» жырындағы таралуын былайша түсінеміз. Жырда Едіге ақылы, әділдігі, батырлығы жағынан Тоқтамыс ханнан биік тұр. Едіге хан атағын алмаса да ханнан артық. Халық қарадан туып хан дәрежесінен де асып кеткен Едіге бейнесін идеал тұтады. Эпос тарихи шындыққа қайшы келмей отырып /қарадан шығып хан болмау/ биді ханға қарсы қою арқылы би болған батырды биікке көтереді.

Міне, батырлар тұлғасымен бірікпеген ханның да, бидің де, өзге әлеуметтік өкілдердің де эпоста тұрақты бейнесінің, қалыпты бағасының болмау себебі де осындай заңдылыққа байланысты деген ойдамыз. Өз алдына суреттелетін билер кейде батырдың жақтаушысы /Шора – М. 348./, кейде батырға қарсы /Қарадөң – М. 190; Нәрік – М. 312; Тұяқбай – М. 160./. Жыр үшін батырлықпен ұштасқан әлеумет өкілдерінің кез-келгенінің бейнесі сол қоғамдағы билік пен байлыққа ие болған адамдардың бәрінен жоғары.

Ноғайлы біткен жиылды,

Би мен төре, бектері

Айбатты батыр үстіне

Кіре алмай жүр көптері.

**Аңшыбай – М. 29.**

Тағы да айтарымыз, қаһармандық дәуірде батырдан биік тұлға жоқ.

Ал енді «қарадан шығып хан болған», «асыл туған төре еді», «сұлтан», «бек» сияқты батырдың анықтауыштарының әлеуметтік астарынан гөрі көркемдік айқындауыштық салмағы басым. Олардың батыр тұлғасымен тұтастанған әлеуметтік себептері жан-жақты ашылмайды. Бұған қарағанда батыр типінің мұндай түрлері бергі замандарда қалыптаса бастаған, әрі бұл кең тарап үлгермеген деуімізге болады.

Тұтастай алғанда, батырдың өз басы сегіз қырлы, бір сырлы, яғни синкретті тұлға. Оның бойында ерлікпен бірге билік /Асанқайғы,

Абат, Мамай, Әли/ сөйлер сөзге тапқырлық пен шешендік /Асанқайғы, Қосай т.б./, жомарттық, әдісқойлық, мергендік, балуандық, кейде тіпті ақындық өнер де ұштасып жатады. Мамай қалмақтың Берен шайырын уәжбен жеңеді /**Орақ, Мамай – М. 138.**/, Алпамыс Бадамшаны айтыста отырғызып кетеді. Абат батырдың билік айтуы, мергендігі, ерлігі, пейілінің кеңдігі Жәнібек хан тарапынан арнайы сыннан өтеді /**Асанқайғы, Тоған, Абат – М. 50.**/

Синкретті мінездеме батырларға тән. Бірақ мәдени қаһарманнан мұның айырмасы бар. Синкреттілік мәдени қаһарманның негізгі іс-әрекетіне, қызметіне тиесілі /үйретуші, табушы, алып келуші, даярлаушы, т.б./ болса, батырлар тұлғасына қатысты жағы жеке бастың мінездемесіне көбірек жуықтауында. Мұны эпикалық бейне жасаудың мифке қарағанда мүлдем басқа арнаға ауысқандығынан, саяси-әлеуметтік жағдайдың түбірімен өзгергенінен деп түсінсек керек. Сырттай әрекеттен іштей мінез иірімдеріне қарай ойысу – жалпы фольклор мен әдебиет атаулының тарихи жүріп отырған жолы десек асыра айтқандық емес.

# ЭПОС СЮЖЕТИ МЕН КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДЕРІ

## СЮЖЕТ ЖӘНЕ МОТИВ

Эпикалық жанрлардың қай-қайсысының да басты өзгешелігі – олардың сюжеттілігінде. Алайда сюжет әрбір шығармада, жанрда өзінше өрбіп, өріліп отырумен қатар, әдеби және фольклорлық дәстүрде де өзінің дара бітімімен көрінеді.

Фольклор сюжеті, оған арқау болған өмірлік деректер көбіне тұрақтанған. Мұндағы сюжеттің шындықты бейнелеу өрісі мыңдаған жылдық дәстүр аясында сүзіліп, іріктеліп, оның өлшем-пішіндер симметриясы тұрақты арнаға, қалыпты ізге түскен. Бұл, әсіресе, ертегі, эпос сияқты жанрлардан анық байқалады.

Задында, эпос пен ертегі сюжетін фольклоршылардың есепке алып, тұрақты белгілері бойынша сюжеттік көрсеткіштер /указатель сюжетов/ мен сюжеттер жинағын /свод сюжетов/ шығаруы ауыз әдебиетіндегі эпикалық сюжеттердің қалыпқа түскен тұрақтылығын айқын аңғартса керек. □

Түптеп келгенде ертегі кейіпкерлерін қызметіне қарай /В.Я.Пропп/, эпос оқиғасын мотивтерге жіктеп қарастыру /А.Н.Веселовский, Б.Н.Путилов/ сюжеттің дәстүрлі бітімімен туындап жатқан тұжырымдар екені даусыз. Осыдан келіп фольклор, оның ішінде эпос сюжетінің сыр-сипатын зерттеудің өзіндік жолы қалыптасқан.

Эпос оқиғаларының желісі уақыт пен кеңістік жағынан белгілі бір тәртіппен орналасып, бас-аяғы бүтін көркем шығармаға айналады. Осыған лайық эпикалық баяндаудың әр халықтың фольклорында қалыптасқан дәстүрлі тәсілі болады. Бір ғажабы, осы өзгешелік сюжеттің ұлттық сипатын да, жалпы ұлтаралық типологиялық белгілерін де анықтауға мүмкіндік береді. Сюжеттің жалпы сырт көрінісі, оқиғалардың орналасу тәртібі мен қаңқасы /схемасы/ тұрақты ұлтаралық белгілерімен ерекшеленсе, әрбір нақтылы сюжеттің іштей өрілуі, әлеуметтік мән-мазмұны орта мен жағдайға, ұлттық психологияға, наным-сенімге, әдет-ғұрыпқа, қоғамдық тартысқа негізделеді.

Демек, сюжеттің екіжақты қызметі бар болып шықты.

---

□ Сравнительный указатель сюжетов. Восточнославянская сказка. Составители Л.Г.Бараг, И.П. Березовский и др. Л., 1979; Емельянов Н.В. Сюжеты якутских олонхо / Систематизированный свод/. М., 1980; Его же. Сюжеты ранних типов якутских олонхо о радоначальниках племени. М., 1990; Смирнов Ю.И. Восточнославянские баллады и близкие им формы. Опыт указателя сюжетов и версии. М., 1988.

Шығарманың ұлттық дәстүр үрдісіне сәйкес даму жолы мен оның көп халықтарға ортақ белгілері алдымен сюжет арқылы көрінетіні осыны аңғартады. Эпос, ертегі жанрларының поэтикасы мен типологиясын қарастыруда зерттеушілердің алдымен сюжетке жүгіне бастауы кездейсоқтан тумаған. Сюжет көп қырлы, алуан иірімді оқиғалардың жиынтығы ғана емес, көркем шығарманың өзегі де.

Осы орайда сюжеттің композициямен ара қатысын да айта кеткен жөн. Композиция сюжеттің бас-аяғын жинақтап, сюжетті құрайтын оқиғалардың рет тәртібін, бір-бірімен қиюласуын тұтас жүйеге түсіреді. «Сюжеттік дамудың кезең-кезеңдерін тәртіпке салып, реттеп, қиыннан қиыстырып тұратын нәрсе – шығарманың композициясы», - дейді З.Қабдолов<sup>1</sup>.

Әрине, бүтін сюжеттің өрбу жолындағы оқиғаның, іс-әрекеттің қызметі, экспозиция, байланыс, шарықтау шегі, шешім сияқты мәнге ие болуынан композициясының бедері айқындала түседі. Мұның сыртында сюжетке енбейтін пролог, эпилог, түрлі тәсілдер де композицияның аясына жатады екен.

Алайда ертегі мен эпостық жанрлардың сюжетін іс-жүзінде мотив пен кейіпкерлердің қызметіне /функциясына/ жіктеп қарастыру фольклорлық зерттеуде біраздан бері орын алған. Мұның себебі сюжетті құрайтын сан-қилы оқиғаларды жіктеп таратып, олардың ішіндегі бір-біріне сәйкес келетін белгілерін бірыңғай жинақтауға мотивтің қолайлы болуында.

Сондай-ақ шығармадағы баяндалатын оқиғалар белгілі бір уақыт пен кеңістік аралығында өтетін болса, олардың бас-аяғын бүтіндеп, бір-біріне шебер қиюластыру іс-әрекет арқылы іске асады. Осы тұрғыдан келгенде кейіпкерлердің іс-әрекетінен тұратын, уақыт пен кеңістік жағынан жинақталған оқиға желісін сюжет деп түсінсек болғандай.

Демек, сюжеттің негізгі кейіпкерлердің іс-әрекетінде жатыр. Ал іс-әрекет кейіпкерлердің сезімі мен ой-дүниесінен, мақсатынан, қимыл-қозғалысынан, талас-тартысынан тұрады.

Фольклорлық жанрлардың сюжетін мотивтерге, іс-әрекеттер мақсатына қарай жіктеудің ұтымды жақтарымен қоса, ұтылатын тұстары бар. Біздіңше, сюжет құрайтын оқиғалардың даму жолдарын, типтік белгілерін, көптеген шығармаларға /вариант, версия, редакция/ ортақ сипатын диахрондық аспектіде қарастыруда мотивке арқа сүйеу тиімді.

---

<sup>1</sup> Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы, 1970. 194-б.

Өкінішке орай, мотивтің сюжеттегі орын тәртібі мен мән-маңызына, сюжеттік өрбудің кезең-кезеңдеріне қатыстылығы жете ескерілмей келеді. Бұл сюжетті мотив арқылы қарастырудың әлсіз жағы. Біздіңше, мотивтерді сюжеттің даму кезеңдерімен байланыстыруға толық мүмкіндік бар. Ол үшін мотивтерді тек мазмұнына қарай емес, пішініне қарай да жіктеуіміз қажет. Бұл фольклортану ғылымында енді ғана қолға алына бастаған іс.

Түрлі тарихи дәуірлерді, мындаған жылдық дамуды бастан кешірген эпостық жырларда наным-сенім, әдет-ғұрып, мифтік, аңыздық түсініктер, тұрмыс-тіршілік, тарихи оқиғалар, саяси-әлеуметтік жағдайлар өзара тұтастықта көрінеді. Әрі осы бір ұғымдар тарихи дамудың өн бойында өзгеріп отырады. Демек, тарихилық бүтін шығармаға ғана емес, оның ішкі құрамдас бөліктеріне, сюжеттік, композициялық бітіміне, образдар жүйесіне, көркемдік өрнегі мен тәсілдеріне де қатысты. Ал осылардың типологиясын бүтіннің бөлшегі ретінде бір жанрдың аясына да, жалпы фольклордың аумағында да қарастыруға болады. Оның үстіне тарихи негізде, яғни диахрондық аспектіде салғыластыру да аса маңызды.

Міне, бұл жерде композиция арқылы қиюласатын сюжеттің өрбу кезеңдерінен /экспозиция, байланыс, кульминация, шешім, т.б./ гөрі, наным-сенім, әдет-ғұрып, әлеуметтік орта, тарихи жағдай көрінісін және осылардың даму жолын мотивке сүйеніп талдау тиімді тәсіл болмақ.

Эпикалық сюжет – тұтас ұғым. Оның ерекшеліктерін, тарихи өрілу жолын, жекелеген бөліктерінің алмасу, жаңару принциптерін мотивтер арқылы жан-жақты сипаттауға болады. Ол үшін алдымен мотивтердің жанрдағы жалпы мән-маңызына тоқтала кетейік.

Біріншіден, семантикалық мағынасы жағынан ұқсас мотивтер /кейіпкердің ғажайып тууы, тездеп өсуі, қалыңдық үшін жолға шығуы, т.б./ дәуірі және жанры жағынан бір-біріне сәйкес емес шығармаларда /миф, ертегі, көне эпос, батырлық жыр, лиро-эпос, т.б./кездесе береді. Бұл жерде мотив көп жанрларға ортақ әлеуметтік астар /фон/, сюжетті оқиғалармен, іс-әрекеттермен толтырудың дәстүрлі машығы болып табылады.

Екіншіден, мотивтердің мағыналық ұқсастықтары сырттай ғана, ал олардың сюжетке қарап көркемделуі, нақтылы өрнектелуі әр жанрда, әр шығармада бірдей емес. Ендеше, мотив – кез-келген сюжеттің, тақырып пен идеяның, кеңірек алсақ жанрдың өлшем-пішініне, мақсатына икемдеп қолдануға таптырмайтын даяр шағын типтік оқиға. Ол үнемі түлеп отырады.

Үшіншіден, бір-біріне мағынасы жағынан ұқсамайтын мотивтер де тарихи дамудың нәтижесінде пайда болған. Олардың қызметі көбінесе тың деректерді, тіршіліктегі жаңа көріністерді игеру мақсатымен қарайлас /Ғауазхан далада шылым іздеп жүріп, бір қыздың үйіне тап болады. **Көрұғлы – С. 209./**. Ал кейде жеке-дара тұрған мотивтер ұмыт болған байырғы замандардың наным-сенім, түсініктерімен қарайлас /аруағы жылан болып келіп, Шораны жер жұтып қаза болады. **Шора – М.368./**. Жалпы типтік сюжеттен ауытқыған жырларда бірегей мотивтер молырақ кездеседі.

Төртіншіден, мотивтердің қызметі екіжақты: әрі дәстүрлі, әрі жаңашылдық сипатта. Анығырақ айтқанда тарихи жаңа мазмұнды дәстүрлі машықтармен игеруде мотив айрықша қызмет атқарады. Мотивтің мағынасы тың деректермен толысып, әлеуметтік ортаға икемделгенімен, оның сюжеттегі семантикалық қызметі сол қалпында қала береді. Өзгеріп отыратын тарихи шындыққа қарай сюжеттің бет бұруы алдымен осы мотивтер арқылы іске асады. Ал жалпы алғанда коллективтік шығармашылыққа жаңа мазмұнға лайық жана пішін тауып қолдану бір жанрдың ішінде бола бермейтін құбылыс. Мұндай ауысулар сапалық айырмашылығы бар басқа жанрдың пайда болуымен қарайлас.

Мотив – сюжет аясында өзінше дербестігі бар, оқиғасы іштей тұжырымдалып жинақталған бүтіннің бөлшегі, яғни толып жатқан оқиғалар тізбегінен құралатын сюжеттің жекелеген қиындысы. □

Бұл орайда мотивтің қызметі бүтіннің бөлшегі ғана болумен шектелмейді, ол – оқиғаларды, ситуацияларды белгілі бір тәртіппен қиюластыруға қатысатын сюжеттің ең төменгі жинақтаушы және оқиғаларды ұйымдастырушы бөлігі.

Мотивтің қызметі туралы Б.Н. Путиловтың мына пікіріне қосылуға болады: «Мотив выполняет одновременно по крайней мере три постоянные функции: конструктивную, динамическую и семантическую; он входит в составляющие сюжета, он выступает как организованный момент сюжетного движения и несет свои значения, определяющие содержание сюжета. Но у мотива есть еще одна очень важная функция, обусловленная заложенными в нем способностями к изменениям, варьированию, трансформациям, к взаимным замещениям: эту функцию можно было бы называть продуцирующей».<sup>2</sup>

---

□ Путилов Б.Н. Мотив как сюжетобразующий элемент //Типологические исследования по фольклору. М., 1975. С.143.

<sup>2</sup> Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. Л., 1988. С.140.

Мотивтің бұл көрсетілген қызметтері түркі эпостарының негізінде әлі күнге қарастырылған емес. Қазірге дейін мотивтерді мағынасы бойынша топтастырып, оларды өзара шендестіру, сөйтіп ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау – зерттеу еңбектерінде қалыптасқан дәстүр.

Түркі эпостарының сюжеттерін мотивтерге бөліп, олардың әрқайсысын кең түрде салыстыра қарастырған, ішкі мағыналық ұқсастықтары мен даралық белгілеріне қарай ажыратқан ғалымдардың бірі – В.М.Жирмунский. Ол көптеген халықтардың фольклорында кең таралған «Алпамыс» жырының сюжетін ала отырып, оның іштей үлкен екі сюжеттен және прологтан тұратынын анықтады.

Бұлардың әрқайсысын ол көптеген мотивтерге жіктеген. Мәселен, прологқа мынадай мотивтер кіреді: батырдың ғажайып тууы, батырға ат қою, оған зақым келмейтіндік, балалық шағы, жүйрік ат тандауы. Батырлық үйлену сюжетіне: батырдың жолға шығуы, түрлі шарттарды орындауы, жарысқа түсуі, т.б.; күйеудің еліне оралу сюжетіне: батырдың жолға шығуы, түрлі шарттарды орындауы, жарысқа түсуі, т.б.; күйеудің еліне оралу сюжетіне: батырдың тұтқында болуы, еліне қайтып оралуы, өз әйелінің тойына қатысуы, зорлықшыл Ұлтанды жазалауы.<sup>3</sup>

«Манас» эпосының сюжетін талдауға қолайлы болу үшін В.М.Жирмунский оның мотивтерін төмендегідей бірнеше топтарға жіктейді: 1. Өмірбаяндық мотивтер /батырдың тууы, балалық шағы, үйлену, қайтыс болу /; 2. Туыстары мен қол астындағы әкімдермен қақтығыс және оларды жазалау мотивтері; 3. Бейбіт өмірді суреттейтін мотивтер /мерекелер, той-жиындар, ас беру/; 4. Манастың жорықтары.<sup>1</sup>

Задында, бұлай жіктеуде сюжеттің тұтастығы басшылыққа алынбайды. Сюжет өз алдына қалады да, зерттеуші мотивтермен әуре болып кетеді. Рас, мотивтерді өзара салыстыру барысында ғалым эпостың байырғы қабаттарын, мотивтердің мифпен, ритуалмен, әдет-ғұрыппен байланысын және кейінгі замандардағы эволюциясын жан-жақты талдауға мүмкіндік алды. Бұл эпосты типологиялық аспектіде қарастырудың нақтылығын арттырды.

Дей тұрғанымен, мұнан біз мотивтің сюжет ішіндегі өзгеру, бірін-бірі алмастыру, сондай-ақ сюжеттің өрбу кезеңдеріндегі оның семантикалық мәнін бажалай алмаймыз. Ол – ол ма, «Манас»

---

<sup>3</sup> Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л., 1974.С.222-334.

<sup>1</sup> Сонда, 34-б.

эпосының мотивтері зерттеушінің өз тақырыптарына жіктелгендіктен сюжет көрінбей қалған, ал композиция дәл бұл жерде мүлдем ұмытылған. Бәлкім, ұланғайыр эпостың сюжеті мен композициясы анау-мынау жіктеуге бой бермейтін, ұзыннан ұзақ тізім жасап шығуға мәжбүр ететін болғандықтан да ғалым осы жолды қолайлы көрген болуы әбден мүмкін.

Әрине, көлемі жағынан онша үлкен емес жырды сюжеттің өрбуіне қарай мотивтерге жіктеп шығу пәлендей қиындық тудырмайды. Алайда сюжеттің типологиясы мен поэтикасын сөз етуде мұның пайдасы шамалы. Сондықтан бұл жерде біз сюжеттік инвариант деген ұғымға жүгінеміз.

Сюжеттік инвариант көптеген эпостардың сюжеттік желісі, оқиға мен іс-әрекет кезеңдері жинақталған, жалқылықтан жалпылама үлгіге түсірілген көрінісі. Инвариант – толып жатқан жеке-жеке текстердің ортақ белгісінен, сюжеттік коллизия мен тартыстың бірыңғайлылығынан, іс-әрекеттің ұқсастығынан туындайтын жалпы ұғым. Оның шеңбері жанрмен қала берді бір халықтың фольклорымен ғана шектелмейді.<sup>2</sup>

Түрлі этникалық дәстүрге ортақ сюжеттік вариант туралы мәселе көтеруге толық негіз бар. /«Алпамыс», «Одиссея», «Алып-Манап», т.б./. Инвариант о баста бір сюжеттен тарады ма, жоқ әлде басқадай себебі бар ма, оның жауабын ғылым іздестіру үстінде.

Түптеп келгенде, сюжеттік инвариант – қайталанатын мотивтердің тобы мен рет тәртібінің жиынтығы. Ал енді осылардың тобын қазақтың батырлық жырларының құрылымына тән сюжеттік инвариант түрінде жіктеп көрейік.

## Сюжеттік инвариант

/Типтік мотивтер/

I-СЮЖЕТ. БАТЫРҒА ТӘН БАЛАЛЫҚ ШАҚ ЖӘНЕ КЕЙІПКЕРДІҢ  
ҮЙЛЕНУІ /БАТЫРҒА ЛАЙЫҚ ҚҰДАЛЫҚ/

1. Суреттеу – ру /тайпа, ата-ана/ туралы сөз.
2. Кейіпкердің ғажайып жаратылысы.
3. Батырға тән балалық шақ.
4. Алғашқы ерлік /кейінгі эпостарда кезіге бермейді/.

---

<sup>2</sup>Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность, С.138; Левинтон Г.А. К проблеме изучения повествовательного фольклора // Типологические исследования по фольклору М., 1975. С7 307.

5. Қалыңдық туралы хабар /қалыңдығын іздеу/.
6. Қалыңдықпен сынға түсу, белдесу /немесе күйеулер арасындағы бәсеке/.
7. Жеңіс және кейіпкердің қалыңдығымен оралуы.

## II – СЮЖЕТ. БАТЫРҒА ТӘН ЕРЛІКТЕР

8. Жаудың шабуылы туралы хабар.
9. Жорыққа аттану.
10. Батырлардың белдесуі /кейде жорық сәтсіз болып, батыр тұтқынға түседі/.
11. Жекпе-жек және кейіпкердің жеңісі.
12. Жеңіспен оралу.

## III – СЮЖЕТ: ЖАУДАН /ҚҰЛДАН, БАҚТАЛАСТАН/ РУДЫ /ТАЙПАНЫ, ҚАЛЫҢДЫҚТЫ, ТУҒАН-ТУЫСТЫ/ АЗАТ ЕТУ

13. Қалыңдық туралы немесе туған-туыстың /рудың/ тұтқынға түскені /қорлық көргені/ жөнінде хабар /түс көру, белгі берілу/.
14. Кейіпкердің қалыңдығына дұшпанның /«Қобыландыда» – Алшағыр хан/, бәсекелестің немесе құлдың /«Алпамыста» – Ұлтанқұл/ үйленуді ниет етуі.
15. Қалыңдықпен жасырын кездесу /«Қобыланды»/, немесе қалыңдығының тойына бөтен адамның кейіпінде келу / «Алпамыс»/.
16. Күрес /жарыс/ үстінде кейіпкердің танылуы.
17. Туған жерге оралу немесе бәсекелестерді, құлдарды жазалау.
18. Той.

Сюжет пен мотивтердің осылай жіктелуі абстракциялық жинақтауға, яғни инвариантқа негізделгенімен осы бір қаңқаны көптеген қаһармандық эпостың сюжетімен өрелестіруімізге болады. □

Алдымен айтарымыз – мотивтер түгелімен бас-аяғы бүтін көлемді жырлардағы қиюласқан рет тәртібімен алынды да /«Қобыланды», «Алпамыс», «Қарабек», т.б./, толып жатқан өзге батырлық жырлармен өзара шендестірілді. Нәтижесінде іштей үш түрлі сюжеттердің инварианты бар екендігі анықталды.

Мұнан ары байыптай түссек жіктелген сюжеттердің алғашқы екеуі /I және II-сюжеттер/ өз алдына жеке-жеке көптеген жырларға

---

□ Осы сюжеттік инвариантты С.Қасқабасовтың жіктеуімен салыстырып қараңыз: Ертеке пен сюжеттік типологиясы, 240-б.

арқау болғанын көреміз.

Байырғы эпостардың қатарына жататын «Дотан», «Құбығұл», «Құламерген, Жоямерген» жырларының түп қазығы үйлену, үй ішін қорғау сюжетімен төркіндес. Рас, бұларда көптеген осымша мотивтер /мәселен; Құбығұлдың қыз еліне жасырын баруы, жалмауыз кемпірдің Дотанды Шынтемір ханның қызын әкелуге жұмсауы, Құламергеннің Жалмауыздан қашып жүруі, т.б./ бар. Ондай мотивтер өзге эпостық жырларда көп қайталанбайтын болғандықтан сюжеттік инвариантқа жатқызылған жоқ.

Ал енді «Қырымның қырық батыры» сияқты жыр тізбегінің дені І-ші және ІІ-ші сюжеттер. Оның өзінде 5,6,7 мотивтер сиректеу ұшырасады да, сюжет негізінен батырдың балалық шағы мен жауға қарсы ерліктерінің төңірегінде өрбиді. Сөйтіп іс жүзінде екі сюжеттің кірігуінен /контаминация/ тұтас жыр туады.

Бұл орайда қандай сюжет болса да /І, ІІ, ІІІ/ соңы 17-ші және 18-ші мотивтермен аяқталуы қалыпты жағдай. Батырдың жолға бір-ақ рет шығуы көбінесе жолдағы оқиғаларды молайтумен, сондай-ақ батырдың күшін, тапқырлығын танытатын іс-әрекеттерді кеңірек суреттеумен толысып отырады. Мұнда сюжеттің жалғамалы тәсілмен ұлғайып отыруынан гөрі іштей өсіп өрбуі басым. Бұл, әсіресе, «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Шынтасұлы Төрехан» /Нұрпейіс нұсқасы/, Ер Сайын/ А.Байтұрсынов нұсқасы/, «Ер Көкше» /Радлов нұсқасы/, «Ер Қосай» /Қалқай нұсқасы/ сияқты жырлардан анық байқалады.

Бұларға қарағанда сюжеттің жалғамалы, бір-біріне кіріккен сипаты «Алпамыс», «Қобыланды», «Қарабек», т.б. жырларда айқын. Бұл эпостарда үш сюжет те тұтас көрінеді. Батырдың үйлену сапарымен байланысты ерлігі, сыртқы жауға қарсы ел қорғау тақырыбына ұласады да, ол елге оралғанда бәсекелес құлдың /жаудың/ зорлығының үстінен шығады. Алшағыр Құртқаны /«Қобыланды»/ Ұлтанқұл Гүлбаршынды /«Алпамыс»/, Қалқан құл Қарабектің апасын /«Қарабек»/ алғалы жатқанда тұтқында болған батырлар елге оралады.

Дүниежүзі эпосынан үндестік табатын /Одиссея, «Добрыня мен Алеша», «Алып-Манаш», «Қорқыт ата кітабы» т.б./ осы сюжеттің көнелігінде дау жоқ. Бірақ типтік оқиғаға дейінгі батырдың басынан кешкендері этникалық тегі бір емес халықтарда /грек, орыс/ әр түрлі оқиғалармен әдіптеледі. Түркі эпосында бұл сюжет батырдың балалық шағы мен үйленуі, сыртқы жауға қарсы ерліктер жасауы сияқты сюжеттермен бірлікте жүреді. Соған қарағанда бірнеше

сюжеттердің кірігуі осы жырлардың эпос ретінде пайда болған мезгілімен қарайлас. Әсіресе, бұл түркі халықтарына кең тараған «Алпамыс» сюжетінен анық көрінеді.

Сонымен, сюжеттік инварианттың жеке-жеке сюжеттерге жіктелуінен де, олардың тұтастығынан да қазақтың батырлық жырларының құрылымын аңғарғандай боламыз. Бірақ, әділін айтайық, сюжеттік инвариант еш уақытта жекелеген эпостың да, тұтас ұлттық эпикалық дәстүрдің де баламасы /аналогы/ бола алмайды. Себебі ол түптеп келгенде көптеген жырлардың абстракцияланған ортақ белгісі ғана. Оның өзінде қайталанатын, типтік мотивтер ғана негізге алынады. Ал мұның сыртында әрқайсысы іштей өзінше өріліп, үйлесім тауып жатқан мыңдаған мотивтерді қойдай көгендеп бір схемаға тықпалау мүмкін емес.

Осы орайда сюжеттік инвариант ешқашан да нақтылы бір жырды көңілге толық ұялата алмайтынын баса айтқымыз келеді.

Бірақ, жанрдың типтік белгілерін, қалыптасқан сюжеттік-композициялық бітімін ажыратуға осындай жалқыдан жалпы ұғымға, нақтылы сюжеттен инвариантқа ойысу поэтиканың типтік нышандарын тұжырымдау үшін тиімді екенін де ескертсек дейміз.

Сонымен, сюжеттік инвариант дегеніміз оқиғалардың орналасу логикасының, мотивтердің қиюласу тәртібінің дәстүрлі машығы болып шығады. Мұндай жағдайда мотивтердің типтік қызметіне ары қарай үңіле түсу қажет. Себебі оқиғаның орналасуынан, іс-әрекет логикасынан туындайтын үйлесімділікке қатысты мотивтердің қызметін біз әлі тілге тиек ете қойған жоқпыз.

Дәл осы арада кейіпкердің іс-әрекетін жинақтау арқылы өрбіп отыратын функция /В.Я.Пропп/ мен мотивтің /А.Н.Весиловский, Б.Н.Путилов/ арақатысына тоқталып өткен жөн.

Зерттеушілер бұл екеуінің сюжеттік мәнін сөйлем ішіндегі сөздің атқаратын қызметіне теңестіреді. Сөйтсе мотив сөз табы ретінде, ал функция ғылыми анализ жасаудың категориясы да, мотив – реалды түрде өмір сүре алатын фольклордағы көркемдік ойлаудың элементі болып шығады. □

Жә, айтты-айтпады, В.Я.Пропптың іс жүзіндегі талдауы бойынша функция – кейіпкер әрекетінің жиынтығы мен өрбу тәртібі және бұл ұғым әзірге ертегі жанрының негізінде дәлелденді. Дәлелденгенде де ғылыми конструкция, ойдағы ұғым ретінде іске асырылды.

---

□ Неклюдов С.Ю. О некоторых аспектах исследования фольклорных мотивов // Фольклор и этнография. У этнографических истоков фольклорных сюжетов и образов. Л., 1984. С.224; Левинтон Г.А. К проблеме изучения повествовательного фольклора, С.306.

Ал мотив болса, көркемдік ойлаудың категория ретінде әлі жинақталған емес. Рас, батырлық жырларға қатысты жағы азды-көпті Б.Н.Путилов тарапынан сөз болып жүр.

Қалай десек те мотивті тек сюжетті бөлшектеудің тәсілі ретінде қолдану жеткіліксіз. Мотив – ғылыми ой-тұжырымның нәтижесінде пайда болған категория емес, реалды этнографиялық негізі бар көркемдік ойлаудың бөлшегі.

Біздіңше, мотивті функцияға жақындатудың жолы оны сюжет өрбуінің кезең-кезеңдерімен байланысты қарастыруда. Оның мынадай себебі бар: мағынасы жағынан бір-біріне сәйкес келетін мотивтердің баяндалу тәсілі, формасы әр эпоста әр басқа болуы мүмкін. Ол – ол ма, кейбір мотивтердің мағынасы бір-бірінен алшақ болғанымен, сюжеттегі атқаратын қызметі бойынша бірыңғай болуы ықтимал. Бұған экспозиция, сюжеттік байланыс, оқиғаның дамуы, т.б. сияқты қызмет атқаратын мотивтің сюжеттік кезеңдерін баяндалу формасын /диалог, монолог, баяндау, т.б./ айтсақ та жеткілікті.

Демек, мотивтердің сюжет аясында қым-қиғаш қарым-қатынасқа түсіп, композициялық үйлесім табуын бажайлау олардың функцияға жақындайтын мән-маңызын да пайымдауға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан келгенде Б.Н.Путиловтың мотивтерді семантикалық қызметі мен типіне қарай жіктеуі назар аударарлық. Ол мотивтерді былай бөледі: м о т и в – с и т у а ц и я , м о т и в – с ө з /мотив – речь/ және м о т и в - э р е к е т /мотив – действие/.<sup>1</sup>

Бұлар сюжет құрайтын мотивтер /сюжетообразующие мотивы/ ретінде оқиғалар тізбегінің негізгі жүгін арқалайды.

Сонымен қатар, осы мотивтерді толықтыру, қосымша өрнектеу үшін жұмсалатын м о т и в – с у р е т т е у /мотив – описание/ және м о т и в – м і н е з д е м е /мотив – характеристика/ сияқты түрлері бар.<sup>2</sup> Сюжеттің өрбу кездерімен тікелей байланысып жатпағанымен кейіпкер тұлғасын, мінезін, портретін, батырдың көшіп-қонған елін, жаудың бекінісін, қоршаған ортанының көрінісін суреттеуде бұл мотивтер де аз жүк арқаламайды.<sup>3</sup>

Сайып келгенде сюжет құрайтын мотивтердің сарқып құяр сағасы шығарманың оқиғалық, ситуациялық арнасы болса, сюжет құруға қатыспайтын мотивтердің /несюжетообразующие мотивы/ қызметі әлеуметтік фон, жағдай мен орта көрінісін көктеп әдіптеуінде. Соңғы екі мотивтің декорациялық қызметі айқын.

---

<sup>1</sup> Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. С.141.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Смирнов Ю.И. На пути научного поиска // Советское славяноведение, 1974.№4 С105

**М о т и в – с и т у а ц и я** – қаһарманның белсенді іс-әрекетінен тыс, сюжеттің қаһарман жүріс-тұрысын бейнелемейтін қозғалыссыз бөліктерін, сюжеттің өрбу кезеңдерінің тыныштық сәттерін қамтиды. Мотивтің бұл түрі көбінесе экспозиция мен жырдың соңында батырдың елге оралып ұлан-асыр той болу оқиғасымен байланысты.<sup>4</sup>

Қазақтың батырлық жырларының үлкен тобы әлі дүниеге келмеген қаһарманның ел-жұртын, ата-анасын, дүние-байлығын, бейбіт тіршілігін, қоныс еткен мекенін суреттеуден басталады. Мұнда сюжеттің басталуына себепші болатын ситуация бірден көріне қоймайды. Экспозиция мотив –суреттеуден басталып, біртіндеп мотив-ситуацияға ауысады. «Қобыланды» /барлық варианттары/, «Алпамыс» /барлық варианттары/, «Құбағұл» /Нұрпейіс/, «Қарабек» /Бітімбаев/, «Шора батыр» /Диваев жазып алған қарасөз нұсқасы/, «Ер Сайын» /Радлов және Байтұрсынов нұсқалары/ жырларында болашақ қаһарманның руы, әке-шешесінің әлеуметтік жағдайы, басынан өткен тарихы, байлығы, туған-туыстары кең суреттеледі. Бұл ел мен жердің, мезгіл мен мекеннің тіршілік-тынысында нақтылы сипат береді. Ертегідегі қайдан шығып, қайдан қойғаны белгісіз кемпір мен шал мұнда жоқ. Кейіпкерлердің әлеуметтік ортасы тарихи шындықтан ойып алынады. Жұрт кең далада, өзен жағасында, жаз жайлауда отырады, малы өрісте /кейде тоғайда/ жайылып жүреді.

Осындай елде енді қандай оқиға болатыны бірден байқала қоймайды. Сөйтсек, қартайған ата-ананың үй-ішінің үйлесімділігіне нұқсан келтіріп тұрған жағдай – олардың баласыздығы екен. Әдетте, баласыздыққа қайғыру екі түрлі ситуацияға байланысты:

1. Руы мен мал-мүлкін жаудан /озбыр құлдан/ қорғайтын, артынан ізін басар ұлдың жоқтығына қарт әкенің өз-өзінен қайғыра бастауы: **Қобыланды – М.М.; Алпамыс – С.А.; Б; Шора – П.; Қарабек – Б.; Бөген – Н.; Кеңес-М.**

2. Кемпір мен шалдың баласыздығына қайғыруы олардың құлдан, жамағайын туыстан, жауыз ханнан қорлық көріп, «қубас» деп кемсіткен сөзі себеп болады: **Сайын – Б.; Шора – П.; Құбығұл – Н.; Қобыланды: М.Сеңгірбаев, Н.Байғанин, Н.Битілеуов, К.Елеманов, А.Байтұрсынов, Е.Аманжолов** нұсқалары.<sup>1</sup>

Кейде қартайған кемпір мен шал әлеуметтік жоғары мансабына /хан, би, бай/ қарамастан жиын-тойда «қубас» атанып, көпшілік тарапынан қудалауға ұшырайды / Шора – П.; Қобыланды: көрсетілген

<sup>4</sup> Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. С.141

<sup>1</sup> Бұл туралы кеңірек қараңыз: Ыбыраев Ш. Қазақ оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі // Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы, 1981. 270-б.

нұсқалары/. Баласыздарды көпшілік болып қудалау «Қорқыт ата кітабында» да бар. Оғыздардың ең әділ жоғарғы ханы Байындыр Дерсе ханды ұл-қызы жоқ болғаны үшін тойда масқаралайды.

Мұның байырғы наным-сенімге қатысы болуы ықтимал. Жырда баласыздықты жаманшылыққа жорып, ондай адамдарға Тәңірдің қарғысы тиген деп санау анық байқалады. «Ұл-қызы жоқты Тәңір Тағала қарғапты, біз дағы қарғаймыз», - дейді. Дерсе ханға тойға жиналған көпшілік.<sup>2</sup>

Баласыздарды «қубас» атандырып қудалау салтына қарағанда, қартайған ата-ананың мал-мүлкіне ие болатын мұрагер ұлдың жоқтығына қайғыру кенжелеу болса керек.

Қаһармандық эпостың экспозициясынан орын алған мотив-ситуацияның енді бір тобы м о т и в – м і н е з д е м е н басталады. Мұндай экспозицияда батырдың тууы суреттелмейді, жырдың басталуы дүниеге келген батырдың, оның туған-туыстарының мінезіне, түр-тұлғасына сипаттама берумен ашылады. «Қарабек» эпосында /Мәукелей/ батырдың әкесіне, үш апасына және Қарабектің өзіне жыр басында портрет-мінездеме беріледі. «Едіге-Нұрлан» /Бақтыбай/ жыры тоғыз жасар Едігенің медресеге барғанынан, оның сырт түр-тұлғасы мен зеректігін баяндаудан басталады. Елі мен жерін қысқаша таныстырғаннан кейін Қамбар мен Назымның мінездемесі де жыр басында беріледі. /Қамбар – Қ.; Д./.

Қаһарманның туу тарихын баяндамайтын жырлардағы мотив-мінездеменің экспозицияда атқаратын қызметі айрықша. Ғайыптан туып, тездеп өскен батырдың балалық шағын суреттеу мұнда болмағандықтан, жыр кім туралы, оның бейнесі, жүріс-тұрысы, ақыл-парасаты қандай еді деген сауалға жырлаушы бірден жауап береді де, ары қарай осы кейіпкерлердің басынан өткен оқиғасы, іс-әрекеті жырланады.

Батырдың тууын, ол шыққан ортаны бейнелейтін мотив-суреттеме де, батырды бірден сипаттай жөнелетін мотив-мінездеме де сюжетте бірдей қызмет атқарады. Екеуі де бұдан былай жыр арқауы болатын кейіпкерлердің тұлғасын бірден даралап, тумысы бөлек, тұлғасы оқшау қаһарманды әлеуметтік ортадан ойып алады. Жыр оқиғасының кім туралы екендігі анықталады да бұдан ары ондай қаһарманға лайық ситуация даярланады.

Әйткенмен кейбір қаһармандық эпостың басталуында мотив-

---

<sup>2</sup> Қорқыт ата кітабы. Аударған Ш.Ыбыраев//Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Алматы, 1991. 49-б.

суреттеме де, мотив-мінездеме де кездеспейді. Сюжет бірден болған ситуацияны баяндаудан басталады /**Көкше – Р.51.; Қосай – Қ.65.; Тарғын – М.109.; Қарасай, Қазы – Қ.127; Д.179.; Дотан – 145.; Төрехан – Н. 283.; Құламерген, Жоямерген – Б.318./.**

Асылында қаһарманның тарихын ұзақ баяндап жатпай-ақ бірден ситуацияға көшіп, ары қарай кейіпкерді оқиғалар тізбегіне тоғыта жөнелу ертегіге тән өзгешелік. Ертегі кейіпкерінің мінездемесі /айлакер, тапқыр, ержүрек, ақылды, жалқау, қорқақ, т.б./ бірден ашыла қоймайтыны, бәрі де іс-әрекет үстінде біртіндеп көрінетіні мәлім. Бұған «Дотан», «Құламерген, Жоямерген», «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларының да қосылуы тағы бір қосымша айғақ бола алады.

Ал енді «Ер Тарғын», «Қарасай, Қазы», «Шынтасұлы Төрехан» сияқты эпостардың а дегенде мотивситуациядан басталуы байырғы эпос дәстүрінің әр түрлі арнамен жүріп отырғандығын көрсетеді. Бұларда қаһарманды даралау мен идеализациялау біртіндеп, сан-алуан оқиғалардың тоғысуына қарай ашылады. Өз елінен кісі өлтіріп, Қырым жұртына келген Тарғынның кім екендігі кейінірек Ақжүністі алып қашқаннан кейін ғана жан-жақты танылады. Төрехан да басында ешбір қасиетімен өзгелерден даралана қоймайды. Қайта оған қарағанда «дауға барса, дауды алған, жауға барса, жауды алған ағалары» мықтырақ көрінеді. Қарасай мен Қазы да жыр басында кедейшілікпен күн кешкен көптің бірі.

Алайда бұл эпостардың бітімі ертегі поэтикасынан мүлде бөлек. Қаһармандар түрлі әрекетті атқарып, оқиғалар тізбегіне ілесіп қана отырмайды, сол оқиғалардың қандай арнаға түсіп, қалай өрбитініне де тікелей ықпал етеді. Бұл орайда олардың мінездемесі, ішкі сезім толқындары, психологиясы да тиісті дәрежеде жарқырап ашылып жатады. Кейіпкерлердің көңіл-күй сәттерін, ішкі буырқанған толғаныс иірімдерін бейнелейтін диалог, монолог, лирикалық шегіністердің болуы бұл жырларды айрықша бір қырынан көрсетеді.

Сюжетті бірден ситуациядан бастау – Мұрын жыраудың тұтастанған жырларының көбіне тән. Олай болатыны түсінікті де. Әр батырдың ғажайып тууын, балалық шағын, қалындық іздеу сапарын ұзақ баяндап отыру бір-біріне жалғасып жатқан тізбекті жырлардың табиғатына онша үйлесімді емес. Ерлік әкеден балаға жалғасып жатқандықтан қай жырда да оқиғаның ұзын-ырғасы мен түп қазығы белсенді іс-әрекеттің, ел қорғау мен жауға қарсы соғысу тақырыбының төңірегіне көбірек шоғырланған.

Тұтастанған жырлар, түптеп келгенде, сюжеттің де бір-біріне жалғастығын жоққа шығармайды. Мұндай жағдайда бір сюжеттің

арасында ұзақ шегіністің, әрбір батырдың ғажайып туу оқиғасын /әулиеден бала сұрау/ қайталап отыру шарт емес. Тізбектелген жер шоғыры бірыңғайлықты, оқиғаның ылғи бір бағытта өрбуін көтермейді. Бұл тұтастанған жыр тізбегінің көркемдік заңдылығына қолайлы тәсіл емес. Әр жыр сайын қайталана берген мотив іш пыстыратын бірізділікке ұрындырмай қоймайды. Мұрын жырау бұл өзгешелікті өте жетік білген.

Сонымен экспозициядағы мотив-ситуацияда енді болатын оқиғаның алғышарты, мотивировкасы даярланады екен. Алдағы оқиғаға араласатын қаһарманның өсіп жетілуі, мінездемесі сипатталып, іс-әрекет болатындай жағдай пісіп жетіледі. Эпостың орта мен жағдайды нақтылы бейнелеуіне байланысты мотив-суреттеме мен мотив-мінездеме мұнда айрықша қызмет атқарады.

Сөйтіп экспозиция өзінше бір тұтас эпизодқа айналып, батырдың шыққан ортасы елі-жұрты, мекені, ғұмыр кешкен мезгілі, қаһарманның балалық шағы сияқты деректерді көркем тұрғыдан жинақтайды. Мұндайда мотивтің көлемі кейде ұзарып, іштей бірнеше ұсақ оқиғалардың тізбегіне айналады. Мәселен, бір ғана батырдың дүниеге келуін мағынасы жағынан бірнеше оқиғаларға жүктеуге болар еді: баласыздық зары, баласыз ата-аналарды кудалау, әулиеден бала сұрау, әулиенің /Бабай Түкті Шашты Әзиз, Арыстанбаб, Әли Шахимардан, т.б./ басына түнеу, әулиенің түсте аян беруі, батырдың тууы, т.б.

Егер осыларды сюжеттен тыс, мағынасына қарап қана жіктесек әрқайсысын жеке-жеке мотив ретінде алған болар едік. Зерттеу еңбектерінде осылай да.

Бірақ бұл зерттеушінің оқиғалар тізбегін ықшамдап, оларға ат қойып, айдар тағуы ғана болып шығады. Неге десеңіз мұнда мотивтің басы қайсы, аяғы қайсы, сюжеттегі қызметі қалай анықталады, бұларға жауап жоқ.

Задында мотивтің сипаттамасы оның көлемімен емес, сюжеттегі атқаратын қызметіне қарай анықталса керек. Бұл жағынан келгенде мотив ықшам, не көлемді болғанына қарамастан сюжеттің өрбу кезеңдерінде бірыңғай логикалық-семантикалық мәнге ие бола береді. Мәселен, «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Сайын», «Құбығұл», «Көрұғлы» жырларындағы батырдың туу тарихы ұзыннан ұзақ шұбатылып жатса, енді бір топ эпостарда бұл мотив бір-екі ауыз сөзбен ғана түйінделеді /Қосай – Қ. 65.; Бөген – Н. 272.; Кеңес – М. 135.; Жұбаныш – М. 197.; Бегіс – М. 243; Тама – 271/.

Жоғарыда келтірілген сюжеттік инварианттың ішіндегі үш сюжет

те жеке-жеке жырларға арқау болған жағдайда олардың экспозициясы көбінесе батырға тән балалық шақты / 1,2 және 3 мотивтер/ суреттеуден басталады да, ары қарай әр сюжет /I, II, III/ өзінше өрбіп отырады.

Бұл жайды біз тек факт ретінде айтып отырған жоқпыз. Қаһарманның бір жерден екінші жерге ауысуын бейнелемей тұрып, эпос оның балалық шағын, болмаса мінездемесін, қайда тұрғанын баяндап алады. Яғни батырлық жырлардың дені іс-әрекеттің алдындағы қозғалыссыз кезеңдерді жырлаумен басталады. Сюжеттің бұлай басталуы міндетті түрде қаһарманның іс-әрекетіне, белсенді қозғалысына ұласады. Сюжеттің статикалық /қозғалыссыз/ сәттен динамикалық /қозғалысты/ сәтке ауысуы эпос үшін заңдылық.

Жалпы қаһарман ерлігін баяндайтын жырда сюжеттің осындай сәттері алма-кезек ауысып отырады. Үйде отырып дүниені оймен шарлап отырған қаһарман мұнда жоқ. Барлық әрекеттің бел ортасында батырдың өзі жүреді.

Алайда батырдың іс-әрекетке көшіп, үйден шығуына себеп керек. Мұндай себеп – іс жүзінде сюжеттік байланыс /завязка/ қызметін атқарады.

Сюжеттік байланыс негізінен бас қаһарманның болашақ тағдыры үшін шешуші мәні бар хабарды естумен байланысты. Ондай хабар хат, сәлемдеме, монолог, диалог түрінде болады да, қаһарманды іс-әрекетке бағыттайды, ол мұнан кейін белсенді тұлғаға айналады. Хабардың алыну формасы да әртүрлі: біреуден есту, түс көру, бал ашу, дау үстінде батырға бұрын белгісіз шындықтың беті ашылуы, т.б.

Б.Н Путилов мотивтің бұл түрін м о т и в - с ө з /мотив-речь/ деп атаған. □

«Алпамыс» жырының бас қаһарманы он жасқа келгеннен кейін, ойнап жүріп ұрған баласы өліп қала беретін болады. Сөйтіп жүріп ол өрмек тоқып отырған кемпірдің жалғыз баласын өлтіріп қояды. Сонда кемпір Алпамысқа былай дейді:

«Ойыңа келгеніңді қылып жүрсің.

Сарыбай қызын бермей, кетті қашып,

Несіне ойын ойнап, күліп жүрсің?» /Алпамыс – С.А. 21/

Бұл сөзді естіген Алпамыс жолға шығады, сөйтіп сюжетті құрайтын іс-әрекеттің негізі қаланады. Мотив-сөздің әр эпостағы сипаттамасы, көркемделуі түрліше бола беруі ықтимал. Мәселен,

---

□ Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность, С.141

Қобыланды Құртқа туралы барлық мән жайды жылқышы Естемістен естиді. Онда да таудың арғы астынан шыққан дауысты естіп, оның себебін Қобыланды өзі сұрайды. Бұған қарағанда мотив-сөз сюжеттік байланыс қызметін атқарғанда мазмұн жағынан, көмкерілу ерекшеліктері бойынша әр басқа да, атқаратын қызметі, формасы бойынша бір типтес.

Рас, мотив-сөздің эпос сюжетінде қолданылу аясы кең. Ол тек байланыс қызметін ғана атқармайды, сонымен бірге оқиға барысындағы қысал-таяң өзгеріс /перипетия/, оқиғаның шарықтау шегіне дейінгі іс-әрекеттің дамуында /развитие действия/ да қолданылады. Қобыланды Көбіктіні жеңіп келе жатқанда Тайбурыл аты ақсап жалғыз қалады. Түнде батыр өз елін Алшағыр ханның шауып кеткенін, ел-жұрттың не күйге түскенін түс көру арқылы біледі. Бұл – іс-әрекеттің даму барысындағы қысыл-таяң өзгеріс.

Мотив-сөз сюжетті құрауда айрықша роль атқарады. Алайда кейбір эпикалық жырларда мотив-сөздің құрамында кейіпкерлерді кезекті іс-әрекетке даярлайтын маңызды хабар бола бермейді. Оның есесіне кейіпкердің ішкі толқуы, көңіл-күйі, ой-толғаныстары төгіліп сала береді. Осылардың бәрі жинақтала келіп, кейіпкерді іштей бір тоқтамға әкеледі. Сөйтіп кезекті іс-әрекеттің мотивировкасы жасалады.

«Ер Тарғын» жырында осы сипаттағы мотив-сөз жиі кездеседі. Тарғын ағаштан құлап, белінен мертігіп жатқанда Ханзада хан Ақжүніс екеуін айдалаға тастап кетеді. Ауру мен аштықтан өлер халге жеткенде Тарғын ақылдасу ретінде Ақжүніске арнап ұзақ толғанады. Онда батыр өткен өмірін, жасаған ерлігін, өзінің хал-жағдайын, жалғыздығын көз алдынан бір-бір өткізеді. Бұған жауап ретінде Ақжүніс те өз тағдырын, батырдың өткені мен бүгінгісін айтады.

Оқиғаның бұдан ары өрбуіне Ақжүніс толғауының соңындағы бір ауыз сөз себепші болады:

Ағаштан биік мерт тауып,  
Қызметші қара құлдарша  
Қорлықпен өлген ер,  
Қай батырдан кем едің,  
Өлерде болдың қара жер...

**Тарғын – М. 127.**

Бұл сөзге ашуы келіп, бүйтіп жатқанша біржолата өлейін деп, өз белін қолымен басып қалғанда батырдың бел омыртқасы орнына түседі.

Дегенімен, оқиғаның бұдан ары жалғасуына осы сөз себепші сияқты көрінгенімен, жырдың әсерлілігін, көркемдігін арттыруда, әсіресе, сюжеттің қалтқысыз үйлесім табуына Тарғын мен Ақжүністің ұзақ толғаныстары /монологтары/ тұтастай маңызды роль атқарады.

Мұнымен қатар Ақжүністің Қатқожаққа айтқаны, Тарғынның Ханзада ханға айтқан сөздері психологиялық әсерлігімен, көркем кестесімен ғана емес, оқиғаны дамытуда да ерекше оқшауланады.

Жалпы алғанда мотив-сөз «Ер Тарғын» жырының сюжетінде шешуші мәнге ие. Мұнда ол басқа эпостардағыдай сюжеттік байланыс қызметін емес, негізінен іс-әрекеттің дамуындағы қиын-қыстау өзгерістерге, сюжет иірімдеріне байланысты шебер қолданылады. Бұл өзгешелік қазақ эпосын, сөз жоқ, өзгеше қырынан көрсетеді.

Қаһарманның жолға шығуы әлеуметтік мәні зор оқиғалармен байланысты. Сондықтан да хабар өзінің толықтығымен, себептерінің батыр тұлғасына лайық маңыздылығымен ерекшеленеді. Жау елі бекінісінің күштілігі, орналасқан жері туралы хабарда біршама толық мағлұмат беріледі. Батырдың жауға аттануы бүкіл ел үшін қажеттілікке айналып, алдағы жорықтардың шектен тыс қиындығы да хабарда ескеріледі.

Хабарды жеткізуші адам, болмаса батырдың туған-туыстары жорықтың қауіпті екенін айтып, жас батырдың бармауын өтінеді. Бірақ батырға сын болатын бұл оқиға міндетті түрде оның жорыққа аттануымен түйінделеді. Мұндай мотив-сөз хабарды жеткізумен ғана шектелмейтінін көреміз. Алдағы сапардың алмағайып қатерлі болатыны, бірақ оның ел үшін маңыздылығы қосымша өрнектеліп жатады. Батырмен қоштасуға бүкіл ел-жұрты, туған-туыстары жиналады. Батыр ұзақ жолға ұқыпты даярланып, атын, сауыт-сайманын даярлайды. Ең соңында барып туған-туыстарымен бір-бірлеп қоштасады.

Мотив-сөздің осылай толысып, өрнектеліп жатуы жырдың әсерлілігін арттырып, батырдың алдағы жорығына үлкен әлеуметтік салмақ береді, бүкіл халықтық маңызын ерекшелей түседі. Ертегідегі сияқты ешбір ойланбастан жолға шығып, кездейсоқ оқиғалы әрекетпен жүре беретін кейіпкер бұл емес.

Қаһарманның жолға шығуына себепші болатын хабардың өзін жіктеуге болады. Көлемді жырларда хабар бір емес, бірнеше рет кездеседі. Батыр жорықтары дүркін-дүркін қайталаынады. Бұл әсіресе, сюжеттері тоғысқан ұзақ жырлардан /«Қобыланды», «Алпамыс», «Көрұғлы», «Қарабек», т.б./ анық байқалады.

Сюжеттік инварианттағы 5, 8, 13-ші мотивтер бір жырдың ішінде қайталанып, әрқайсысы батырдың бірнеше рет жолға шығуына себеп болатынын көреміз. Алайда мынадай жағдайға назар аударайық. Батыр жорығы бірнеше рет қайталанған жайдайға олардың жолға шығар алдындағы ұзақ қоштасуын, ат тандап, қару сайлап жатқанын жыр тәптіштеп жатпайды. Мұндай жағдай көбінесе ең маңызды, ең қауіпті жорықтың алдында болады.

Қобыланды батырдың Құртқаны әкелуге кеткен алғашқы сапарын біреу біліп, біреу білмей қалады. Жылқыда жүрген жерінде оп-оңай қыз еліне аттанып жүре береді. Ал негізгі сапары Қазан ханның еліне аттанарда мотив-сөздегі хабар, жолға даярлық, туыстарымен қоштасу ұзаққа созылады.

«Алпамыс» жырында батырдың ат тандауы, қару-жарак сайлануы, хабардың ұзақ сайлануы, хабардың ұзақ баяндалуы алғашқы жорығына – Гүлбаршынды қалмақ елінен азат етіп әкелуімен байланысты.

Классикалық қаһармандық эпостарға қарағанда көне эпостағы батырдың жорыққа шығу себебі басқашалау. Мұндағы хабар көбінесе бір дүркін және ол қалыңдық туралы болып келеді. Әрі қаһарманға хабар түс арқылы жетеді /**Құбығұл – Н. 378.**/ Дотан батырдың жолға шығу себебі «жақын жерде ел бар ма екен» деп бір шалдан мән-жайды сұрау арқылы болады /**Дотан – М. 146.**/

Тегінде түс көріп, жолға шығу сыртқы жауға қарсы ерлік жасау оқиғасына тән емес. Халық бостандығы үшін күреске шыққан батырдың түс көріп жорыққа аттануы ақылға онша сыйыспайды.

Мотивтің келесі түрі – м о т и в - э р е к е т /мотив-действие/. Ол кейіпкердің белгілі бір кеңістікте және уақыт аралығында бір жерден екінші жерге ауысуын, белсенді қозғалысын бейнелейді, яғни сюжеттің динамикалық бөліктерін қамтиды; батырдың аттануы және қайта оралуы, түрлі елдерді аралауы, кездесулері, жекпе-жекке шығуы, мыңдаған жау әскерімен соғысуы, жарысқа түсуі, т.б. □

Мотив-әрекеттің түрлі типтері батырлар жырында кең таралған және олар сюжеттің негізгі желісін құрайды. Типологиялық жағынан алып қарағанда барлық қаһармандық эпостарда іс-әрекеттің дамуы мен сюжеттің шарықтау шегі мотив-әрекет арқылы беріледі. Осыған байланысты мазмұны жағынан әртүрлі мотив-әрекет қатар келе береді. Мәселен, Қобыландының Қазан ханға аттануы, Тайбурылдың шабысы, Қазанның Сырлы қаласын, артынша «алты қабат ормен»

---

□ Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность, С.141.

қоршалған Қырлы қаласын шабуы, Қобыланды мен Қазанның жекпе-жекке шығуы, батырдың қалың әскермен соғысуы. Бұл оқиғалардың барлығы да бірінен кейін бірі тізбектеліп келеді.

Мотив-әрекет эпикалық баяндаудан тұрады. Сонымен қатар түрлі оқиғалар мотив-мінездеме, мотив-суреттеу арқылы толықтырылып отырады.

Мотив-әрекетте кейіпкерлердің сөзі аралас жүреді. Дәстүр бойынша бірімен бірі кездескенде, жекпе-жекке шығар алдында батырлар сөзбен /диалог түрінде/ егеседі.

Эпостың бас қаһарманы қалың жаумен ұрысқа кірісер алдында өзіне-өзі серт беріп, жалғыздығына налып, пірлерінен медет сұрайды. Бұл ситуация монолог түрінде бейнеленеді.

Болып жатқан оқиғаға автор тарапынан ой жіберу эпосқа тән емес. Дегенімен сирек те болса ықшам түрде кездеседі және оған мысқыл, әжуа аралас келеді.

Батырлар қылды намысты  
Әуелі тәуір сөйлесіп,  
Артынан шайтан жабысты  
Шайтан емей немене?  
Ырғай сапты сүңгіні,  
Ырғай, ырғай салысты...

**Қобыланды – М.М. 68.**

Қоспақ нардай күрілдеп  
Қарайды қалмақ жан-жаққа,  
Ақырын құдай оңдағай,  
Күллі әулие қолдағай  
Қиын болды бейбаққа.

**Алпамыс – С.А. 29.**

Бұған қарағанда, мотив-әрекетте баяндаудың түрлі тәсілі жан-жақты қолданылады екен де, пішіні жағынан бірыңғай баяндау ғана емес, монолог, диалог, суреттеу, мінездеу аралас жүретінін көреміз

Мотив-әрекет бірыңғай динамикалық іс-әрекеттен ғана тұрмайды, сол іс-әрекеттің әлеуметтік дәйектемелері батыр тұлғасымен бірге өріліп отырады. Батырдың әрбір қимылы саналы түрде ел-жұрт тағдырымен, жаудың озбыр қылығымен шендесіп жатады.

Асылында бас кейіпкердің қым-қиғаш әрекет үстінде жүруі фольклордың өлең түріндегі де, қарасөз түріндегі де эпикалық жанрлардың бәріне тән. Алайда қаһармандық эпостың өзгелерден

даралануы мұнда да айқын. Ешбір батырды жағдай билемейді, батыр болып жатқан, не болатын жағдайға өзі әсер етеді. Барлығына сызат түсетін жерде ол жайбарақат отыра алмайды. Алдында қандай қауіп-қатер тұрса да одан бас тартуды батыр білмейді.

Бірақ осымен қатар ол кедергілерді оп-оңай жеңіп те шыға алмайды. Жау елінде тұтқында болады /Қобыланды, Алпамыс, Қарабек/, соғыста жараланып, кейде өліп тіріледі /Сайын, Қосай/. Зарығып жалғыздықтың азабын тартады. Демек, мұнда батырдың психологиялық сәттері, кедергі атаулының шындыққа жақындауы мол. Әрекет бар да, оны тарихи-әлеуметтік себептермен, адам тағдырымен жан-жақты өрелестіру бар.

Бұл орайда қаһармандық эпостағы мотив-әрекет тек жүріп-тұрған белсенді әрекеттің жиынтығы ғана емес, соның әлеуметтік себептері де. Эпостағы кез-келген мотивті мотив ететін жағдай оның нақтылы халықтың тыныс-тіршілігін, қоршаған ортасын, жақсылық-жамандық туралы түсінігін эпикалық ситуацияға, оқиғаның мән-маңызына қарай үйлесім тауып қолданылуында. Мотивті көркемдік ойлаудың категориясы дейтініміз де содан.

Мотив өмірден алынады. Оның негізгі халықтың тіршілігінде, әдет-ғұрпында, салт-санасында. Бірақ ол тұтас, бас-аяғы бүтін шығарманың оқиғалар тізбегіне де қызмет етеді. Сөйтіп ол сюжеттің оқиға құрайтын құрылыс материалына айналады. Нәтижесінде типтік ситуацияда типтік мотивтерді қолдану жүйесі қалыптасады.

Біз сөз етіп отырған мотивтің түрлері тек осындай типтік жағдайлардың ғана айғағы. Мотивтің мәнін бұдан әрі асыра бағалаудан біз аулақпыз.

## МОТИВ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДЕР

Мотивтердің қызметі сюжет аясымен ғана шектелмейді. Олар іс жүзінде сюжеттен тыс түрлі композициялық тәсілдермен де тығыз қарым-қатынаста болады. Осыдан болар сюжеттің өрбу кезеңдерімен тікелей байланысы жоқ, сюжет құруға қатыспайтын мотивтерді /несюжетто-образующее мотивы/ ғылымда өзінше жіктеу тәжірибесі орын алып келеді. □

Ондай мотивтерге кейде ат қойып, айдар тағылса /мотив-мінездеме, мотив-суреттеу/, кейде арнайы бөліп алмай-ақ композициялық тәсілдермен бірлікте қарастырылып жатады.

---

□ Смирнов Ю.И. На пути научного поиска // Советское славяноведение, 1964, N 4; Путилов Б.Н. Мотив как сюжетобразующий элемент, С.147;

Осындай композициялық тәсілдердің бірі – қарама-қарсы қойып суреттеу /контраст/.<sup>2</sup>

Бұл тәсілдің іс жүзіндегі көрінісі – қаһарманды жау батырына қарсы қойып суреттеу, өзімдікі және жаудікі дейтін ұғымдарды /ел, жер, тіршілік, әдет-ғұрып, т.б./ өзара жіктеу. Қарама-қарсы қойып суреттеудің оқиға өрбуіне қатысы аз болғанымен сюжеттің әлеуметтік астарын, мән-мазмұнын өрнектеуде таптырмайтын тәсіл екені даусыз.

Эпостың қаһарманы асқан күш иесі. Ол тумысынан бөлек. Соған лайық оның жаулары да осал емес, батырмен тең түсіп жатады. Күші жағынан екі жақтың да батырлары өзгелерден оқшауланып шығады. Қаһарман өзінің жауын үлкен қиындықпен жеңеді. Кейде жау батырына ешкім тең келмейді:

Келуімен Біршімбай  
Бөтен сөзге қарамай,  
Қобыландыны бір шаншып,  
Қарлығаны бір шаншып,  
Қараманды бір шаншып,  
Ер Орақты бір шаншып,  
Сол бойымен Біршімбай  
Сыпыртып өтіп жөнелді.  
Қайта айналып толғанып,  
Найза және қолға алып,  
Ер Орақты бір шаншып,  
Қараманды бір шаншып,  
Қарлығаны бір шаншып,  
Қобыландыны бір шаншып  
Секіртип өтіп жөнелді.  
Мандайы шып-шып терледі.  
Біршімбайдың қайраты  
Барған сайын өрледі...

### **Қобыланды. – М.М. 138**

Біршімбайға батырдың күші жетпесін білген соң, Қарлыға оны айламен өлтіреді. Эпос қаһармандарын жау батырларына қарама-қарсы қойып бейнелеу іс жүзінде мотив-мінездеме арқылы көрінеді екен. Батырлардың жеке басына тән белгілері іс әрекет үстінде де, қозғалыссыз қалпында да мотив-мінездеме түрінде сипатталып,

---

<sup>2</sup> Лазутин С.Г. Поэтика русского фольклора. М., 1981.С.39.

сюжет құрамайтын мотивтің осы түрі композициялық тәсілдермен қызметі жағынан тұтас жүретіндігі байқалады.

Мотив-мінездеменің тағы бір қызметі – бас қаһарманды даралап көрсету. Бұл тәсіл батырды өзгелерден оқшау, ерекше етіп көрсету үшін қолданылады. Эпостың экспозициясынан бастап-ақ болашақ қаһарманның өзгеге ұқсамайтындығы байқалады. Ол дүниеге ғажайып түрде келеді, қартайған ата-анасы әулиелерге түнеп, жылап-еніреп жүріп тілеп алады. Батыр дүниеге келерде анасы қабыланның жүрегін, жеті сары жыланның басын жеп жерігін басады.

Жалпы алғанда батырдың ғажайып тууы, тездетіп өсуі оны даралап, айрықша күш иесі етіп бейнелеуде аса маңызды роль атқарады.

Қаһарманды өзгелерден бөліп, ерекше етіп көрсетуде ұлғайту /гипербола/ тәсілі де кең қолданылады. Қазақ эпосында батырдың іс-әрекеті, күші, соғыс картиналары, батырдың тұлпар аты, оның шабысы ерекше ұлғайтылып суреттеледі.

Ұлғайту тәсілі жаудың батырларын бейнелеуге де тән. Олар «жауатығын бұлыттай», «қоспақ нардай күрілдеп», «айбатымен айқайлап, жердің жүзін қуырып», «он екі күнде бір жатқан, он үш күнде бір татқан» сияқты қасиеттерімен көрінеді. Алпамыспен жекпе-жекке шыққан Таймастың күші тіпті ерен:

Қолындағы күрзісі,  
Отыз батпан алмас ед,  
Қаһарланып сілтесе,  
Тау болса да қалмас ед...

**Алпамыс – С.А. 63.**

Ал енді мотив-әрекетте екі жақтың батыры түйіскендегі суреттеулер мен мінездемелер еселеніп үдей түседі, әрекет ұлғайтылады. Жайбарақат кездегі батырлар адам танымастай өзгеріп кетеді:

Екі батыр соғысты,  
Бұлт шайнап, мұз бүркіп,  
Үркер мен айдай тоғысты

**Қамбар – Д. 75.**

Әр атқанда садағы,  
Жүз кісіден құлатты.  
Рет-рет бір мыңнан  
Құлайды келіп адамы.

**Қосай – Қ. 71.**

Ордан қан бір асады,  
Орда жатқан Бөгембай  
Қанмен ағып барады

**Сайын – Б .47.**

Кәпірдің үлкен патшасы  
Құшақтап бұтын жатады.  
Ер Шораның аруағы  
Айдаһар болып жұтады.

**Шора – Д. 260.**

Көгіс пенен Төгістің  
Сыртқы түрін қарасаң,  
Арыстан мен аюдай,  
Аюдайын айбатты,  
Арыстандай қайратты.

**Тегіс, Көгіс – М. 268.**

Едіге Алыпты қозы жауырын оқпен атқанда, оның кеудесінен бөлініп қалған бөксесі Едігенің атының құйрығынан ұстай алады. Ат жерге жата қалады /Едіге – Ш. 379/.

Жердің жүзі көкпеңбек,  
Күннің де көзі шағылды.  
Құбыладан соққан дауылдай,  
Түрленіп бала қағынды.  
Майданнан аққан қызыл қан  
Өзенге сыймай ағылды.

**Алпамыс – С.А. 63.**

Жырдың композициялық құрылымына лайық сан мыңдаған жаумен жалғыз алысқан батырдың тұлғасын, соғыс қимылын осылай жалғыз алысқан батырдың тұлғасын, соғыс қимылын осылай бейнелемейінше оқиға бояуы бірден оңа бастайды. Себебі жалғыз батыр қатардағы көптің біріндей әрекет ете алмайды. Жалғыздық асқан ерлікпен, ұлғайтылған әрекетпен күшейтілді. Жыр басынан оқшаулана бастаған батыр бейнесі сюжет жасауға тікелей қатысы жоқ суреттемелермен, мінездеме-мотивтермен өрнектеліп отырады. Сюжеттің өрбуі осылай әдіптелгендіктен де тындаушыны өзіне баурап, бір оқиғадан екінші оқиғаға жетелеп отырады.

Эпостың композициясына ерекше орын алатын тұрақты эпизодтар, мотивтер болады. Олардың сипаты, шығу тегі, атқаратын қызметі, эпос сюжетінің композициясында алатын орны түрліше. Осы

ерекшеліктеріне қарай оларды қайталаулар, «ұқсас жерлер» /«ұқсас жерлер» / «общие места»/, тұрақты тақырыптар /устойчивые темы/, каталогтар, қыстырма эпизодтар /вставные эпизоды/, эпикалық формулалар деп атау қалыптасқан.

Кейбір қайталаулар бір ғана эпостың өз ішінде ғана ұшырасатын болса, енді біразы бірнеше батырлық жырға, ал кейбіреуі эпостың барлық жанрлық түрлеріне тән. Мұнымен қатар қайталаулар эпостық текстің әр түрлі деңгейінде – жекелеген сөз, өлең тармақтарынан бастап тұтас эпизодқа, мотивке дейінгі аралықта көлемі мен атқаратын қызметі бойынша біркелкі емес.

Эпостық тексте композициялық қызмет атқаратын қайталаулардың ең төменгі деңгейі екі жолдан тұрады. Олар логикалық құрылысы жағынан аяқталған болып келеді де, бір ситуация екінші ситуацияны байланыстыруда монолог, диалог түрінде келетін мотивтерді жалғастыруда дәнекерші болып келеді: «сонда батыр сөйлейді, сөйлегенде бұй дейді», «айы біткен айында, күні біткен күнінде», «қорамсаққа қол салды, бір салғанда мол салды», «асқар-асқар белдерден, айдын шалқар көлдерден», «сарғайып таң атқанда, таң шолпаны батқанда», «керней, сырнай тарттырып, топ зеңбірек аттырып», «мен бір жаман түс көрдім, түсімде жаман іс көрдім», т.б.

Эпикалық қайталаулар кейде тұтас оқиғаны бейнелейді. Оларды ғылымда «ұқсас жерлер» деп атау қалыптасқан. Ұқсас жерлер мазмұны жағынан аяқталған кіші-гірім оқиға болып келеді де, сюжеттегі атқаратын қызметі бойынша мотивтерге өте жақын тұрады. Алайда ұқсас жерлердің мотивтер сияқты сюжетте тұрақты формасы және сюжеттің өрбуінде қалыптасқан орны болмайды. Олар монолог, диалог, баяндау, сипаттау түрінде бір тектес оқиғаға, ситуацияларға қолданылатын композициялық тәсілдердің түрі болып есептеледі.

Ұқсас жерлер, шынтуайтқа келгенде, мотивтердің типтік сюжеттік ситуацияда жиі-жиі қолданылу нәтижесінде эпикалық формулаға айналған өрілуі әбден тұрақтанып, сюжеттің даяр кесіндісі ретінде көп өзгеріссіз қолданылуы оған бір қалыпты, бір тектес сипат береді. Сөйтіп мотив ұқсас ситуацияны бейнелеудің тұрақты үлгісіне, даяр машығына айналады.

Сонда тұрып Домбауыл  
Қорамсаққа қол салды,  
Суырып алған қу жебе  
Көп оғына жол салды.

Кезегендей қалады,  
Созағандай алады.  
Тарлан аттың басы деп,  
Алтынды ердің қасы деп,  
Қақ жүректің тұсы деп,  
Өлер жерің осы деп,  
Толғанып тұрған Тарғынды  
Толғап алып салады...

**Тарғын – М. 133.**

Тарғынға кезек келгенде осы эпизод аздаған айырмашылықпен қайта қайталаанады:

Қорамсаққа қол салды,  
Бір салғанда-ақ мол салды,  
Кезегендей қалады,  
Созағандай алады.  
Алаша аттың басы деп,  
Қалмақы ердің қасы деп,  
Қақ жүректің тұсы деп,  
Өлер жерің осы деп,  
Толықсып келген қалмақты  
Толғап Тарғын салады...

**Тарғын – М. 134.**

Мұндай қайталаулар сәйкес ситуацияларды ақын-жыраулардың дәстүрлі қалыппен құйып отыратындығын көрсетеді, әрі олар ауызша жырлау процесін жеңілдетеді. Белгілі бір оқиғаның, ситуацияның суреттелу, өрілу заңдылықтарын, дәстүрін игере отырып, эпосты айтушылар олардың түрліше нұсқаларын жасай береді:

Қорамсаққа қол салды,  
Бір салғанда ақ мол салды,  
Көп оғының ішінен  
«Сүр жебе» деген оқ алды.  
Кезегендей кезеді,  
Созағандай созады.  
Қалмақы ердің қасы деп,  
Нақ кіндіктің басы деп,  
Қақ жүректің тұсы деп,  
Қыз айтқан жерің осы деп,  
Өлер жерің осы деп,  
Салдыр-гүлдір еткізіп,

Оқ масаққа жеткізіп  
Қобыланды тартты бір оқты...  
**Қобыланды – М.М.93.**

Мотивтің нақтылы композициялық өрілімі, көркемдік бейнеленуі эпос жанрында өзгеше. Олай болатын себебі мотивтердің ерекшеліктері эпостың сюжеттік, композициялық құрылымынан, идеялық мазмұнынан, көздеген нысанасынан, тақырыптың объектісінен туындап жатады. Эпостың идеялық мазмұнын ашуда мотивтің орны бөлек. Кейіпкерлердің іс-әрекеті түрлі оқиғалар үстінде көріну арқылы сомдалады. Мұнда ел тағдыры үшін /оның ішінде батырдың өз тағдыры да бар /аса маңызды оқиға алынады да, ол жан-жақты, толық ашылып көрсетіледі. Нақтырақ айтқанда, оқиғаның өзін емес, соған байланысты халықтың тағдырын, арман-тілегін, түрлі оқиғадан туындайтын кейіпкердің іс-әрекетін, болмыс-бітімін бейнелеу басты орын алады.

Мотивтердің эпостық шығармалардағы ерекшеліктерін сюжет пен композициядағы атқаратын қызметі бойынша ғана сипаттау жеткіліксіз. Себебі бүтіннің бөлшегі ретінде олардың қызметі анағұрлым тереңірек. Атап айтқанда, мотивтердің оқиғалар мен ситуацияларды сюжеттің ең төменгі деңгейінде жинақтайтын, басын құрайтын компоненті болуында көп сыр бар.

Кезінде А.Н.Веселовский мотивті сюжеттің ары қарай бөлінбейтін бөлшегі ретінде қарастырған.<sup>□</sup> Тек қана сюжет тұрғысынан келсек, бұл көзқарасқа қосылуға болады. Алайда, В.Я.Пропп мотивтердің өз кезегінде «өзгеріп отыратын элементтерге жіктелетіндігін» атап көрсетті.<sup>2</sup> Мотивтердің көп нұсқалы, өзгермелі болуын, түрлі сюжеттік қарым-қатынастарға түсуін қазіргі зерттеу еңбектері іс жүзінде дәлелдеп отыр. Сондықтан да Б.Н.Путиловтың мотивті «күрделі құрылымдық жүйенің, яғни сюжеттің бөлшегі бола тұрып, ол өзі де ұсақ жүйеге /микросистема/ жіктеледі» деуі орынды.<sup>3</sup>

Өкінішке орай, мотивтің сюжет деңгейінен төмен қарай жіктелуі әлі күнге дейін фольклортану ғылымында сөз болған емес. Біздіңше, мотивтің сюжетке дейінгі қызметі эпостың тілдік, стильдік, көркемдік бейнелеу құралдарының деңгейімен тікелей байланысты. Оның өз құрылымдық жүйесі бар және ол сөйлем, көркемдік бейнелеу

---

<sup>□</sup> Веселовский А.Н. Поэтика сюжетов // Историческая поэтика Л., 1940.С.194.

<sup>2</sup> Пропп.В.Я. Морфология сказки. Изд. 2-е., 1969.С.18.

<sup>3</sup> Путилов Б.Н. Мотив как сюжетобразующий элемент, С.114.

күралдары, баяндау тәсілдерімен қарайлас.

Мағынасы жағынан мотив сюжет аясында жиі нақтыланады да, құрылымы бойынша поэтикалық тіл деңгейінде сипатталады. Оның бұл ерекшелігін поэтиканың екі деңгейі – сюжеттік және тілдік деңгейді бір-бірімен жалғастырып жатқан аралық компонент болуынан деп түсінеміз.

Әрине, эпикалық текст бірінің үстіне бірі жамала беретін түрлі элементтердің жиынтығы емес. Құрылымдық элементтердің өзара байланысы шығарманың идеялық-тақырыптық нысанасына қарай анағұрлым күрделі, жан-жақты. Бұл жерде әңгіме зерттеу объектісі болып отырған құбылысты /бүтіннің бөлшегі ретінде/ қай қырынан, қандай аспектіде алып қарастырғанда оның қызметі толығырақ ашылатындығы туралы болып отыр.

Тізбектеп жырлау тәсіліне құрылған, яғни батырдың дүниеге келмей тұрған кезінен бастап жырлайтын эпостардың экспозициясы мотив-суреттеуден және мотив-ситуациядан тұратынын жоғарыда айттық.

Экспозициядағы мотив-суреттеуде айрықша орын алатын бейнелі сөздер – к ө р к е м д і к – а й қ ы н д а у ы ш т а р т і р к е с і /художественно-определяющие сочетания/, яғни белгілі бір ұғым мен оның анықтамалары. □

Мәселен: «бұрынғы өткен заман», «төрт түлік», «тоқсан мың қара», «мұрындық, ноқта тимеген, түйешілер мінбеген сексен мың мая», «шұрқырап жатқан жылқы», «мың жылқы», «көп жылқы», «атадан жалғыз ер», «еңіреген ер» /Алпамыс – С.А.7/ «кешегі өткен заманда», «халықтан асқан бай», «төрт түлік мал», «жаз жайлау», «қалың қыпшақ», «қыс қыстау» /Қобыланды – М.М.17/; «бұрынғы өткен заман», «ноғайлы жұрты», «ауыр дәулет», «Бозмұнай атты бай», «тоқсан қара құл», «тоқсан тоғай мал» /Сайын – Р.347/;

«көк Еділ», «төрт түлік», «бақыты асып өрлеген», «бақытты тұрмыс күнінде», «малы менен бағы сай» /Құбығұл – Н.360./

Ал жыр басындағы мотив-мінездеме батырдың, оның туған-туыстарының тұлғасына сипаттама берілетіндіктен мұнда т е н е у д і н қызметі басымырақ: «арыстандай ақырған», «жолбарыстай бақырған», «қанын судай сапырып», «көзі оттай қызарып», «еркіндетіп дауылдай», «күзгі қара жауындай», «кер маралдай керілген», «хор қызындай сипаты», «қардай сұлу еті бар», «қандай

---

□ Ибраев Ш. Художественно-определяющая система героического романтического эпоса тюркоязычных народов // Типология и взаимосвязи фольклора народов СССР. М., 1980. С.209.

сұлу беті бар», /Қарабек – М.79/ «жолбарыстай алты ұлы», «тауыс құстай түрленіп», «он төртінші айдай боп», «ашылған гүлдей нұрланып», «жүрегін оттай күйгізді», /Қамбар – Д.37/, «құйма шойын болаттай», «көктемгі күннің нұрындай» /Едіге Нұран – Б.132/.

Мотив-ситуацияның құрамында кездесетін көркемдік бейнелеу құралдарының да негізгі салмағы көркемдік айқындауыштар жағында. Дегенімен мұнда теңеудің қарапайым түрлері ұшырасады.

Мәселен, «Алпамыс» жырында: «үркердей болып тұрады», «танадай көзі жарқылдап», «анадай болып көрінген», «көбелектей көзі жоқ», «ботадай боздап», «шеңгеліне қараса қара ағашпен тең еді», «жас бөрідей жалаңдап», «ту биедей бұлықсып», «келіншектей қылымсып», «шыбыштай күйлеп», «арыстай қылып ұл тапты», «ай мен күндей қыз тапты», т.б./Алпамыс – С.А.11-19/.

«Алпамыс» жырының экспозициясы басқа эпостарға қарағанда мейлінше көлемді. Осындағы экспозицияны тұтастай алып қарайтын болсақ, теңеулердің дені осылар. Ал «Қобыланды» жырының экспозициясында теңеу кездеспейді /бір ғана теңеу бар: «екпіні оттай қаулаған»/. Осы өзгешелік басқа батырлық жырларға да тән.

Осыдан келіп мынадай бір заңдылықты аңғарамыз. Батырлық жыр сюжеттің белсенді іс-әрекетті, қаһарманның жүріс-тұрысын бейнелемейтін қозғалыссыз кезеңдерінде, яғни мотив-ситуацияда теңеудің қызметі негізінен кейіпкердің түр-тұлғасын суреттеумен, мінездемесі мен портретін берумен байланысты екен. Мұндағы теңеу, түптеп келгенде, адамға қатысты болып шығады.

Тағы бір мысал келтірейік. «Алпамыс» жырының экспозициясында Ұлтанқұлдың портреті былай беріледі:

Кеудесі болды кепедей,  
Мұрны болды төбедей  
Күрек тісі кетпендей,  
Кеңірдегінің тесігі  
Жүгімен түйе өткендей.  
Құлағы болды қалқандай,  
Мұрынына қарасаң,  
Сығымданған талқандай.  
Көзі терең зындандай,  
Басқан ізін қарасаң  
Көрінеді оттың орнындай.  
Аузы үлкен пышақтай.  
Иегі бар сеңгірдей,

Бір батыр болды сол күнде-ай  
Алпамыс – С.А.10.

Жалпы алғанда, сюжеттің динамикалық іс-әрекетті бейнелейтін сәттерінде де теңеудің дені кейіпкердің тұлғасы мен жүріс-тұрысына қатысты. Ол жау батырының, сұлу қыздың портреті мен әрекетіне де көбірек тиесілі.

Ал батырдың мекенін, ел-жұртын, шыққан ортасын бейнелейтін мотив-суреттеудің өрілуі басқашалау. Тұрмыс-тіршіліктің, табиғаттың көріністерін, ру, тайпа, үй-іші жағдайын бейнелеуге мағынасы жағынан сәйкес келетін теңеудің түрлері мұнда сирек ұшырасады.

Осында бір анықтайтын мәселе бар. Батырлық жырларда ұ л ғ а й т у /гипербола/ мен ә с і р е л е у /гротеск/ айрықша орын алатыны мәлім. Сондай-ақ көне эпостарда да бұл негізгі көркемдік тәсілдердің бірі. Ал осы тәсілдер эпоста негізінен теңеу арқылы жасалады

Қазақтың батырлық жырларының экспозициясында тұрмыс-тіршілікті, үй-іші, ру, ел өмірін, табиғатты Алтай, Сібір халықтарының эпостарындағыдай ұлғайтып көрсету жоқ. Олардың шындыққа жақындығы, тарихилық сипаты басым. Сондықтан теңеу мұнда көп қолданылмайды, ал бірлі-жарым ұшыраса қалса олардан ұлғайту тәсілі оншалықты байқалмайды.

Алтай эпосының экспозициясында теңеу мен метафораның ұлғайтылған түрлері мейлінше кең қолданылады. Оқиға бірден тындаушыны ерекше қиял дүниесіне жетектейді, барлық құбылыс әсерленіп, көтеріңкі суреттеледі. Бас қаһарманның ел-жұрты, тұрмыс-тіршілігі, айнала қоршаған табиғат, тау, өзен, орман барлығы да айрықша іріленіп көрсетіледі: «Жұлдыз Шолпандай көзді аймақ /халық/», «ат тынысы ақ тұмандай», «мыңдаған қойдың жүнінің түгі айдың көзін көлегейлейді», т.б. □

Экспозициядағы мотив-суреттеуде теңеудің аз кездесетіндігі және оларға ұлғайтудың тән еместігі қазақ эпосының тарихи ұғымға, оқиғаны шындыққа мейлінше сәйкес бейнелеуге жақындай түскенін көрсетеді. Экспозицияда жырланатын жер-су, ру тіршілігі – бас қаһарманның шыққан ортасы, тұрақ мекені. Оның тарихи шындыққа жақын болуы бүкіл эпос сюжетінің қалай қабылданатындығына әсер етеді. Ал, негізгі қаһармандардың іс-әрекетін ұлғайтып көрсету тарихи шындыққа емес, олардың өз бойындағы қасиеттерін даралап,

---

□ *Маадай-Кара*. Алтайский героический эпос. М., 1973. С.7.

ерекше етіп суреттеуге байланысты.

Сонымен, қазақтың батырлық жырындағы экспозицияда көркемдік айқындауыштар жүйесінің ерекше жүк арқалайтыны анық. Жанры жағынан қаһармандық эпос болып қалыптасқан жырларда бұл типологиялық өзгешеліктерге айналған. Онда елдің нақтылы өз тұрмыс-тіршілігі, күн көру кәсібі, үй-ішінің жағдайы арнайы сипатталады.

Енді көркемдік бейнелеу құралдарының сюжеттік байланыс қызметін атқаратын мотив-сөздегі сыр-сипатына тоқталайық.

Батырдың жоға шығуына себепші болатын хабардың әртүрлі /монолог, диалог, хат, түс көру, т.б./ екенін жоғарыда айттық. Соған сәйкес көркемдік бейнелеу құралдарының сипаты да хабардың өзгешелігімен байланысып жатады.

Хабарда бөтен елдің жағдайы туралы толығырақ мәлімет берілетін болса онда к ө р к е м д і к а й қ ы н д а у ы ш т а р жетекші роль атқарады. Себебі, мотив-суреттемедегі сияқты мұнда да бас қаһарманға белгісіз басқа елдің /қыздың, жаудың ел-жұрты/ жағдайы баяндалады. Мысалы, «Қобыланды» жырында Құртқаның елі Естемістің сөзі арқылы былай суреттеледі:

Арғы астында бұл таудың  
Қызылбастың елі бар,  
Жасыл байтақ жері бар,  
Айдынды шалқар көлі бар,  
Көктім Аймақ ханы бар,  
Неше мың сан жаны бар,  
Қанша жиған халқына  
Көрсетіп тұрған сәні бар.  
Құртқа деген қызы бар,  
Жұртына жайған назы бар.  
Ай астына аспанға  
Құрды баққан қақтырып,  
Алтын теңге аттырып,  
Теңгені атып түсірген  
Құртқаны сұлу сол алар.

**Қобыланды – М.М. 19.**

Бұған қарағанда қай елдің мән-жайы баяндалса да эпоста қиял мен мифтен гөрі, оқиға өмірде болсын-болмасын оған тарихилық сипат беру қалыптасқан.

Әгәрәки хабар түс көру түрінде болса, онда мотив-сөзде а у ы с т

ы р у /метафора/ мен а с т а р л а у /символ/ айрықша қызмет атқаратынын көреміз.

Едігенің түсі былай баяндалады:

Мен бүгінгі түсімде  
Алтынды ер, ақбоз ат  
Жалынан тартып мінішпін.  
Ақсұңқар құс болыппын,  
Көкке таман ұшыппын.  
Көкте жүрген періште  
Оларға барып сөйлесіп,  
Онан да аса ұшыппын.  
Төбеде жүрген қоңыр қаз  
Көк үстінде ілішпін  
Төр тауына қоныппын,  
Төс етіне тойыппын.

**Едіге – Ш. 377.**

Түстің жоруы Едігенің Тоқтамыс ханды жеңуі болып шығады. Кейде жауға аттанып келе жатқан батырды қалмақтың ханы /кейде әйелі, қызы/ түсінде көреді. Онда батыр қарақұс /Кеңес – М. 147/, көк бөрі, қара бура, қара үлек, айдаһар /Қобыланды – М. 36/, құрсаулы қара нар, арыстан /Алпамыс – С.А. 39/ бейнесінде көрінеді. Ал енді Қобыландының елге оралуы шешесі Аналықтың түсінде «құбыла жақтан жел соғып, төбеге бұл келеді», қарындасының түсінде «адыра қалғыр айбалта, тасқа тиді, кетілді, қайрап ем тағы жетілді» деп суреттелсе, Құртқаның түсінде «аспаннан ай түсірдім, ақсұңқар құсымды ұшырдым» деген астарлы тіркестермен беріледі /Қобыланды – М.М. 110-116/.

Мұна аңғаратынымыз – түсте батырдың тұлғасын ауыстыру /құс, көк бөрі, айдаһар, арыстан т.б./ ғана емес, тұтас ұғымды астарлап жеткізу бар. Мәселен, Ер Сайынның опат болуы оның жары Аюбикенің түсінде:

Мен бір бүгін түс көрдім,  
Келіспеген іс көрдім.  
Жауырыным толған қара шаш,  
Жайылыңқы көрінді.  
Бедерленген бес тырнақ,  
Білектен шыққан қос бармақ,  
Қызыл қанға енеке

Малыныңқы көрінді -

**Сайын – Б. 49.**

деп, хабар қаралы қайғы түрінде жетілді.

Әрине, батырлық жырлардағы түсте үнемі символдық мәні бар ұғымдар айтылады деуден аулақпыз. Эпостық жырлардағы түстің қыр-сырын, халықтың наным-сенім түсінігімен ұштасып жатқан бітімін жан-жақты тану арнайы зерттеудің арқалар жүгі.

Кейбір жырларда түс көру ешбір астарлаусыз-ақ тура мағынасында суреттеледі. Бұл, әсіресе, батырдың болашақ қалыңдығын түсінде көріп, жолға шығуына байланысты. Мұндағы түс мотив-мінездеме түрінде өріледі:

Түсінде көрді бір сұлу  
Он сегізде жасы бар.  
Қиылған қара қасы бар,  
Ішетұғын сұлудың  
Алуа, шекер асы бар,  
Қолаң шашты, қой көзді,  
Түймедейін басы бар  
Інжу, маржан аралас,  
Мойнында алқа тасы бар.  
Нұрдан туған заты бар.

**Қарабек – М. 80.**

Қыз бейнесі бір-ақ рет осылай түсте ғана суреттеледі. Түс көрі мен кейіпкер портретін сипаттау бұл жерде бірігіп кеткен.

Сюжеттің динамикалық өрбу кезеңдерін /оқиғаның дамуы, шарықтау шегі т.б./, кейіпкерлердің белсенді жүріс-тұрысын сипаттайтын мотив-әрекетте көркемдік бейнелеу құралдарының айырықша шоғырлануы байқалады. Мұнда іс-әрекет сипатына қарай э п и т е т , т е ң е у , қ ұ б ы л – т у д ы ң //троп түрлері – ауыстыру, астарлау, алмастыру /метонимия/, мегзеу /синекдоха/, кекесін, мысқыл, ұлғайту /гипербола/, кішірейту /литота/, әсірелеу /гротеск/, т.б. үйлесім тауып, ретіне қарай өрнектеліп жатады.

Іс-әрекет әсерлі де ойнақы болу үшін жыр бұл жерде оқиғаны сырттай баяндап отырмайды, сол іс-әрекеттің сөз арқылы көзге елестетіп, көңілге ұялатарлықтай көркем суреттемесін жасайды. Осындай суреттеменің бел ортасында қаһарманның тұлғасы тұрады. Оқиға неғұрлым қалыңдаған сайын бас қаһарман да даралана түседі. Баяндалып отырған оқиға ұзарып, әрі ұлғайтылып, мыңдаған адам тағдыры түйісіп жатқанымен бәрібір ол батыр тұлғасын көлегейлей

алмайды. Керісінше оның бейнесі халықтың идеалына сәйкес онан сайын асқақтай береді.

Демек, эпостағы жүздеген үлкенді-кішілі оқиға түптеп келгенде, батыр әрекетіне фон ретінде алынады. Оқиға батыр тағдырының қалай болатынын билеп-төстемейді, қайта батыр әрекеті оқиғаның немен тынарын шешіп береді. Батырлардың жауды жеңіп, дұшпанына тізе бүктіруі, сөйтіп жыр соңында еліне оралуы осыны айғақтайды.

Осы бір бір ойды тағы да шегелей түсі себебіміз – жау батыры мен оның құрсауланған әскери, таудай биік бекінісі мен терең қазылған оры жойқын ұлғайтылуы негізінен батыр бейнесін сомдау үшін қажет. Мұның үстіне аттың шабысы, жекпе-жек, соғыс көрінісі де осы мақсатқа бағындырылған. Екі жақтың батырлары жекпе-жекке шыққанда:

Ойлы жерлер сай болды,  
Қырлы жерлер ой болды,-

**Бөген – Н. 293.**

дейді. Нәтижесінде батыр бейнесі ұлғайту мен әсірелеудің ең биік тұғырына көтеріледі. Ал бұл, байыптай түссек, идеализациялаудың асқақ үлгісі болып шығады.

Міне, осындай кестеленген бейнелі сөздер қаһарман әрекетін оқиға жүрісіне қарай өрбітіп қана отырмайды, сол оқиға мен әрекеттің әлеуметтік астарын, соған лайық батырдың мінез құлқын да бірге өреді. Оқиғаға лайық әрекет, әрекетке лайық психологиялық иірімдер тұтастық тауып, шығарманың ұлттық, жанрлық, көркемдік, идеялық, т.б. белгілерін анықтайды.

Демек, қаһармандық эпостағы ұлғайту мен әсірелеу көп сатылы. Жау күші, оның бекінген қаласы, бірінен кейін бірі жекпе-жекке шығып жатқан батырлар, міне, бұлар кезекпен ұлғайтылып суреттеледі.

Жырда дау батырына берілген сипаттаманың ұлғайтылғаны сондай, оны жеңетін қандай күш бар екен деген ой еріксіз оралады. Оқиға драматизмге ұласып, тыңдаушыларды тас-түйін жағдайға жеткізеді:

Бес елі қырпу басында,  
Тап өзі отыз жасында.  
Дауысы күндей күркіреп,  
Екі мұрты жер теріп,  
Танаудан алған демдері,  
Үріккен қойдай дүркіреп.  
Сақалы бар қырық құлаш,

Кірпігі бар бес құлаш,  
Көлденеңі қос сажын,  
Ұзындығы он сажын.

**Бөген – Н. 291.**

Осындай жауға қарсы шыққан алты жасар балаға аруақтар жәрдем беріп, пірлері дұшпанның атқан оғын қағып түсіреді. Сөйтсек, батыр тек халықтың, тыңдаушы көпшіліктің ғана сүйіктісі емес, аруақтар мен пірлердің де назарында жүрген тұлға болып шығады.

Мұндай қаһарманның жеңілуі мүмкін бе? Жоқ, мүмкін емес. Жыр логикасына бұл үйлеспейді. Батыр тұлғасы халық идеалына сәйкес басынан тенденциялы. Оның жеңіске жететіні әу бастан-ақ халық тілегіне сәйкес өлшеп-пішілген. Қалың оқиға, белсенді іс-әрекет сол идеалдың іс жүзінде дәлелденіп, жүзеге асқан көрінісі ғана.

Сонымен, эпос мотивтерінің бітімі көркемдік тәсілдер мен бейнелі сөздердің сыр-сипатымен астасып жатқандығы анық. Олар сюжеттегі орын тәртібіне, мән-маңызына, арқалайтын жүгіне лайық өріліп, эпостың идеялық мақсатын ашуға қызмет етеді. Бұл орайда мотивтердің нақтылы өрілуі көркемдік бейнелеу құралдармен байланысып жатуы кездейсоқ емес. Олардың қай-қайсысының да мағыналық жүгі, пішіндік симметриясы эпос поэтикасының өзгешеліктерінен туындап жатқан жүйелі құбылыс екендігі анық.

## ТҮЙІН

Эпос әлемі ұшан-теңіз... Оның ішінде қаһармандық жырлар алуан-алуан көркемдік иірімдерге, тарихтың талай бұралаң иіндеріне толы. Эпостың бітімі мен бедері, сыры мен сипаты, рухы мен асқақ үні әлі талай ұрпақты тамсандырып, тағзым еткізері анық.

Уақыт талабына орай эпостың түр-мазмұны қилы-қилы өзгерістерге ұшырап, табиғи болмыс-бітімі жиырмасыншы ғасырдың бас кезіне дейін қоршаған ортамен етене жақын үндес күй кешті. Халқымыздың өмір салты, ғұмыр-шежіресі оған өшпейтін із қалырып, ғажайып өнерлік қасиет дарытты. Бүгін ол – әрі тарихи, әрі рухани мұрамыздың үлкен бір айғағы.

Батырлық жырлардың осындай сыр-сипаты алдымен оның көркемдік және жанрлық шежіресімен сабақтас. Бұл орайда біз үшін эпостың өткен бір тарихты байнелегені ғана емес, сол тарихты қалай бейнелеп келгені де аса маңызды. Эпосты өнер деп танудың алғышарты да осы болса керек.

Тарих – тіршілік сабақтастығы болғанда, эпос – рухани сабақтастықтың көрінісі. Эпостағы тарих шындықтың айна қатесіз көшірмесі емес, ол – халықтың шындықты елеп-екшеген концепциясы. Демек, мұндағы тарих – көркемдік ұғымдармен, әлеуметтік түсініктермен астасқан рухани дүниенің меншігі. Эпос – тарихты халық санасы лайық түрлендіріп, оқиғаларды құбылтып, халықтың тағдыр-талайын, әлеуметтік қарым-қатынасын, дүниетанымын тұтас жинақтайтын көркендік ізденістердің айрықша бір әсем де әсерлі шежіресі.

Осылай келетін болсақ, эпостың көркемдік жүйесі мен оның даму, өзгеру тарихы да өз алдына толымды бір арна, төлтума мәдениет айғағы болып шығады екен.

Байырғы мифтерден, батырлық ертегілерден, көне жырлардан бастау алып жатқан қаһармандық эпостың жанр ретінде қалыптасуы тарихи шындықпен және сананың өзгеруімен қатар жүріп отырыпты. Ел болып бірігу мен сол бірлікті биік мұрат тұту, халық болып құралу мен сол халықтың еркіндігін сақтау – қаһармандық рухқа жан бітіріп, жалынын алаулатыпты. Қаһармандық уақыт халыққа шексіз берілген, ерліктің, кісіліктің, адамгершіліктің өлшеміне айналыпты.

Ал осындай әрі тарихи, әрі рухани қажеттіліктің салмағын миф те емес, ертегі де емес, батырлақ жырдың өзі арқауға тиіс еді. Нәтижесінде байырғы фольклорға тән қалыңдық іздеу, от басын қорғау, мифтік құбыжықтармен алысу тақырыптары енді ел қорғау,

тарихи-реалды жаулармен соғысу, жерін жаудан азат ету, бірлік мен елдік үшін күресу тақырыптарына ұласты. Алайда бұл мазмұн мен тақырыптың ғана өзгеруімен шектелген жоқ, жаңа жанрды да дүниеге әкелді. Сөйтіп, классикалық қаһармандық эпостың заманы туды.

Мифтің, ертегінің және көне эпостың «ерте замандағы» мезгілінің орнына енді батырлық жырлардың рулар аясындағы уақыты мен рулар бірлістігінің дәуірі түп дінгек боп алынды. Тарихи өзгеріске қарайлас жанрдың түрленуі алдымен уақытты белгілеумен ерекшеленсе керек. Бұл қаһармандық эпос жанрының оқиға мерзіміне ғана емес, ішкі өлшем-симметриясына да, түр-пішініне де қатысты жағдай еді. Дерекі бар тарихи шындық пен уақыт эпостың көркемдік дәстүрін жаңаша түлетті. Мезгілі мен мекені /дәуірі, шыққан ортасы, руы, жері, т.б./ нақтыланған қаһарман бейнесі осындай бір «тарихи өлшемдердің» аясында сомдалады.

Бұл орайда атам заманда туған кейбір жырлардың мерзімі де тарихи қаһармандық дәуірге көшірілді. Мифтік және ертегілік уақыт қаһармандық уақытпен алмастырылды. «Дотан батыр», «Кұбығұл», «Ер Көкше», «Ер Қосай» сияқты көне жырлар оқиғасының ноғайлы дәуірінде өтіпті деп жырлануы осыны көрсетеді.

Байырғы эпостардың түлеп-түрленуі заңды еді. Жаңа тарихи жағдайға там-тұмдап бет бұрмаған көне эпос ертелі-кеш ұмыт болмақ. Ауызша дәстүр өмірге сәйкессіздігі көтермейді: ертегі мен эпос аралығында тұрған байырғы жырлар не қаһармандық эпос дәстүріне икемделуге, не біржола ертегі жанрына ауысуға тиіс болатын.

Алайда байырғы эпостардағы оқиғаның болған мезгілін қаһармандық дәуірге көшіру, сөйтіп батырлық жырлардың көркемдік дәстүріне иіп әкелу олардың ежелден қалыптасқан ішкі болмыс-бітімін түбірімен өзгертіп жібере алмаған. Бұл сөзіміздің айғағы – олардағы қаһармандардың қалыңдық іздеп мифтік кейіпкерлермен аралас-құралас жүруі, солармен соғысуы т.б.

Бұларға қарағанда қаһармандық дәуірдің өзімен қарайлас туған жырлар барлық сипатымен осы дәуірдің төл туындысына айналды. Тарихи уақыт талабы мен қаһармандық эпос дәстүрі бір-біріне сай болған замандарда батыр тұлғасы, оның атқарған ісі, соғысқан жауы, мақсат-мүддесі дәуір рухына лайық тұтас өрілді.

Бұл орайда уақыт пен кеңістіктің эпостағы көркемдік қызметі осы жанрдың талай толымды бедер-белгілерімен байланысты екеніне көз жеткізгендей болдық. Мұның өзінде уақыт пен кеңістіктің алуан түрлі өлшемдерден, ұғым-түсініктерден тұратыны анықталды.

Алдымен жырлаушы /орындаушы/ уақытының мағыналық

сыйымдылығы мен өлшемдері бірнеше қабаттардан түзіледі екен. Жырлаушы уақытының батырлар мерзімінен бірде алыстап, бірде оған жақындап, ал кейде оқиғаның болған мезгілімен астасып, іс-әрекетті дәл қазір болып жатқандай тірілтетін қасиеті барын қарастырып көрдік. Сөйтсек, оның сыры жырлаушы уақытының әртүрлі қалпына, дербес күйде тұрғандығына /жыр басы мен соңы/ және сюжеттік уақыт, эпикалық дәуір өзгешелігімен сабақтас өрілетіндігіне байланысты болып шықты.

Жырлаушы уақыты сюжет желісінен оқшау тұрған кезде ол міндетті түрде батырлар уақытынан, яғни эпикалық дәуірден алшақтап отырады. Мұндайда жырлаушы уақыты тыңдаушы уақытымен бір қатарда тұрады да, батырлармен тыңдаушылар арасындағы мерзімдік айырма анық сақталады. Ал енді жырлаушы сюжеттік уақытқа енгеннен кейін арадағы алшақтық біртіндеп жойылады. Іс-әрекет ойнақы түрге көшіп, оқиға динамикалық сипат алған жерден жырлаушы бұрынғы оқиғаны баяндаушы емес, дәл сол оқиғаның ортасында отырған бақылаушы сияқты болып сөйлейді. Бұл өзгешелік тыңдаушыларға да өз уақытын ұмыттырып, түрлі уақыттық өлшемдер тас-түйін болып бір жерге жинақталады. Эпостың тыңдаушыларды біресе күйіндіріп, біресе сүйіндіріп, біресе жылатып, біресе күлдіріп отыратын тұсы да осы кез. Батырдың жүріс-тұрысын, сөйлеген сөзін, оған қайтарған өзгенің жауабын, зар-мұңын, жалындаған жігерін, бір сөзбен айтқанда оқиғаның дәл өзін бейнелеу арқылы арадағы уақыт алшақтығы естен шығады. Сөйтіп, эпостың өнерлік күдіреті күшіне енеді.

Жыр соңына таман жырлаушы уақыты сюжеттік уақыттан қайта дербестенеді. Жырлаушының арадағы уақыт алшақтығын еске салуы батырдың мақсатына жетіп, бақытты ғұмыр кешкенін ескертумен байланысты. Қазақтың батырлық жырларының дәл осы арадағы бір өзгешелігі – эпикалық уақыттың өз-өзімен тұйықталмай, тыңдаушылар мерзімімен жалғасып жатқандығы. Жырлаушы батырдың сүйегі жатқан жерді, басына қойылған белгіні айтып, оның ұрпақтарының шежіресін таратады. Сөйтіп батыр мен тыңдаушының арасындағы бос уақыт тарихи сипаты бар мәліметтермен толтырылады. Екі арадағы жалғасқан уақыт тыңдаушыларға батырды өгейсітпейді. Керісінше батыр тұлғасы тыңдаушыларға етене жақындай түседі. Оның өмірде болғандығына күмән қалмайды.

Ал сюжеттік уақытты шынтуайттап келгенде, қаһарманның тыныштық сәтінен іс-әрекетке ауысып, соңында қайтадан бейбіт тіршілікке көшкен мерзімнің аралығы деуімізге болады. Бұл

уақыттың басы да, аяғы да айрықша бір эпикалық дәуір. Ал мұның ортасындағы сюжеттік уақыт осы эпикалық дәуірдің уақытша қауіп-қатерге душар болған, жалпыға бірдей үйлесімді бейбіт тіршілікке нұқсан келген мезгіл болып есептеледі. Осыдан келіп қауіп-қатерді жойып, үйлесімділік пен тыныштықты қалпына келтіру батыр тұлғасына жүктеледі. Сондықтан да эпикалық қаһармандық дәуірдің ең белді тұлғасы батыр болады да, оның бейнесі бүкіл эпикалық дәуірдің өлшемімен сомдалады. Оның идеализациялауы да осымен сабақтас.

Эпикалық дәуір тарихтың ұзына бойғы көшінен айрықша бір кезеңді меншіктеп алып, қаһарман тұлғасын, мақсат-мүддесін соған сәйкес сомдаумен бірге, эпостың тұтастануын да реттейтін құбылыс. Сан-түрлі жырларды мерзімі жағынан топтастырып, шежірелік, өмірбаяндық тәртіппен жинақтаудың, сондай-ақ бір батырдың басынан кешкен түрлі оқиғалары, бір батырға бірнеше батырдың бағынуын, батырлардың бір орталыққа бірігуін жүйеге түсіріп, жыр шоғырына айналдырудың көш басында баршаға ортақ эпикалық дәуір тұрады. Дәуірі жағынан үздік-создық жалғасқан, не бір мерзімге көшірілген жырлар ғана ары қарай осы айтылған тәсілдермен шоғырланып, тұтастық құрайды.

Сюжеттік уақыттың көркемдік сипатында да көп сыр бар. Жырлаушы уақыты оқиғаның өзіне ойысқанда баяндау уақыты баяу тартады. Іс-әрекеттің суреттелуі реалды уақытқа жуықтайды. Алайда мұның ішінде де уақыттың біресе қысқарып, біресе ұзарып, бірде жылдамдап, бірде бәсеңдейтінін көреміз. Батырдың ішкі толғаныстарын, мұң-зарын, туған-туыстарымен қоштасуын, көрісіп табысуын, жолға даярлануын бейнелеуде уақыт баяу жүрсе, оның белсенді қимылын суреттегенде дүние дөңгеленіп жүре береді. Оқиға мерзімі ұзаққа созылса /соғыс, ұзақ жол жүру, т.б./ ондай баяндау ықшамдалады. Ұзақ жолдың жүру мерзімі қысқарса оның суреттелуі толығырақ болады. Міне, мұның бәрі де қаһарман әрекетінің сюжеттегі мән-маңызына қарап елеп-ескеріледі екен.

Эпостың көркемдік бітіміне кеңістік ұғымдары мен өлшемдері де тікелей байланысты. Олар да батырлық жырдағы уақыт түрлерімен, қаһарман әрекетімен бірге өріледі. Кеңістік ұғымдары жинақталып эпикалық дәуірдің тұрақты мінездемесіне айналады. Батырдың мекен-тұрағы мен жау елінің типтік белгілері эпикалық дәстүрге сәйкес жинақталып, олар бір-біріне қарам-қарсы қойылады. Әсіресе, қала мен дала, көшпелі және отырықшы шаурашылық осындай сипатты көрінеді.

Бұл орайда кеңістіктің ауысуында да заңдылық бар. Уақыт жылдамдағанда кеңістік жиі өзгереді. Сөйтіп кеңістік бейнесі де жинақталады. Кеңістік бедерінің алуан түрлі болып келуі, әрі көлемінің жойласыз үлкендігі оларды тел оппозициялы ұғымға сәйкес бірыңғай топтастырып суреттеуге бағындырылған. Тау мен су /өзен, көл/, биік пен ойпаң, шөл мен жазира, құмайт пен шөлейт алма-кезек ауысып, әрқайсысы бірыңғай аталады. Тел ұғымдардың мөлшерін теңестіріп отыру арқылы кеңістіктің шамадан тыс ұзақтығы туралы жалпы түсінік туады. Мұнда сынаржақ ұғымға, яғни кеңістікті бірыңғай таумен, не бірыңғай даламен бейнелеуге жол берілмейді. Әрқайсысының көлемі мен мөлшері шамалас болады.

Әрине, бұған қарап кеңістік атауларының дені шартты екен деген ұғым тұмауы тиіс. Кеңістік бедері тарихи-бабиғи ортадан алынатыны даусыз. Бірақ ол эпоста ситуациялы мәнге ие болып, көркемдіктің заңдылықтарына икемделеді.

Эпос поэтикасының келесі бір айрықша өрнегі сюжет пен мотивке байланысты. Бұл орайда біз сюжеттік инвариант ұғымына жүгіну арқылы эпос сюжетінің типтік құрылымын ажыратуға әрекеттендік. Алайда бұл ұғым ойнақы да әсерлі шығарманың сыр-сипатын толық таныта алмайды. Біз үшін сюжеттік инвариант шығарманың қалыптасқан бітімін, оның тұрақты қайталанатын мотивтерін ажыратудың тәсілі ғана. Осындай жолмен эпос сюжетінің өрбу кезеңдеріндегі мағынасы үндес мотивтердің қызметін бажайлауға мүмкіндік алдық. Нәтижесінде осындай кезеңдерде бірыңғай мотивтердің қолданылатындығы, әрі оларды баяндау формасының да тектестігі /мотив-ситуация, мотив-сөз, мотив-әрекет, т.б./ байқалады.

Эпос поэтикасы – тұтас бір көркемдік жүйе. Бұл сюжеттен анық байқалады. Байыптай түссек, сюжеттің құрылымын мотивтер арқылы көз алдымызға келтіруге болады. Оның үстіне мотивтер жасанды түрде жіктелген ғылымның танымдық құралы емес, олар тіршілікте, әдет-ғұрыпта, ұлттық дүниетанымда нақтылы негізі бар тұтас ұғымдардың айғағы. Мәселен, әулиеден бала сұрау, шілдеhana, той, түс көру мен жору сияқты түсініктердің ары қарай жіктелуі мен іске асуы ұлттық дүниетанымға, қалыптасқан нормаға сәйкес болды. Сюжеттің ұлттық бояумен көмкерілу себебі де осыдан.

Ал енді осындай сипаты бар мотивтің эпостағы қызметін байыптай түссек, оның көркемдік тәсілдермен, бейнелі сөздермен де байланысты бар болып шығады. Жалпы мотивтің құрылымы сөз бола қалған жағдайда оның мінездемесі эпостың тіл ұстарту ерекшелігімен

қарайлас.

Шынтуайтқа келгенде, сөздерден сюжет құрылатын болса, осының алғашқы сатысы мотивтерге барып тіреледі. Барлық жырлардың тілдік кестесін мотивтермен байланысты көктей шолып, қыдыра қарасақ, типтік ситуацияны суреттеудің де қалыптасқан тәсілі, көркемдік бейнелеу құралдары болатынына көз жеткіземіз.

Сюжеттің өрбу кезеңдеріндегі мотивтердің орын тәртібі мен мән-маңызына қарай бейнелі сөздердің сыр-сипаты да әртүрлі. Әрі бұл құбылыстың қалыптасқан белгілері бар. Мәселен, теңеу мотив-мінездемеде, ұлғайту мен әсірелеу мотив-әрекетте, ауыстыру, астарлау, алмастыру мотив-сөзде /оның ішінде, әсіресе, түс көрі мотивінде/ молырақ шоғырланған. Ал батырдың ел-жұртын суреттейтін мотив-ситуацияда көркемдік айқынадауыштар жиі кездеседі. Бұл, сөз жоқ, оқиғаның кім, не туралы екеніне, динамикалық, яки статикалық сипатына, сюжет желісіндегі арқалар жүгіне, жау батырымен қаһарманды қатар қойып шендестіру тәсіліне т.б. қатысты жағдайлар.

Мінеки, қазақтың батырлық жырларының көркемдік әлемін сөз ету барысында байқаған кейбір ой-пайымдауларымыздың ұзын-ырғасы осылар. Зерттеудің уақыт талабына қарай соны сапарға көтерілуі оның талдау тәсілдері мен сүйінер тірегіне де әсер етпей қоймайды. Бағалы мұрамыздың байыбына бару үшін жұмыла көтеретін жүк әлі жетерлік. Ал, өзімізге келсек, айқын ой, адастырмас бағыт ұстандық деуден аулақпыз. Бірақ, эпос табиғатына қалай да жақын болуды ниет еткен жайымыз бар. Оның бірі болмаса кәдеге жараса және оны рухани сабақтастықтың тағы бір нышаны болғай деп тілесек әдептен озғандық болмас.

## РЕЗЮМЕ

Монографическое исследование посвящено проблемам поэтики казахского героического эпоса. Оно состоит из введения, восьми глав и заключения. Материалами исследования послужили опубликованные и рукописные варианты и версии казахского героического эпоса (использовано более семьдесят текстов).

В первой главе освещаются проблемы истории изучения казахского эпоса, а также обобщаются вопросы жанровой классификации. При этом жанровая преемственность и взаимопроникновение архаического, героического, романического и собственно, исторического эпоса явилась важнейшим моментом в эволюции эпической традиции.

Вторая глава охватывает проблемы исторической поэтики эпоса в свете историко-типологической теории. Проблемы исторической поэтики ставятся здесь применительно к специфике казахского героического эпоса, к его неизученным прежде вопросам. При этом мы исходим не из определения поэтики как таковой (как в узком, так и в широком ее понимании), а очерчиваем круг вопросов казахского героического эпоса, входящих в предмет исторической поэтики. Таковыми являются не только поэтические средства, способы и приемы изображения, но и искусство сюжетосложения, искусство использования категории времени и пространства, искусство создания героического характера. Проблемы исторической поэтики эпоса реализуются тогда, когда она рассматривается как целостная художественная система. Именно понимание поэтики как художественной системы предопределило исходную позицию в изучении поэтики и типологии эпоса как в диахроническом, так и в синхроническом аспектах.

Третья глава посвящена раскрытию жанрово-поэтических истоков героического эпоса. Здесь большая роль отводится богатырским сказкам и архаическим эпосам мифологического, сказочного и героического характера. Положительным является то, что сравнительное изучение этих жанров позволило обобщить наиболее общие черты в их поэтике, а именно в сюжетосложении, в создании героического образа, в использовании поэтических приемов и средств (прием выделения героя, прием противопоставления своего и чужого, гиперболизация, идеализация и т.д.), а также сопоставить их тематический диапазон.

В следующей главе рассматривается поэтика эпического

художественного времени, в частности, время исполнителя и сюжетное время. Анализ показал, что время исполнителя четко отделяется от эпической эпохи тогда, когда он констатируется вне сюжета. Здесь оно ближе ко времени слушателей. С переходом в сюжетное время расстояние между временем исполнителя и временем героя исчезает, или становится незаметным. Разумеется, повествователь нередко вмешивается в ход события. Но это не с позиции большого расстояния, а в целях перехода из одного события в другое.

Сюжетное время также имеет свою специфику. Оно замедляется, убыстряется в зависимости от «плотности события» (Д.С.Лихачев), от действия героя, от характеристики изображаемого: если герою предстоит преодолеть огромное расстояние, то время в пути сокращается; убыстрятся время в связи с ростом героя, с быстрым преодолением пути; если время подробно фиксирует событие (прощание, внутреннее переживание героя, диалог, монолог, подготовка к пути и т.д.), то оно течет медленно.

Забегание сюжетного времени в будущее и назад от основного эпического времени не характерно для эпоса. Однако в эпосе встречается время в виде воспоминания и в виде предчувствия и сновидения о предстоящем, но оно воспринимается в контексте настоящего времени.

В целом, эпическое время в эпосе не замкнуто, оно имеет связь со временем слушателей. Это осуществляется путем внесюжетного рассказа генеалогии батыра, потомки которого являются современниками исполнителя. Таким образом, конец эпического времени имеет выходы на время слушателей.

В пятой главе анализируются вопросы эпического пространства в двух аспектах: эпическая концепция пространства и его художественная особенность. Понятие пространства (название местности, гор, рек, озер и т.д.) категория историческая. Однако, и она подчинена поэтическим законам эпоса. Прежде всего, она событийна. Поэтому его изображение и перечисление зависит от характера сюжетного развития. Пространство сгущается в связи с активным действием батыра: отъезд и приезд, сражение, странствие и др. В сущности говоря, пространство в эпосе предоставлено в виде противопоставления своего и чужого (вражеского), кочевого и оседлого реалий. Большое место занимает изображение пространства в виде бинарной оппозиции: горы и реки (озера), вверх и вниз, пустыня и оазис, степь и укрепленная крепость и т.д.

Следующие две главы посвящены проблемам эпической эпохи и связанные с ней эпической традиции. Эпическая эпоха, несомненно, восходит к определенной исторической эпохе. В исследовании применительно к казахскому героическому эпосу выделяются две эпохи. Это – эпоха объединения ногайских родов и эпоха в рамках отдельного рода (кыпчак, конрат и др.). Анализ показал, что эпическая эпоха не адекватна с исторической действительностью, но в известной мере является народной эпической концепцией истории.

Понятие «эпическая эпоха» имеет определяющее значение в процессе циклизации эпоса. Ногайская эпоха – это не только определенное время в эпосе, но и общая для многих эпосов эпоха, в которой объединены по разным принципам (генеалогический, биографический, единый центр и т.д.) десятки сюжетов, возникшие как раньше, так и в этот период. Об этом свидетельствует прежде всего эпический цикл «Сорок богатырей Крыма», записанный от великого сказителя М. Сенгирбаева.

Эпическая эпоха – это в понимании народа особая героическая эпоха. Соответственно этому и создается образ богатыря. Он идеализирован именно в рамках эпической эпохи. Его поступки и подвиги соизмеримы с представлением об этой особой героической эпохе. Поэтому естественно, что для этой эпохи самая высокая фигура – это батыр. Из какой социальной среды он выходит – для эпоса это не имеет принципиального значения. Любопытно отметить, что любой представитель общества, будь он бедняк или богач, хан или простой охотник, идеализируется тогда, когда его фигура сливается с образом батыра. Вне богатырского качества никто не может стоять выше его. В его силах наказать даже верховного хана, если он заслуживает того, или сам избирается ханом, хотя это противоречит истории (начиная с монгольского нашествия в степи избирался ханом только чингизид). Все это, несомненно, оказало действенное влияние и на создание художественного образа.

Наконец, в последней главе раскрывается сюжетная структура героического эпоса. Здесь с помощью понятия «сюжетный инвариант» (Б. Н. Путилов) обобщаются три наиболее типичных сюжета: 1) богатырское детство и женитьба героя (богатырское сватовство); 2) богатырские подвиги; 3) освобождение рода (племени, невесты, родственников) от врагов (рабов, соперников). Они в эпосе представлены как в отдельности, так и в контаминации. Более древним оказался первый, который широко распространен в архаических жанрах повествовательного фольклора.

Системному анализу подвергся также и доминантный тип мотива, который является не только основным сюжетобразующим элементом эпоса, но и играет большую роль в организации эпического повествования. Именно в его структуре выделяются особенности художественных приемов и средств. Использование эпической гиперболизации, символики, сравнения, метафоры, эпитетов во многом зависит от места и значения мотива в сюжетной структуре эпоса.

В монографии обобщаются многие актуальные вопросы поэтики казахского героического эпоса, но она не претендует на их окончательное решение.

## SUMMARY

The monographic research is devoted to the problems of poetics of the kazakh heroic epos. It consists of introduction, eight chapters and conclusion. The published and manuscript variants and versions of the kazakh heroic epos are served as a research material (more than seventy texts were used).

The problems of the history of study the kazakh epos an the questions genre-painting classification summarize in the first chapter. For all that the genre-painting interpenetration of the archaic, heroic romantic and properly historical epos became the epic tradition of the kazakhs.

The second chapter covers the problems of historical poetics of the epos in the light of the historico - typological theory. The problems of historical poetics put here in conformaty with the specific of the kazakh heroic epos, are unstudied questions. Moreover we don't proceed from the definition of the poetics as such, but we do outline e wide range of questions of the kazakh heroic epos coming into the subject of the historical poetics. And it's not only the poetics modes, means and methods of representation but it is the art of plot making, the art of using the categories of space and time, the art of creation heroic character. The problems of the historical poetics of epos are realizing when they are considering as a integral artistic system. Just the understanding of poetics as a artistic system predestined the initial position in study poetics and types of epos as in diachronistic so in synchronistic aspects.

The third chapter is dedicated to the opening of the genre – painting poetic sources of the heroic epos. The main role here is given to the heroic tales and archaic epos of mythological, fairytale and heroic character. The positive fact is that the comparative study of these genres allowed to summarize the most general features in their poetics especially in plot making, in creation the heroic image, in using poetic means and ways (the method of distinguishing the hero, the method of contrasting, the hyperbolization, idealization, etc) and also at allowed to compare their thematic range.

The next chapter is describing the poetic of epic artistic time in particular the time of the performer and the plot time. The analysis showed that the time of the performer is clearly separated from the epic age when it is started out of the plot. With the transition it the plot time the distance between them (the time of the performer and the hero's time) disappears or it becomes imperceptible. It goes without saying that the narrator often interfere in the course of events, in the purpose of transition from one case

to another.

Plot time also has its specificity. It slows down, increases depending on «the compactness of the events» (D.S.Lihachev), the action of the hero, the characteristics of the image: if the hero is going to get over a great way the time is shorter, but the time passes slowly if it elucidates the events in detail.

The changing of the plot time isn't typical for the epos. However we have in epos the time in the form of reminiscence, presentiment and dream about future but we accept it in the context of present time.

In general the epic time in epos doesn't reserve, it connects with the time of the listeners. It carries out by means of unplot story of the genealogy of batyr whose descendants are the contemporaries of the performer. Thus the end of the epic time has going out on the listener's time.

In the fifth chapter the problems of epic space are analyzing in two aspects: epic conception and its artistic specificities. The notion of space (the name of region, the mountains, the lakes, the rivers, etc) is the historical category. However it submits to the poetic rules of epos. First of all it is eventful. That's why its representation and enumeration depends on the character of plot development. The space is thickening in connection with the active work of batyr: the arrival and the departure, the battle, the traveling etc. Practically speaking the space in epos is represented as an opposition to the native and strange, as a nomadic and own. The great place takes the image of the space as a binary opposition: the mountains and the rivers (or lakes), the top and the down, the desert and the oasis, the steppe and the fortress, etc.

The next two chapters are devoted to the problems of epic epos and its traditions. The epic epos goes back to the definite historical epos of course. In the study conformably to kazakh heroic epos stands out two epochs. They are: the epoch of the joining of the nogays and the epoch within the limits of separate stock (the kipchaks, konrats, etc.). The analysis showed that the epic epoch isn't adequate with the historical reality, to a certain extent it is the peoples epic conception of the history.

«The epic epos» has definable sense in the process of the cyclic recurrence. Nogay epoch is not only the definite place in the epos, it is common for ten eposes, which units many plots on different principles (genealogical, biographical, united center, etc.). The epic cycle «The forty Crimea heroes» written down by famous taller M.Sengirbaev.

In the people sense the epic epos is a special heroic epoch. In accordance with it the hero's image is made. His heroic deeds and acts are

commensurable with the image of a special heroic epoch. Thus, the most magnificent figure for this epoch is the batyr. It doesn't matter what social environment he is from. It's interesting to mark that any representative of the society: a poorman or a rich man, a khan or just a hunter idealizes when his figure embodies the image of batyr» He might punish even the supreme khan, if the last earns it or he be selected as a khan (beginning from Mongol invasion only the Chingizides can be khans in the steppe). By all means this influenced on the creation of artistic image

The latest chapter gives the plot structure of the heroic epos. Here by means of such concept as a plot invariant (V. N. Putilov) summarizes three most typical plots.

- 1) the hero's childhood and his wedding;
- 2) the hero's deeds;
- 3) the release of the stock (or tribe, bride, relatives, etc);

They are represented in the epos as taken separately, so in contamination. The first one was more ancient, it met in the archaic genre of the narrative folklore.

The dominate type of epos's plot element plays a great role in the organization of epic narration, it also expose to system analysis. Just in the structure there are the features of artistic means and devices. The using of epic hyperbolization, symbolic, comparison, metaphor, epithets in many cases depends on the place and means of the motive in plot structure of the epos.

Many historical problems of the poetic of the Kazakh heroic epos summarize in this monography but it doesn't pretend to the settled and final decision.

## ТЕКСТЕРДІҢ ҚЫСҚАРҒАН ТІЗІМІ

- Алаңқай-Қ.-** Алаңқай батыр. Қалбаев нұсқасы // ӘӨИ. 896-п. 2-кітап.
- Алау-М.-** Алау батыр. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1990. 6-т. 210-221-б.
- Алпамыс-С. А.-** Алпамыс батырдың қиссасы. Майкөт Сандыбаев – Сұлтанқұл Аққожаевтың версиясы // Алпамыс батыр. Редакциясын басқарғандар: М.О.Әуезов, Н.С.Смирнова. Алматы, 1961. 7-105-б.
- Алпамыс-Б.-** Қисса Алпамыс. Әбдірайым Байтұрсыновтың версиясы // Сонда, 106-199-б.
- Алпамыс-Ш.-** Қисса-и Алфамыш батыр бұ тұрыр / Жүсіпбек Шайхисламов басылымы// Сонда, 531-565-б.
- Аңшыбай-М.-** Аңшыбай батыр. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 17-45-б.
- Арқалық-А.-** Арқалық батыр. Е.Ахметұлы жазбасы // Ақ сауыт. Алматы, 1977. 2-т. 317-373-б.
- Асанқайғы-М.-** Асанқайғы, Тоған, Абат. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1990. 6-т. 49-72-б.
- Ахмет-М.-** Айсаның ұлы Ахмет. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1990. 6-т. 196-209-б.
- Әмет-М.-** Әмет батыр. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1990. 6-т. 222-230-б.
- Әуез-Б.-** Әуез батыр. А. Байтабынов нұсқасы // ӘӨИ. 85/ 2-п. 9-дәптер. 600-666-б.
- Бегіс-М.-** Ер Бегіс. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 243-258-б.
- Бөген-Н.-** Бөген батыр. Нұрмағамбетов жазбасы // Батырлар жыры. Алматы, 1987. 3-т. 271-296-б.
- Дотан-М.-** Датон батыр. Мәшһүр хожа Жүсіпбек нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1961. 2-т. 145-210-б.
- Едіге-Нұран-Б.-** Едіге-Нұран. Б.Жолбарысұлы нұсқасы // Бақтыбай ақын. Жел қобыз. Алматы, 1987. 131-174-б.
- Едіге-М.-** Едіге. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 70-95-б.
- Едіге-Ш.-** Ер Едіге. Ш.Уәлиханов жазып алған нұсқасы // Сәтбаев Қ.И. Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары. Алматы, 1989. 361-390-б.
- Жұбаныш-М.-** Жұбаныш. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар

- жыры. Алматы, 1989. 5-т. 197-216-б.
- Кеңес-М.-** Ақжонасұлы ер Кеңес. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1990. 6-т. 135-159-б.
- Көкше-М.-** Көкше батыр. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1990. 6-т. 103-110-б.
- Көкше-Р.-** Ер Көкше. Радлов жазбасы // Батырлар жыры. Алматы, 1987. 3-т. 51-61-б.
- Көрұлы-Е.-** Қисса Көрұғлы. Е.Есенжанов жазбасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. ң-т. 123-160-б.
- Көрұлы-Ж.-** Көрұғы / Бозайхан /. Жамбыл нұсқасы // батырлар жыры. Алматы, 1989. 4-т. 271-308-б.
- Көрұлы-Қ.-** Қисса Ғауазхан. Қошанов жазбасы // батырлар жыры. Алматы, 1989. 4-т. 311-348-б.
- Көрұлы-Ө.-** Түркімен Қасымхан. К. Өтешов нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 4-т. 351-395-б.
- Көрұлы-Р.-** Көрұғлы. Рахмет Мәзхожаев нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 4-т. 19-120-б.
- Көрұлы-С.-** Хикаят Көрұғлы. Ж. Сыздықов жазбасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 4-т. 153-250-б.
- Көрұлы-Т.-** Көрұғлы мен Безерген. Тәшібайұлы жазбасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 4-т. 253-268-б.
- Күреңбай-К.-** Күреңбай батыр. Е.Кәндеков нұсқасы // ӘӨИ. 182-п. 1-26-б.
- Қарғабойлы, Қазтуған-М.-** Қазтуған. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1990. 6-т. 73-102-б.
- Қамбар-Б.-** Қамбар. И.Н.Березин жазбасынан // Қамбар батыр. Ред.басқарғандар: М.О.Әуезов, Н.С.Смирнова. Алматы, 1959. 7-8-б.
- Қамбар-Д.-** Қамбар Батыр. А.Диваев варианты // Қамбар батыр. Ред.басқарғандар: М.О.Әуезов, Н.С.Смирнова. Алматы, 1959. 36-78-б.
- Қамбар-Қ.-** Тоқсан үйлі тобыр. Қазан, 1903 жыл // Қамбар батыр. Ред.басқарғандар: М.О.Әуезов, Н.Смирнова. Алматы, 1959. 9-35-б.
- Қамбар-М.-** Қамбар батыр. Б.Мұқамбаев нұсқасы //Қамбар батыр. Ред.басқарғандар: М.О.Әуезов, Н.С.Смирнова. Алматы, 1959. 79-124-б.
- Қамбар-Р.-** Кедей Қамбар жыры. Р.Мәзхожаев нұсқасы // Қамбар батыр. Ред.басқарғандар: М.О.Әуезов, Н.С.Смирнова. Алматы, 1959. 403-425-б.

- Қарабек-Б.-** Қарабек. Ж.Бітімбаев нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1987. 3-т. 163-267-б.
- Қарабек –М.-** Қарабек батыр. Мәулекей жазбасы // Батырлар жыры. Алматы, 1961. 2-т. 77-142-б.
- Қарасай, Қазі-Қ.-** Қашаған ақын нұсқасы // Қашаған. Топан. Алматы, 1991. 127-172-б.
- Қарасай, Қазі-М.-** Қарасай, Қазі. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 150-176-б.
- Қарасай, Қазі-Д.-** Қарасай, Қазі. Мұрат Мөңкеұлы нұсқасы // Досмұхамедов Х.Аламан. Алматы, 1991. 127-141-б.
- Қарадөң-М.-** Қарадөң. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 178-196-б.
- Қобыланды-М.-** Қыдырбайұлы Қобыланды. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1990. 6-т. 6-48-б.
- Қобыланды-М. М.-** Қобыланды батыр. Марабай-Мергенбай нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1986. 1-т. 17-256-б.
- Қосай-М.-** Көкшенің ұлы ер Қосай. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1990. 6-т. 111-134-б.
- Қосай-Қ.-** Ер Қосай. Қалқай молда Жазбасы // Батырлар жыры. Алматы, 1987. 3-т. 65-106-б.
- Құбығұл-Н.-** Құбығұл. Н. Байғанин нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1964. 3-т. 360-480-б.
- Құл-Ш.-** Құл мен қыз. Ж.Шаңғытбаев нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1964. 3-т. 472-523-б.
- Құламерген, Жоямерген-Б.-** Құламерген, Жоямерген. А.Бектасовтың нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1964. 318-357-б.
- Құламерген, Жоямерген-М.-** Монғолия қазақтарының нұсқасы // Халық мұрасы. Өлгий, 1991, 179-210-б.
- Құттықия-М.-** Құттықия. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 64-69-б.
- Мұсахан-М.-** Мұсахан. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 118-131-б.
- Нәрік-М.-** Нәрік. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры, Алматы, 1989. 5-т. 306-336-б.
- Нұрадын-М.-** Нұрадын. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 96-117-б.
- Орақ, Мамай-М.** Орақ, Мамай. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 132-149 б.
- Парпария-М.-** Парпария. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар

- жыры. Алматы, 1989. 5-т. 46-63-б.
- Сайын-Б.-** Ер Сайын. А.Байтұрсынов жазбасы // А. Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы, 1991. 97-142-б.
- Сайын-Р.-** Ер Сайын. В.Радлов жазбасы // Батырлар жыры. Алматы, 1939. 345-392-б.
- Сағындық-Қ.-** Сағындық батыр. Б.Қожабаев нұсқасы // ӘӨИ. 267-п. 2-дәптер. 24-б.
- Сүйінші-М.-** Сүйінші. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 217-242-б.
- Сұлтанкерім-М.-** Сұлтанкерім. Мұрын жырау нұсқасы. // Батырлар жыры. Алматы, 1990. 5-т. 231-244-б.
- Тама-М.-** Тама. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 271-285-б.
- Тана-М.-** Тана. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 286-305-б.
- Тарғын-М.-** Ер Тарғын. Марабай жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1987. 3-т. 65-106-б.
- Тарғын-Б.-** Тарғын батыр жыры. Бейсембай ақын нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1987. 3-т. 145-160-б.
- Тегіс-М.-** Тегіс пен Көгіс. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 259-270-б.
- Телағыс-М.-** Жаңбыршыұлы Телағыс. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1990. 6-т. 177-195-б.
- Төрехан-Н.-** Төрехан батыр. Н.Байғанин нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы. 1961. 2-т. 283-340-б.
- Тұяқбай-М.-** Манашыұлы Тұяқбай. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1990. 6-т. 160-176-б.
- Шаян-К.-** Шаян батыр. Е.Кәндеков нұсқасы // ӘӨИ. 182 д. 1-п. 93-130-б.
- Шора-Д.-** Шора батыр. Ә.Диваев жазып алған нұсқа // батырлар жыры. Алматы, 1939.1-т. 249-260-б.
- Шора-М.-** Шора. Мұрын жырау нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1989. 5-т. 337-376-б.
- Шора-Ө.-** Шора батыр. Б.Өмірбекұлы жазбасы // ӘӨИ. 732-п. 10-дәптер. 1-16-б.
- Шора-П.-** Шора батыр. Ә.Диваев жазған қарасөз нұсқасы // Батырлар жыры. Алматы, 1939. 1-т. 261-296-б.

## МАЗМҰНЫ

|  |     |
|--|-----|
| <b>ЭПОС ӘЛЕМІ</b> .....                                | 3   |
| <b>БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРДЫҢ ТАРИХНАМАСЫ</b>                  |     |
| Қазақ эпосының зерттелуі .....                         | 9   |
| Қазақ эпосын жанрлық түрлерге жіктеу тәжірибесі .....  | 18  |
| <b>ҚАЗАҚ ЭПОСЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ МЕН</b>                    |     |
| <b>ТИПОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>                       |     |
| Тарихи поэтиканың типологиялық негіздері .....         | 30  |
| Тарихи поэтика – көркемдік жүйе .....                  | 44  |
| <b>БАЙЫРҒЫ ЭПОС ПЕН ҚАҺАРМАНДЫҚ ЖЫРЛАР</b>             |     |
| Эпостың ежелгі арнасы .....                            | 58  |
| Жанрлар жалғастығы .....                               | 69  |
| <b>БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ УАҚЫТ</b>                       |     |
| Эпостағы уақыт және оның түрлері.....                  | 76  |
| Жырлаушы уақыты .....                                  | 81  |
| Сюжеттік уақыт .....                                   | 93  |
| <b>ЭПИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК</b>                               |     |
| Эпостың кеңестік концепциясы .....                     | 118 |
| Кеңістіктің көркемдік сипаты .....                     | 131 |
| <b>ЭПИКАЛЫҚ ДӘУІР</b>                                  |     |
| Тарихи шындық және эпикалық уақыт.....                 | 144 |
| Ноғайлы дәуірі: эпикалық концепциясы, тұтастануы ..... | 148 |
| Ру аясындағы дәуір .....                               | 175 |
| <b>ЭПИКАЛЫҚ УАҚЫТ ДӘСТҮРІ</b>                          |     |
| Дәстүр және уақыт .....                                | 183 |
| Эпикалық дәуір – қаһармандық дәуір .....               | 199 |
| Батырлар типі .....                                    | 205 |
| <b>ЭПОС СЮЖЕТІ МЕН КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДЕРІ</b>             |     |

|   |     |
|---|-----|
| Сюжет және мотив .....                          | 230 |
| Мотив және көркемдік тәсілдер .....             | 249 |
| <b><i>ТҮЙІН</i></b> .....                       | 264 |
| <b><i>РЕЗЮМЕ</i></b> .....                      | 270 |
| <b><i>SUMMARY</i></b> .....                     | 274 |
| <b><i>ТЕКСТЕРДІҢ ҚЫСҚАРҒАН ТІЗІМІ</i></b> ..... | 277 |

# ЭПОС ӘЛЕМІ

*Қазақ эпосының типологиясы мен поэтикасы*

Редактор *Б. Ертаева*  
Корректор *А. Исмайлов*  
Техникалық редактор *А. Тоқтасын*

**Редакцияның мекен-жайы:**

*161200, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы,  
Түркістан қаласы, ХҚТУ қалашығы, Б.Саттархан даңғылы, №29В,  
Бас ғимарат, 404-бөлме  
Тел: (8-725-33) 6-38-26*

*Кітап Қожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің*

*«Тұран» баспаханасында көбейтілді.*

Басуға 24.07.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 70x100 1/6. Қағазы офсеттік.

Шартты баспа табағы 17. Таралымы 700 дана. Тапсырыс 510

**Баспахана мекен-жайы:**

*161200, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы,  
ХҚТУ қалашығы, Б.Саттархан даңғылы, №29В, 2-ші ғимарат  
Тел: (8-725-33) 6-37-21 (1080), (1083)  
e-mail: turanbaspasi@ayu.edu.kz*